КӘКІМБЕК САДЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

2



КӘКІМБЕК САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

Екінші том

АҚҚУ ЖЕТКЕН

Өлеңдер мен поэмалар

(1979-1997)

"Фолиант" баспасы
Астана-2009

ББК 84 (5 Қаз) 7-5
С 18

48818

С 18 **Салықов К.**
Шығармалары. – Астана: Фолиант, 2009.
Т. 2. Аққу жеткен. ***Өлеңдер мен поэмалар***. – 424 бет.

ISBN 9965-35-117-1

Қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықовтың көп томдық шығармаларының екінші томы «Аққу жеткен» деп аталады. Бұл кітапқа ақынның өсу, өрістеу жолында жазылған әр жылдағы өлеңдері сол бәз қалпында берілді. Поэмаларына да еш өзгеріс енбеді. Өмір толғаныстары мен туған елге арналған өлеңдері оқырманды тебірентіп, жан баурайды.

С $\frac{4702250202}{00(05)-09}$

ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 9965-35-117-1 – (Т. 2)
ISBN 9965-35-115-5

© Салықов К., 2009
© «Фолиант» баспасы, 2009

АЛҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Поэзиямызға өз үнімен, өз екпінімен еркелей енген К.Салықовтың өлеңдері сырлы да, сазды.

Сақшыдай бұлақтың басында,
Бір бейіт тұр мүлгіп.
Көнерген көк мәрмәр тасына
Қонады түн жым-жырт.

Бұл – жылқышының қабірі. Ол өлер алдындағы өтінішімен осында жерленген. Үзілер шағында бір жұтым қымыз ішейінші дей келіп:

Бір атым насыбай атайын,
Бітерде ғұмырым;
Содан соң мәңгі естіп жатайын,
Жылқының дүбірін, –

депті. Бұл не? Біздіңше ұлттық дәстүр, атадан балаға мирас болып келе жатқан адамның қанаты – жылқыны қастерлеу. Ат – адамның досы. Эпостық жырларда Қобыландының Тайбурылы, Ер Тарғынның Тарланы – батырлардың ең жақын серігі емес пе? Сол себепті жылқышының жылқы дүбірін мәңгілік мұрат-тілегіндей қабылдауы, бізге әбден түсінікті. Ақын жылқышы жанындағы нәзік толқынды әдемі аңғарған. Сылдырап аққан ақ бұлақ, қоңырта келіп қонған тыныш түн жырда қандай әсем жарастық тапқан?! Жалғыз жатқан жылқышы сіздің қимас асыл туысыңыздай. Сіздің оған қарайлай бергіңіз келеді. Екі-ақ шумақ жырда қаншама өмір, қаншама жан тебірентерлік ой жатыр?!

Әбділда ТӘЖІБАЕВ,
(«Жиһазды жыр, қамқор сын керек» мақаласынан).
Лениншіл жас, 33.08.1979

КЕНШІ-АҚЫН

Туған әдебиетімізге әр мамандықтағы азаматтар келіп жатыр. Бұл жақсы қасиет, жақсы құбылыс. Өйткені орыс әдебиетін қарап отырсақ, әртүрлі мамандықтағы жазушылардың молдығына сүйінеміз. Леонид Соболев әдебиетке теңізден келсе, атақты ақын Ярослав Смеляков – завод жұмысшысы.

Мұндай құбылыс қазақ әдебиетінде де бар. Қазір Одаққа танылып отырған талантты, ақын Олжас Сүлейменовтың негізгі мамандығы – геолог. Көрнекті жазушымыз Зейін Шашкин – дәрігер болатын-ды.

Бүгінгі сөз етейік деп отырған жас ақынымыз Кәкімбек Салықов та тау-кен инженері. Ол – Москвадағы тау-кен институтын бітіріп, он бес жылдан бері Жезқазғанда қызмет істейді. Оның алғашқы өлеңдері Қарағандының облыстық газетінде жарияланды. Соңғы үш-төрт жылдан бері Кәкімбектің жырлары «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, «Жұлдыз» журналында жиі-жиі басылып жүр.

Ойды неғұрлым көркем бояулармен мәнерлеп жеткізгенде ғана ол оқушыға әсер етпек. Лапылдап тұрған оты болмаса, тулаған толқыны болмаса, ондай жырдың барынан жоғы жақсы, Кәкімбек әдебиеттегі осы қағиданы берік ұстанған.

Жас жігіттің ақындық өнерінен мен үлкен үміт күтем. Ол алғаш рет өнер сапарына шықты. Бұл – азабы көп, ауыр әрі абыройлы жол. Ұйқысыз түндер, тынымсыз еңбек қана өнер биігіне бастамақ.

Кәкімбек Салықовқа сәт сапар тілей отырып, өнердегі жолың құтты болсын дегіміз келеді.

Дихан ӘБІЛЕВ,
(«Сыр» атты жинақтың алғы сөзінен).
Алматы, 1970



Бірінші бөлім

(1979)

ДОСЫҢНЫҢ КӨЗІН ҰҒАРСЫҢ

Көп жұлдыз көкте Ай болмас,
Сәулесі жерге жетпейді.
Көрінбей кетсе кей жолдас,
Адал дос тастап кетпейді.

Сүрініп оқыс құларсың,
Таяныш тапсаң тұрарсың.
Дәрменсіз күнде дәл келген,
Досыңның көзін ұғарсың.

Туыстың дос боп кетуі,
Некен-саяқ, неғайбыл.
Досыңның туыс етуін,
Өмірдің заңы санай біл.

Тауға да биік шығарсың,
Жауыңды жеңіп тынарсың.
Ағайын сенбей тұрғанда,
Досыңның көзін ұғарсың.

Жүрсең де қандай жұмақта,
Түссең де қанша сынаққа.
Досы жоқ өмір жұтпен тең,
Достықтың туын құлатпа.

Таяныш таптың тұрарсың.
Сүрініп оқыс құларсың,
Дәрменсіз күнде дәл келген,
Досыңның көзін ұғарсың.

ПУШКИН КҮНДЕРІНДЕ

Қыс өтсе өз дәуірін өркендеткен,
Құс қанат келді көктем,
Неткен көркем?!
Мәскеуге ақын толды,
Жыр селдеді,
Таскындап саңлақ дүбір жерден, көктен,

Құлшынып естіген жан қарқынданар,
Құлаққа жетті шулы жарқын хабар.
Басталды құдіретті
Пушкин тойы,
Тамаша дәстүр елдің салтында бар.

Байқасам талай ақын мінездерін,
Санайды дербес құдай дүр өздерін.
Думанды сарайларда сайрап кетті,
Бірінен-бірі асырып тың сөздерін.

Данаға біздің ұрпақ алғыс арнап,
Сөйледі «дала досы» тайпы тармақ.
Баяғы «тағы тунгус» өкілдері,
Тебіренді тауда қырғыз,
Қырда қалмақ.

Шықты әне,
Қазақтың да ақын қызы,
Қара көз, айна дидар, батыл жүзі.
Пушкиннің өз тілімен өлеңдеткен,
Үнінде Абай нақыш жатыр ізі.

Мүлтік жоқ
Үзім дыбыс ырғағында,
Жұмағы жүргендейсің жыр бағында.
Айтарын іркілместен айтып алып,
Мәніс бар маңғаз, кербез тұрғанында.

Шалқыса өзгеде жоқ бардай бақыт,
Қыз жырын сынағыш зал аңдайды анық
Аумаған Анна Керн сияқты деп,
Кейбіреулер тамсанады таңдай қағып.

Бас исе мәскеуліктер
Ақын қызға,
Қосылды зор мәртебе атымызға.
Бір сезім тұла бойды аралады,
Бір сөзін жақын тартып затым қызба.

Елге ақын,
Сүйсе ақынға ел жетеді,
Беу, қалқам, бейнең шабыт селдетеді.
Өзіңдей отты қыздар бары жақсы,
Ағаңа бір қарасаң нең кетеді?..

ҰСТАЗДЫ СІЗДЕЙ ҰМЫТПАН

Мұстахан Қанапияновқа

Сол кезде асқан кезіңіз,
Мұғалім, сіздің қырықтан.
Қанатты еді сөзіңіз,
Елігіп жаным қызыққан.
Қырықтан астым бірталай,
Қалыпты ғадет-ғұрыптан.
Қайырымды болсам ел қалай
Аңдамас сізді қылықтан?
Жауығып тірі пендеге,
Құрмадым тұзақ құрықтан.
Шын әділ болсам ел неге,
Байқамас сізді қылықтан?
Кеткем жоқ шулы сернеде,
Мезет аз мұңсыз тыныққан.
Елгезек болсам ел неге,
Көрмесін сізді қылықтан?
Кезім көп жадау адамның,
Жүрегін жедел жылытқан.
Кең жүрек әрі адалмын,
Тәлімім сізден бір ұққан.
Ортақсыз көрген тойыма,
Шәкіртпін өрде шыныққан.
Зор арман еккен ойыма,
Ұстазды сіздей ұмытпан!

* * *

Қызық екен қияда өткен жалын күн,
Қанаты көп алып ұшқан жанымның.
Саған қарай ұшқан құсқа қызығып,
О, туған жер, мен өзіңді сағындым.

Болса-дағы бүгін менде көп күтім,
Ойламаңдар жүрегімді деп бүтін.
Бір зиратта жатыр менің қос анам,
Екеуі де кешірсе екен ақ сүтін.

Сағыныштың неден десем азабы,
Кімнен таптым десем асыл «жазаны».
Көкшетаудың аспанында туыпты
Мен білетін таңғы шолпан ғажабы.

Елді ойлап баяғы жас балаша,
Көз алдымда елестейді тамаша.
Ынтық көзге Ұлытау мен Көкшеден
Гималай да көрінеді аласа.

* * *

Жел тасиды далаға ауа райын,
Желпінейін өзім де самалдайын.
Жадырасын, жаным бір жарылқансын.
Жусан сіңген жұпары маған дайын.

Қарсы желден қайтер ем күдіктенсем,
Қадалса да жан алмас үмітке ерсем.
Қыран мінез бітеді, қырқа бойлап,
Қыр желіне құлшынып жүріп кетсем.

Содан болар далаға шыққым келіп,
Сұңқарланар көңілде ұшқын желік.
Сағынышқа оралған түсімде де,
Сарыарқаға кететін күттім көлік.

* * *

Қарсы толқын жимаса да айылын,
Қалт етпейді оған өлең-қайығым.
Құшағымда – елге берер жыр гүлі,
Одан басқа жоқ қой ешбір айыбым.

Қатерлі бұлт жоқ әйтеуір көгімде,
Сырым ашық түсімде де, өңімде.
Ескегімді есіп-есіп алайын,
Бойда қуат, күш-жігердің көбінде.

Ынталанып етсем қарқын құштарлық,
Емес бойда соқыр сезім, күш барлық.
Тірі сезім, ыстық сезім жүректе,
Ол, туған ел, бір өзіңе құштарлық.

* * *

Тыңды өлкеде ескі жолдар жоқ бүгін,
Асфальт жатыр меңзеп өмір шоқтығын.
Әр ауылдың арасында мың жолмен
Өгіз аяң шөп тасыған өтті күн.

Қарап тұрмын ауылға егін жағынан,
Қуанышта жарылайын ағынан.
Тербетілген көп егінге сүйсінсем,
Бала күнгі жолдарды мен сағынам.

Ыстық сезім, жақсы елестен мені үзбе,
Қызықтарым қаратады мені ізге.
Жолдар жатыр көкірегіме көрініп,
Кеме ізіндей жасырынып теңізде.

БІР СҮЙЕЙІН

Сен жоқта неге жеңіл күрсінейін,
Мен жоқта менде ғана жүрсін ойың.
Тағы да зарығарсың, сағынарсың,
Келсеңші, келші-келші, бір сүйейін.

Сен жоқта жүрмей қалған сағаттардай,
Ән қалды көкірегімде қанаттанбай.
Мен жоқта шырт ұйқыдан шошынарсын
Мезгілсіз түн ішінде таң атқандай.

Қайтейін сені іздеп талаптанбай,
Өтермін сары белден сарапталмай.
Мен жоқта тойда жүрсең, сағынарсың,
Дүбірім бар думанды таратқандай.

Лүпілін жүрегімнің санатқандай,
Созылып ән жетеді тарақталмай.
Сол кезде айдын көлде аққу көрсем,
Қайтейін сен екен деп қарап қалмай.

Ендеше неге жеңіл күрсінейін,
Мен жоқта менде ғана жүрсін ойың.
Тағы да зарығармын, сағынармын,
Келсеңші, келші-келші, бір сүйейін.

ТОСУ

Бәрі кетті. Қасымда өзің ғана,
Елестейді қосылған кезің жаңа.
Ұл әскерде, қыз кеше отау құрды,
Тез өзгерді аз күнде сезім-сана.

Жаратқаны-ай қыздарды біреу үшін,
Күйіп жанып кей-кейде жүреді ішім.
Қызым бүгін пенде боп басқа үйде жүр,
Менің сенген тірлікте тіренішім.

Болмас оған ешқандай ренішім,
Сол күнді де ақ ниет тіледі ішім.
Тез үйленші, ұлым-ау, қуанайын,
Бір жақсылық боларын біледі ішім.

Кейде үйде сабырсыз қадамдаймын,
Терезеге телміріп алаңдаймын.
Қазір бәрі вагоннан шығады деп,
Поезд күткен вокзалда адамдаймын.

* * *

Уақыт заулап бара жатыр білінбей,
Етікшінің үйреншікті күніндей.
Олай емес, ол бұлбұлдың бұлғағы,
Бір нотасы қайталанбас үніндей.

Ақын досым! Әуре болма, түңілме,
Қатар күнді салыстырып үңілме.
Ескі жырдың тіршілігін өзің біл,
Кешегі күн ұқсамайды бүгінге.

Десем, шіркін, кейде өзім-өзіме,
Көз саламын бұла асаудай кезіме.
Бір күнімнен бір күн болды ауырлау,
Дархан дала түсе беріп көзіме.

* * *

Бітер істің көп ойласам бекемін,
Білем ажал қатал мерзім екенін.
Жеңілдім деп айтпау үшін соңыра,
Жеңген күнді көптеу жырлап өтемін.

Содан болар өр мінезді шалқу бар,
Тамсантады кей тамаша тәтті улар.
Ауыл жақтан ұзап кетсем ойлаймын,
Сағынды-ау деп мені іздеген аққулар.

Заулап өтсе ол да қайран көз күйік,
Шабыт келер жамыратып сөзді үйіп.
Беу, жарандар!
Қыс келгенде шошимын,
Жаурай ма деп жалғыз жүрген жезкиік

Дала, көркің баға жетпес мен үшін,
Киіктер де, аққулар да жемісің.
Қыраның боп бәрін қорғап жүргенде,
Бір қуансаң сол деп білем жеңісім.

* * *

Жеңгендер жеңген сайын желігеді,
Жеңілген өзін-өзі кеміреді.
Тек қана соның бәрін түсінбеген,
Тасада біреу босқа семіреді.

Біреу жүр алдындағы төлін ойлап,
Біреу жүр аулындағы көлін ойлап.
Жеңсе де, жеңілсе де шайлықпайды,
Біреулер бүкіл туған елін ойлап.

Жаһанға таппас деме бір иені,
Ауқымға сыймас дертті кім үйеді?!
Тек қана дауылпаздар, данышпандар
Ойлайды бүкіл тұтас дүниені.

ТУҒАН ЕЛГЕ

Келеді жан баураған ғашық өлең,
Сенеді жүрегімді ашып өлең.
Туған ел, ақ бұлағың болып тусам,
Шапқылап жарысамын ғасырменен.

Сөнбейтін жанартаудай жалын ішім,
Өнбейтін талабым жоқ арым үшін.

Тағдырмен арпалысып келемін ғой,
Арналды келешекке сағынышым.

Аңсадым атар таңның тез келгенін,
Адамның адал дедім кез келгенін.
Ұл-қызым көбейтер деп үмітім зор,
Аз болса туған елге өз бергенім.

АУЫЛДАҒЫ БҰЛАҚҚА

Маңайында мәз болып, ақ бұлағым,
Ағаш атқа салт мініп шапқыладым.
Сезуші ем сылдыр қағып күлгеніңді
Тірлікте содан болды сақ құлағым.

Ауылым сені болды ғой күтімдегіш,
Сарқылмаушы ең сабадай күпілдегіш.
Жер жүрегі сияқты бұлкілдеуші ең,
Содан болды-ау, жүрегім лүпілдегіш.

Қай сырыңды тәмамдап жазар едім,
Ел жиналған ерте-кеш базар едің.
Тап-таза едің, көпшіл ең, содан болар,
Дос іздегіш ниетім таза менің.

Тәлімің көп, ақ бұлақ, ұлға берген,
Қыздармен де таныстым суға келген.

ОТЕЛЛО

Күн сияқты жүрегім,
Дос-жаранға нұрым мол.
Адалдық жалғыз тілегім,
Жасырмай айтар сырым сол.

От қызуы мол екен,
Жеткізбес сөзін мақалдап.
Отелло деген сол екен,
Жүрегі толы махаббат.

Жағымпаз жаман тентектен,
Ол сұмдыққа ереді.
Тентектер туар еркектен,
Ол сенсе, мәңгі сенеді.

Күдікке өзін жеңдірген,
Демес ем кіршік тергіштік.
Барша жан адал деп жүрген,
Отелло деген – сенгіштік.

ОРТАҚ АНА

Жамал Нұркей келініне

Бізге де ана қайын енесі досымның,
Бұл дәстүрге мен де үнсіз қосылдым.
Қайын енесін анасындай сыйлайтын,
Қазағым-ай, ғаламат қой осы үлгің.

Талай ерсі күлкі сөзге сыятын,
Қайын енесін артық сөзге қиятын;
Орыстарға жыным келіп осқырам,
Ана алдында сақтамаған ұятын.

Ғажап еді жан жарымның анасы,
Сол болды ғой балалардың панасы.
Ерте кеткен өз анамды сағынған,
Тез жазылды жүрегімнің жарасы.

Кенші күнде ақталғандай мұратым,
Қайран ана таң сәріден тұратын.

«Құймақты құй, ол шахтыға барады», –
Деп өз қызын ас үй жаққа қуатын.

Әшірбек те есінде нық сақтайды,
Жеңешесін тамаша деп мақтайды.
Таңғы алтыдан тамақ жасау әдетін,
Келіндерге үлгі етіп қақсайды.

Сол қылықпен беріктенді арамыз,
Осы күнде бәрін де еске аламыз.
Есен қалсам тура он жыл кен қазып,
Ақ тілекпен сақтады ортақ анамыз.

* * *

Қырықтың да көпсініп ек келуін,
Қарасаңшы уақыттың тез желуін.
Оңай ма екен, қиын ба екен,
Білмеймін,
Терезеден сығалайды елуім.

Түсіп жатқан жапырақ па әр жылым,
Ағып жатқан ақ бұлақ па әр күнім?
Жүректі де тыңдай жүріп тірлікте,
Ойлы сөздің іздей берем дәлдігін.

Содан болар келешекке сенуім,
Содан болар жыл жылжыса кеңуім.
Екі көктем өтті десек көп пе екен,
Екі ғана жиырма бес қой елуің.

* * *

Жабайы өстім жасымнан қарапайым,
Көпсінбедім біреудің ала тайын.
Аққан балы дүниенің көрінеді,
Қабақ шытпай бірге ішкен қара шайың.

ро-Казахстанская

Қыз күніңде қасыңа келгіштікпен,
Үркек едің, үйрендің ергіштікке.
Сол ғажайып сыйлаймын мінезіңді,
Жаралғандай мөп-мөлдір сенгіштіктен

* * *

Уақыт жылдам жылжиды құбылып та,
Берері көп,
Бергеннен сырын ұқса.
Жол болжаған екі көз
Жазатайым,
Кетеді ғой капылыс жұмылып та.

Тұзақ тұр ғой бір жерде құрылып та,
Ол кездессе өтпессің бұрылып та.
Соны біліп,
Бітпеген ісімді ойлап,
Көп жатпаймын бейсауат тыныгып та.

Пессимист деп айтпашы оптимисті,
Арман етіп көрмедім көп тыныcты.
Біреу әкеп берердей бәлсінбеймін,
Таңнан қарсы аламын көп жұмысты.

* * *

Мен сүйген жұқа сары қыз,
Төрімде төре болды ана.
Анадан алдық бәріміз,
Өмірге берік жолдама.

Қайталап айтам салмақтап,
Бір сөзін ойдан сырмаңдар.
Өтіңдер оны ардақтап,
Мен сүйген жаннан туғандар.

* * *

Қоштасарсың даламен,
Үй болып шыққан баламен.
Қоштасу бірақ болмайды,
Өлсе де бірге анамен.

Қоштасарсың жарыңмен,
Қоштасарсың барыңмен.
Қоштасу деген анаңмен –
От кешу жанған жалынмен.

Ұласып кетсе түнге күн,
Қосылса ауыр үнге үн.
Көз жұмса да тым ерте,
Мен анаммен біргемін.

ҮШ СӨЗ

Қасыңда жүріп талай жыл
Айта алмай бекер жасыппын.
Алтыннан ауыр талай сыр,
Көңілді үнсіз тасыттың.

Сезімге себеп дем бердің,
Айтуға бүгін асықтым.
Сәтті күнде меңгердің,
Сырымды жабық ашыппын.

Төтелеу жолдар көбейді,
Тақады шебі қашықтың.
Айта алмай жүрген көп ойды,
Үш сөзге орап асықтым:
Мен өзіңе ғашықпын!

* * *

Күрсіну кейде көптелсе
Сырымды кімдер ұғады?
Сағыныш жүгі кептелсе,
Өлеңмен балқып шығады.

Жақсыға жылы көпшіл ем,
Созғандай қолын арманым.
Тірліктің сәті деп білем,
Қосылып әнге салғаның.

Келсеңші жақын қысылмай,
Желпінген талдай бұралып.
Жан-тәнім сезім құсындай,
Әніңе қалсын қуанып.

Жүрекке жетті ерке наз,
Күйдірер бізді бал таңдай.
Болайын бір күн мен де мәз,
Ән салшы, қалқа, бұлданбай.

* * *

Жасымнан әлдиледі жыр құндағы,
Достарым әнші-күйші – дүлдүл бәрі.
Кейде біз бас қосқанда болады екен,
Отауым ән ордасы, бұлбұл бағы.

Дауысың тым ерекше көп үнді ме,
Қарашы, көзге дыбыс көрінді ме?
Әйтеуір сен ән салсаң ұмытамын,
Күн, мерзім, айтып келмес өлімді де.

* * *

Әр сөзім жүрек жалауы,
Дерт пе еді, мейлі серт пе еді.
Біз – бір жалын алауы,
Махаббат деген өрттегі.

Таң атты. Сен де ояндың,
Қыбырсыз қалың ұйқыдан.
Таранып шапшаң бояндың,
Ұялып дел-сал сиқыңнан.

Мен жатырмын батырсып,
Болмашы оған сен алаң.
Қайтейін сонда абыржып,
Есебім түгел, ел аман.

Селк ете қалсаң келеміз
Махаббат деген теңізде.
Теңселген кезде кемеміз,
Тебіреніп қана мені ізде.

ТОТЫЛАР

Назды өлең елге ұнаса – бар еккенім,
Аз емес алда талай дәме еткенім.
Күйініш, сүйінішті қағазға айтып,
Музаны мүсіркетті ғадеттерім.

Тұлпар да өз жеріне отығады,
Әркімнің өзіне ыстық топырағы.
Мені ойлап кезек-кезек әндеткендей,
Ауылымның елестейді тотылары.

Ақсары көрші қызы сымбатты әні,
Сағынып, сана бұзып қымбаттады.
Әйтеуір ойға медеу, жанға дәрмен,
Аңсатып, ән оралтып жырлатқаны.

Тыңдаймын ақ тотыны айыз қана,
Сол деймін құс боп туған нағыз дана.
Беу, достым! Сол сарында жырлап келем,
Қосқаным сағынышты аңыз ғана.

* * *

Ләззатқа ғажап бастаған,
Сенбісің, қиял періште?!
Тап өзіңнен аспаған,
Хор қызы да пейіште.

Жаным-ау, қайдан білейін,
Жаңылыс кетсем кей істе...
Періштем деп жүрейін,
Ұрса бер, бірақ, кейіспе.

ЭЙНШТЕЙННІҢ ЖАУАБЫ

Шен өсіру талабы,
Бәріне тиер сауабы.
Бар екен ғажап формула,
Эйнштейн жауабы:

«Тер төксең ауыр еңбекке,
Биікке шықсаң өрлеп те;
Жаба біл жалғыз аузыңды,
Шыққанда атың жер-көкке».

ӘР ҚИЯҒА КЕТСЕК ТЕ

Сен де мені ұнаттың,
Өзім де біраз қуанттым.
Сен ортаймас мұң арттың,
Мен өлеңмен жұбаттым.

Жүдейсің-ау, күнде ойлап,
Жүрген кезді бірге ойнап.
Қызық еді-ау, балалық,
Жүгірген қызыл гүл бойлап.

Жыр етсем өшпес сезімді,
Құпия шеті сезілді.
Өзіме-өзім сенбедім,
Құп алмас деп сөзімді.

Жер түбіне жетсек те,
Алдымда ауыл, мектеп те.
Ренжіспей өтерміз
Әр қияға кетсек те.

САБЫРЛЫ БОЛАР ҚАДІРЛІ

Жақсыға жаным сенеді,
Достасып кетем сұранбай.
Кей жүрек жабық келеді,
Ар жағы қалың тұмандай.

Сын артпа сырын ұғынбай,
Тіл тигізбе асығып.
Шыныңды айт өзің тығылмай,
Кетеді тұман ашылып.

Шапшаңдатпа аптығып,
Мінезін байқа сабырлы.
Болады сол дос сақ жүріп,
Көз жұмғанша қадірлі.

* * *

Сырымды жанға айтпаған айтады өлең,
Тағдырдың қызық сырын байқа менен.
Шабыттың өлең сүйгіш шарты да сол,
Барлығын тудырған жоқ «қалқа» деген.

Елсіз жыр биіктей ме? Қайда терең?
Өзім деп өмір сырын айта берем.
Егер мен мызғып кетсем жазатайым,
Бір өлең оқу үшін қайта келем.

Жетемін сол қызумен Кеңгіріме,
Қанығам сайын дала кеңдігіне.
О, тағдыр! Жезкиікті бір көрсетші,
Сүйініп менің осынау ерлігіме.

* * *

Балалық қалды ауылда аңсар бір үн,
Оралып енді бәрін байқау қиын.
Қиядан сағындырып елестейді,
Мағынасыз, мұңсыз, бейқам, аңқау күнім

Малшынса жүрек уға көптен бері,
Тым ерте қызық еді-ау өртенгені.
Әлі де кейбір күнде алаңдайды,
Келердей жолаушылап көп сенгені.

Көбейіп көріктенсе өткен белгі,
Япырмай, сонша сұлу көркем бе еді?
Дегені бала ғашық қызық екен,
Ай да сол, жұлдыз да сол өлкемдегі.

Тірі жан шырайына теңеспейді.
Ел жақтан хабар айтар жел еспейді.
Бәрі де күміс сағым көрген түстей,
Қыз-қиял жас киіктей елестейді.

* * *

Сөз етсем биік мұратты,
Кеншілік – өмір мектебі.
Шахтада жанған шырақты
Жырламай жылым өтпеді.

Білектес өскен кезім бар,
Кеншіні мақтау – ұраным.
Сыр айтсам ойлы, сезімтал,
Бейнесін көріп тұрамын.

Забойға жиі қадалып,
Сағынған көзбен қараймын,
Шахталас достар, адал ұқ,
Бәріңді ұстаз санаймын.

* * *

Кеңгірдің кербез өріне,
Шыға келсек сермеліп,
Мәз болып қанған шөліне,
Киіктер тұрды желденіп.

Қақ жолды кесіп бір кезде,
Құйғыта бәрі жөнелді.
Сұлулық тұнып тұр көзде,
Сауықшыл жаным кенелді.

Қара көз кетті қарайлап,
Соңынан саяқ қаптады.
Жұмақ па дерсің бар аймақ,
Аңсаған сәтті ақтады.

АНАМА

I

Тентек едім демеймін, еркең едім.
Бұл өмірге өзің аз еркеледің.
Солдатты ойлап, мені ойлап, тұрмысты ойлап,
Ғұмырыңды, шіркін-ай, келтеледің.

Кемдік болды демеймін тәліміңде,
Туған елмен перзентпін жаны бірге.
Жалғыз ұлдың отауын көре алмадың,
Соны ойлаумен сенделем әлі күнге.

II

Ойламаймын бір мұңымды айтсам деп,
Не молырақ ауыл дәмін татсам деп.
Ойлайтыным «Ұлы келіп кетті ...» дер
Бір дүбірді естіп қана жатсаң деп.

Қиял теңіз қиыры жоқ не деген,
Бір шетінен өлең оқып кенелем.
Армандаймын өзім барда көрсе деп,
Ауылдағы бейітіңді немерем.

* * *

Гүлдеп қалды гүл теген,
Бөдене шөп көрінді.
Ол да мендей күлсе екен,
Көктем жыры өрілді.

Ел шетінде ерінгүл,
Басып кетті жантақты.
Саған айтам, бері жүр,
Ұмытсаңшы жалтақты.

Қаршагүлдің қасында,
Дірілдейді жолжелкен.
Өзің едің жасымда,
Гүл төресі қол жеткен.

* * *

Қыздар жайлы көп жазсам кейіп пе едің,
Қызғанды ғой кейде көп серіктерің.
Өлеңдегі сұлулар менікі емес,
Бір өзіңнен басқасы кейіпкерім.

* * *

Толқымай жолың болған ба,
Ұйқыға сенсең ырғалып.
Көкірекке сәуле конғанда,
Тыншытпас жаның нұрланып.

Толқытпас тайыз жыр-дағы,
Қалғысақ киял үзді елес.
Сағыныш бір күн тынбады,
Тез кетер берші жүз кеңес.

Көңілім не сыр тізбейді,
Өмірдің әділ заңы бар:
Туған жер мені іздейді,
Керегін әркім сағынар.

* * *

Неге сүйем десем сені, ауылым,
Көрмеппін ғой өзіңнен жер тәуірін.
Қандай қызық жарқын көлге құс қонып,
Базарлатса Жалғызтаудың бауырын.

Бәрін айтып жазар едім мың дастан,
Жұлдыз қайда мен ең алғаш сырласқан?
Қандай қызық әдейілеп серуендеп,
Мен келді деп жәрмеңке ашса құрдастар.

* * *

Сүйіктің мен досыңнан жасырғаның,
Ол – құлықты өзіңнен асырғаның.
Дұшпаныңның қолына түсер деп біл,
Жазатайым бір жерде шашылғаның.

Сүйіктің мен досыңды алдағаның –
Өз-өзіңнің ұзаққа бармағаның.
Олар сенен бұрындау көреді екен,
Дұшпаныңның терең зіл арнағанын.

Жаңа достар кейде бір жаңа мекен,
Көз көрімдік жасайтын талап екен.
Өзгеруі олардың бұлт секілді,
Сүйіктің мен ескі дос қалады екен.

* * *

Мен де сәлем жазайын, қаламқасым,
Жүрегімнің жүгі жоқ одан басым.
Түн ұйқымды төрт бөліп ақ дидарың,
Сипап өтті қолымды қолаң шашың.

Жанарымды өзгеге аудармайды,
Жаңа көрдім баяғы балқурайды.
Түннен терең қап-қара қарашығың,
Жан ашыды. Ол неге жаудырайды?

Ғашық па еді,
Ол неге күлімдейді?
Күлімдейді, жүректі тілімдейді.
Таң атты ғой.
Көрінген күн бе, сен бе,
Өзгешелік ешқандай білінбейді.

БАЖАМ ҮЙГЕ КЕЛГЕНДЕ

Тастай Рыскелдиевке

Жасымнан көрдім қанша өлім?!
Аз емес назым тергенге.
Барымды айтпай қайтемін,
Балдызсыз бажам келгенде.

Қайырымсыз қатал қазадан,
Мерт болды Жібек дегенде,
Айырылдық біз де мазадан,
Жетелеп көп ой тереңге.

Кеудемде қалмас шиыршық,
Кем емес қайғым өзіңнен.
Ақ маржан шықты бір ыршып,
Азайған жасы көзімнен.

Жүрегі жылы, жаны нұр,
Балдыздың еді-ау жақсысы.
Шырайы шырақ, дәрігүл
Неге өледі жас кісі?

Жарты жыл әлі өткен жоқ,
Жанардан жаркыл тоқтар ма?
Естелік бізде көптен көп,
Ескіртпей айтар достарға.

Жоғалса жарың Жібектей
Күн қайда жеңіл күрсінбек?
Орадым жырға жүдетпей
Бейнесі тірі жүрсін деп.

Бір үйдің барлап іргесін,
Жас отау көшін бастап ек.
Тастай бажам, шын досым,
Қайғыңның жартысын тастап кет.

ОҢАШАДА ОЙЛАНУ

Батар адам жанына,
Сөз семсері – көк сүңгі.
Бір оқышы тағы да,
Тереңіне көп сүңгі.

Зеріктірер көк малта,
Мылжың сөзден аулақ бол.
Жан жүрегін қозғалта,
Таң қалдырар саңлақ бол.

Үнсіз бейқам отырып,
Оңашада оқып ал.
Селк етердей шошынып,
Қам көңілдің тотын ал.

Өтер жаз да, өтер күз,
Қиқу салар құс қайтып.
Бәріміз де кетерміз,
Өлең қалар бізді айтып.

* * *

Қалған кезде көрер күні санаулы-ақ,
Тарықпады атам жанын қамаулап.
Есіне алып отыратын жас кезін,
Әлсіз өңде сезім өрті алаулап.

Күш жинайтын аз қуатын санаулап,
Көп айтатын жүрген кезін аң аулап.
«Түлкі соққан бір кеште...» деп тоқтайтын
Бір қызығын есіне алып манаурап.

Қайратты жан, сыйлаушы едім мен сені,
Көп көтердің соғыс жылдар еңсені.
Әлгі кештің қызығында кеттің-ау,
«Өңін бұзбай жүріп кетті» деуші еді.

ҚОЛШАЛҒЫНЫҢ СЫҢҒЫРЫ

Шіркін-ай, бір түспепті мың жырыма,
Деуші едім ол еңбектің бұлбұлы ма?
Құлаққа соғыс жылдар сіңіп қалған,
Құмармын қолшалғының сыңғырына.

Бала едім таңғажайып өнер тапқан,
Атам да сілтеуші еді менен шапшаң.
Өзенді өрлей өскен қою шалғын,
Қызығы-ай, өлеңдетіп өлең шапқан.

Самал жел сипап қана өтті мені,
Сай-сала маужырап тұр кешкі лебі.
Сан жылғы сағыныштың әніндей боп,
Сыңғыры қолшалғының естіледі.

ЕРКЕ КИІК

Көкжиекте боз будақ шарбақталып,
От сезімге отырсам қармақталып.
Киік көрдім, кимелеп жыр тұтанды,
Аз мезетке мәңгі өмір жалғап қалып.

Ой мен сезім түсірсең дауға қандай,
Көкте будақ жерден сәл аумағандай.
Бұлт төсінде самолет жарқыл қақты,
Әлгі киік аспанда заулағандай.

Кезек-кезек жер мен көк төңкеріліп,
Елестеді көзіме ерке киік.
Отқа түсіп кетпесе жарар еді,
Бара жатыр батыс жақ өртеленіп.

ҒАЙЫП АЛМА

Алма көрсе тірі жан сақтанар ма,
Пісіп тұр ғой саялы бақшаларда.
Бір қызылы көз тартты сияқтанып,
Адам ата, Хауа ана татқан алма.

Қызыл шырай жүзінде ғажап қанша,
Күнә болмас ол үшін азаптанса.
Оңаша кеп тілдесем деген күні,
Әлгі алма жоқ болды таң атқанша.
Айыра алмас ол мені мың таныстан,
Көріп қана жүреміз біз де алыстан.
Бір досымның үйінде көргенімде,
Өліп кете жаздадым қызғаныштан.

* * *

Билеп едің бір күнде есі-дертті,
Содан әлі жиналмай есім кетті.
Махаббаттың күйдіргіш ыстығын-ай,
Жүрегімді қызуы тесіп өтті.

Айдын көлге құмартсам құс бармаған,
Жан базарын көп көрдім бізге арнаған.
Балапаны аққудың сияқты едің,
Бөтен қолда ешқашан ұстамаған.

Жыры көп деп қияли құска арнаған,
Сен безбедің, болдың шын құштар маған.
Қыз дегенге өзім де епсіз едім,
Қарындаштай із салмас ұшталмаған.

Сүйіктімді етсе ең сұлу қызың маған,
Беу, жарандар! Дүние бұзылмаған!
«Не бұзылды?» десеңдер, жүрегім ғой,
Осыны ал деп оңаша ызыңдаған.

ҚАРЫНДАСЫМ НӘЗИПАҒА

Көп іздеуді доғартқан,
Жүректе шырақ жағылды.
Отыз жылдай жоғалтқан
Қарындасым табылды.

Жылуы аз, мұңы көп,
Оралмас өлең сөздері.
Мен ағаңның қызы деп,
Айтып тұр ойлы көздері.

Отан үшін мерт болған,
Бауырым үшін сүйемін.
Сені іздеп көзі төрт болған,
Ауылым үшін сүйемін.

Жанардан моншақ түсірген,
Қуаныш селі күштірек.
Мен ойладым ішімнен
Дәл бүгін соғыс бітті деп.

ЕСКЕРТКІШ ҮЛГІЛЕРІ

Мен жүдесем
Сен білдірмей жыладың,
Солдаттың да есендігін сұрадың.
Сол тұрмыспен
Отыз тоғыз жасында,
Қайран анам, өзің де ерте құладың.

Күміс медаль байғазысы домбыраң,
Жан серігім,
Сенен қалған бар мұрам.
Жыр келмеген жүрек жадау күнде де,
Сырласуға оң тіземе қондырам.

Жүгіртеді жүректі де, қанды да,
Көрсетеді тереңді де, молды да.
Бейітіңе орнатқым да келеді,
Ақ мәрмәрдан алтын шекті домбыра.

Бір зиратта жатырсыңдар, қос анам,
Ұмыткам жоқ беріктенсе босағам.
Екеуің де қадірлісің мен үшін,
Күн де туар кос ескерткіш жасаған.

Екінші анам, көрдің өмір қырқасын,
Кенші күнге куә болдың бұрқасын.
Бейітіңе алып барғым келеді,
Жезқазғанның өзің көрген бір тасын.

АҚ ҚИЯЛ

Ақ қанат байлап ақ құсым – әсем ән ұшпақ,
Қос алқа күйдей қосылып шырқар мәніс тап.
Жаңбырдың әні деп қалма, тағдыр әні ғой,
Толғантып көптен жанымды жүрді жаныштап.

Білтелі қиял күлтелі желмен жарыспақ,
Үндесіп жеткен жүлдесін бірге табыспақ.
Кездесу бізге бос қиял, әуре дей бермей,
Зымыран мініп ұшсаң да жетем ғарыштап.

Құмарым сөнбес, құлшынып жетіп таныспақ,
Тойлар ем, шіркін, тату боп көңіл табыссақ.
Сыңарын іздеп сағынған құстың әні ғой,
Саябыр таппай, сен жаққа шыбын жан ұшпақ.

Ақыл мен сезім алдамас мені нағыз шақ,
Түрленді деме буынсыз тілді нақыштап.
Сәлем де айтпай сәулеңе шомған боламын,
Кеңейіп тыныс, жиілеп лүпіл, жан ұштап.

Жұтым ауа әтірін бірге алыссақ,
Шіркін-ай, деймін! Көз тақап кірпік қағыссақ.
Арманың жалғас күндерің бар-ау ғажайып,
Не болар досың үміттен кеміс қалыссақ?

Өмірім қызық, келемін қызу қарыштап,
Қадамым түзу, қарманған жоқпын тал ұстап.
Ауыл жақтан алшақтап жүрмін бұл күнде,
Кетпесем болды көңіліңнен сенің алыстап.

* * *

Қалтасы қалың кезінде,
Бастады оны бір бүлік.
Елігіп арзан сезімге,
Үйінен безді дүрлігіп.

«Әйелің сені сүйеді,
Бекерге қасірет артасың.
Махаббат жолы киелі,
Азабын кейін тартасың».

Осы сөз жақпай, жаңылып
Ол кетті. Көп жыл жоғалды.
Қалтасы әбден қағылып,
Қайтадан кеше оралды.

* * *

Біреулер байып тартынып,
Біреулер барын септейді.
Мырзаның азы артылып,
Сараңның көбі жетпейді.

Түйір қазы асылса,
Қуанып үйде қаламыз.
Мейманнан барын жасырса,
Кешірім етпес бабамыз.

Қисынын табар сенгенде,
Мінезің жақсы-ау табынар.
Сағынған досым келгенде
Сақтағаның табылар.

* * *

Ойымда жоқ атаққа елеңдемек,
Жеңіл сөзбен ниет жоқ желеңдемек.
Көлеңкесі, күнгейі айқындалған,
Айлы, нұрлы, әуенді өлең керек.

Ой өресін дәлірек түсінер ек,
Айқын бояу әр заттың түсі керек.
Сөз – сарқылмас қазына, қайнар бұлақ,
Көзін ашып үйренсек, түсінер ек.

Соның бәрін ойланам білген сайын,
Тегін емес тыныссыз жүрген жайым.
Адам түгіл жыр тосып тұрған жоқ па,
Жол шетінде құлағын түрген қайың.

* * *

Кірерде тар кей есік шығарда кең,
Сырын біліп есімнен шығармап ем.
Жай, жабайы тіршілік көрінісін,
Көп талқылап талай жыл ұға алмап ем.

Қоңылтақсып сондайға тағы кетем,
Ойлай-ойлай көкіректі жарық етем.
О, Құдай-ай! Бір ғана ұққаным бар,
Есігі емес, ниеті тарын екен.

Қиналмаймын мейманға ас төккеніме,
Ата салты дақ салмас шекпеніме.
Қиналамын көзімше мақтап-мақтап,
Тірі жала сыртымнан еккеніне.

* * *

Туған жер, сенсің мені тағалаған,
Бар-жоғым, аш пен тоғым саған аян.
Ұяда көргенімді ұмыткам жоқ,
Тірлікте жаққан шығар саяң маған.

Өзіңе алғысым көп ойымдағы,
Ойлантты артық кеткен ойын-дағы.
Көз жасын сүртті көйлек жыртылғанда
Құба тал Қамсақты өзен бойындағы.

Бәрін де түгел, тегіс бағаладым,
Сақтармын тілегіңнің ақ-адалын.
Алдыма іні келсе жәрдем күтіп,
Құба тал пәк қылығын жаңаладым.

* * *

Ауыл-ай, баяғыдай біліншi бір,
Есімде жеңгем түскен бірінші күн.
«Қайным» деп жұмсап-жұмсап тосушы еді,
Балқаймақ, тәтті сүзбе, ірімшігін.

Сөкпеймін бүгін даяр мәзіріңді,
Сағындым су берсең де әзіріңді.
Ұнайды ақ күбімен бірге пісіп,
Аузыңнан үзбегенің әзіліңді.

Қинай бер көп қинасаң төрдегіңді,
Түзейін өзім де әзіл өрнегімді.
Деймін де әдемілеп аңыз етем,
Ағаммен ең алғашқы көргенімді.

Жас қосақ «қылмыстарын» көрсек өнер,
Ол бұрын «айта бер» деп өршеленер.
Ал, бүгін келінді боп кішірейіп,
«Айналдым, айтпашы» деп жөнге көнер.

* * *

О, тіршілік! Жеткілікті базынам.
Күз көп болды-ау әлі күнге жазынан.
Қуанышым мақтанышпен кетеді,
Мұңым менің сарқылмайтын қазынам.

Өзімді ұқ сөздің ойлы назынан,
Бақыттың да шошымадым азынан,
Кейде көңілім жалаңаш көл болады,
Ерте айырылған аққуы мен қазынан.

Жүргеніме өлеңдетіп сау болып,
Білмеген жан күндейді ғой жау болып.
Атқан таңды күнде ертерек көргенмен,
Елден жырақ неге керек тау болып?!

* * *

Соғыс жылғы балалар,
Сақтай білер ұятты.
Бірін-бірі бағалар,
Ғарышкерлер сияқты.

Жалғыз ана сенгенде,
Жүрдік отын, шөп үйіп
Қарақағаз келгенде,
Тұрдық өксіп, мөлиіп.

Күнде көрген түс қайғы,
Айтып тұрар көзі наз.
Мінезімен ұқсайды,
Іске берік, сөзі аз.

Көргенде сонша тағдырды,
Бұйырған жоқ қой алшаңдау.
Әкелі бала сабырлы,
Жесірдің ұлы шапшаңдау.

* * *

Келеді қою өлең қаптасынды,
Айтқызар құпиялы айтпасымды.
Өтеді көз алдымнан жалғыз киік,
Адасып паналаған басқа шыңды.

Қап-қара көздерін-ай, көздерін-ай,
Ақтарса көкіректі төзгенім-ай.
Сұлулық тәңірісі сол деп қалдым,
Көзге пәс, салқын тартып өзге шырай.

Қайтейін өтелмеген көз күйігін,
Аз сөзбен жеткізейін сөз түйінін.
Ол аңсап бір көруге құмар шығар,
Талай жыл көрмей жүрген өз биігін.

Қайтсін-ай, қарайламас жан болмаса,
Шыдатпас шын құштарлық мәңгі орнаса.
Өлеңді жазар ма едім, жазбас па едім,
Дүниеде сондай сұлу жан болмаса?!

ЛӘЙЛЕК ҚҰС

Ұзын бойлы жас қыздай,
Ләйлек деген құс көрдім.
Жүруші еді тапқызбай,
Өңімде әлде түс көрдім.

Жүреді екен аралап,
Алтын құмды жағада.
Сай көрсетсем бағалап,
Қызғаныш етті шағала.

Қара көзі меңгерді,
Азайтпай айтар үкімін.
Қара теңіз тербелді,
Жүректің санап лүпілін.

Үкі де ғажап тіл ұғар,
Қолыма ұстап жем бердім.
Көз ояу, жаным тынығар,
Ақ төсін сипап емделдім.

Құмартар құс та сенгенге,
Қолымнан тартып алсын кім?
Соңымнан қалмай ергенде,
Шабытқа шексіз малшындым.

Балқысам құстың лебіне,
Базарлы кезін тыймайды-ау.
Әкетер едім еліме,
Теңізін ләйлек қимайды-ау.

* * *

Дүние көп сынаған балаң едім,
Білдің бе, бір кәдеңе жарар едім.
Өмірден әке-шешем ерте кетсе,
Солардың алмағанын ала келдім.

Тұңғиық сен не деген терең едің,
Тереңдік терең тартып сене бердім.
Арманын ата-анамның бірге қосып,
Қолымда бар өнерді бере келдім.

Елудің шығып тұрмын белесіне,
Құмарта көз саламын келесіге.
Сүйсініп туған елді аңсай берем,
Құлындай шұрқыраған енесіне.

Сондықтан арым таза, шайлықпайын,
Кен қазсам жерім жомарт, байлық дайын.
Жыр жазсам аз емес қой сырым менің,
Белгілі туған елге барлық жайым.

Демеймін жылдар өтіп жан қысылды,
Әлі де көркейтемін жаз, қысымды.
Жұлдызым жайнап туған дер шағымда,
Арнайын дегенім ғой бар күшімді.

Батқан күн, атқан таңмен сән құрадым,
Жыр кесте, көңіл нұры – қалдырарым.
Ұйқым аз болып жүрсе тіршілікте,
Соңыра бір-ақжола қандырармын.

* * *

Өзгеден бұрын ұғамын,
Сөз етсең маған қай күнді.
Шалғайдан көріп тұрамын,
Жасырын айтқан қайғыңды.

Кезім жоқ оқыс сын арткан,
Бір күйгенде, бір жанып.
Жақының едім құмартқан,
Қайтесің менен қымтанып.

Одан да бері кел, жақын,
Ой жеткен жерге барайық.
Жүдеген жанға бер рақым,
Көңіліңді бірге жамайық.

Жүзіңе жұмбақ үйгенің,
Қобалжу көп қой құс реңі.
Сыртың сау, ішің күйгенін,
Мен ғана айтпай түсінем.

* * *

Ойлаумен жазғанымның оң-терісін,
Бітпейді ертелі-кеш тебіренісім.
Өзіңе тым нобайсыз көрінеді,
Кешегі жобасына келген ісім.

Санаймын, саналаймын таң жарысын,
Аз емес айналама таң қалысым.
Аңғарсам мүлде осал боп көрінеді,
Тап кеше озып жүлде алған ісім.

Жүр деме әлі күнге сенделуде,
Жақындап қалыппын ғой мен де елуге.
Сезімді ақыл-ойға достастырып,
Көп сыр бар өзімді-өзім меңгеруде.

Шындықты актармасам, елденбес ем,
Кім болам өзімді-өзім меңгермесем?!
Күйіңді күнде жарау ұстамасаң,
Достарың сенбей қалар ерген кеше.

МИРАС

Жан анам деп еді ғой «қарашығым»,
Туған ел болды сондай жанашырым.
Сол шығар мәңгі сөнбес махаббатым,
Кең төскей бірдей сүйем дара шыңын.

Бабамның бейнесі бар келбетінде,
Жаралдым бар мұрасын енші етуге.
Жүйрік ат, сал домбыра сайлап қойып,
Дүбірге ере шығам ел шетінде.

Сөз бе екен қарадүрсін тартқан пішін,
Белдессем бәсекеде артқан күшім.
Жинақы болайын деп қайда жүрсем,
Төріме іліп қойдым салт қамшысын.

СӘТІМЕН КЕЛДІ СӘУІРІМ

Басталды ынтық дәуірім,
Сәтімен келді сәуірім,
Жайлауға шықты ауылым.
Дүрлігіп бүкіл жатыр ел,
Мейманға тосып тәуірін.

Басталды өзен тепеңі,
Ашылды сайдың етегі,
Бүршіктер жымың етеді.
Жұдырықтай жүрегім,
Кеудеме сыймай кетеді.

Емес қой бәрі алдамшы,
Қалқам-ау, сен де таңданшы,
Алдау жоқ менде, аңғаршы.
Баяғы өткен көктеммен,
Үндемей қайта жалғаншы.

* * *

Қап-қара күзгі түндей барқыт көзің,
Тебірентпес қайдан келсін артық төзім.
Құмар шақ, ерке мезет кезек келсе,
Тірлікте болмас одан артық кезім.

Қоймайды бір қалыпта тартып көзің,
Жарқ етсе жан шыдатпас шалқып сезім.
Басыма жыр айналған ән байланды,
Жіберші жалғыз ғана айтып сөзін.

* * *

Құлындай кия белден кісінеген,
Сүйгеннің құлы екен ғой кісі деген.
Жан едім сертке берік, мәрт мінезді,
Бас иіп саған ғана кішірейем.

Ұзасаң сағынышқа оратылам,
Жыр жазам тосып жатқан жол атынан.
Көп ойдың әуресінде ұйқы жеңбей,
Бір сөздің бақташысы бола тұрам.

Кездессең, келер толқып ішіме өлең,
Көрінер асқар тау боп кіші белең.
Қақпашы қанатымнан талпынғанда,
Бәрібір шырт ұйқыда түсіне енем.

Жоқ шығар бас июден қиын өмір,
Көп шыдап саған ғана иілемін.
Жүректес жүзің жанса көз алдымда,
Кең, дархан тіршілікке сүйінемін.

* * *

Көзбен шолып байқасам қиырымды,
Үйірімен үш тоғыз үйірілді.
Балам ертең үйленіп той бола ма,
Бір қуаныш түртеді бүйірімді.

Жақсы көрсем ақ тілек сыйынуды,
Тездетсеңші, тағдыр-ау, бұйыруды.
Ұлым үй боп қуантсын, көріп едім
Қыз ұзату деген бір қиыныңды.

* * *

Бітіпті осы ауылда орақ бүгін,
Күтпейді астаналық қонақты кім.
Сен маған әрең ғана жолап тұрсаң,
Мен сені жаңа өлеңге орап тұрдым.

Мінеки, қайта оралды орақты күн,
Он бес пен жер ортасы он алтының.
Көзіміз өзімізсіз көп тілдесті,
Тергендей көкіректің көп алтынын.

* * *

Жақсы көлдің жағасы,
Суаты жайлы құм екен.
Ойлы адамның санасы,
Мұнарлы таудай шың екен.

Мұнартсам таудай жасымнан,
Жаутаң көз өскен мұңым бар.
Күрсініп өтсем қасыңнан,
Көңілсіз жүр деп ұғынар.

Мал баспайтын құм қорыс,
Суатсыз көлдің өңірі,
Бірде қазақ, бірде орыс,
Ақымақтың жеңіл өмірі.

Тілегім жерден, көктен де,
О, тағдырым, ұға бер:
Өзімді ойлау жоқ менде,
Көкейді тесті туған ел.

Білмегенсіп білсем де,
Алаңдаткан ауыл ғой.
Сыр бермей жүрсем де,
Өмірім менің ауыр ғой.

* * *

Көре-көре сыйластық үйгізеді,
Жүре-жүре қимастық сүйгізеді.
Сұлулықтың мың сиқыр әлегі бар,
Кәрі-жасқа әсерін тигізеді.

Әлемде бар қым-қуыт әлекпенен,
Тамсандырып қай сұлу зары өтпеген?!
Ұялшақтық, шіркін-ай, жібермейді,
Сұлуға да қараймыз әдеппенен.

Сол ғұрыппен жасырын бәйектеген,
Сұлу бар ма жүзіне дәрі екпеген.
Жүрек – патша, көз – уәзір, біз – құлымыз,
Шыдатпайды қырғын жау тәбет деген.

Жұрт көзінше кезім жоқ сүйгіштеген,
Құпияшыл, оңаша күйгіш келем.
Бос теліткен махаббат неге керек,
У мен балын бөлісіп бірге ішпеген?!

* * *

Қара көз, өлең айтшы төгілдіріп,
Жанымды қуанышқа көмілдіріп.
Ел көшіп келгендей бір елтіп қалам,
Көңілге бітіп адал сенімділік.

Шырқашы, бір босасын өмілдірік,
Маған да бітсін жаңа көңілділік.
Жан жылып, жүрегім тез жеңілденсін,
Күлейін бір себебін өзім біліп.

Тотының әуеніндей тақпақ болып,
Әр үнің көкірекке жатпақ қонып.
Мен үшін керегің сол – ел көшкендей,
Алдымда отырғаның аппақ болып.

* * *

Күн өтпес сағынышты сая қылмай,
Үн жетпес жаралы жан сабағындай.
Алыстан құрбы-құрдас елестейді,
Құланның селдіреген саяғындай.

Сырымды ортақ еттім зая қылмай,
Жоғым да бар сияқты баяғымдай.
Қасымда көрінесің сен де кейде,
Солдаттың ок әкеткен аяғындай.

Мардымсып жүреміз-ау «көп» дегенге,
Жіңішке тез үзілерептегенде.
Азды да ардақтамау күпіршілік,
Дәнекер болмас па еді жетпегенде.

Көктемге көңілшектер табынамыз,
Жаз қайда, келсін деші, бабына күз.
Жақсыны қолда барда қорғай білмей,
Қосылып ол кеткенде жабығамыз.

* * *

Мейлі оның жылағаны ұнамасын,
Тимеші, жыладың деп сынамашы.
Тұнған шер балқып шықса бой жеңілдер
Тек қана көкірегі жыламасын.

Жасырып көздің жасын үйіп бекер,
Ол бекер мықтылықпен «сүйікті» етер.
Жас шықсын... Тас ериді жүректегі,
Әйтпесе көкірегі күйіп кетер.

Жылауға бала күнде ерікті едік,
Жас тыйдық есейген соң беріктеліп.
Көз жасын намыс көрсек табыс та сол,
Түйіншек батады екен беріштеліп.

* * *

Малшындым мырза шабытқа
Құлшынды жаным жыр өріп.
Өзіңді көрген бақытқа
Тартынды жаңа жыр-көлік.

Жабайы арман – дос тілек,
Құрғанда құтты іргелік;
Жасай ма біздің қос жүрек,
Баяғы күндей біргелік?..

* * *

Жырлады Абай жабығып елі-жұртын,
«Ұстарасыз түсіпті, – деді, – мұртың».
Бізде қазір ұстара жеткілікті,
Мұрты барлар көрінер текті сылқым.

Мұртта ма еді мәселе, қазағым-ай,
Бір ұзартып, бір кескен азабың-ай!
Осы күнде кей жігіт мұрт қоймайды,
«Мұртты» шалды баяғы маза қылмай.

* * *

Құшаққа сыймастай көп гүлдер,
Кей мезет сәт берсе бұйырып.
Ойлаймын өлеңсіз көп күндер,
Кетті деп қыршыны киылып.

Шабыт дос қоймайды білінбей,
Кезім жоқ өзімді күштеген.
Жаңа жыр – әскерде інімдей,
Ел-жұрттың қолына түспеген.

«Келді жыр, келді бір тамаша»,
Дегенді тосумен жыл да өтер.
Ұл күткен кейде жас анаша,
Көкейде бірдеме бұлк етер.

Асығыс кезім жоқ сараңдай,
Аз қонақ болғанын тілейтін.
Жаңа өлең студент баламдай,
Әлі де көп кеңес тілейтін.

ҚОБЫЗЫМ

Жүйріктердің көп ғұрпы,
Ұқсайды екен көз салсақ.
Бәйгеге түскен топ жылқы,
Пернеге түскен бес саусақ.

Күйлерге берген жол құрап,
Кәрі қобыз жаралы.
Тұр деме, досым, ол жылап,
Бабамдай ол да саналы.

Ойлайды өткен әр күнін,
Сызылта шырқап заулайды.
Жан толқытар шерлі үнін,
Жезкиікке арнайды.

Самғатса маздақ жол ізін,
Домбыраға сыймаған.
Киелі аспап қобызым,
Зар заман бізге сыйлаған.

* * *

Достан артық ешбір жан кеңеспейді,
Оны көрсем ата-анам елестейді.
Доссыз өмір зәрулік шығар деймін,
Қайыршы боп доссыз жан елестейді.

ӘН КЕРЕК

Ән жақсы тату достай наз айтатын,
Әл беріп бойда дертті азайтатын.
Қоштасып, саңқыл қағар қимай қарап,
Мезгілдей аққу бастап, қаз қайтатын.

Ән керек әлдиімен тербететін,
Көкіректен жан кинаған шер кететін.
Құлшынтып құмарыңды бір қандырып,
Тәуекел көкке құлаш серметететін.

Ән қайда «бар» мен «жоқты» сұрыптайтын,
Біржола жамандықты құлыптайтын.
Гүл сезім көңіл төрін жаулап алып,
Бір сөзін көз жұмғанша ұмытпайтын.

Алдыңнан шыға келер сағым қырдан,
Ән салшы сұлу қыздай табындырған.
Қалқаның ақ дидарын аңсап кетіп,
Жан-тәнің балқығандай сағындырған.

Ән сол ғой тілге тиек ілдіретін,
Сыбырлап қайда барсаң бір жүретін.
Көлдерге жылы жақтан құс оралып,
Көктемнің жұпар исін білдіретін.

Ән керек тұла бойды дірілдеткен.
Аламан мәресінен дүбір жеткен.
Өмірдің өзің татқан бал мен уы,
Есіңнен бірі шығып, бірі кеткен.

* * *

Көп мергендер жарысыңды,
Сырым бар көріп аңғарған.
Санақ айтты табысыңды,
Межеге тиген сандардан.

Жұрт дүрлікті салған жерден,
Ақтады деп үмітті.
Деп мақтады: «көзі мерген»,
Қолы мерген жігітті.

* * *

Жыр ұлғайса көркейіп, көлемденіп,
Неге жүрем жасығып төменденіп?
Сезім отын тұтатып, жан балқытып,
Бүкіл дүние жатыр ғой өленденіп.

Өзімді-өзім кезім жоқ жойқын деген,
Жүріп келем жұрт қатар ой-қырменен.
Күлкім аздау, қашанда ойшыл келем,
Дариядағы туыспын толқынменен.

Жол бермедім бұйра жал арыстанға,
Ол да ерсінген ең алғаш табысқанда.
Дүлейленбей дүрлігіп қарап қалды,
Жүйрік озса жүйрікпен жарысқанда.

Кеш қосылсам болды көп басқа арманым,
Елге аян кең көшін басқарғаным.
Ойда озған қыр көрсе өршеленер,
Көмілдірер жарыссаң ақ шаңдағым.

* * *

Сағынып көп келемін теңізге мен,
Көш құрап толқындармен егізденем.
Теңіздей терең туса жарар еді-ау,
Өзіме осы шартты негіз көрем.

Толқынмен арпалысам жалтақтамай,
Есенмін сан айқасқа барсақ талай.
Құмарым қанар емес айдынға өрлеп,
Жағадан көз көрімге алшақтамай.

Жарады тұңғиықта жабық көрік,
Сұңгимін қалайын деп қарық болып.
Тереңде кеншілігім ұстап кетіп,
Гауһарын елге берем алып келіп.

Көбейер ел қуанса нұрлы алаңым,
Өзім де шын жадырап бір қаламын.
Ұнаса туған елге арманым жоқ,
Құзда өсіп, теңіз кешіп жырлағаным.

* * *

Мінезімнің жетпегенін, жеткенін,
Жіті қарап артық өлшем етпедім.
Жақсы адамға елі-жұрты үйіршең,
Мал да білер кімнің келіп кеткенін.

Ағатайым қайтыс болды Есілде,
Ел жиналды қыстың аяз кешінде.
Түн ішінде жемі бітіп қалды ма,
Күрең аттың кісінегені есімде...

* * *

Өткен күн көз алдымнан бір-бір өтіп,
Алдымда тұрғандайсың дір-дір етіп.
Дегені «қайран жастық» осы екен ғой,
Өзіңмен таныстырған үлбіретіп.

Құйын жел тынышталса дауыл өтіп,
Жеңілі қалды деме, ауыры өтіп.
Күннен күн, жылдан жылың жеңілдемес,
Кеткелі көп болды ғой сәуір өтіп.

Қимастық әр сөзімде мөлдіресін,
Мөлдірден сағынышың селдіресін.
Соңыра сырымды оқып мұңы қалың,
Қазақтың бір ақыны болды десін.

* * *

Дел-сал болып ұзарса күн өтпеген,
Арайлы ғой «бар», «жоқты» реттеген.
Бар ақылға жиірек жүгінбесең,
Жалған отқа түсірер жүрек деген.

Ақын айтқан жаттасақ әуенді біз,
«Махаббатқа кәрі-жас тәуелдіміз».
Қолда бардан қымбатты қайдан келсін,
Кейде еске түссе де «әуелгіміз».

Тыңдай берсең жүректі ойнақтаған,
Тойы қалмас тынымсыз тойлатпаған.
Ал, мысалға сол қызды алдым десем,
Одан әрі біреуді ойлап қалам.

* * *

Шекарада солдаттай күзеттемін,
Сол мінезді өмірі түзетпедім.
Айқабағың жайдары ашық болса,
Ұмытар ем баяғы сыз өткенін.

Көп демеші кейде бір өпкенімді,
Жүрегімнен теріп ал, төкпе гүлді.
Қатулықты жасымда аз көрмедім,
Ұмытайын бір сәтке өткенімді.

* * *

Шалғы көрмей қуарған құрақтар бар,
Көзі ашылмай бұйыққан бұлақтар бар.
Тірі жанға жәдігер болып жүріп,
Жылы сөзге зар болған құлақтар бар.

Бақытты деп ойласаң түрін көріп,
Көкірегі жүреді тілімденіп.
Өмір бойы жадырап көрмеген соң,
Шаңқай түсі кетеді іңірленіп.

Жан қызуын дәл айтпас сынаптар бар,
Білгенді де бүлдірер сынақтар бар.
Бәйге көрмей өтеді-ау өмірінде,
Жүген-құрық тимеген құр аттар бар.

Жақыныңнан жақындау жырақтар бар,
От-жалыннан артықтау шырақтар бар.
Сондай-сондай өмірде шешілмеген,
Әлі талай ауырлау сұрақтар бар.

Әуре болсаң аз ғана табысыңа,
Ойлап қара өз аяқ алысыңа.
Түсінбессің дүние кей сырына,
Қашан тиіп кеткенше намысыңа.

КЕЛ, КЕЛ!

Ай-күн
Жерге нұры таралған,
Ел-жер
Адам үшін жаралған.
Сен, мен
Тіршілікке керекпіз,
Кел, кел!
Бәрі бізден нәр алған.

Құм, шөл
Киіктердің тұрағы,
Көл, су
Аққу-қаздың жұмағы.
Сен, мен
Алыс жүрсек ұлғаяр,
Дерт, шер
Махаббаттың сынағы.

Күй, би
Ғашықтардың бесігі,
Түн, кеш
Кездесудің несібі.
Сен, мен
Махаббатқа керекпіз,
Кел, кел!
Жабылмасын есігі!

Ән-жыр
Шаршағанда шашылсын,
Дән, гүл
Аңсағанда ашылсын.
Сен, мен
Бәріне де керекпіз,
Кел, кел!
Сағынышым басылсын!

РОСИЦА

Росица – қазақша шық тамшысы,
Шық – нәзіктік, шық – сұлу таң жаршысы
Сені көріп мөлт еткенін қарашы,
Шықпай жүрген жүректің шық тамшысы.

Қарашығың жаңбыр жуған мойылдай,
Қарай берем көп қарауға тойынбай.
Қос тастаған төңкеріліп кеткенде,
Қалай шыдар жүрек шеті ойылмай?

Болгар қызы, түркіменге келінсің,
Туыс ағаң қалай жеңіл телінсін?
Бір күрсініп, бір күлем де қоямын,
Күрсінуге ақын неге ерінсін?!

Бар есімнен жаңылайын мен неге,
Қызықсам да бұзықтық жоқ пендеге.
Жалғыз жүрек қазақ сүйгіш болған соң,
Есенінде тапсырып ем жеңгеңе.

* * *

Толқын емес теңізді тербететін,
Дауыл емес ұзақ түн желдететін.
Жүрегімнің лүпілі деп ұғыңдар,
Жолды аңсаған ауылға тез кететін.

Қайық емес айдында қалқып жүрген,
Шағала емес нұр алған алтын күннен.
Ол өзімнің жүрегім ауылды аңсап,
Теңіздей кең кеудемде балқып жүрген.

Бұлбұл емес тоғайда бұлғақтаған,
Тоты да емес түн бойы жыр бастаған,
Ол өзімнің жүрегім үні бөлек,
Туған елге бір айтар сыр сақтаған.

ЖЫР ҚҰШАҒЫ

Болгария, білдірдің білмегенді,
Көкірегіме телегей жыр бөленді.
Көргендеймін өр кия бір белеңді,
Түні бойы жазғандай бірге өлеңді,
Толқып жатқан теңіз де бір кенелді.

Алыстағы бауырын Балқан тапты,
Құштар жүрек ұйқыны талқандатты.
Жұрт жағада жабайы қыздырынса,
Мені шабыт бұлжытпай арқандапты.

Қызықтырып жол бойы аңғарғаным,
Құшағыңа қыз-шабыт аз бармадым.
Көргенімді көп өлең етпей қайтем,
Көкірегімді көркейтті таңданғаным.

Теңіз ғана емес-ау, болгарларым,
Көрдім мәңгі достықтың жалғанғанын.
Димитровградтар әлемге айқындап тұр,
Шипкада өлген ерлердің армандарын.

Шулы теңіз, аспанда ай сене ме,
Жыр тұтанбас ақ ниет ауса неге?
Толқып тұрмын теңіз-жыр құшағында,
Ел сүйсінбес жан нұры жауса неге?

Жерлестерді шақыршы теңіздегі,
Жүздерінен көрінер ел іздері.
Қыдырысы шет елде аз болды деп,
Ыдырыс досым, әнеки, мені іздеді.

Варна

КҮРСІНБЕ БЕКЕР

Аялап желпіп,
Сүймесем елтіп
Дей көрме құрбым әдепсіз.
Бұрылмай солға,
Бұлтармай жолда,
Келемін әуре, әлексіз,
Қияли арман
Көрінсе жалған,
Мұңы бар жанның бәрі епсіз.

Көңілім сен деп,
Кетпесе селдеп,
Сақталар есте гүл өңің.
Алданып қалма,
Самарқау жанға,
Өзгені ойлап жүр едім.
Жұлдызды сөнген,
Іздеуге көнген,
Мен емес, менің жүрегім.

Күрсінбе бекер.
Кездесу өтер,
Айырып қайтем еркіңнен.

Дертіңе қанып,
Кетпесем жанып,
Бір өлең алдым көркіңнен.
Қалайын мен де,
Жабайы пенде
Үйренген ескі дертіммен.

ЖІГЕР

Саспадым Қара теңіз терең десе,
Көлдер де жасықпайтын менен кеше.
Қиырсыз мұхитқа да зер саламын,
Тебіренем жат жағалау елеңдесе.

Қайтейін, Қара теңіз үлкен десе,
Құритын өзеннен де діңкем кеше.
Кем емес теңізіңнен көк Есілім,
Секілді Сарыарқада үлкен көше.

Айдыннан шайлықпадым алыстаған,
Толқынның дүлей күші таныс маған.
Өмірді мен қайтейін, күресі жоқ,
Күнім жоқ күштілермен жарыспаған.

София-Варна

ПЛОВДИВ ӘНШІ ФОНТАНЫ

Шапшыған фонтан қызыл да жасыл, ақ, сары,
Түн бойы аң-таң қаланың кәрі-жастары.
Көл төсінде шомылып жүрген қыздардай,
Не деген ғажап ұшқан су тізбек шашқаны?!

Сиқыр су салған созылма, шалқар әні бар,
Болгардың әні – қуаныш-шаттық бәрі бар.
Жұлдыздар жерге төгіліп кеткен сияқты,
Әуенге елтіп мың түрлі шырақ жағылар.

Бәсеңси қалса бүркеніп сықыр тосынып,
Әудемде шығар қайтадан пар-пар жосылып.
Ақ дидарлы, ақ көйлекті атжал су,
Жалт қаратса әніне кеттім қосылып.

Су сипатты сұлулар билеп дөңгелеп,
Әндетсе әсем сәндентер жасап ай көмек.
Біздің ауыл қыздарына ұқсайды,
Көл шетінде ойнап жүрген айгөлек.

Періште бейне бір-бірлеп шығып секіріп,
Жоғалып кетіп шырқайды жылдам жетіліп.
Тебіреніп жаның, әуреге салса толқисың,
Махаббат әні бар сырын айтса өтініп.

Ұшан су солай ұмсынтып көп-көп қаратты,
Еліктеп, елтіп лүпілін жүрек санатты.
Оттарға бояп, фонтанға өлең айтқызған,
Япырмау деймін, бұл қала неткен талантты?!

* * *

Құпия көп ақ түндер арайында,
Сырын сезбей қатардан қалайын ба?!
Асау жүрек шалдықса махаббатқа,
Қияды екен патшалық сарайын да.

Бал құндаққа бақыт қой бөлегені,
Бөлегені – ол тағдыр жебегені.
Баян үшін қиналған Қозы Көрпеш,
Мен болдым ғой махаббат көбегені.

Жан-жүрегім пәк сезім көрегені,
Сен де сәулем нұрыңа бөле мені.
Бекежаннан мен емес жасқанатын,
Қыз Жібектің көрінем Төлегені.

Сенсіз жырым қалмай ма көріктенбей,
Әлектенем бейнеңді көріп-көрмей.
Жұрт көзінше шыдаймын шыдамаска,
Қос жанарым мөлдіреп ерік бермей.

Демес едім сен менің өткенімсің,
Өйткені шын. Бұл жалған көркемісің.
Содан болар өзендер мұз жарғандай,
Жылда оралып келетін көктемімсің.

СҮМБІЛЕДЕГІ СЕРНЕЛЕР

Күрсінтер нөсер ел ішін,
Құйылтып күзде сүмбіле.
Созылған пәле дермісің,
Жайлаған күнді, түнді де.

Сүмбіле басар өлеңге,
Мол жаңбыр саңлау жолатпай.
Сабылар бұлттар төбеңде,
Шақырмай келген қонақтай.

Егін, шөп қалар шабылмай,
Қуансын оған ел неге?
Уайымға жастар салынбай,
Басушы ек қызық сернеге.

Ересек ер балалар,
Топтасып қызық бастайтын.
Әркімге салған баға бар,
Бір қойды сойып тастайтын.

Ақшаны атам аямай,
Әжеме сырды ашпайтын.
Ол жиынға ой, Алла-ай,
Әйелдер қадам баспайтын.

Соғыс жылғы күздерге,
Толқыса жырым толғау боп,
Қара тірсек біздерге,
Көрінді серке тойдай боп.

Аз ғана тыныс, дем берді,
Ән шыркап көңіл желденер.
Сағынып кетем сендерді,
Сүмбіледегі сернелер.

* * *

Сендер оны ақымақ деме, достарым,
«Білімім аз» деп айтқанға.
Шын сайыста өкіндірер тоқсанын,
Ол жүлделі қайтқанда.

Кейбіреудің бар қылығы жасанды,
Түсінбейді күлгенге.
Аймағына ақымақ жігіт атанды
Ақылым көп деп жүргенде.

Сыпайы адам мас боп қалдым демей ме,
Бар қулығын асырып.
Есін білмей құя берер көмейге,
Мас мастығын жасырып.

* * *

Дос болсаң бұрын маған жоласпаған,
Сескеніп бүгін неге қораштанам?
Нөсермін, мен өткінші бола алмаймын,
Сіркіреп шөкім бұлттай толастаған.

Дос десем жұрт куәгер жиында анық,
Ақындар айтқанына мығым халық.
Достықты мен сатпаймын арзан іске,
Жағдайым кетер деме қиынданып.

Көп көрдім жонда қызыл түлкіні де,
Белгілі су жорғаның бұлкілі де.
Кеншіге тау қопарып, жер қозғаған,
Белгілі зілзаланың дүркірі де.

Болары белгісіз деп кім түбінде,
Дүдәмал артпа күдік тап бүгін де.
Тынымсыз тірлігім бар досты алдамас,
Жатпайды алтын кездік қап түбінде.

* * *

Сен менің баға жетпес алтыным ең,
Шалқып ем ақ ниеттің жарқылымен.

«Қош!» деген бір сөзіңді естігенде,
Теңіздей өзені жоқ тартылып ем.

Шат өмір еліктірді каркынымен,
Әкетті ескі аязын салқынымен,
Сезімнің көп пернесі үндеседі,
Қайтадан атқан таңның жарқылымен.

* * *

Махаббат заңы не десе соған көнесің,
Ол берік заң, бұзбайды пенде сөресін.
Көрмеймін деп кетсең-дағы бәрібір,
Құдайға құмар мүфтидей күнде көресің.

Тірлікті тілдеп мұң басқанда іздейсің,
Сыйласты доспен сырласқанда іздейсің.
Өзгеден суып кетсең-дағы бәрібір,
Өртеніп жүрек өлгенше күдер үзбейсің.

Махаббат заңы жүз толғанып, он ойлау,
Демеймін оны тез құтылар оңай жау.
Мені сенің жүрегіңнен бөлуден,
Қарусыз қолмен атомды бөлу оңайлау.

* * *

Мәскеу де өзгермеген өзгереді,
Сен жоқта әзіл, мысқыл сөз келеді.
Арбатты алты айналсам көрінбейсің,
Көрсем де, көрмей өтем өзгелерді.

Ағарған шашты сипап ептеп күлем,
Өтеді жас бикештер өңшең гүл өң.
Шошыма, көз көрсе де көңіл берік,
Өзіңнен артық сұлу жоқ деп білем.

* * *

Таң шолпаны,
Алыста жанып тұрмысың?

Биікте болсаң,
Күйіксіз шығар тұрмысың.
Елеңдейсің төмен қарап сен неге,
Бар ма еді жерде,
Жүрегің жалғас бір кісің?

Жұлдызбысың,
Жазылмаған жырмысың?
Әлде алыстан,
Жылт еткен ғайып нұрмысың?
Кездесу керек.
Сен төменге түспесең,
Қыл-жүректі қысып үзіп кетер бір қысым.

Жарқырашы, сенен жеткен нұр қандай!
Қолыма алмай ынтық зарым тұр қанбай.
Көрінесің төбесінде Мәскеудің,
Біздің ауыл аспанында тұрғандай.

* * *

Әр түрлі ән салады құстар бүгін,
Көктемге кім жасайды іштарлығын?!
Бұлбұлдар айтып жатыр өз әлінше,
Жасырмай нәзіктікке құштарлығын.
Тілден бал, жүректен наз тамызатын,
Түсіндім сол әуенде күш барлығын.

Сұлудың ақ сезімді ұқпасы жоқ,
Қалайша жалынайын құпташы деп.
Айып па сенен нәзік жан көрмесем,
Үмітшең көңілімді жықпашы көп.
Көктемнің гүлі ғажап, желі алдамшы,
Жаурамай қолтығыма ықташы кеп.

ТОЛҚУ

Оңғартпай тағдыр ісіңді,
Сәт іздесең жол жүріп,
Теңіздегі сарқып күшіңді,
Толқымау үлкен сорлылық.

Қашанда жолың болған ба,
Жайбарақат ырғалып.
Көкірекке сәуле қонғанда,
Толқимын жаным нұрланып.

Сондайда туар жыр-дағы,
Құлшынар қанат заңғарға.
Сондайда жүрек тынбады,
Шақырып арай таңдарға.

Жан толқу не сыр тізбейді,
Толқудың ғажап заңы бар:
Толқындас досың іздейді,
Керегін әркім сағынар.

Көргенде мені алыстан
Аққұба жүзің гүлденіп,
Қымсынбай дос пен таныстан
Толқысаң болды түрленіп.

ҮШ АҚЫН

Мұқағали, Қабдыкәрім, Төлеген,
Елестейсің самғау биік өреден.
Жыры сұлу, аңғал мінез, төкпе ақын
Үш перзентін көкірегіне ел бөлеген.

Өрт жалынды өктем үнді көксеуім,
Көктем күнгі ұқсастығым көп менің.
Кеше көрдім шоқ жұлдыздың аспанда,
Үшеуіңдей Алатау жаққа өткенін.

* * *

Таңырқама, шырағым,
Кейде көп өлең жазды деп.
Тұтатса шабыт шырағын,
Етерсің сен де азды көп.

Телегей шабыт гүл ексе,
Баянды болсын аманат.
Еліңді сүйген жүрекке
Жер беті тегіс ғаламат.

САҒЫМ

Сұлу ғой сағым көктемі,
Шекара бермес жер-көкке.
Орайсың туған өлкемді,
Ойнаған сәуле жөргекке.

Күн нұрлы мың сан сынын,
Ойлайсың аққан сел деп те.
Жылжыған жонда жылы құм,
Ұқсайды теңіз мөлдекке.

Сол сәтте сенің гүл өнің,
Жарқ етсе бермен кел деп те,
Жарылып кетер жүрегім,
Сөз айтқызбай жөндеп те.

Сағындырған сағымсың,
Сен де бір ғажап шағымсың.

Мәскеу

* * *

Көкіректің көзін ашқан кен шығатын,
Жезкиік, жаутаң қағып келші жақын.
Жарқылы жанарыңның өртеп кетті-ау,
Дүниеде болар ма едім онсыз ақын.

Ақ едің, адал едің, нәзік едің,
Бақыттың білдірмедің азы-кемін.

Өзіңсің көңіл құсын құйқылжытқан,
Тыңдасын махаббаттың назын елім.

Болмысым – жезқазғандық ақын-кенші,
Қақ жолда маған жөндеп ақыл берші.
«Жезкиік ақын» деп те атап кетті,
Қасыма не де болса жақын келші.

* * *

Беу, қара көз!
Сен Балқанның гүлі ме ең,
Нұрың шабыт беріп тұр ғой, үнің – ем.
Неге мені мазалайды жүрегім,
Солқылдаған толқындармен бірігем.

Қонақпын ғой тіл қатпасам ұялып,
Шын достықты неге өзгеге қиялық?
Қаракат көз
Қазақ қызы сияқты,
Көріндің сен қыпша белің бұралып.

Деді сұлу: «Пәк сезімді біліп ем,
Келіпсіздер әркімдер өз гүлімен».
Үндемедім,
Сыр білдірмей өзгеге,
Қара Теңіз үніледі түнімен.

БОЛГАР ҚЫЗЫ ТЕҢІЗДЕ

Сұлу көрдім
Жүзінен жүзім тамған,
Осы екен ғой ішпей мас, қызып қалған.
Қара көздің қарашы өткірлігін,
Кірпігімен жүректі сызып қалған.

Ұзын мойын,
Қыр мұрын, бөлек бітім,
Неффертити дер едім еректігін.

Бәйбішеме сыбырлап түсіндірдім
Жыр жазуға бір жері керектігін.

Не дер едің
Сүп-сүйір иегіне,
Жіксіз біткен жұп-жұмыр білегіне.
Шаңқай түсте шап беріп құшақтасқан,
Қарау қиын көк толқын легіне.

Дала мінез
Шыдатпас жүректенбей.
Жолға шықсам жүрген жоқ тілек келмей.
Құшақтаса жөнелдім толқындармен,
Қыз білегі қолыма ілеккендей.

МАХАББАТ ФОРМУЛАСЫ

Күйге келсе ақынның домбырасы,
Қане, муза! Жыр жебеп, жол құрашы.
Адамдар да қызық қой, біле тұра,
«Бар ма, – дейді, – махаббат формуласы?»

Жүрек тілін білген соң жауапкермін,
Сұлу көрсем сұқтанар талапкермін.
– Махаббатта формула болмайды, – деп,
Тура сілтеп бір қызға жауап бердім.

Ұнамады-ау, қолды тік сермегенім,
Аңдамаппын қасымда ел не дерін.
Қызу қанды бір досым:
– Кесіп айтпа,
Тіке жауап ондайға берме, – деді.

– Махаббат бар,
Мінеки, сол расы,
Ол – өмірлік тозбайтын жан мұрасы.
Бір адамға бір адам іңкәр болу –
Махаббаттың негізгі формуласы.

Деген сөзді формула жазықты етпен,
Гете, Пушкин, Абай да назын төккен.
Қан майданда махаббат формуласын,
Атиллалар қылышпен жазып кеткен.

Қуат алсақ жантелім керегіңнен,
Адамға адам бақыт қой сене білген.
Формуланың ең үлкен элементі,
Сөне білмес құштарлық дер едім мен.

Кемітпеймін бір мысқал яки бір цент,
Жүрмейді оған түзеткіш кей процент.
Шын құштарлық мен білген формулада,
Өзгермейтін тұрақты коэффицент.

Бір болу шарт ұрынсаң ғашықтыққа,
Жан жарыңның қасынан алыс шықпа.
Басқа адамның түсірер қармағына,
Бір сұмдық бар өзара қашықтықта.

Формула осы, демеймін өмір басқа,
Жөн болмайды жинақтап қорытпасқа:
Құштарлыққа көбейт те қос жүректі,
Қашықтыққа арада бөліп таста.

Білгендерден, досым-ау, жөн сұрашы,
Шын сыйластық – бір жүрер жолдың басы.
Жаның сүйген адамнан алшақтамау,
Махаббатың жабайы формуласы, –

Десе досым мен сөзін жөндемедім,
Заң болмайды жүрекке жетпеген үн.
Көрмесе де қанша жыл сүйіп өтер,
Махаббатта формула жоқ дегенім.

Бір-біріне тамаша өңшең жерік,
Сыпайысып жүргендер көркемденіп,
Күндіз екеу, ал кешке жатады екен,
Сағынышқа оранып төртеуленіп.

Қатар жүрсе ол ерлі-зайыптылар,
Алғашқысын ойлауды айып қылар.
Махаббатта ешқандай формула жоқ,
Сыйласпаса біржола тайып тұрар.

Формуладан мақұрым хабарсыз жан,
Махаббатқа мәңгілік болар құрбан.
Жүрек үшін ешқандай формула жоқ,
Іштен тынып жүрсе де амалсыздан.

ЭЛЬБРУСҚА ҚАРАШЫ

Эльбрус тауға қарашы,
Ессентуки жағынан.
Көз алмас адам баласы,
Тау патша тұрса тағынан.

Даланың маңғаз тумасы,
Мекенін мәңгі тапқандай.
Көкшенің ақ бас бурасы,
Кавказға келіп жатқандай.

Қызыққа жаның көмілер,
Қос өркеш жоны жалтырап.
Алмасқа күміс төгілер,
Күн сүйген ақ қар жарқырап.

Бұлттардың шымқай төрінде,
Егіз шың адам досы ма?
Алыстан айқын көрінер,
Даналық деген осы ма?

Мың құмарың басылар,
Қиялың жетпес көрік бар.
Көгілдір тұман жасырар,
Досым-ау, жылдам көріп қал.

Эльбрус тауға қарашы,
Тілдесер ақын қазақпен.
Жолыңды сәтті санашы,
Татулық құрған ғажаппен.

Көлеңдер көзге ұрғандай,
Жан баурап сәуле жылумен.
Сезерсің жалғыз тұрғандай,
Қол жетпес тәнірі сұлумен.

Ықылас құрса алаңсыз,
Жүзінен шаттық мұнартып.
Кетеді тағы хабарсыз,
Сағыныш атты жүк артып.

Қош айтысар асығыс,
Ол қайтсін, мейлің, өліп-тал.
Шымылдық бұлттар жасырар,
Ойпырмай, досым, көріп қал.

* * *

Сылқыл қаққан ақ бұлақтан байқадым
Туған жердің қымбатын.
Сыбырласқан жас құрақтар айтады
Айдын көлдің сымбатын.

Ерте сүйдім құзарт шыңын заңғардың,
Бұлттар көшін үзбеген.
Өзен сырын ағысынан аңғардым
Теңіздерді іздеген.

Қоңыр қаздың қаңқылынан естідім
Балапанға елеңді.
Сынар аққу саңқылынан естідім
Махаббатшыл өленді.

Тентек жүрек, сен де, шіркін, қызықсың,
Алма сүйгіш баладай.
Аққұбаға бір көргенде қызықтың,
Басқа қызға қарамай.

Ерте білдім ғашық болып ғаламда,
Қосылады дегенді.
Шыда, жүрек, өзің айттың маған да,
Осы ұнады дегенді.

БҰЛБҰЛҒА

Алысқа кеттің тағы да,
Аңсатып мені қойдың ғой.
Оралшы орман бағыңа,
Ортаймас ойға тойдым ғой.

Мезетті бақыт санатар,
Естігім келді үніңді.
Сағаты жылға парапар
Қайтаршы шуақ күнімді.

Сайрағыш маусым сәніңмен,
Төгілтсең деймін сырыңды.
Тыңдағым келді әніңнен
Махаббат берген мұңыңды.

Білмеген кетсін қол бұлғап,
Мың айтқаның бір ән деп.
Мен ойлаймын әр ырғақ,
Әр дыбысың ұран деп.

Ұшып жет. Көнбе байлауға,
Бұлбұлым-ау, бұлбұлым!
Сенімен өткен жайлауда,
Бір ғұмыр ғой – бір күнім.

Мәскеу

ҚИМАСТЫҚ

Оянбаймын көзім ашық жатса да,
Қозғалмаймын сағат шырыл қақса да.
Үйде жоқта үзім үнің аңсатар,
Балаларым ақ патшадай бақса да.

Бірге тұрып, бірге бастап күйбеңді,
Қатты-тәтті сөзге етім үйренді.
Жолға шықсам мінезіңді сағынам,
Сөйлеп жүріп салып берген түймемді.

Үнің – өлең, нұрың – әуен, жаның – ән,
Үндемесең мен үздігіп жабығам.
Қас-қабағың ашық болса екен деп,
Ана мінез ақтығыңа табынам.

Ашық көңіл ақтарылып ағынан,
Жадырасаң төгіледі лағыл ән.
Дос-жараның ортасында шаттанып,
Дәл қасыңда отырсам да сағынам.

БӘЗ КӨРДІМ

Үйеңкі, терек ішінде,
Қызыл ағаш бәз көрдім.
Қыз қалпы қына түсінде,
Айтылмай қалған наз көрдім.

Көктемгі орман көкекшіл,
Әу десе әлем тыңдайды.
Жасқанбай желден өсекшіл,
Япырмай, неге ымдайды?

Көз салдым суық күзде де,
Бәз-баяғы қалпында.
Күлмеді қарап бізге де,
Көнбейді реңі салқынға.

Қылығына қиналам,
Көрмейін десем көзім бар.
Өзімді мәңгі сыйлаған,
«Бәз-баяғы» сезім бар.

* * *

Ұйқымды елес бұзады,
Құлаққа жетсе қыз әні.
Ойнап жүрген «айгөлек»,
Секілдіміз біз әлі.

Шық түспеген тәніне,
Гүл еді қыршын әлі де.
Түсімде естіп елтимін,
Тотыдай ғажап әніне.

Тықыршып құлын-жүрегім,
Көркіне тойып күлемін.
Көрген түс өңім секілді,
Көп күндер ойлап жүремін.

Әнінің жаттап әсемін,
Сөзінің сақтап мәтелін.
Балдырған күннен ой салған,
Ұмытпай келем әсерін.

* * *

Ақындықтың азабын,
Өз іргем бар ғой түсінген.
Тамаша халық – қазағым,
Жыр ұққан қола мүсіннен.

Ол үшін құстай ұшқан сөз,
Жеткендей іздеп сағына.
Естіген сәтте ұққан тез,
Мәңгілік қонар жадына.

Жерім жоқ жүрген келіспей,
Біреулер озса өзімнен.
Қызығар елім жемістей,
Сезімге алған сөзімнен.

Айтқанында бар болса,
Табады қазақ жақұтын.
«Бір ауыз сөзім» ән болса,
Осы ғой үлкен бақытым.

* * *

Ажарсыз әйел – тұзсыз ас,
Кесел деп ұқпа көрікті.
Сен қызғанға жұрт қызбас,
Таңдауға жүрек ерікті.

Жүрек мәңгі ояу ғой,
Толғана бекер толмаса.
Тән сұлуы бояу ғой,
Жан сұлуы болмаса.



Екінші
бөлім

(1980-1989)

* * *

Не бітер өткен күнді аңсағанмен,
«Жастық шақ, жастық шақ» деп қақсағанмен.
Тіршілік қымбат екен бір мезеті,
Әуелде бітпестей боп бастағанмен.

Туған ел, ризамын бергеніңе,
Парыз көп, не сыйлар ем еңбегіңе?
Біткен іс татымдысын тастап кетем,
Жалғансын менен кейін келгеніңе.

Жырға орап жүрсем әрбір күн, айымды,
Байқарсың көпшіл, сепшіл сыңайымды.
Бақытым аяласын жас ұрпақты,
Өзіммен ала кетем уайымды.

Талай сын ертіп берсең тұңғыш таңға,
Орасан себің тиді шыңға ұшқанда.
Соққанда соңғы сағат мұңды әкетем,
Бар жүгің азайсын деп бір мысқалға.

Тынықсам жүйткіп өтіп даңғылыңмен,
Жылынар жерде денем таң нұрымен.
Шаттығым ұшып жүрсін көз алдында,
Шерімді жылдар жуар жаңбырыңмен.

1980

* * *

Түнде де бар, күндіз бар,
Ақ дидарың үңілді.
Жүрегімде жұлдыздар,
Қарсы алғандай жүгірді.

Мінезіңнің ашығы-ай,
Жанға рахат құйып тұр.
Мен қайтейін тасымай,
Сен сүйген жер күйіп тұр.

Жан сергіді қаулап гүл,
Сеніміңді ақтайын.
Мен сүйген жер жайнап тұр,
Артық жұлдыз тақпайын.

1980

БАУЫРЖАН МЕН ТАКСИСТ

– Әй, бала!
Деме ағаңның қарыс тілі,
Дем бергіш басылар ма соғыс сыры?
Таксиді шабуылдай шапшаң жүргіз,
Мен – Бауыржанмын... Момышұлы!

Рөлде қарапайым қазақ жігіт,
Мырс етті,
Міне тұтпай мазақсынып.
Көз алмай көп машина легінен,
Тіл қатты бұрылуды азапсынып.

– Шошытпа, көке!
Талай шошығанмын,
Деп пе едім:
«Ей, ағатай, осыған мін».
Сен түгіл настоящий Бауыржанды,
Мен былтыр күні бойы тасығанмын.

Он теңге сөз бе?
Одан алғаным жоқ.
Бір көру жүруші еді арманым боп.
Өз әкем Бауыржанның полкінде өлген,
Өкіндім талай іздеп бармадым деп.

– Інішек-ау, жасай ма деп көлік кірбің,
Сөз айтсам көңірсіттің төгіп зіл-мұң, –
Деді де Баукең дереу паспорт тосты:
– Мінекей,
Мен Бауыржан нөмір бірмін!

Жігітті батыр сөзі кетті қыршып,
Кетті қыршып,
Аяусыз өтті шымшып.
Көргенде Момышұлы деген сөзді,
Қос маржан қос жанардан шықты ыршып.

Дедектеп такси зытты көштен дара,
Ем тапты көкіректі тескен жара.
Құлпырды өз әкесін көргендей-ақ,
Қолында өгей әке өскен бала.

Тез жеттік барар жерге арқыратып,
Жиырма сом Баукең тосты
Жарқыратып.
– Алмаймын, аға, – деген таксишіге,
Саңқ етті
Алатауды қалтыратып.

Жарқ етті.
Екі көзден шырақ жанды,
Қарт батыр қаһарланды,
Қыранданды.
Шекеде қан ойнаған күретамыр,
Өзендей өрге ұмтылған бұраңдады.

– Отставить!
Өзіңе тақсырлығың!
Бес сомдық көріп тұрмын такси құнын.
Он теңге – былтырғы қу жігіт үшін,
Бес сомға– келінге гүл тапсыр бүгін!

1980

* * *

Шаршаған жоқпын, көрсете берем төбемді.
Ақынға, достым, тоқтату өлім өлеңді.
Өрге ұмтылсам өжеттік бітіп кетеді,
Жаңа жыр қаулап өрттілеу әрі көлемді.

Несіне қорқам?! Шайлығып кімнен қақтығам?!
Шалғайды байқар өзім де болдым сақ қыран.
Көктемім өтіп, жадырап жазым келеді,
Дер кезімде шығыппын терең шахтыдан...
Қол тимей жүрді-ау күндіз де түні шапқыдан.

Сара жол көрем сары бел сайрап сағымнан,
Адамдар көп қой келесі жырды сағынған.
Мен солар үшін шаршаудың жөнін білмеймін,
Бұлбұлдарымды ұшыра берем бағымнан.

Естісе елім бір кезде жүрек жас әнін.
Күнгейге шықтым, құздардан үздік асамын.
Өзгеден бұрын өлеңге бүгін қол тиді,
Жарауы жеткен тұлпарға қамшы басамын.

1980

* * *

Таза сақтар ақындық биік атын,
Жаным – мартен, жырым – кен құйылатын.
Қай өреге жетсем де, туған елім,
Тәңірім сенсің құрметпен сыйынатын.

Адалдыққа айнымас серт етемін,
Білем, өлең екпелі дерт екенін.
Ұмытқаным ұмытпас сезім беріп,
Жан құпия, кейде бір селк етемін.

Аққу әнін адамшыл тілге құрап,
Сәл сәуледен іздеймін үнге тұрақ.
Жалынсам да жан сырын ұғамын деп,
Жел тербелткен түремін гүлге құлақ.

Нәзік жан ғой еткенім елең гүлге,
Сұрай көрме өткенін менен біл де.
Бүгінгіге көп болса құштарлығы,
Гүл де біздей шын ғашық келер күнге.

Тау да, тас та, тебіренсем адамданған,
Тіл табыспас міні жоқ сараңданған.
Тірлік мәнін өзге ақын қанша айтса да,
Бір тиесі бар шығар маған қалған.

Мың жұмбаққа бір сөзбен шешім тауып,
Парнас желі алдымнан есіпті анық.
Соның бәрін айтам деп, туған елім,
Жүрегіңе тұрмын ғой есік қағып.

1980

АЛҒАШҚЫ НЕМЕРЕМ

Сәтті күн жебеген,
Қуаныш не деген?!
Жар салды әлемге,
Алғашқы немерем.

Би билеп үйірші,
Көз тақап түйілші.
Берейін, құдағи,
Ең ғажап шүйінші.

Іңгәлап келгенде,
Әр үнін тергенде,
Ұқсайды біздерге,
Мың сәлем бергенге.

Маңдайы жап-жазық,
Әуені нәп-нәзік.
Болашақ келінге
Жатқандай хат жазып.

Зорайды атағым,
Мен бүгін Атамын!
Арнадым үлкенін,
Сәбиге батаның.

Бәйбішем, нұр жайдың,
Бірге гүл жинаймын.
«Әже» деп атауға
Мен сені қимаймын.

Жүрегім тулаған,
Көп аңсап тынбаған,
Бақытты күн келді,
Жайнайды бұл ғалам.

Сөз емес сенделген,
Балалар, сендерден,
Ыстықтау көрінді,
Алғашқы немерем.

05.10.1980

ЖАСЫЛ ШАМ

Ал, айтайын лек-лек ашық сыр,
Немеремді тез көруге асықтым.
Бөбек туған үйден жылдам жететін,
Көше, даңғыл бар жолдары ашық тұр.

Не болар ем сол сезімді жасырсам,
Кім болар ем марқайдым деп ашынсам.
Жас иістің лебінен ашылды
Көкірегімнің көшесінде жасыл шам.

Ашылсыншы жылдамдырақ өтейін,
Таластамас топтан озып кетейін.
Бәрінен де ең қызығы осы ғой,
Құдалардан бұрыныраң жетейін.

1980

«ПРАВДА» ГАЗЕТІНЕ ШЫҚҚАН ӨЛЕҢ

«Правда» газетіне өлеңдерім
Шыққанын, анашым-ау, көрер ме едің.
Өмірге құштар көзбен қарай қалсам,
Көрінер тәлім берген көп еңбегің.

«Тауға шық, тауға шық» деп елеңдедің,
Келмей тұр шыққан таудан төмендегім.
Тұяғын жыр-пырағы тағаласам,
Тағдырым боп барады өлең менің.

Үр жаңа көкірегіне сезім қонып,
Оқысаң шалқыр едің өзің көріп.
Толғанып, шалқып-толқып жыр жазамын,
Өмірге айтылмаған сөзің болып.

Тебіреніп көз салғандай әр хатыма,
Оқыпты Қонаев та Алматыда.
«Тауға шық, тауға шық» деп жорып кетсең,
Ең биік шығып тұрмын бар сатыға.

Көрінген сол биіктен дара маған,
Болған жоқ дос-жараным қарамаған.
Әбділдә Алматыдан атой салса,
Ташкенттен құттықтады Шараф ағам.

Талпынсақ ренжітпей анамызды,
Үйретті мың өнерге дала бізді.
Соғыстан оралмаған солдат үшін,
Жұмыста жұлып жедік жағамызды.

Асықтық ұлғайтуға санамызды,
Көру серт дауыл жықпас қадамызды.
Болған соң әке жоқта ана ұстаз,
Бүкіл ел көрінеді ана жүзді,
Бүкіл ел көрінеді дана жүзді.

Мектепте мақсат еттік тереңдікті,
Өзгеден асып түсер ерендікті.
Болғаны өрем мықты осы емес пе,
Жарқ етті, ел төрінде өлең шықты.

Қайталап жаным сүймес мақтануды,
Пәк жүрек сыр ақтарып ақ жарылды.
Көршінің үлкен қызын айтқанымда
Білмеппін «саққұлақтан» сақтануды.

Еске алдым сол қыз үшін тапқанымды,
«Жібекшіл», «Төлеген» деп ат тағылды.
Япырмай, ерке қыздың әлегінен,
Тым ерте білгендеймін хат тануды.

Беу, өмір! Әлі талай қақ шаңымды,
Ақындар жек көрмейді-ау шаттануды.
Қастерлеп өлеңіме маңыз еттім,
Құймағын тұңғыш орақ татқанымды.

Ауыл, ел жазсам айқын тұрмыс бабын,
Еске алдым көрші-қолаң шым қыстауын.
Жарқырап бүгін шымкай жаңа үйлер тұр,
Түзепті біздің ауыл құрылыстарын.

Ауыл, ел жүрсе мәңгі санамызда,
Қосамын тәуір халін әр аңызға.
Сол үшін алғыс айттым әдейілеп,
Кеншімбайұлы Қаттай ағамызға.

Шаққаны «Правдаға» өлеңдерім,
Баланды биік таудан көрем дедің.
Айтқаның келіп қалды, анашым-ау,
Тағдырым боп барады өлең менің.

1980

САҒАН ӨЛЕҢ ОҚИЫН

Шындық сыры ақынның жазған хаты,
Жарақаты, бар ашық махаббаты.
Жан жылуы жарғанда
Өлең – бүршік,
Тірі жанға тиеді шапағаты.

Жазғанымды оқысам жұрт алдында,
Сиқын білдім,
Дым сезбес кикардың да.
Жанарына кейбіреу жас алады,
Ел сағынтып, япырмай, жұмсардым ба?!

Жаңа өлеңнің тез жылытқыш оты дайын,
Ол оқылса түрленем тотыдайын.
Жасырайын деп ақын өлең жазбас,
Қай қырсықтан қымсынып оқымайын?!

Өзім үшін жырды да жазғаным жоқ,
Құнарлы қазынаны қазғаным көп.
Жан қызуы лебімен маңайыма,
Жылу беріп тұрады маздағым кеп.

Ақын – қайық,
Сүйер жел жебегенді,
Желкенім зор, бүгін жыр кеуделенді.
Сағынғандар кітапты іздеп оқыр,
Кел, өзіңе оқиын мен өлеңді.

Тірегі бар сәті мол сұңқардың да,
Бапсыз тумас бақыты тұлпардың да.
Тыңдаушы емес, ең тұңғыш сыншым болшы,
Саған өлең оқиын ұйқы алдында.

1980

ЖЕҢЕШЕ

Шәмшіқамар Құрманқұл келініне

Ауылға барғанда «кайным» деп,
Өзгеден сен қанат жайдың көп.
Шіркін-ай, білгім кеп тебіренем,
Жүгіртіп қойды екен кай міндет?

Есімде кешегім, бүгінгім,
Балдырған күндерге үңілдім.
Жеңеше алдында дәл бүгін
Өзімнің келіп тұр жүгіргім.

Жүректің лүпілін санасам,
Жасарып кеттім жас балаша.
Ақ көңіл, кең пейіл жеңеше-ай,
Мінезің не деген тамаша?!

Жүрсем де ауылдан шеткері,
Ұзамас көңілімнің кептері.
Ауылымның үлкені болдыңдар,
Үлкендер аттанып кеткелі.

Жарқырап тар үйің сарайша,
Шаттандың достарым молайса.
Анамдай ардақты жеңеше-ай,
Мен парыз ақтармын қалайша?!

1980

* * *

Емеспін әлдекімдей таза жазғыш,
Демесін: «Сөзді тоқтат, мазаны алғыш».
Кір салу болмас ілкім көңілдерге,
Ниетім құлшындырғыш, тазалағыш.

Дегенім: көз алдымда көрер ме едім,
Сәуегей емес тәтті көп ермегім.
Иесі жоқтай жүдеу көрінеді,
Өзіңе оқылмаған өлеңдерім.

Әйтеуір, жырға атыңды қоса берем,
Махаббат шат шуағын тоса берем.
Не жайлы жазсам-дағы
Тумаса екен,
Ел-жұртты жалықтырар
Осал өлең.

* * *

Тыныстап таңнан күткен тазалықты,
Ұйқыны менің жаным адал ұқты.
Көз ілсем мұңсыз деме, мол ойланам,
Түзеуге қапы кеткен қаталықты.

Түрлі түс көрем қызыл, сары бояу,
Ақ түтін, қара жалын бәрі мол-ау,
Тез алсам көз шырымын аз демеші,
Көкірек әрі ұйқылы, әрі ояу.

Түсімді өңімдегі аңыз дерсің,
Жарысып сәулелі тың ағын келсін.
Ақынның түні – жылдай, күні – ғұмыр,
Атқан таң ақыл-ойға маңыз берсін.

1980

СҰЛУЛЫҚ

Мен айтпай білесіңдер өздерің де,
Жаттадық жалын атқан сөздерін де.
Сұлулық ұшқын екен арулардың,
Құмартып қарай қалған көздерінде.

Құшақтап қос бұрымын жинадың ба?
Күйдіріп тіл шоғымен қинадың ба?
Сұлулық алау екен – арулардың
Сол сәтте тұна қалған дидарында.

Таусылып бір көрмеуге тағатың да,
Сағыныш жетсең самғап қанатында.
Сұлулық арулардың дәру кезі,
Махаббат ең бақытты сағатында.

* * *

Үрке қарап үрейлі рең еніп,
Таңырқап тұр тасқынға күрең елік.
Құздан құлап ұшан су ұмтылады,
Жүріп бара жатқандай түрегеліп.

Жер бетінде қойғандай астамсуды,
Өзен ақты манағы басқан шуды.
Қатқақ жолмен құйғытты әлгі елік,
Қуып жетіп ішердей қашқан суды.

1980

* * *

Мәскеудің орман ағашы,
Жаңғырып дыбыс тараған.
Аспанға, сәулем, қарашы,
Аумайды біздің даладан.

Төбемнен өтті самолет,
Будағы өрлеп биіктей.
Сарысу жаққа жаңа кеп,
Ұлытау асқан киіктей.

Орманға көктен жеткен үн,
Үзімін жерде теремін.
Киіктер келіп кеткенін,
Түсімде қайта көремін.

1980

МӘСКЕУДЕГІ ДИПЛОМАТ ҚАЗАҚТАРҒА

Мәскеу жайлы сұрасаң наз ақтар деп,
Елімді еске түсірер ғажаптар көп.
Сан жерлестер керуенін жырға қоссам,
Мақтан етер дипломат қазақтар көп.

Нағыз қазақ паш етсем елшілігін,
Еске түсер кең қолтық кенші күнім.
Бөтен ел де тар забой сияқты ғой,
Кешірілмес титімдей кемшілігің.

Сең соқса да бұзылмас аралары,
Өжет іні, аз емес аға нары.
Дәм-тұздары жарасқан мырза мейір,
Бір-біріне құрметті бағалары.

Үйір қосқан атар ем дуан ел деп,
Дуан елде думандас бұлан ер көп.
Дәстен деген жігітті атайды екен,
Жол бастаған көнекөз дуаен деп.

Дәй жігіттер саясат жайын ұғар,
Өнерге де сан қилы дайыны бар.
Омар Хайям олардан шықпаса да,
Ортасында Омаров Хайыры бар.

Ақыл, қайрат қосар ем сөзге мыңын,
Шын бауырмал оты ыстық көздерінің.
Дипломатия Абайы жоқ десек те,
Ибраһим бар көркейткен өз көлігін.

Атын айтсаң кезім көп қыранданар,
Жүрегіме жүз түрлі шырақ жанар.
Сүттей аппақ, гүлдей пәк бәйбішесі,
Серік атты өзімнің құдам да бар.

Монғол жақта жармасқан ат жалына,
Бар дара шың – Шәйкендей асқары да.
Елші Мәлік, нар жігіт Қасымжомарт,
Бар Ақастай ақиық жастары да.

Қос Болатты, шалкисың, табасың да,
Жаркын мінез, от қаркын таласында.
Ғамзатовтан кем көрмес жазғанымды,
Ғизатовы бар екен арасында.

Ғылым, білім, ділімнің нәрін ұғар,
Бәрінің де саяси дарыны бар.
Есіміне жарасқан естілігі,
Кербез, маңғаз Сәрсенов Карлы бар.

Өлең жұртқа жеткізген бұрын хабар,
Сәлім атты ауылдас інім де бар.
Өзге шенін атасаң масаттанбас,
Кіші дуаен дегенде күлім қағар.

Үлкен-кіші – осы үйден табылмас кім?
Бауыр басты құрметтеп бәрін жастың.
Дәм татпаған қолынан ақ келіннің,
Дипломаттар жоқ десем жаңылмаспын.

Қандай екен ЦК-да ағасы деп,
Сынайтындар, әрине, таласы көп.
Мені қойшы, Мәриямға кең пейілді,
Бәрінің де дән разы бағасы көп.

Шақырғанда құс қанат алып ұшпас,
Мезетім жоқ, бәрі дос, бәрі тұстас.
«Кездесу мен қоштасу» әнін сүйген,
Бәрін сүйем, бәріне жаным ұқсас.

Аңыз-дастан секілді айтар жанға,
Бізді білген тамсанар майталман да.
Қызық өмір кештік деп еске алармыз,
Беу, достарым! Соңыра картайғанда.

1980
Мәскеу

КӨРМЕДЕГІ ТЕБІРЕНІС

Елена Бисенбинова, Альберт Гурьев,
Исатай Исабаев, Борис Пак, Ольга Прокопьева,
Әділ Рахманов, Төлеген Досмағамбетовке арналады

I

Москвада ғажайып көрме көріп,
Масайрадым, сүйсіндім көз кеңеліп.
Мүсін, сурет, кестелер қанат жайды,
Өрге шықты биікте төрге келіп.

Мұражайдың кең, заңғар, зор көлемді,
Мол аймағы көрсетті өргелеңді!
Алатау мен Мәскеудің екі арасы,
Бар жиһазы жалғасқан бөлмеленді.

Бүгінгі күн, болашақ, болған заман,
Бәрі де бар. Нақыш жоқ қолданбаған.
Мүсін, сурет, сәтті өрнек иелері,
Жалықпайды мейманға қолтаңбадан.

Талай ұлттың түлегі араласқан,
Қызығы көп әсершіл маған ашқан.
Халықтардың достығын ұрандаған
Әр сызық – ән, әр сурет – сұлу дастан.

Көрермендер таңырқап тамсанады,
Құбылыстай құлшынып қарсы алады.
Отты сезім ойнатты әр жүректе,
Тамашаның талмаурап самсағаны.

II

Тарих сыры әр жүйе, әр бөлімде,
Сұлу екен Қыз Жібек, Әйгерім де.
Бір қылқалам салыпты Құлагерді,
Жау қолынан мерт болған бәйге өрінде.

Көкірегінде ыза мен зар қайнаған,
Дала жатыр төсіне шаң байлаған.
Ақан отыр құшақтап аттың басын,
«Керім-айлап» күңіреніп, байбайлаған.

Сатқын қайда қазаны арқалаған?!
Жұрт ызалы жұлқынып анталаған.
Қапы кеткен дүлдүлден ұялғандай,
Батар күннің көзін-ай, қанталаған.

Зердесіне ой салып әр естінің,
Байқатқандай осал жан еместігін,
Махамбет тұр қылышы қисық сызық,
Жарқылынан еркіншіл ән естідім.

Исатайдан айырылып шетілген бе?
Елге сеніп, ес жинап бекінген бе?
Шамырқанған, сестенген өңі суық,
Елдің зары дегбірін кетірген бе?

III

Қатар көрсек жалғастық тұтана ма,
Көп қараймыз Абайға, Мұқаңа да.
Сұлу қазақ екен деп жұрт таң қалды,
Сәкені бар үңіліп мұқабаға.

Көре-көре не десең аса мықты,
Әлия, Мәншүк талантты жасалыпты.
Қыран қыздар, ер мінез ұлан қыздар,
Жауға кек боп, ызалы қасарыпты.

Есімдерін ел сүйген жалау көрем,
Көздерінен жарқ еткен алау көрем.
Балаларым, немерем тұрмыз үнсіз,
Сиынып та, сыйлап та қарауменен.

Ұшқыр қиял сыпырсам томағасын,
Жаңа күндер көрінді – жаңа ғасыр.
Күлім қағып Кәмшат тұр егінжайда,
Аңсап күткен айтқандай далаға сыр.

Төбе-төбе алтын дән көп легі,
Қазір тағы бауырсақ төгіледі.
Тракторы тұлпарша ағындаған,
Қырдың қызы, батыр қыз көрінеді.

Ерен сурет. Сызба емес қиқымдаған,
Дүбірлі өмір. Сәт ғажап күй тыңдаған.
Аспандатып барады құстар ұшып,
Туған жермен қоштасып қиқулаған.

IV

Құба талдың майысса қыз-буыны,
Елестейді көзіме қыз бұрымы.
Ауыл қызы аққұба шақырғандай,
Естіледі күрсінген күздің үні.

Мүсін, сурет қандырса көз күйігін,
Дәл сипаттар таппадым сөз биігін.
Күміс бауыр, жез қамзол жүйткіп өтті,
Сарысудың бойында жезкиігім.

Түпнұсқалы сурет, тұспал деме,
Қызықпасын самғауық құстар неге?
Жұлдыздармен жарысып бара жатыр,
Байқоңырдан ғарышқа ұшқан кеме.

V

Гравюра. Сәнді екен. Үңілемін.
Ай сәулесі әрлепті іңір өңін.
Мәскеудегі кең залда тұрсам-дағы,
Сарыарқаның ауасын сіміремін.

Аңдамадым тұманшыл бұлыңғырды,
Өмір көркі өзгеше жылындырды.
Бір жас бала келеді ат жетектеп,
Үйір жылқы ішіне құлын кірді.

Зор көрініс. Шопан тұр отарымен,
Маң-маң басып барады боталы інген.
Қойға толы күлімдеп дала жатыр,
Ақ үйлер тұр көз тартып қотанымен.

Ел келгендей тебіреніп көңілденем,
Ою-өрнек, бояу жоқ көз ілмеген.
Ризамын, інілер, қарындастар,
Осы екен ғой жан құштар өмір деген.

1980
Мәскеу

ОРАЛШЫ, АҚҚУЛАР – АРУЛАР

Қайдасың, қайдасың,
Былтырғы сырнайлы саңқылдар?!
Саңқылда, сәулем-ау,
Құштарлық маздатқан шалқу бар.
Көк майса жұпары аңқиды,
Жер-көкте толқу бар, балқу бар.
«Гәккушіл», аққушыл тосады ауылдар,
Оралшы, аққулар – арулар.

Үніңе үздіксем,
Көкірек көксеген дәру бар,
Келіңдер, келіңдер,
Шаттансын достарың зәру-зар.
Жер-ана гүл шашты өңірге,
Көңілде арманшыл ағын бар.
Үмітін үзбейді сағынған ауылдар,
Оралшы, аққулар – арулар.

Көркіңе құмартсам,
Қоскөлдің жағасын тамсантқан,
Ғашыққа жан пида.
Сезімтал мінезің аңсатқан.
Біздің ел аққуды атпайды,
Атқанын табиғат қақсатқан.
Қарсы алар айдын көл, құт мекен ауылдар,
Оралшы, аққулар – арулар.

1980

АЛМАТЫДА АЛТЫН ТӘЖДІ ҮЙ КӨРДІМ

Қала қандай?!
Сұлу сәулет зерленген.
Толқып тұрмын. Бірер жылдар көрмеп ем.
Аққу үйлер, ақ кемедей көшелер,
Алатаудың самалына өрлеген.
Алма – қала, махаббаттың мекені,
Алматымыз аумайды аңыз көрмеден.

Тебіренемін олай қарап...
Былай да,
Ғашық шығар Алматыға Күн, Ай да.
Бұл қаладан сұрар едім бір пәтер,
Ол қылықты құптар еді
Құдай да.
Жиырма беске келгендей боп оралам,
Москвадан келе қалсам бір айға.

Оралғандай кен қопарған кезіме,
Деп те қалдым:
Жезқазғанның жезі ме?!
Күн құштарлы кең маңдайы жарқырап,
«Алтын тәжді үй» ұшырады көзіме,
«Қазақстан» деп атапты жерлестер,
Сәнді қала айбары екен өзі де.

Тұлғасын-ай!
Бойын аспан қыспайтын,
Тау да оған ағасынбас нұсқа айтып.
Бойы шымыр, қызу қанды көрінді,
Қазағымның дәл өзіне ұқсайтын.

Абайланып қарай қалса Алатау,
Бұл ғимарат – қолдан салған жаңа тау.
Ғарыш тұлға үй белгісіндей ғасырдың,
Емес ескі, тар күмбезді ақ отау.

Тізбектелген толқыны ма көп сырдың,
Жырға оранып, жүлделеніп көп тұрдым.
Тәж киерлік король бізде болған жоқ,
Қонақ үйім дара кисін деп тұрдым.

Батса бізге көне заман тарлығы,
Көрінбейді көшпелі елдің нарлығы.
Король түгіл, хан біткеннің барлығы,
Болды «ақсүйек» Шыңғыс ханның қалдығы.

Өзге үйлерден бұрын құшар таң нұрын,
Қырдағы елдің тәж еститін ән-жырын;
Қасиетіне қарай-қарай таңдандым,
Маңғаз дала паш еткендей тағдырын.

Дәлдеп айтсам әсіре бояп өсірмей,
Тәж жинайды келер шаттық көшіндей.
Жарқ-жұрқ етіп алтын сәуле шашады,
Жауға шапқан Алпамыстың төсіндей.

1980

* * *

Айқындалар айтар сөздің өресі,
Теңеу екен түсініктің төресі.
Салыстыршы, Айыртау деп атаған,
Бірдей емес егіз шыңның төбесі.

Ағайынды екі жігіт – егіз шың,
Тең бөледі жеңіліс пен жеңісін.
Бір тұғырға екі құзар сыйысып,
Тұрғандықтың мәнісі көп мен үшін.

Сәні ғажап қос өркештің тұрған сол,
Мұнартады бұлт пен тұман буған соң.
Екеуін де қазағым тең сүйеді,
Қиялдары ортақ болып туған соң.

1980

* * *

Ұмытсаң ауыр зілі көп,
Жас күнде кешкен қайғыңды;
Өмірдің ерке гүлі боп,
Көркейтсе жүзің ай, күнді;
Шырағым сөнбес жанғандай,
Аспаннан жұлдыз алғандай,
Болар ем мен де айбынды.

Құлпырып күннен күн артса,
Ақталып үміт төтеден;
Балалар сені қуантса,
Ержетіп парыз өтеген;
Тірліктен рахат алғандай,
Шаттыққа мейірім қанғандай
Бақытты болып өтер ем.

1980

АЛАТАУ ТАҢЫ

Алатау ағара бастады,
Ашылды түнгі бұлт қаспағы,
Міз бақпай биікте бір жұлдыз саспады.
Үңіле қарайды, шіркіннің сұлуы-ай!
Білсем-ші, кімде екен аңсары?!

Қасына еш жұлдыз ермей көп,
Кең шатқал жартасты ернеулеп,
Келеді биіктен көлбеулеп.
Ашынып сол жұлдыз құйыла төгілді,
Асығыс жыр жазған мендей боп.

Үміт пен сенімді малданып,
Аспанға телмірдім таңданып,
Жаңғырдым нұр құшып жанданып.
Алтын күн әудемде жарқ етті,
Бір таудың шекесін қақ жарып.

ҚҰПИЯ

I

Қайғысын кімнің шақтаймын,
Қатты айтып кімді жүдетем?!
«Сақтансаң ғана сақтаймын»
Депті ғой бізге «Құдекең».

Жол таба алмай бірлікке,
Жоғалтқандар асылын,
Жабығар қалған тірлікте,
Жегі жеп іштен жасырын.

Қолдағы жоқтың бәрі де,
Құмдағы судай емес пе?
Қасыңнан кеткіш әріге,
Қасиет бітер елеске.

Сондайға қатты күйінсек,
Дүние жылдам жүдеткен.
Жүрекке батқан түйіншек,
Кетпей ме бірге сүйекпен?

II

Сүйекпен бірге кетеді,
Демеске қанша қақым бар.
Жасырмай бірақ өтеді,
Қайғысын, мұңын ақындар.

Кейде ақын ойлы данадай,
Тағдырға тәубе қылады.
Ол кейде жетім баладай,
Жарыла жаздап тынады.

Батса да жанға көп шығын,
Түссе де тамұқ тереңге,
Құпия толы өксігін
Айтады ақын өлеңге.

1980

ҰЛЫТАУҒА ҚАРАШЫ

Сәйгүліктей сұлық тұрған тынығып,
Қарапайым көрінеді ұлылық.
Бұлт басса да, күн шықса да бір деңгей,
Жеңілденбес желпуішке құбылып.

Жадырайсың жаның соған жылынып,
Күлімдейсің кемелдігін ұғынып.
Мол саясы тең түсіп тұр аймаққа,
Сол болмасын тауға біткен ұлылық.

Ойлы оба, сылқам шоқы, сері шың,
Бір-біріне жасап тұр ғой келісім.
Дің түбінде Асан Қайғы ізі бар,
Биіктегі біл Едіге бейітін.

Иығынан ақша бұлттар сырғанап,
Бір қыранға біткендей-ау мың қанат.
Қалаланған кең далаға сүйсініп,
Болашаққа қуанышпен тұр қарап.

Егінжайлы етек-жеңі құнарлы,
Қайыңды өлке дені шоқ пен шұбарлы.
Айдын көлі – аққулы өңір, аяулы,
Аршалы алқап иісіне жан құмар-ды.
Сол болмасын тауға біткен ұлылық,
Киікті жер – киелі,
Ұлағатты жер – ұларлы.

1980

* * *

Жылжып өтер күндер-ай сынаптайын,
Жыр беріңдер, жөн тауып ұзақтайын.
Өмір деген өлместік майданы екен,
Өзгені емес уақытты тұзақтайын.

Жан сауғалап көбейтпей тынысымды,
Жүрген сайын үдетсем дыбысымды.
Күндіз – кенші, түнде өлең жазып келем,
Бір ісіме жалғауға бір ісімді.

Арман жалғай арманға білемін де,
Ақ ниет мол ақжолтай тілегімде.
Сезім қалсын соңыра мен кеткенде,
Тұрақ тауып туған ел жүрегінде.

Қырандығың не керек құр алдайтын?!
Бүктемелі сырым жоқ ұға алмайтын.
Өлең іздеп жүрмін ғой қайда жүрсем,
Көкейінен туған ел шығармайтын.

1980

РОМАНС

Бір көру сені, шат дәурен,
Мың жырға жетер азықтық.
Аруда өзге жоқ, сәулем,
Сенде бар мөлдір нәзіктік.

Шабытым шалқып кең жүрсем,
Кездесу жүрек теліді.
Сол күннен бастап мен білсем,
Кеселді мұңым кеміді.

Басылар деймін ең кемі,
Сызаты беріш күйіктің.
Бақыт қой достың сенгені,
Ерекше балқып сүйіппін.

Бар деген дертті кеміттің,
Орындап жүрек жарлығын.
Нәзіктігің деп ұқтым,
Сыйлаған соның барлығын.

Ашық боп туды күткен күн,
Наз ұқтым жанға азықтық.
Пендеге өзге біткен жоқ,
Сенде бар нәркес нәзіктік.

1980

* * *

Жүрегім жас баланың жүрегіндей,
Тілегім жас ананың тілегіндей.
Құс жолы жатыр сайрап көкірегімде,
Қол салған иығыма білегіңдей.

Тазамын «сүйдім» деген сөздеріңдей,
Жарқ еткен оңашада көздеріңдей,
Сөнбейтін аспанымда бір жұлдыз бар,
Өмірде өтер жүзі өзгерілмей.

1981

* * *

Шырқашы, қалқа, шырқашы,
Жөнделесін күйім самарқау.
Тұтансын алау ынтасы,
Жайнасын біздің жанартау.

Жүзіңе дәлдеп қарайын,
Жұлдыздай естен тандырдың.
Бір сүйші, ләззат алайын,
Бергені сол деп тағдырдың.

Толқысын, келсін бабына,
Балқысын денем, нұр шарпып.
Берішті батқан жаныма,
Тіліңмен берші жұмсартып.

Шырқашы өзек жандырып,
Шеріңе бірге қанайын.
Қалайын құмар қандырып,
Түзетіп көңіл сарайын.

Үніңнен сәуле жияр ем,
Сәскедей көріп іңірді.
Бір мезет үшін қияр ем,
Қызыққа тоймас ғұмырды.

1981

ТАУ КЕШІ

Аспан ерте қызарып,
Арайланды тар өзек.
Күміс сәуле ұзарып,
Мың құлпырды әр мезет.

Суда аққулар сырғиды,
Бір-бірінен оза алмай.
Күн ерекше нұр құйды,
Ауыл кешін созардай.

Шолған жаңа отауын,
Қос ғашықтай іргемде.
Ар жағына жотаның
Күн құлады бір демде.

Осы шебі үміттің,
Орайлы сәт жеткендей.
Жоғалды ару жігіттің,
Құшағында кеткендей.

1981

* * *

Қарағым, қандайсың?
Көз алмай барлайсың.
Кездесу тез өтті,
Қалайша жалғайсың?

Аққұба талдайсың,
Аққудай баурайсың.
Ақ тамақ үлбіреп,
Оқ тиген аңдайсың.

Не шаттық камдайсың?
Не құрмет талғайсың?
Жарқ етті-ау жезкиік,
Егіздей аумайсың.

Сыр шертсең біртіндеп,
Өткен күн тірілмек.
Ақ төсің толқыды,
Ақ білек дірілдеп.

Көз – жүйрік, қол – сараң,
Құлшынып қарсы алам.
Сүйдім деп кімге айтам,
Көрдім деп жар салам.

1981

БАЙЫТУШЫ

Қамал Қадыржановқа

Не деген жомарт еді мамандығың,
Көтердің кен байытып заман жүгін.
Алғысы кеншілердің деп білгейсің,
Орнатқан ескерткіші саған бүгін.

Сен, аға,
Біз алғы көш легіміз,
Мәскеуде «Цветметтің» түлегіміз.
Бұл күнде бір лүпілін жоғалтып тұр,
Талай жыл бірге соққан жүрегіміз.

Кен кеулеп,
Жез жентектеп аласұрдық,
Бір көрсек бірге өскендей ағасындық.
Жастарға жан жалықпас сабақ еді-ау,
Жәдігер жасай білу жанашырлық.

Жаттықтан жаурағанды жылындырып,
Мақтаушы ең сүйсінткенді сырын біліп.
«Ол нағыз өндірістің адамы» деп,
Талдаушы ең бар өнерін ұғындырып.

Ерен іс,
Айта берем қай тізімін,
Көз тояр көрнектісі бар ізіңнің.
Балқаштың сен байырғы ардагері,
Балқыған мысқа құйған жан қызуын.
Ұлғатты ұстаз да едің алтын ұя,
Жан пида сақтай білген жар қызығын.

Топ жарған
Жиын топтың жүйрігі едің,
Сүюші шатты өлең мен күйді керім.
Табиғат көкірегіңді кеніш етіп,
Жаратқан жақсылықтың білгірі едің.

«Ей, қалқа!..
Сен кандайсың мен дегенде?» –
Деп бастап кең бұғақты кернегенде,
Талмаурап, балқып, толқып шыркаушы едік,
Дүлдүлге шын өнерпаз ерген кезде.

Өлеңге қазақ көңіл қайтармаймыз,
Әр адам өзіне сай жай таңдаймыз.
Қанша ақын, қанша әнші қайталасақ,
Өзіңдей осынау әнді айта алмаймыз.

Жалғасқан жыршы-дала түлегіміз,
Жоқ емес өлең сүйгіш легіміз.
Өзгелер көмекейге басып жатса,
Ал, сіздің айтушы еді жүрегіңіз.

Кіргені есіміңіз ән-жырыма,
Сүйсіндім шын мейірбан жан нұрына.
Сүйсінтсе кен байытқыш асыл өнер,
Құмарттым жан байытқыш тағдырыңа.

1981

ҰРПАҚТАР

Мен бүгін өз баламның үйін көрдім,
Сол дерсің тіршілікке сүйінген күн.
Жер жыртып, жалаң аяқ жар басында
Бар еді-ау оңаша да күйінген күн.

– Немерем бауы берік қос қанаттай,
Бәйгеден келдің жақсы тоқсан аттай, –
Десем ол күлімдейді жымың қағып,
Дулыға, сауыт киген космонавтай.

Сөйлессем қазақшылап күніменен,
Әжесі ән жалғайды түніменен.
Әкесі мен шешесі орысша айтса,
Ол тіл қатар марсиан тіліменен.

Сәбиге сезім селі тереңдеді,
Немерем балаларды жеңер тегі.
Қариялар бата берсе осы екен ғой,
Үбірлі-шүбірлі бол дегендері.

1981

ЖІГІТ СӨЗІ

Артықша сұлу жаралмас,
Таң шолпан сендей бола алмас.
Ажарыңды көз шалса,
Талықсып елтіп, болам мас.

Сенсіз жерде мен жетім,
Менсіз жерде сен жетім.
Түн ұйқымды төрт бұзды,
Сенің сұлу келбетің.

Өзіңсің жалғыз құмарым,
Қияда сұлу шынарым.
«Сүйдім» деген бір сөзің,
Болды ғой бойтұмарым.

Тау суындай тасыған,
Бір сүюге асығам.
Сағыныштың әуресін,
Кімнен, қалай жасырам?

Қырым көп еш жан баспаған,
Сырым көп әлі ашпаған.
Сыңар аққу Қоскөлде,
Ұқсап кетті тап саған.

1981

* * *

Өзіңе, ақын, сенбесең,
Сендірем деме өзгені.
Жер бетінде кем де кем,
Жеңілге түсер сөз кені.

Сөз кені деймін ұялмай,
Болсаңшы пенде қой демек.
Жүрекке дәру құрдай,
Кеннен де қымбат ой керек.

Жарамсақ жанға бас қайғы,
Сөйлетер айтқыр құр екпін.
Көрсетпей оны тастайды.
Ақ толқыны жүректің.

Шындықты айтып киелі,
Жасай бер көпке жақсы ырым.
Сонда ғана сүйеді,
Халық деген тақсырың.

1981

БӘЙБІШЕМЕ ТІЛЕГІМ

Туды бүгін екінші немереміз,
Тойлаймыз да
Шаттыққа кенелеміз.
Ақ бесікте ақ бөпе үніменен,
Келер күнге сеніммен жөнелеміз.

Сәтті болғай, бәйбіше,
Еккен егін,
Көңілім толқып тұр бүгін
Неге менің?
Ең бірінші көргенде немерені,
«Әжелікке қимаймын» деген едім.

Бұзбайды екен береке жаны асылды,
Үзген жоқсың құштарлық таласыңды.
Жасаруға немере дәру беріп,
Болды саған әжелік жарасымды.

Үні қандай тамаша, әдемі еді,
Шыр еткеннен ол сені әже деді.
Іңгәлады, іңкәрің құтты болсын,
Әже болғай бірнеше дәрежелі.

1982

* * *

Мықты боп көрінсем де тым алыстан,
Тағдырдың шөлін кештім сыр алыссаң:
Реніш әлдеқайда көп көріппін,
Жолыққан жер бетінде қуаныштан.

Өмірде отыз екінші жыл дегенді,
Бақытты бала деймін білмегенді.
Аштықтың ащы дәмін татқан біздер,
Өткердік өзге түске кірмегенді.

Көрінді-ау әкеме де аспан ала,
Әйтпесе сұм қара жер жастана ма?
Ол кетті мен қырқымнан шықпай жатып,
Жан анам сонда он жеті жаста ғана.

Үнсіз ой із салса да келбетіме,
Шықтым-ау тығырықтан сендетіле.
Жігітпін нағашыдан бағы ашылған,
Ешқашан ұқсамасам мен жетімге.

Көрсетем айналама жақсы қылық,
Ержеттім тер аямай сәтті жүріп.
Тағдырым жасаған жоқ кедергісін,
Жалғанда жақсы досқа тапшы қылып.

Кезім көп қыс қырауын бұрын ұққан,
Қарда еккен аязда да гүлім шыққан.
Өйткені отыз екінші жылы туғандардың,
Жаралған жүректері жылулықтан.

ЕЛЕСТЕУ

Жидек пісіп,
Мойыл, шие толғанда,
Егінге ерте,
Шөп шабылып болғанда;
Не көрмейсің,
Не түспейді есіңе,
Сырымбетте санаулы күн болғанда?!

Жас қайыңдар
Назданып көз байлайды,
Сандуғаштар
Сағыныш ән арнайды.
Бір ескі жол топырағында таныс із,
Ирелеңдеп елес көшін жалғайды.

Бұл екі аяқ
Қайда сонда бармайды,
Шолып қайтам
Жақынды да шалғайды.
Үндеместен біреу қарсы келердей
Сол ескі жол көз алдымнан қалмайды.

Шаңқай түсте
Сөнген жұлдыз аққандай,
Жалт қараймын
Анамды іздеп тапқандай.
Иығына күйентесін іліп ап,
Құдық жаққа кетіп бара жатқандай.

1982

ТУҒАН ЖЕРДІ САҒЫНДЫМ

Құрбы-құрдас, бауырласты сағындым,
Жаны қоңырау қаққандай.
Мәңгі сырлас ауылдасты сағындым,
Арасында ақ маңдай.
Кіндік кескен,
Туып-өскен Жалғызтауды сағындым.

Сылқым кербез биіктерді сағындым,
Көкке өрлеген көсіліп.
Балдыз, бажа іліктерді сағындым,
Аңсау, сусау қосылып.
Ғашық көктем,
Бауырында өткен Сырымбетті сағындым.

Асыл қалқа, есіміңді сағындым,
Еске түссең көз ілмей.
Жасыл жайлау Есілімді сағындым,
Күрке талы боз үйдей.
Ызғары жоқ,
Қыздары көп Қызылжарды сағындым.

Ақ қайыңдар, самалыңды сағындым,
Боз қарағай нәрлі еткен.
Көрші қызы, жанарыңды сағындым,
Бұл өмірді сәнді еткен.
Айдын шалқар
Жүзі гауһар Саумалкөлді сағындым.

Құрбым айтқан әзіл-назды сағындым,
Қыз-қырқынға шабандап.
«Гәккулеткен» аққу-қазды сағындым,
Пәк тілекпен аландап.
Көкшіл мұнар,
Жаным құмар Көкшетауды сағындым.

1982

ЕЛУГЕ КЕЛГЕН ҚҰРДАСҚА

Темірғали Бекеновке

Соғыс жылғы балалар ерікті деп,
Бейбіт жылдар шаттығын беріпті көп.
Соның бірі едім мен, хабар жетті,
Бір құрдасым елуге келіпті деп.

Уақыт шапшаң, япырмай, желіпті анық,
Бейқам жүрдік жастыққа сеніп қалып.
Енді білдім өмірдің келтелігін,
Құрдас досым елуге келіп қалып.

Қажымаушы ек қияңқы ерегеске,
Жеңілерің ол емес, мен емес те.
Бес күн бұрын елуге келсе болмас,
Бұрын тозған байпағын елемеске.

Төл құрдасым, бәріне иланамын,
Бөлей берсін туған ел сыйға қалың.
Қос жиырма бес шыққан соң қолымыздан,
Біткен ісім аз болып киналамын.

Мықты едің ғой кең жайлау құр атындай.
Меже едің ғой дос көңіл бұратындай.
Қалай ғана елуге келіп қалдың,
Қыркасында қырықтың тұра тұрмай?!

1982

АЛТЫН «ПРАГА»

Мәскеудегі «Прага» дәмханасы,
Ақ дастархан, асыл төр жан панасы.
Ас келгенше би билеп, денең балқып,
Ақыл, сезім басылар тайталасы.

Алтын жиһаз – орыстың жиғаны да,
Алтын ырғақ жарасқан күйлі ағынға.
Жата кеткің келеді биді тастап,
Сары алтынға малшынған диванына.

Алтын сурет ашқандай таң жөргегін,
Тар шатқалда... салыпты аң желгенін.
Бұлтартпапты мылтықтың басуына,
Қасынуы маралдың дәл келгенін.

Алтын ыдыс адамның маукын басып,
Жүрек тулап, толқисың зауқың тасып.
Сылдыры мен сыңғыры таң қалдырар,
Ыстық шайға кіргенде алтын қасық.

Алтын айна жайнаса пейіл кеңіп,
Малшынасың рахатқа мейірленіп.
Жан сейілде жүргендей серпілесің,
«Беу, Прага! Қайтала!» дегің келіп.

1982

* * *

Қайғысын достың шақтаймын,
Өзімді мейлі, жүдетем.
Дүлдүлді дауда сақтаймын,
Залымға қамшы үдетем.

Түндер көп кірпік қақпайтын,
Ой оралып пәлен мың.
Жыр іздеймін сақтайтын,
Мөлдірлігін әлемнің.

Күтпеймін мақтан көпшігін,
Ар-намысқа сенем де.
Дос сырын, дұшпан өштігін,
Түсірер қалам өлеңге.

Мазасы мүлдем жоқ жанбыз,
Артқандай сенім жер беті.
Селк еткенге көз салғыш,
Ақындар – сезім перзенті.

1983

ОЛ ӨЗІҢНІҢ БАҚЫТЫҢ

Асылын айтсам қолыңда жоқтың бәрі де,
Аспанда жұлдыз емес пе?
Алдарқатып әкетер ойды әріге,
Жүгіне берме елеске.

Ертелі-кеш көксегенмен не пайда,
Ілінбесті қармаққа?!
Жүгірмек келгір, жүгінбеші жат ойға,
Қолыңда барды ардақта.

Төріңде құтты отыр ғой адал құсың боп,
Түсірмей ешбір сынаққа.
Бұл фәниде бірліктен асар күшің жоқ,
Жеткізер алыс мұратқа.

Жұқалайын шықса сөзім ашқылтым,
Серігіңнің бақыты – ол өзіңнің бақытың.

1983

«АҒА!» ДЕЙСІҢ...

«Аға!» дейсің,
Өзеуреп, өртендіріп.
Қарлығаштай көрсеңші өрт сөндіріп.
Сүйсіндірді жанымды мөлдір көзің,
Тілдесуге келдім ғой дерт көндіріп.

«Аға!» дейсің,
Алаулап албырт сезім,
Барқыт сөзге кетті ғой балқып төзім.
Үздікпес ем үніңнен дәру іздеп,
Шыр айналтты басымды жалғыз сөзің.

«Аға!» дейсің,
Сүйсініп, жарылқанып,
Лебіңнен құлшынып, алдым азық.
Сұлулықтың тетігі қайда десем,
Жаралыпты өзгеден жаның нәзік.

«Аға!» дейсің,
Жұмбақ көп жылы жүзде,
Кім екенбіз біріміз бірімізге?..
«Аға» деген жіберер алшақтатып,
«Жаным» деген бір сөз бар тілімізде...

1983

* * *

Жол таба алмай бірлікке,
Жоғалтқандар асылын,
Жабығар қалған тірлікте,
Жегі жеп іштен жасырын.

Сондайға күйреп күйінсек,
Сау-тамтық қалмас жүректен.
Жаныңа батқан түйіншек,
Кетпей ме бірге сүйекпен.

Кетеді құпия, кетеді
Демеске қанша хақым бар.
Жасырмай бірақ өтеді
Шаттығын, мұңын ақындар.

Шумақтар сәтті жұпталса,
Мақтанды деме жарқырап.
Құрсаудан көктем құтқарса,
Ақпай ма өзен саркырап.

Аптапқа қызған күн бойы,
Жапырақ сырын біл толық.
Бойдағы жалын түн бойы,
Шықпай ма мөлдір шық болып.

Ажарын байқар асыл тас,
Десеңдер қайда жыр мәні –
Құпиясын жасырмас,
Ақындар – сезім құрбаны.

1983

* * *

Кімнің кімге қайдан десең көмегі,
Жасырмаймын, байқағаным көп еді.
Қастың сырын досы білген жеңеді,
Достың сырын қасына айтқан өледі.

Азын, көбін тіршілікте жоспардың,
Орындауға оңтайланып қоштар кім?
Қайдан десең қастың дос боп кетуі,
Ол қашан да мықтылығы достардың.

Бір кінәрат кетпесе екен сөзімнен,
Жалықтырма тағдыр доска төзімнен.
Қайдан десең достың қас боп кетуі,
Ол қашан да туар деп біл өзіңнен.

Көруің көп, ойлауың аз бір кемі,
Содан болар, кейде түлен түртеді.
Жазғырмашы дос пен қасты кезектеп,
Тап өзіңсің дұшпаныңның үлкені.

1984

СОҒЫС ЖЫЛҒЫ БАЛАЛЫҚТАН КЕЛДІК БІЗ

Вл. Савельевке

Құлыншақ күнде сұрқия дауыл соққаны,
Тез үйретті, жұмысқа жылдам оқтады.
Үшбұрыш хаттар, Информбюро хабары,
Жетекке салды жеткендей майдан от табы.

Володя, сені таңдантпас ауыр тағдырлар.
Балдырған сезім парнасқа жол салдырған,
Көрік пен балға беріпті нәзік сан жырлар.
Қысқы шана, шілдеде шалғы әнімен,
Ұқсас екен күркірете жауған жаңбырлар.

Күзендей іннен көктемде шыққан қылтиып,
Жылт етсе башпай қос табан пима жыртылып,
Жамап-жасқап жүре бердік, бригадир
Ұрыспасын деп көк желкеден бір түйіп.

Арық-тұрақ ол кездегі күй қандай?!
Келемеж етер көргендер бүгін иланбай.
Қоян құрсақ, талдырмаш, жұқа бала едік,
Бір көйлекке бірнеше жыл сыйғандай.

Мен Есілдің, сен Еділдің бойында,
Таптырмай кетті тәтті ұйқы, қызық ойын да.
Ақ үмітім – аққұба қыз, мойыл көз,
Масақ терген сым саусақтар ойымда.

Шаттық та жетті. Арайын Жеңіс ашты елге,
Жастық шақ сырын жетер ме тілім нәштеуге?!
Әкемізбен майдандас болған жігіттер,
Бірге оқыды студент күнде Мәскеуде.

Мен ұшырып, сен қарсы алған ғарыштан,
Қуаныш ортақ Гагаринмен танысқан.
Жезқазғандық кенші едім мен, сәт туды
Қайратты күнде Мәскеумен қайта табысқан.

Өзіңді қазақ көреді сыйлы жақыны,
Жалғасты өнер, бірлесті өмір шат үні.
Сүйсінемін, бақытың көп сатылы:
Еділде тудың, Татьянаға үйлендің,
Өзіңсің және орыстың жақсы ақыны.

Кең айдында жарыска салсам кememді,
Тілеулес бауыр-туыстайсың сен енді.
Мақтан етем, шалдығып-шаршап келдік біз,
Соғыс жылғы балалықтан дегенді.

1984

ҚЫРДА КИІК КӨРГЕНДЕ

Жақындап қалғандай боп алыстағым,
Көңілде көп елеспен жарысты әнім.
Топ киік құба жонда жол тосып жүр,
Күткендей елде құрбы, таныстарым.

Жыл сайын Кеңгір бойлап келіп жүрер,
Қайда екен құралайым менің білер?!
Әйтеуір қырда киік заулап өтсе,
Билейді тұла бойды сенім-жігер.

Сай бойлап көшкен киік саяғында,
Кешегім, бой көрсетер баяғым да.
Жүрегім бірге кетіп қалғандай боп,
Баса алмай тұрмын екі аяғымды.

1984.
Нөкіс

МЕНІ ІЗДЕГЕН

Күн батып келе жатыр қызауратып,
Таңсығы көп жүректі жүз аунатып.
Қанымды қыздырады қызыл арай,
Тағы да жүгіртердей қыз аулатып.

Апарған қызды ауылға бізді талай,
Қызық-ау, қызара бөрткен қызыл арай.
Қатардан үміттестер қалмасақ та,
Болыппыз үйді көксер кешке қарай.

Естиді-ау, құпияны байтақ елім,
Өзіме-өзім үнсіз байқа дедім.
Келер деп енді қашан күткендер көп,
Күн батса үйге шапшаң қайтар едім.

Үйге деп қатты сөйлеп негізденем,
Сен емес бүгін жалғыз мені іздеген.
Күтеді немерелер не берер деп,
Қозыдай алақаннан жем іздеген.

1984

САНАТҚА АДАМ ІЛІКТІ

Немерем бүгін қара нанға жармасты,
Көп ойыншық ақ тоқашпен алмасты.
Сәби қазақ астананың төрінде,
Туған жермен жалғасты.

Көктен күткен берді жерден тілекті,
Күлкі төккен балғын өңі гүл екті.
Нанның дәмін татты бала қуантып,
Санатқа адам ілекті.

1981

МАЯКОВСКИЙ АЛАҢЫНДА ТУҒАН ӨЛЕҢДЕР

I

Владимир Владимирович!
Дайын жыр оқыр едім,
Сені көрдім, шарпыды отты лебің.
Ойлы көзбен қарадың тас тұғырдан,
Бір байқашы дегендей осы жерін.
Жазғаныма азайды сенімім де,
Қолымдағым жасқантты мені мүлде.
Жыртып-жыртып тастадым дәптерімді,
Өлең толы ескерткіш сері күнге.
Жаңалықшыл бейнеңе тамсандым да,
Шын толқыдым алаңда, қарсы алдыңда.
Дәл өзіңше шындықты тіліп түсіп,
Келді әлемге биіктен жар салғым да.
Көкейкесті сондағы есіл-дертім,
Басты міндет – бір сілтер соны серпін.
Сен болсаң ғой соққылап берер едің,
Залымдарды бүлдіргіш өмір көркін.

II

Тас тұғырдың жел жағы, ығынан да,
Қарай-қарай шыр бітіп, шынығам да.
Орақ тілді, мәрт мінез, айбарлы ақын,
Деп түйіндеп бейнеңе қызығам да.
Үнің үлгі, таң белгі шұғыламда,
Деп сүйсініп кетем ой-зымыранға.
Қандай бақыт, сен жазған тілді білген!
Қарқын алдым сұрапыл үздік үннен.
Ғасырымның көтердің жыр жалауын,
Өлеңіңмен, дауылпаз тірлігіңмен.

Қозғап-қозғап жер шары – бесігіңді,
Айқындапты тік сілтер шешіміңді.
Асау ғасыр ақындық әлемінде,
Ең жоғары атаймыз есіміңді.
Сен қашан да халықтың қасындасың,
Ел мүддесі өлеңмен ашылды асыл.
Киік қуған бөріні бүктеп түспей,
Білем сенің қарқының басылмасын.

III

Өлең сөзде үр жаңа ашылды арна,
Қайрау салдың күрескер жасындарға.
Дұрысы мен бұрысын заманыңның,
Сенен артық паш еткен ақын бар ма?!
Әр тармақты салмақтап тудырыпсың,
Сөзді оймен жігерге шын бұрыпсың.
Пушкиндердің зері мен шерін алып,
Кегін өтеп, арманын тындырыпсың.
Еркіндіктің жазғандай алғы сөзін,
Александр Сергеевич – біздің таңғы сезім,
Ал, Владимир Маяковский!
Жаңа дәуір үні боп, қалды сөзің.
Ұлылардың легінде қадамдадың,
Арпалысшыл дарыды саған дарын.
Өзің айтқан тұжырым орындалды:
Қатарлас тұр Пушкинмен алаңдарың.

IV

Мен де бірі, ақын көп осы күнде,
Әттең, шіркін, ел құмар тосын үнге.
Жезкиіктің соңында көп жүріппін,
Кінә өзімде кем болса өсуімде.
Нар тұлғаңнан елестеп қиядағым,
Құрсау бұзып қаулады зиялы ағын.
Көп жүріппін қыз-қайың мұңын шағып,
Бозбаладай айналшақ би алаңын.

Кемістіктің үлкені – жүрексіздік.
Жазғанымда тым аздау білем тұздық.
Өлеңде емес оңаша сөзде ғана,
Ерсілікті сыпайы «іреп-сүздік».
Көңілшекпіз осыны байқап келем,
Жағымпазды кетпепті жайнап кемем.
Алдамшыны, жалқауды «пергілейміз»,
Пілді ұрғандай қозы жүн байпақпенен.

V

Айта берсем болардай бір кітаптық,
Кей кеселден керек-ау бүгін сақтық.
Сарқыты бар өткеннің, ал біразын,
Былтыр емес, кеше емес, бүгін таптық.
Көлеңкеде күн көрген «күн тиместер»,
Міндетіне беріліп шын күйместер,
Әлі де бар сөзінен ісі алшақ,
Мақтанқұмар өзара сын сүйместер.
Кей пысыққа ағайын олжа боп жүр,
Бөрі жүнді түлкілер жонда көп жүр.
Мұхаммедтен мақұрым бір құрдасым,
Ауылымда «жаңаша» молда боп жүр.
Ата көңілі, әрине, баласында,
Кей баланың намыс жоқ санасында.
Абитуриент «көшпенді» көбейіпті,
Астана мен ауылдың арасында.
Ашынамын, сондықтан ашық әнім.
Кей нақұрыс кеткенше пенсияға,
Әкесінің сақтайды асырауын.

VI

Сен өтіпсің әділдік ақыны боп,
Әлеуметтің әл қозғар жақыны боп.
Құрыш білек әр сөзің шын жұмыскер,
Жылымшыдан аулақсың татымы жоқ.
Қыран мінез қырағы өжеттігің,
Қолдаушыдай бізге дәл қажет бүгін.

Кей жазғыштар өшіп жүр қас қағымда,
Көтере алмай күнделік газет жүгін.
Ия, солай, гәп сөздің татымында,
Тік сілтеуге жетпепті батылым да.
Содан болар мен сенен қалыс тұрмын,
Бірнеше мың шақырымға.
Махаббаттың мезетін таңсық еткен,
Арылмаспын нәр алған ескі дерттен.
Ол да керек, өмірдің өзі керек,
Үлгі алуды жырыңнан әлсіретпен.
Жан шырағын тағдырым жаққан екен,
Тұжырым сол – тұрмаймын сапқа бекер.
Арманы мен азабын туған елдің,
Жаттап өтем, өзімше ақтап өтем!

1984

КЕҢ ЖҮРЕКТІ КЕМЕҢГЕР

Ілияс Жансүгіровке

Түсіпті қаламыңнан жыр бабымен,
Үнімен, бояумен, ырғағымен.
Терең ой, нұрлы сезім елжіретіп,
Тебіренем сұлу нәзік сырға кілең.

Қарасам поэзия ағысына,
Сүйсіндім елге мирас табысыңа.
«Құлагер», «Күйші», «Дала» көтеріпті,
Атыңды ақындықтың ғарышына.

Сұңғыла, білгір шежіре көзі түздің,
Түрленттің іші-сыртын сөзіміздің.
Түлік мал, түрлі жеміс, шөбіміздің,
Ұшқан құс, жүгерген аң төл атауын,
Жеткіздің тілімізде өзіміздің.

Қатарда бірі емессің саны көптің,
Қазақты қалың жырға қанық еттің.
Өленде Абай жолын жалғастырып,
Поэма сәтті үлгісін салып өттің.

Саятшы, күйші, бапкер, шабандозсың,
Сайысқа Құлагерді аман қостың.
Ұлымын Ақан аға ауылының,
Құлымын жер бетінде саған достың.

Күлімсі көмескіден аулақ едің,
Жайнап тұр жаңалыққа салған ерің.
Барғаным тентек күнде тегін емес,
Ізіңді іздеп қырдан тауға менің.

Текелі кеншісі етті өмір-белең,
Балауса аққайыңшыл төгілді өлең.
Іленді, Ілекем-ау, араладым,
Жүргендей ғибрат алып көңіл сенен.

Келбетін келешектің барлағандай,
Үніңде бірлік сүйгіш арна қандай!
Кеменгер кең жүрегің тамсантады,
Көкшені Жетісуға жалғағандай.

Мөп-мөлдір шық түскендей гүл бетіне,
Әр сөзім дөп оралып міндетіне,
Мың өлең арнасам да жете алмайды,
Жанымның саған деген құрметіне.

1984.
Мәскеу

МАҚТАНАЛЫҚ

Жырламасқа теңіздей,
Қуаныштың шегі жоқ.
Ардақталған өзіңдей
Қазақта ақын тегі жоқ.
Ілияс Жансүгіров

Саф алтынды бос тастан ақтап алып,
Бөсіп кетпей, көкімей мақтаналық.
Жақсы деуге жақсыны құлқы қимас,
Қара ниет індеттен сақтаналық.

Сөзі ғибрат тараған хатта қалып,
Асыл аз ба, әспеттер жаттап алып?
Ілекеңше Сәкенді тік көтерген,
Ақынды ақын сыйлауға сәт табалық.

Кісі өлмейді өкінтіп мақтағандық,
Инфаркт берер итаршы қақсағандық.
Қандай ғажап «үкілім», «сал», «серім» деп,
Ізет-құрмет, ілтипат сақтағандық.

Сәбит қайда, нар тұлға, асқар алып,
Өжет Қасым бір керуен бастамалық!
Ортамызда ақсақал Мұзафар жүр,
Оң көзі деп көненің ат тағарлық.

Талант сирек жүрегі от жағарлық,
Жебеп жібер қалмасын ноқталанып.
Олжастар да олжа ғой әмбеге ортақ,
Әлемге әйгі атымен ок қағарлық.

Жетістікке, ағайын, шаттаналық,
Біреу озса бүлінбе боска налып.
Жүрегінің лүпілін тыңдай қалшы,
Сырын ұқпай сөккенше жоққа нанып.

Арсыз сынмен абырой ашпағалық,
Күйкілерден асылды сақта, халық!
Іші күйгіш қызғаншақ тұз жаласын,
Шын жүйрікті паш етіп мақтаналық,
Тастамайды ол үшін тақтан алып.

1984

ГАГАРИННІҢ КҮЛКІСІ

I

Құлпырғанда жасыл жайлау түр-түсі,
Оралғанда өзен-көлге жыл құсы,
Қызара бөртіп қызғалдақтар туғанда,
Елестейді Гагариннің күлкісі.

Перзенттіктен періштелік тасыған,
Күлкі туса шын жеңіскер асылдан,
Мейірім, мерей, мархабат деп түсінем,
Көңілге күй, жүрекке гүл шашылған.

Жер ғарыштан көрінгенде көкпеңбек,
Кетті-ау оған дүние мәңгі көктем боп.
Күлді алыстан жас баладай анасын
Көзі көріп, көкірегімен өпкен боп.

Туды әрлеп нұрлы сәуле ағыны,
Сәуір-күлкі күлкінің ең тәуірі.
Сол мезеттің құрметіне ашылды,
Адамзатқа осынау Космос дәуірі.

Орбитаға алып шыққан ағынды,
Тез тежеді. Жерді жылдам сағынды.
Асыл күлкі қалған екен ажарлап,
О, Жер-ана! Ең қанатты шағынды!

II

Ашық, таза ғашықтанып қарайтын,
Сыр бөлісер шын досым деп санайтын,
Күлкі көрсем мінез бітті қастерлеп,
Гагариннің күлкісіне балайтын.

Сұлу күлкі қалқығандай асыл ән,
Дарқан тірлік шапағатын татынам.
Жер-анаға тағзым еткен мезет қой,
Риза мейір бүкіл адам атынан.

Көркейгендей асыл арман әлемі,
ЮРА деген аты қандай әдемі!
Күлкісіне жиналыпты жан құштар,
Жер бетінде сұлулыққа сәлемі.

Білмей келем кең мінезден асылды,
Жымиғаны жайнатып тұр ғасырды.
Сәуір келіп зауза-дәуір күткендей,
Болашақтың шаттығына шақырды.

Бақыттымыз тәлім алған тектіден,
Шегініңдер өзге теңеу көп кілең!
Күн көсемнің күлкісінен ұшқын бар,
Юраның күлкісінде деп білем.

III

Гагаринді талай рет көрген ем,
Пәк күлкісін есіме алып өңденем.
Сол күлкінің сәулесіне дақ түсер,
Содыр күлкі көрсем болам көрмеген.

Президент пен перзенттердің арасы,
Қанша десең күлкісіне қарашы.
Рейгандар реклама үшін күлгенде,
Күлкі деуге қимас адам санасы.

Емеурін етпей жатып қираған,
Жаны тәлкек етіп ернін қинаған,
Жалған, арзан, жылпос күлкі көргенде,
Қара жерге кірердей боп қиналам.

Түсінгенге күлкі бар ғой мың түрлі,
Жаратпаймын жыртық-жамау жыртыңды.
Ар жағыңмен тұрса құлқың құртулы,
Бер жағыңмен ұрландырма ұртыңды.

Гагариннің күлкісіндей ашық күл,
Күлсең, достым, себетін бол ғашық нұр.
Мерейлі сәт мерекесін көруге,
Дәмелендір, дәнекер бол, асықтыр.

Із қалдырса кең мінезбен ер кісі,
Ел жаттаған болар артық белгісі.
Гагариннің күлкісінен адамның,
Келешекке келіп тұрар сенгісі.

Жас балаша жымиғаны есімде,
Бақытым ғой жырмен құрмет ету де.
Ол шақырды адал күліп кездесіп,
Қоштасарда адал күліп кетуге.

1984.
Мәскеу

БОС УАҚЫТ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАНЫС

I

Ақындық пен кеншілігім егіз кеп,
Асыл сөзбен жүрсем алтын кен іздеп.
«Бос уақытты қайдан ғана аласың?» –
Деп сұрады бір досым зіл негіздеп.

«Мен тапқам жоқ, уақыт мені табады», –
Десем жігіт есеңгіреп қарады.
Құпия сол: зая кеткен бір мезет,
Көкірегімді күл-парша етіп жарады.

Намыс билеп жеңсе ішкі міндетің,
Келте емес-ау, жұма, тәулік, күн де тым.
Құмға құйған судай ізсіз жоғалса
Уақыт емей кім жетім?!

Әне, соны сезу ерте шыңдаған,
Шабыт жебеп өмір сәтін күнде алам.
Жүнжи берсем кім мен үшін кен қазар,
Өлең жазып берер дейсің кім маған?

Шын қылмыс қой тегін жұту оттегін,
Біткен іске болмас жаным тоқпейіл.
Парызым көп ел-жұртымның алдында,
Оны ойламас бос уақытым жоқ менің.

Жасамаймын жеңіл жерде жан сауға,
Шабытты ісім сақтайды өзі шаршаудан.
Бүгін Мәскеу қақ төрінде жүрсем де,
Бос емеспін Алматыны аңсаудан.

Өмір деген қойса қанша жүк артып,
Ауыл жаққа қарай берем құмартып.
Жезқазғанды ойласаңшы дей ме екен,
Қарт Ұлытау көзден кетпес мұнартып.

Мая шөпте жоғалғандай тебенім,
Баса алмаймын кейде көңіл еленін.
Әлдекімге қатты тиіп кетті ме,
Бір қазақты үшке бөлме дегенім?..

Қаптаса да қауырт, жедел қалың іс,
Жасамадым уақытқа мен жалыныш.
Азаматтық ар-ұжданым жібермес
Мүлт басуға жаңылыс.

II

Шабыт тапсам, жыр жебеп ой түюден,
Бақыт тапсам жер қазып кен үюден
Көп ұлтты елдің шын өкілі болсам да,
Бос емеспін қазақ тілін сүюден.

Ақын, кенші, әкімдікпен үш кемем,
Ішіндегі қымбат кені – күшті өлең.
Кейде іздеген әуресінен бір сөздің,
Мың әлек боп, әлем-тапырық түс көрем.

Тіл сүйгіштік түгендемен себебін,
Оған жетер шексіз, сансыз дерегім.
Тілсіз ақын дінсіз молла емес пе,
Не десем де, мен тіліме сенемін.

Айтарым сол ел алдында жасырмай,
Келем жақын еш пендеге бас ұрмай.
Елден ұзап кетті алыс сапарым,
Шыдау қиын кейде қатты ашынбай.

Домбыра ғой, әне, сонда керегім,
Екі ішекке енді еріксіз еремін.
Ауылға тез оралуды ойлансам,
Немереме бір күй тартып беремін.

Бебеулетсем ащы-тұщы түйдегін,
Бәйбішем де түзейді көп күйбеңін.
Құрманғазы, Тәттімбеттер ырғағын,
Жалғастырып жеткізеді үйдегі үн.

Жан дүнием елжіресе сезім боп,
Уақыт шашу дегенге еш төзім жоқ.
Сыйлап келем пар жеккен ат секілді,
Хас өнерді беттен қағар кезім жоқ.

III

Серігім де сырымды ұққыш нұрлы адам,
Ол тағдырын келеді арнап бір маған.
Еш адамға ұрлатпайтын уақытты,
Өзі ғана қыз кезінде ұрлаған.

Өкінбеймін ондай сәтке тірлікте,
Махаббатқа уақыт бұлдай білдік пе?
Балаларды бағуымен қайтарды,
Мен жыр жазып отырғанда күндікке.

Қорығандай үзім желден кептерді,
Жырымды үзер сәл ызыңды жек көрді.
Қыз күнінде қанша уақыт әкетсе,
Осы күнде орны толар сеп берді.

Қатал сыншы, тыңдаушым да өзі боп,
Өлең сөзге көрмеді бір мезі боп.
Киелі іске алғыс, тілек айтқанда,
Жүйелі сөз ойлантпайтын кезі жоқ.

Тоқсан өрім толқын қиял шеңбері,
Бос уақытты іздеп тапшы мендегі.
Қолым тисе оймен барып қайтамын,
Ата-анамның зиратына елдегі.

Тап осылай қиялдасам әрнені,
Сөзден үнге ұласады жан демі.
Тебіренгенде әрең-мәрең тынамын
Көкірегімді қозғап кетіп ән желі.

Домбырам да күмбір қағып қаталап,
Тың сарынға шын септестік жасамақ.
Үр жаңа әнім құтты жеміс тапқанша,
Құрсаулайды бойды тәтті машақат.

Түзу түтін бітсе біздің түндікке,
Жаным пида жақсы адаммен бірлікке.
Түс көрсем де өрт сөндіріп жүремін,
Қамқоршы боп бейбіт, даркан тірлікке.

Сұрақ қойған досым, сен де кең ойла,
Мезет сыры салып койды мені ойға.
Бос уақыттың көптігінен жыр жазды,
Дей көрмеші, аздығынан деп ойла.

1985

ӨМІРДЕН ҒАБЕҢ ОЗҒАНДА

Қазақтың көзін жұмды бір данасы,
Көңілдің дүр сілкінді зілзаласы.
Тыңдашы мұң-зарымды, Әмудария,
Сұм жалған белгілі ғой тыңдамасы.

Сыңсыған сыршыл дария толқындары
Қаза боп аза бойы солқылдады.
Ішімнен сонда ақырын дей беріппін:
«Қазақтың кетіп жатыр жойқындары».

Дүлдүлсің, Ғабит аға, сөз дегенде,
Зергерлік сарай салдың өз кеменде.
«Алыптар тобындағы» тарлан едің,
Атқаның тура тиер көздегенде.

Тарихтың үздік туған кезеңісің,
Пәк мінез қорғай білдің сөз өрісін.
Ұшан су дүркіреген деп айтпаймын,
Көркем сөз кең құлашты өзенісің.

Құнттамай күйкі заман жалтарысын,
Арнадың асыл сөзге жан табысын.
Қазақтың әдебиет әлемінде,
Жарқырап жатар айдын шалқарысың.

Кең дала сүйдің сұңқар бүркіттерін,
Сырғақтап әлдекімше сыр бүкпедің.
Есілде Есенейдей нояндардың,
Паш еттің хан, төрені үркіткенін.

Зор тұлғаң ер атанған дараланды,
Игердің әр белесте жаңа алаңды.
«Оянған өлкең» шыңға алып шықса,
«Ұлпаның» елден ерек бағаланды.

Бірі едің сөз сайыста жан салмастың,
Қайтейін, бәрін тізіп тауыса алмаспын.
Өмірден өлместікке сапар шексең,
Ел тойлар туар талай ақсарбас күн.

Қалайша ас пен тойдан кеш қалам деп,
Мен сонда ұмтылармын сөз алам деп.
Мерейің үстем болсын, керейім-ай,
Төс қағып, мақтанармын өз ағам деп.

Хош, аға! Атағың зор өмір кештің,
Көзімді сүртпей жазған сөзім жетсін.
Бір кезде «Ұларымды» ұнатып ең,
Ұшқан құс топырағыңды жеңілдетсін.

1985.
Нөкіс

ДАНАЛЫҚҚА ТАҢДАНУ

Афродита дәл сендей, ғажаптанам...
Құмарланбау, қызықпау азап маған.
Аумайды екен аршын төс, аш белі де,
Шешіндіріп салғандай қарап саған.

Әрекетім аз емес болған алаң,
Тамсантады тарихта қалған заман.
Дана десе дана ғой Рафаэльдер,
Сендей сұлу туар деп армандаған.

1985

ҒАШЫҚ КЕЗ – ДӘУРЕН

Еріндер, қызыл еріндер,
Есімнен тандым қызығып.
Қызғалдақ гүлдей едіңдер,
Сүймесем кетер бұзылып.

Мойныңа білек тигенде,
От шарпып денем күйгенде.
Жұмыр жер кетті дөңгелеп,
Ерніңнен алғаш сүйгенде.

Ақ тамақ, қайран, ақ тамақ,
Бал беріп, бойды уладың.
Құлындай қойған ноқталап,
Жүрегім неге туладың?

Оралдым алыс көктемге,
Құмарым қанды көркемге.
Шар басым кетті айналып,
Тамақтан аппақ өпкенде.

Жанарлар, қайран, жанарлар,
Қадалдың қандай себеппен?!
Әкелдің жылы хабарлар,
Құштарлық селін көбейткен.

Қос қарақат жол салып,
Рахат шексем соншалық;
Шынарға жеттім шыңдағы,
Қос анарға қол салып.

Ғашық боп мәңгі өтем ғой,
Ғашық кез – дәурен екен ғой.

1986

АРМАН-ҒАШЫҚ

Көктемді жаз келгенде қайтармақ кім?!
Өткенді өшірместей ән салмақпын.
Пәк сезім, тәтті кезім үзілместей,
«Мен сені сүйдім» деп те айта алмаппын.

Ақ ниет, таңғы тілек дара ғашық,
Тел өстік жан толқынын сараласып.
Жетуші ең көл шетіне құстай ұшып,
Кеттің бе аққулармен араласып?

Жүретін өмірді ойлап армандасып
Күн қайда? Кеттік шалғай әрмен басып.
Сағыныш жылдан-жылға ұмыттырмай,
Кетпейсің көз алдымнан арман-ғашық.

Ақ тамақ, құралай көз, киік бейнең,
Елестер ел шетінде биіктерден.
Көктемде көкмайсаға құмар едің,
Кеттің бе кең далаға киіктермен?!

1986

ОСЫ ЕДІ КӨКСЕГЕНІМ

Қайғы-қасірет, қуаныш бөлісуге,
«Жезкиік» жүр шарықтап ел ішінде.
Дүбіріне бар қазақ құлақ салған,
Бір ғажап бар сол киік желісінде.

Оң болды ғой ақжолтай тілегім де,
Алға шықтым қалмай көш легінде.
Әр адамның ғашығын елестеткен,
Ән қалқиды туған ел жүрегінде.

Шырқап, толғап, тебіреніп теңселемін,
Осы өлеңге өмірде көп сенемін.
Тақтан артық сұлу ән қуантқанда,
Тәубе деймін, осы еді көксегенім.

1986

ӨМІР СЫРЫ

Балалардың балалығы жоғалды,
Қозы-құлын басты жасыл алаңды.
Ата-ана боп өз көшіне бас болып,
Балаларым балалығын доғарды.

– Беу, айтсаңшы!
Сонда саған не қалды?!
Қозы-құлын іздетпей ме оларды?
– Жоқ, досым-ау, іздетпейді,
«Неге?» де,
Өз балаңнан ыстық екен немере,
Қайда жүрсем іздей барам соларды.

1986

* * *

Өзім үшін жасамадым жанпірім,
Жалғасымын ата-баба салтының.
Өзгелерді басып озып жетермін,
Басың ауырып, сыздағанда балтырың.

Бақыт тапсам жер қазып, кен үюден,
Шабыттансам адам сырын білуден.
Барлық ұлтты шын жүректен сүйсем де,
Жалықпаймын қазақ тілін сүюден.

Реніште күйреуіктік етпедім,
Қуанышта кеуде қағып кетпедім.
Қай биікке жетсем-дағы есімде
Бала күнде ауыр тұрмыс шеккенім.

Бәрін айтар домбырам – дос-сенерім,
Аяз бидің шапаны сол дер едім.
Туған жерді сағынғанда, елді ойлап,
Немереме бір күй тартып беремін.

Өрт дауылда жасамаймын жан сауға,
Жаным шошыр арпалыста шаршаудан.
Жүрген жерді түрлендіргім келеді,
Көкшетаудың кербездігін аңсаудан.

1986

АЛАҚАНДАҒЫ ӨРНЕКТЕР

Алақанда жатыр жолдар үзігі,
Саусақта барының жоқ қызығы.
Ирек-ирек иірімдер, сілемдер,
Өмір жолы және тағдыр сызығы.

Біз өткерген қос өмірді көз жеткен,
Еске алайық алақанда өрнектен.
Бара жатыр қилы-қилы қыл сызық,
Екі аяғың басқан ізін мөрлеткен.

Көкжиекте көк жібектей көктеген,
Реактивті жолақтар бар көптеген.
Топ киіктің ізі жатыр күз келіп,
Сай-саланы саялауға беттеген.

Немеремнің алақанға дән төккен,
Көп сызыққа қызыққанын көрмек те ем.
Ол да тәй-тәй басқан өмір жолдарын
Еске алады алақандағы өрнектен.

Өз қолында ес беретін ақылшын,
Қисық жолдар айтады екен батыл сын.
Астаң-кестең, шым-шытырық дүние-ай,
Алақанда шырмауық боп жатырсың.

1986

* * *

Қалың іске қара басым көміліп,
Асығыстау жүрсем аздау көз іліп,
Алабүлік мінезі бар өлеңнің,
Сұлу көрсе нөсерлетер төгіліп.

Кейде шабыт көп тостырмай тап басты,
Бере салды адам ойлап таппасты.
Басқа жерде бәйге берсе бүлк етпей,
Сұлу көрсе ұмытады ақ шашты.

1986

СӨЙЛЕЙДІ ТАҒДЫР СОНДАЙДА

Сағынбай көңіл толғай ма?
Толғанбай қиял торлай ма?!
Махаббат дерті ой қозғап,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

«Ауылға жетер жол қайда?»
Дей қалшы ұшқан торғайға;
Шырылдап саған тіл қатар,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Елеңдеп көңіл болжай ма?
Аңсатқан арман – ол қайда?!
Дос деген адам қас болып,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Жезкиік қайда, мен қайда?!
Кездесу шаттық жолдай ма?!
Ұшарға қанат таба алмай,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

Қиялға қыран қонбай ма?
Алыстан шолсам болмай ма?
Ел мұңы естен бір кетпей,
Сөйлейді тағдыр сондайда.

1988

* * *

Құралай көз,
Ақ ботадай қыз бала,
Сұлу еді-ау!
Қызығары біз ғана.
Сол мезеттен лаулап жанған
От жүрек,
Мүмкін емес толастауы мұздана.

Үміт қозғап
Арай таңның атуы,
Қимай қарап күннің кешке батуы.
Бірін сезбей
Маңдайдағы қос шырақ,
Мүмкін емес тас жұмылып жатуы.

Сыр бунаса
Бұрын жыр боп желмеген,
Шошынармын бүгін, достым, мен неден?!
Тіршіліктің ғашығымын,
Әр күнім
Рахаты мен мехнатын теңдеген.

– Кім құламас қара жерді жастана?
Күйді-сүйді
Біздей құштар баска да, –
Десе-дағы махаббатым өзгеше,
Өршеленіп өзеурейді аштана.

Ащы-тұщы өмір сыры келді еске,
Бәрі шындық,
О, жүрегім, тергеспе.
Сенерім сол –
Өлең – егіз жалғасың,
Ол сөйлейді біз кеткенде келмеске.

10.12.1988

* * *

Ән еркесі сұлу сазды сурет,
Телағысы – сөз бен әуен құдірет.
Телқабысы дөп келсе оған әншінің,
Ел табысы осы – тыңдар мың рет.

Үш өнерпаз тең түскенде үлесі,
Үш тасқынның арна табар жүйесі.
Сазгерім-ау, әншіні ойла, әр әннің
Болады екен тағдыр қосқан иесі.

«Гәккулетіп» Күләш бұлбұл шалқыды,
Қарыштады Үкілі Ыбырай қарқыны.
Жебеп жүр ғой Сегіз сері секілді,
Бибігүлді «Гауһартастың» жарқылы.

Тап осындай ғаламат бар не түрлі,
Иесін тауып талай әндер жетілді.
Роза айтқан «Ах, Самара городок»,
Орыс емес қазақ әні секілді.

Ән «Әлия» құлшынысы ақталды,
Бүкіл әлем жас Розаға таң қалды.
Қарқаралы шартарабы шаттанды,
«Бір ауыз сөз» көтергенде Мақпалды.

Ән төресі сұлу саз боп самғайды,
Бірлеседі бар қуаныш, бар қайғы.
Үйлескенде сөз бен әуен һәм дауыс,
Ұшқыр өлең-құс қанаты талмайды.

1989

АҚЫННЫҢ АҚЫН ДОСЫ ӘРҚАШАН ДА

Жараспас дарындыға тарыншылық,
Кетпей ме оқыс оттан жалын шығып?
Ақынға тіл тигізген ақын көрсем,
Қиналам кетердей-ақ жаным шығып.

Сұм жалған келді кезі кеселденген,
Естіні туды заман есер жеңген.
Барады кей қаламгер желе жортып,
Қу жылпос, су жұқтырмас «шешендермен».

Бағынар кей пәлекет күш қылғанға,
Табынар әлде алыстан ысқырғанға.
Жағынар мәз қолына «қыстырғанға»,
Қағынар сен сондайды құстырғанға.

Берердей сау адамға ақыл-дәрі,
Бір айтқыр талай әнтек тақылдады.
Әрине, саясатшыл сумақайды,
Түлкілер «төрге шық» деп мақұлдады.

Байғұсқа қару сілтеп жатыр деме,
Құрайын жыртық қоска шатыр неге?
Ақынның ақын досы әрқашан да,
Ол сөзді ұқпағанды ақын деме.

1989

ЖИЫРМА ЖЕТІ ТЕРБЕЛІС

Желмая желді адырға жортып шығар,
Жорғалаң жиырма жеті толқыны бар.
Күйшідей дәлдеп басып перне қуған,
Ырғақты жүрісіне болдым құмар.

Жануар ел шетінде желсе бүгін,
Ашамын сырын талай ертегінің.
Қарашы бипыл-типыл қайырымға,
Жасаған кең далаға еркелігін.

Көргенді жеткізбесе сөз келтелі,
Пай-пай-пай! Әсем кимыл көзді өртеді.
Қайтарып жиырма жеті «Айгөлегін»,
Ақ бура, әне, жүріс өзгертеді.

Өткендей керуен басы құмды айқарып,
Құбылыс қалды алыстан шын байқалып.
Біткенде жиырма жеті тербелісі,
Тастады ескі ырғақты бір қайтарып.

Қазақтың аз емес қой салты қызба,
Қарап тұр әр кимылдан наркымызға.
Жеткенде жиырма жеті тербелісім,
Жол тарттым мен де жаңа талпынысқа.

1989

КӨРСЕҢШІ ЖҮЗІН ҚҰЛПЫРҒАН

Сұлудың көркін мақтауға,
Қызыл тіл барын арнайды.
Өзі де соны ақтауға,
Құбылып, толқып арбайды.

Қабағын ашып жарқ етіп,
Жұлдыздай жүзі жайнайды.
Дыбысын нәзік сәнді етіп,
Түрлентер ортақ мән-жайды.

Көксесең тілдің зәмзәмін,
Ләззатқа зәузат жалғайды.
Құштарлық билеп жан-тәнін,
Бір сөзге бөтен бармайды.

Телміріп сонда тезінен,
Әкетсең қайда қалмайды?
Мөлт еткен ұшқын көзінен,
Құшаққа ыстық қамдайды.

Қимылы қызық құлшынған,
Ынтығып шәрбат талғайды.
Көрсеңші жүзін құлпырған,
Рахатқа сенсіз қанбайды.

1989

АТАМНЫҢ БЕРГЕН АҚЫЛЫ

Әркімнің жастай сүйер бар нақылы,
Мәтелі, әзіл-қалжың, қақпақылы.
Ескірмей, естен кетпей дәріс болып,
Атамның маған берген қалды ақылы:

«Алтынды тағу оңай, қазу қиын,
Жараны салу оңай, жазу қиын.
Қолыңа билік тисе көңіл жықпа,
Кердеңдеп мықты екен деп қазір күйім.

Сеп тигіз қиналғанға шама жетпей,
Көппен бол, әкімсініп дара кетпей.
Біреуге жәрдем етсең көзге түртпе,
Жөнге сал сүрінгенді мазақ етпей.

Кең жүрек, әдептіден жан аспайды,
Ақ ниет, адал көңіл адаспайды.
Мақтаншақ, өтірікші, ынсапсыздан,
Жат түгіл жақыны да аластайды.

Жалқаудың жиналмайтын төсегі көп,
Жаманның таусылмайтын өсегі көп.
Жылмақай, жылпостарға жолай көрме,
Олардан кісі өтпейді кеселі көп.

Топтасып кеңсе ішінде жік құрады,
Асылды, ақымаққа жықтырады.
Пәлекет шенді жерге жеткеннен соң,
Өзіне бағынғанды бұқтырады».

«Жігітпен тер аямай өрмелеген,
Бірге бол, ірге бұзып көрме!» – деген.
Есімде ұлағатты сөз асылы:
«Үш жүзге бір қазақты бөлме!» – деген.

1989

ӘЛЕМНІҢ СЕГІЗІНШІ ҒАЛАМАТЫ

Қап-қара көздерін-ай, көздерін-ай!
Қарақат көрмеп едім өзге мұндай.
Жарақат жүрегіме салар ма деп,
Жасқандым мешеу жандай сөзге жұрдай.
Ақ маңдай керім, кербез сұлуын-ай!
Сәл серпіп қиғаш қасты бұруын-ай!
Ақ гүлдей таңғы шұғыла нұрға малған,
Жүзінің жан баураған жылуын-ай!
Әйел боп туған осы тірі құдай!
Мүдірдім. Тіл қатуға кешеуледім,
Не болды? Әлде ақиқат мешеу ме едім?!
Әйтеуір сөз бастаудың ебін тауып:
– Ғаламат жер бетінде нешеу? – дедім.
– Жетеу, – деп, күлсе жасап тәлімділік,
– Сегіз, – деп еттім өктем мәлімділік.
Сол «Жеті ғаламаттың әлемдегі»
Келіншек санап берді бәрін біліп.
Пирамидалар сыр бермес сан ғасырға,
Сөз етті құпиясын сан басында.
Семирамида аспалы бақшасын да,
Зевстің олимптегі мүсінін де,
Жақсы айтты жеті санның жалғасында.
Білгенге не бар дейсің қиналатын,
Дәйекті тілмен айтып иланатын.
Александрия әйгілі маягін де,
Родоста зәулім мүсін сыйлап атын,
Даттады Галикарнас мавзолейін,
Эфесте Артемида ғимаратын.

Ақ құстай дара жүрген жер бетінде,
Жасырын мұң да жатыр келбетінде.
Япырмай, шын сұлудың бір белгісі,
Ақынды қимайды екен шерлі етуге.
Шындық сол. Таптырмады жөнсіз жерін,
Бәрібір бабым келмей онсыз менің
– Жетеуін дәл айттыңыз,
Сегізінші Ғаламат әлемдегі
Ол – сіз, – дедім.
Жарқ етті, нұры жанды,
Таң-тамаша,
Жаудырап қарай қалып жас балаша,
– Әрине, дұрыс – деді, –
Сіздің көзбен
Әлемде маған бүкіл жан қараса!



Үшінші
бөлім

(1990-1993)

АФРОДИТА

Патшасы сұлулардың – періштесің,
Махаббат жебеушісі пейіштесің.
Құмартып қара көзге саған тартқан,
Жүрекпен ақын қалай келіспесін?!

Ғажапқа сенен аумас ілегіп ем,
Ілектім ұстап бағлан білегінен.
Барады күннен-күнге сұлуланып,
Өзіңе теңестірген тілегімнен.

Септессе ғашықтарға елшілігің,
Күн бата біздің үйге келші бүгін.
Оңаша салыстырсам екеуіңді,
Көрінер бітім-тұлға кемшілігің.

Тағдырдың тосқаны ма, оспағы ма?
Жүр еді теңеу жетпей қосқаныма.
«Алғаның артық!» десең, құдай оңдап,
Таңертең мақтанар ем достарыма.

Ұмытпас көрген түстей кезін адам,
Періште келді кешке көзі ұнаған.
«Сенбісің беу, жігітім, сөз құраған?
Ерекше көркем екен, мақтана бер,
Сырын біл сыны түзу», – деді маған.

1990

* * *

Сенім артып сенгенде,
Серік болып ергенде,
Сенен артық таппадым
Аспаннан да, жерден де.

Қызықты ғой әр күнім,
Қасымда өзің бар күнім.
Саған сыйлап өтермін
Дүниенің бар гүлін.

Қарай қалсаң сызылып,
Құлшынамын қызығып.
Кетер ме екен бұл жүрек
Осындайда үзіліп?!

Майысасың тербеліп,
Жасайсың-ау, еркелік.
Ақ білегің тиген жер
Кетер ме екен өртеніп.

Сый-құрметті сақтайсың,
Айтар сөзді баптайсың.
Қапы кетсем кешіріп,
Әр ісімді жақтайсың.

Жанарыңнан нұр шығып,
Құлпырады тіршілік.
Қуанғаннан шыбын жан
Бір кіреді, бір шығып.

Шын ауғанша назарын,
Көбін тарттым жазаның.
Сендей сұлу қызы бар,
Осал емес қазағым!

09.12.1990

СЫРЫМБЕТТЕГІ ТЕБІРЕНІС

Жарқ етті, әне, Сырымбет,
Құлагер қуып жетердей.
Ақан сері күлімдеп,
Ақтоты үнсіз өтердей.

Аспаннан тамды ән үзім,
Қарағай, қайың балбырап.
Айтылмай жүрген арызым,
Кеудеден шықты ән құрап.

Қоскөлде әнші аққу-қаз,
Секілді қиял ертегі.
Қосылып бәрі айтып наз,
Сен жайлы сырын шертеді.

Тоғайда мұңданып,
Тамылжып тәтті үн тамды.
Бетіңдей қызыл нұрланып,
Қызарға бөртіп гүл жанды.

Көшкен бұлт селдеп өтердей,
Иісінді тауға жиылып.
Төгіліп өлең көкейде,
Жаңбырша жаудым құйылып.

Шабытшыл жаны гүлдемей,
Әуреге мені салардай,
Сырымбет тұрды үндемей,
Қасымнан сені таба алмай.

1990

* * *

Жігітті жігіт демеймін,
Ел үшін дауға енбеген.
Жыртысын жыртып Семейдің,
Аралым үшін өлмеген.

Жігітті асыл дей берем,
Құлшынтып намыс өрлеген.
Шалдықса оған дем берем,
Жүректен оты сөнбеген.

Жігітті өтем танымай,
Ел тілегін термеген.
Абылай мен Ағыбай
Аруағы бата бермеген.

Аңдасаң көптің мұқтажын,
Санама күнді терлеген.
Болашақ құтты қыс-жазын,
Мұңым көп көксеп зерлеген.

Бас қосар бүгін келді рет,
Шен үшін болмай тебеген.
Дербестік туы желбіреп,
Қуансын Қазақ егемен!

1990

КЕЛСЕҢШІ ЖАЛҒЫЗ ӘН ҮШІН

Ән келсе кейде сән келмес,
Сән келсе сұлу ән келмес.
Табылмас жердің бетінде,
Өзіңе, қалқа, жан теңдес.

Жолықса кейде сан жерлес,
Мен емес паңсып мән бермес.
Сұлулар көп қой жалғанда,
Біреуі саған пар келмес.

Жарқ етсең толқып ән келер,
Төңірек жайнап сәнденер.
Көкірек шабыт шалқытып,
Сағынған досың әлденер.

Киіктей жонда өрлесең,
Аққуым болсаң көлде сен,
Келсеңші жалғыз ән үшін,
Мен үшін іздеп келмесең.

1990

* * *

Сұлудың сырын даттауға,
Қызыл тіл жеңіл бармайды.
Мәз болып шымқай мақтауға,
Өзі де естен қалмайды.

Қабағын ашса жарқ етіп,
Үмітке бастар мың күдік.
Көңілдің төрін сәнді етіп,
Жүректен өтер Күн күліп.

Қамықты, сұлу бекінді,
Әудемде толқып бір өзі.
Сәуірдің желі секілді,
Айнымпаз келер мінезі.

Құйғытып сонда тезінен,
Жауар бұлт жылдам жетеді.
Мөлт етіп мойыл көзінен,
Тамшы жас ыршып кетеді.

Мұңаймай өту мүмкін бе,
Сұлулық қасірет тартқанда?
Мың құбылар бір күнде,
Сағыныш жанға батқанда.

1990

БІРЕУІ ҒАНА КЕЛМЕДІ

Кездесу туған жердегі,
Қисапсыз қызық ертегі.
Ертегі сырын айтайын,
Кең екен біздің жер тегі.
Талай сыр толқып желдеді,
Елестер өткен селдеді.
Құрбы, дос естіп жүгірсе,
Біреуі ғана келмеді.

Төгілді өлең термелі,
Көркейді сауық көрмелі.
Жүздесіп өтті мың таныс,
Біреуі неге ермеді?
Өкініш қаулап өрмелі,
Сағыныш көкірек кернеді.
Дос-жаран түгел жолықса,
Біреуі ғана келмеді.

Домбыра заулап пернелі,
Әсем ән қанат сермеді.
Жүз түрлі әуен қосылды,
Бір дыбыс хабар бермеді.
Оралып күндер сернелі,
Кездесу жүрек емдеді.
Көп сұлу аңсап жеткенде,
Бір сұлу неге келмеді?!

1990

ШАЛҒАЙДА ҚҰШТЫ ҚАРА ЖЕР

Жар басында жапалақ,
Өсектесе бүркітті;
Түлкі тыңдап, тасалап,
Жасырын қағаз түртіпті.

Мерт болды Сәкен ағамыз,
Үндемей кетті Мағжан да...
Үкілі Ыбырай бабамыз,
Атақты ақын Тайжан да.

Ардақты перзент, тарлан ер,
Құлады биік тұрғандар.
Шалғайда құшты қара жер,
Елім деп еңіреп туғандар.

1990

* * *

Қайырымсыз жердің бетінде,
Қалсаң да жалғыз өкінбе,
Пенде жоқ тағдыр сынатпас.
Үміті сүйген жүректің,
Үкімі достық тілектің
Әл беріп, жебеп құлатпас.

Өкінтсе тағдыр талайды,
Таң туар ертең арайлы,
Жүзіңдей сенің жарқырап.
Құшағы шуақ күздерде,
Жолықсын бақыт біздерге,
Сөнбесін арман – шамшырақ.

1990

* * *

О, перизат! Жақсы сөзден жиренбе,
Қайталай бер Мұзафардан үйрен де.
«Елде барға ернің тиер» дегенін,
Әрең білдім сені бүгін сүйгенде.

1990

* * *

Бұзып өтер жат хабар бес төбені,
Жақсы ақпарат адасып кеш келеді.
Зор өсекті бұл күнде ел ұқпайды,
Горбачевте гәп десең тез сенеді.

1990

ЕСЕП БЕРІП ЖАТЫР БҮГІН КІМ КІМГЕ?

Есеп беріп жатыр бүгін кім кімге?
Мағжан аға, дүбір сырын білдің бе?
Атылғандар,
Асыл жандар, сіздерге,
Барлық қазақ бас иіп тұр бұл күнде.

Сұмдық сол ғой, атылдыңдар жазықсыз,
Қалды дала айқын темірқазықсыз.
Теңіздегі межешамдар сөнгендей,
Біздің кеме ұрылды ғой азықсыз.

Аштық қаулап,
Оқсыз жаулап жұт келді,
Аш-жалаңаш,
Арып-тозған жұтты елді.

Екінің бірі...
Шейіт болды сол жылдар,
Бүкіл қазақ құрып кетер бұлт төнді.

Соны айтам деп Үкілі Ыбырай атылды,
Кетті ірілер Тайжандардай татымды.
Сәкен, Ілияс, Міржақыптар, Ахметтер...
Білмей өстік біз мектепте атыңды.

Келе жатыр жаңа ғана ес кіріп,
Ештен жақсы, құтты келген кештілік.
Мағжан аға! Сенің кәусар жырыңды,
Сақал-шашқа ақ кіргенде естідік.

Қазағымды азат жолы ірелең,
Кейде қорлап тірі өліктей сүйренген.
Сол сүйреуге көнбеймін деп атылған,
Мағжан аға! Сізден мінез үйренем.

Ойлай-ойлай
Кейде ауыр күйге енем,
Асау тағдыр қайғысы жоқ үймеген.
Атылғандар, бүгін аттап шықтыңдар,
Атқандардың шаңырақтарын күйреген.

Есеп беріп жатыр бүгін кім кімге?
Шындықты айтпай шер тарқату мүмкін бе?!
Аштық жылдар шейіт болған әкесін,
Көрмей өскен балалар бар бір күн де.

Есіл бетте қос әкем,
Көкшетауда қос анам,
Қос зиратта жатыр төр мен босағам.
Бойға қуат, қанат бітсе көңілге,
Ойландаршы, не көрмепті осы адам?

Қанша мұңды мен төгілтсем бір күнде,
О, немерем! Санаңа сыр ілдің бе?!
Қос атаңның тұрып қайттың басында,
Үнін ұқтың зиратта өскен гүлдің де.

Өзім-дағы сол гүлдердің бірімін,
Екі ананың, екі атаның ұлымын.
Көкше! Есіл!
Таласпаңдар мен үшін,
Тең ұстауға жетер ақыл-білімім.

Мәңгүрт тартты
Қанша пенде санасы,
Атылып кетті қанша қазақ данасы?!
Көп кеселге ұшыратты-ау ел-жұртты,
Адамдардың ішкі-сыртқы аласы.

Осыны айтқан Мағжандарды кім жықты?!
Пәле жапқыш
Кім бастады сұмдықты?!
Атылғандар,
Бәрін біліп үн қатпай,
Сендерсіңдер ұстап тұрған шындықты.

Есеп беріп жатыр бүгін кім кімге?
О, Қызылжар! Құлаққа сыр ілдің бе?!
Сарытомарда туған асыл ұлыңа,
Бүкіл қазақ бас иіп тұр бұл күнде.

Мағжан аға! Хабар салмай көп жүрсең,
Шындық үшін құрбан болып өттің сен.
Қапаланба, қара бұлтты қақ жарып,
Кеңістікке бізбен бірге жеттің сен.

Сәтті күнде
Айтылар сыр көп менде,
Көптен де көп,
Сұм тағдырға өкпем де.
Соның бәрін шолып өттім тағы да,
Аңсап күткен дербестік күн жеткенде.

«Құраншыл» деп, «Тұраншыл» деп өзіңді,
Ұмыттырса болдық біздер төзімді.
Енді бүгін сол ұраның жарқырап,
Билеп алды ынта-жігер, сезімді.

Арман жалғап ел көксеген арманға,
Нұрлы есімің шарықтады әр маңға!
Асыл бейнең межешам боп көрінді,
Межешамдар бүгін сөніп қалғанда.

Тұраншылмыз, құраншылмыз, азатпыз,
Көрген бақыт келген жоқ қой азапсыз.
Айқын бұрдың бетімізді кең жолға,
Біз өзге емес, біз Мағжаншыл қазақпыз!

О, Замана! Ел сүйсінер нұсқаға,
Мағжан сөзін әсте жабық ұстама.
Шарықтасын, қанат бітті бұл күнде,
Қос қанаты қайырылған құсқа да.

Арыстардың арман, сертін ақтаймыз,
Байтақ елді біршілікке баптаймыз.
Кері қарай тарих қайта жүрсе де,
Туған елдің дербестігін сақтаймыз.

Қам көңілді бір жеңілтіп өтші, өлең,
Сәт осы еді-ау дүлдүлдерім көксеген.
Көгілдір ту желбіреп тұр төбемде,
Көтергендер Мағжаншылдар деп сенем.

Есеп беріп жатыр бүгін...
Кім кімге?
Атылғандар! Торқа болсын топырағың,
Барлық қазақ бас иіп тұр бұл күнде.

1991

ҚҰС БАЗАРЫ – ҚОРҒАЛЖЫН

Қазақтың құс базары Қорғалжында,
Күн сүйген күміс көлдер толған нұрға.
Аққудың аққу сүйіп омырауын,
Таратты қоңырауын орман-нуға.

Сайраған шымқай ғашық үнін терем,
Сағынған бала күнді сырым терең.
Құс әні, көл жағасы қызық еді-ау,
Бетінен мың сүйгенім білінбеген.

Аққулар көз қиығын ұзатпастан,
Айтады біздер жайлы ұзақ дастан.
Есіме түсіп кетті албырт кезім,
Құстарға қарай келіп құшақтасқан.

Саумал көл мөлдіріне тұнып тұрған,
Қоңыр қаз қонар ма екен қызықтырған?
Аңсадым жаным құштар сол мезетті,
Өмірдің мұң мен зарын ұмыттырған.

1991

ЖЕЗҚАЗҒАН – ЖЕР АСЫЛЫ

Жезқазған – жігер алдың арыстардан,
Еділе, Алаша хан, Қаныштардан.
Қақтаған қызыл мыс пен ақ күмісің,
Сақтаған асыл аңыз алыстардан.

Кеңгірге аққу қонса сырласуға,
Жезкиік келер іздеп мұң басуға.
Қосылар асқақтатып ақын Тайжан,
Сырнайы сақ-сақ күліп шың басында.

Құтты жер, киелі жер, атамекен,
Жаннатсың жаным сүйер алабөтен.
Ән салсам тау ішінде Сәкен ағам
Алдымнан жарқ етер деп қарап өтем.

1991

МАҒЖАН АТТЫ ШЫН ЖҰЛДЫЗ

Күрделі болдың, зерделі,
Құрыққа көнбес шын бұла.
Сондықтан сыйлар ел сені,
Кемеңгер ақын сұңғыла.

Көркейткен жер мен көгімді,
Тауларға, достар, қарашы.
Бұлттардан биік көрінді,
Мағжан атты дара шың.

Түзеді заман желкенін,
Талабың сәтті болардай.
Көңілге бітті мол сенім,
Тартылған теңіз толардай.

Ақталды күткен ақ тілек,
Жол ашты асау тар кезең.
Бұлқынды қайта дүркіреп,
Мағжан атты шулы өзен.

Көш кірді өлең өріне,
Беу, достым! Тыңда-тыңдама;
Ақындық шықты төріне,
Мағжан атты жыр жаңа.

Аңғарып елім, қалдың ба,
Кім бөктергі, кім сұңқар?!
Бәйгенің келді алдында,
Мағжан атты шын тұлпар.

Оралып құстар көктемде,
Жүргендей мекен барласып.
Көрінбей көзге «кеткендер»,
Оралды жүрек жалғасып.

Жайраңдап құшақ ашқанда,
Жұлдыздан жұлдыз, мың жұлдыз;
Жайнады біздің аспанда,
Мағжан атты шын жұлдыз.

1991

ДАНАНЫҢ БЕРГЕН БАҒАСЫ

Мықтылардың тілегі түзу жалғанда,
Сескенбейді құбыжық үрей салғанда.
Армандастар алыстан ұқты-ау бір-бірін,
Мағжандықтың жарқылы жүрек жарғанда.

Мұхтар аға қалыпты мәңгі досы боп,
Сескентпеді жалыны кесел тосын өрт.
Аяттай етіп, даналық сырын жеткізді,
«Абайға тақау екінші ақын осы», – деп.

Дерті мол адам қызықпас төрде патшаға,
Сертінен таймас түнеріп таңы атса да.
Бүтін қалды Мағжан ақын тарихта,
Түтін жұтып, запыран уын татса да.

Айға ұмтылған бестінің тартқан жалынан,
Жұрдай болды жылпостар аз-кем артынан.
Мағжан аға таң сүтімен тазарды,
Ата-баба азаттыл мұңы дарыған.

Кей айтқырлар...
«Қас» демей де, «дос» демей,
Міңгірлейді мардымсыз үні бос көмей.
«Өйттім» деп те,
«Бүйттім» деп те гүпінсе,
Дүңгірлейді босаған іші бөшкедей.

Мағжаншыл мінез қазақи қасиет береді,
Мұқаңа да сол болды-ау, шіркін, керегі.
«Тұраншыл ақын»,
«Құраншыл» десе «пысықтар»,
Кемеңгер үні кемемді бұрып келеді.

Жазылды тасқа Әуезовтің бағасы,
Пайғамбар айтса табылмас пенде таласы.
Таласып өтпей,
Жарасып өткен тірлікте,
Дананы дана ардақтауын қарашы!

Мағжандарды атамай өткен күн кештім,
Шүкірлік етем,
Ештен кеш, бүгін бірлестім.
Қалаулы жерін қарауым етіп оқимын,
Қарбалас сәтте жалауым сол деп тілдестім.

Мінезі-ай, шіркін!
Әрі нұрлы, әрі кең,
Нәр алдық біздер
Адалдық атты дәріден.
Абайға тақау Мағжанды қойып төріме,
Алаулап жаны қарап тұр Мұқаң әріден.

1991

МАҒЖАН НАЗЫ

Кер заман, салсаң талай амалыңа,
Жаза алмай жүрміз ескі жараны да.
Баладай отпен ойнап, шоққа күйген,
Тағдырдың көп қарадық қабағына.

Қазағым, көне берме осындайға,
Момындық ұрындырар тосын жайға.
Тірі жан қанша берік болса-дағы,
Жазықсыз иткорлықтан шошынбай ма?

Аруақты көтерсендер төбе, төрге,
Абылай бата берер өжет өрге.
Алашқа Кеңесары аңыз болса,
Қасынан Наурызбайды бөле көрме.

Кейде өмір келтірмесе тілдесуге,
Төгіліп-шашылды ғой нұр төсімде.
Түбі бір түркі тектес Тұран елін,
Шақырып өттім мәңгі бірлесуге.

1991

КІМНЕН ТУДЫМ?

Бірінші өлең

– О, қазағым, кімнен тудың? – дегенде,
Кезек беріп көңілде көп еленге,
«Күннен тудым,
Гуннен тудым», – деген дана Мағжан,
Ой жүгіртіп, шері қалың тереңге.

– Кімнен тудың? – деп сұраса менен де,
Мағжан айтқан жөн сілтеймін белеңге.
– Күннен,
Гуннен,
Үннен тудым! – деп шалқып,
Қосар едім жан толқытқан өлеңге.

Үннен тусам,
Қоқыт Ата мұң зары,
Оны жер, күн,
Тірі пенде тыңдады.
Құрманғазы, Тәттімбеттер ұлғайтып,
Дина апалар, Ықыластар шыңдады.

«Сарыжайлау» мен «Сылқылдақты» тыңдашы,
Әр қағысқа сыйып жатыр бір ғасыр.
Ар-намысқа толы нақыс шым-шымдап,
Баяндап тұр «Тәтті бабам» тұлғасын.

Құлақ салшы «Сарыарқа» мен «Серперге»,
Нағыз дана аз ауылмен шектер ме?
Құйындады Құрманғазы, құйғытты,
Құбылмалы заман сырын шертерде.

Күйдің ғажап
Сиқыр күші болғасын,
Сұр жылан да тастап шығар ордасын.
«Қайран шешем» зарын төксе Күй ата,
Жыртқыштың да мөлдіретті көз жасын.

Кімнің қандай дауы болар осыған?!
Жан тербейтін әуенге мен қосылам.
Үнің шықпас тіршіліктен сақтай гөр,
Домбырасы жоқ отаудан шошынам.

Екінші өлең

– Кімнен тудың? – деп сұраса менен де,
Мағжан айтқан жөн сілтеймін беленге.
– Күннен,
Гуннен,
Үннен, жырдан тудым, – деп
Қосар едім жан толқытқан өленге.

– Жырдан тудым, –
десем шындық бұл-дағы.
Барлық қазақ – ақындардың жұрнағы.
Бұқар жырау бұрқыратса жыр селін,
Өзге түгіл Абылай да тыңдады.

«Тұрымтайдай ұл едің» деп
Байқашы сен бастыққа,
Ұрынарсың,
Өле-өлгенше арылмастай қастыққа.
Түн ұйқыңды төрт бөлер ең өкініп,
Шар басыңды тигізе алмай,
Үйде мамық жастыққа.

Деген сөзден «Ай, Абылай, Абылай»,
Байқалып тұр
Ақындық зор жағдай.
«Ай» демей-ақ,
«Әй» деп көрші ауылдағы дөкейге,
Кетер едің ел-жұртыңды танымай.

«Момын елге бек болдың», – деп Бұқарым,
Дәлдеп айтты.
Ол емес сөз жұтарың.
Абылай ханды
Ауыздықтар жырменен,
О, данышпан! Тапты сөздің ұтарын.

Болса-дағы байтақ елге тым қатал,
Абылайда үн жоқ сонда тіл қатар.
Шамданбайды ол,
Асылығын тастайды,
Пай-пай, шіркін!
Ондай мінез кімде бар?!

Жырдан тудым,
Бұқар жырау, Абайлар,
Махамбеттер желбіреткен ақ айдар.
Мағжандар тектес жұртын түгендеп,
Ағындатса, өзге ағайын қарайлар.

«Жырдан тудым» десем шолып маңайды,
Бойға қуат, ойға сәуле тарайды.
«Ленинградтық өрендерін» еске алшы,
Жамбылды іздеп Балтық толқып,
Нева бізге қарайды.

Күннен,
Гуннен,
Үннен,
Жырдан тудым мен,
Түп тамырдың затын солар білдірген.
Біздің дархан дауылпаздар күй тартып,
Аталы сөз деген туын ілдірген.

1991

МАҒЖАН АҚЫН ОСЫНДАЙ

Төте жүрді бұра тартып шашылмай,
Жалау етті
Жан кеңесін жасырмай.
Әр сөзінде мұң мен шердің ізі бар,
Тазалығы көздің мөлдір жасындай.

Қысқа ғұмыр...
Маңызы бір ғасырдай,
Ойы сергек, тілі сайдың тасындай.
Арқау етсе азаттықтың ақ жолын,
Ұраны жоқ қалған айқын ашылмай.

Қара қылды қақ жарды от-жасындай,
Шеккені көп,
Жыр төкпесе ашынбай.
Аласапыран, ащы күндер бейнесін,
Дәл түсірді,
Кем қалдырмай, асырмай.

Кім шыдайды махаббатқа бас ұрмай?!
Ғашық кезді ашық айтқан тәсілді-ай?!
Ең алғашқы бал ләзаттың алауы,
Лапылдап тұр от-жалыны басылмай.

Шын асылдың сырын ашсам шошынбай,
Кім егесер қырын қарап, қосылмай?!
Мезет сырын мәңгілікке жеткізген,
Мағжан деген дүлдүл ақын осындай!

1991

КЕШІРЕ ГӨР

Мағжанды айтпай жаныма жыр түнемес,
Зор тұлғасын жеткізді шіркін елес.
Мағжандықтың ұшқыны дарымаса,
Ақын болып атану мүмкін емес.

Асыл сөзі Исатай жебесіндей,
Абзал екен ақындық төресіндей.
Сөз сарайы жабулы жаңа ашылды,
Алатаудың бұлт басқан төбесіндей.

Қағады екен қырандай тиіскенін,
Жүрегінің төгілті-ау күміс кенін.
Жауға қатал, досына адал екен,
Сүйіп өтер бір мәрте сүйіскенін.

Сақтай алмай тасада «күндесінен»,
Тірі айырды сұм тағдыр жүлдесінен.
Қайран елім,
Түсіндім бүгін ғана,
Қанша қасірет,
Қаншама мұң кешіп ең?!

Ат ойнатсам шыққанда жар басына,
Арыстардың түсермін арнасына.
Құлдұлдерден айрылып,
Килігіппіз,
Есек жеккен тарихтың арбасына.

Мағжан десек
Кең дала өсіп көгі,
Жалт қарайды жас бала бесіктегі.
Батыр Баян төрлетсін,
Қияметтей
Тағдырымен қоштасып есіктегі.

Қайта оралған
Жасай бер, есіл өнер,
Тудай толқып, желбіреп көсіле бер.
Осы екен гой «ештен кеш» дегендері,
Кешеулесек, жан аға, кешіре гөр.

08.11.1991.
Мәскеу

ЖАН ЕКЕН ЗЕЙІНДІ

Мағжанмен танысқан,
Кім болмас жақыны?!
Заманмен жарысқан,
Ол өжет арыстан,
Арпалыс ақыны.

Азаттыл ой кернеп,
Әр буын сайрап тұр.
Ғашыққа қол сермеп,
Ой қозғап, бой тербеп,
Әр дыбыс жайнап тұр.

Жүрекке жол сызар,
Бостандық сәлемі.
Болымсыз тез қызар,
Емес ол ел бұзар,
Ел қосар жан еді.

Не десе құба-құп,
Пайғамбар сыйындай.
Жас күнде құлазып,
Жатты ғой бұл азық,
Біздерге бұйырмай.

Ол кетті қамаулы,
Сүйдің деп Тұранды.
Кер заман жамаулы,
Ерді алдың қалаулы,
Ұмытып құранды.

Берік жан сертіне,
Дүбірге қайралды.
Күйсе де өртіне,
Бар қазақ дертіне
Жүрегі байланды.

Сағына қоймапты,
Ол Алтын Орданы.
Өшкені ойлантты,
Көшкені толғантты
Қара орын қордалы.

Болсақ кең пейілді,
Санамен санасар.
Ол ақын зейінді,
Абайдан кейінгі
Тұғырға таласар.

Жөн сөзге келіссең
Дей көрме ертегі.
Ел үшін керіскен,
Қайғы-шер бөліскен
Ол қазақ ертеңі!

1991

МАҒЖАН – АҚЫНДЫҚТЫҢ АБЫЛАЙЫ!

Абайды ақындықтың Күні десем,
Ай керек жарқыратар түнін көшем.
Қазағым, соның бәрін ойлар ма едің,
Тәуелсіз ел боп қайта тірілмесең?!

Ғарышқа жетер еді оқ алмаса,
Қиянат атын ерте доғармаса.
«Абайдан кейінгім» деп Мұхтар айтты,
Сұм тағдыр жөнге көшті көп алдаса.

Ұмытпас Наурызбай мен Кенекемді,
Көтерген асыл дастан берекемді.
Ақындық төрінде тұр «Батыр Баян»,
Төресі өлең сөздің ере келді.

Ақындық әлемнің нағыз айы,
Ақжолтай сиқыр сөздің Ағыбайы.
Тұранды ұран еткен қыран-қазақ,
Мағжан – ақындықтың Абылайы!

1991

МАҒЖАНҒА

Сен қайтадан туғандай,
Аулыңа барсам тойды алып;
Қасыңа бірге тұрғандай,
Толқырмын ауыр ойланып.

Жасырын жатты есімің,
Тарихтан сабақ алсақ та;
Қазақтың алуан кешуін
Аңғартты бізге әр сақта.

Қадірлеп ұрпақ ізіңді,
Паш етсе бүгін атыңды;
Ел ашты жарқын жүзіңді,
Қадірлеп өлең-хатыңды.

Алдыңнан арай таң күтті,
Ауырын шексең азаптың.
Әр сөзіңе жан бітті,
Арманы сіңген қазақтың.

Жайламас өмір өзегін,
Адамға адам сенбестік.
Күтіп тұр келер кезегін
Сен аңсаған дербестік.

1991

ЖАЛҒЫЗТАУ

Жалғызтау, сүйсем сені ғашығымдай,
Көкіректе шабыт селі жатыр тынбай.
Үңілем түйір тасқа үміттеніп,
Жоғалтқан бала күнде асығымдай.

Дархан жер – ата-баба сайран белі,
Себеп сол, сүйем десем қайдан сені;
Үкілі Ыбырайдың төл мекені,
Төрлетіп Мағжан қанат жайған жері.

Сылқым жер,
Қайың, терек, бал қарағай,
Жай тұрмас
Жапырағынан ән тарамай.
Көкшенің көп тауынан дара тұрсың,
Өте алмас келбетіңе жан қарамай.

Толғантқан Үкілі Ыбырай «гәккулері»,
Тебіренткен Ақан, Біржан ақ тілегі.
Өзіңдей бір ананың жалғызымын,
Өмірдің бауырында өткен тәттірегі.

Дарыған тұла бойға бай талабың,
Мен де бір түлегің деп айта аламын.
«Жалғыздың жары құдай» деген сөзді
Өзге емес, саған қарап қайталадым.

1991

МАҒАН ДЕГЕН...

Маған деген
Жан зекет пиғылыңа,
Ризамын. Ол – тағдыр сыйлығы да.
Сыйлығы деп түсінем
Сүйісерде,
Бүлдіргендей ерніңнің қиымылына.

Маған деген
Ақ жүрек еркелігі,
Көрінеді кең дала ерке гүлі.
Еркеленсең ел қонып көңіліме,
Естен шығар тіршілік келтелігі.

Маған деген
Құштарлық асыл нәрі,
Жан толқытып, тән билеп асығады.
Асыққанда қызық қой, көбелектей
Ыстық тілің тәтті бал тасығаны.

Маған деген
Ашылса жан таласы,
Сүйгеніңді жап-жаңа байқамашы.
Бір сиқырын тағы да түсінейін,
Қайталашы, тезірек, қайталашы.

1991

АҢСАДЫМ...

Нұр жүзің аппақ, пәк жаның,
Көре алмай көптен шаршадым.
Көктемде аппақ гүл шықты,
Аумаған сенің жас шағың...
Аңсадым...

Түбінде жалғыз аршаның,
Толғатты тоты таң салым.
Шошыдым көрмей өтердей,
Тоқтаса әуен ақ жалын...
Аңсадым...

Жылжиды көлде ақ сағым,
Іздей ме аққу жан жарын?
Аққу боп ұшып жеткендей,
Өзіңе ауды аңсарым...
Аңсадым...

Шыдармын дейсің қанша күн,
Үздікті жүрек, хал шағын.
Сұраймын сені келсе кім,
Айтамын сәлем барса кім...
Аңсадым...

1991

БАҚЫТТЫ КҮН

Махаббат – тіршіліктің жан жылуы,
Қызық қой адамды адам таң қылуы.
Біз үшін бақытты күн сол деп білем,
Үйлескен қос жүректің жаңғырығы.

Жалғаған көркем қиял үмітімді,
Үйреткен өкінішті ұмытуды.
Қосылып жас шаңырақ көтергенде,
Бұл үйдің ең бақытты күні туды.

Келмесе ұзап кеткім үйден бүгін,
Жазықты жан теңемей сүйгендігің.
Өмірде ең ғажап күн сол деп білем,
Мен қорған, сен алаңсыз жүрген күнің.

10.11.1991

ТҮКПІРІНДЕ ЖҮРЕКТІҢ

Махаббат – лаулап жанған от,
Жасқанбас дауыл соққанға.
Жүректен өшер үміт жоқ,
Сескенсең, не қорыққанда.

Дақ түссе нәзік арманға,
Көңілің қайтіп оңалар?
Үмітің өшсе жалғанда...
Сенімнің ізі жоғалар.

Махаббат – көкте киял құс,
Қияға құлаш серметті.
Ол – ғажайып киял түс,
Өңінде ешкім көрмепті.

Ол – жайлайтын жаз емес,
Өткінші жалған құмарлық.
Құпия, құштар наз-елес,
Жөн берді жаным ұғарлық.

Сағыныш жүгін үдетті,
Көрмесем де бездірмей.
Түкпірінде жүректің,
Жатыр ғой жанға сездірмей.

1991

КӨЗІҢЕ КӨЗІМ ТҮСКЕНДЕ

Өзгеріп өмір жетегі,
Дерт салған күндер өтеді.
Жалғасып жаным кетеді
Көзіңе көзім түскенде.

Тоғанда қалған тұйық сыр,
Көкірекке әрең сыйып тұр.
Бойыма рахат құйып тұр,
Көзіңе көзім түскенде.

Шайлықсам кеше қаймығып,
Шалқыдым бүгін жай күліп.
Асады менен қай жігіт
Көзіңе көзім түскенде?!

Тергендей құмар қыр гүлін,
Жөнделер ширап қимылым.
Тапсырды тағдыр сыйлығын,
Көзіңе көзім түскенде.

Тапқандай құштар тірегін,
Қайтармай ғашық тілегін.
Қосылып кетер жүрегің
Жанарың жанар жұтқанда.

1991

ЕСІМЕ САЛШЫ...

Қайтадан жаным жылынды,
Оралды күндер бұрынғы.
Есіме салшы... мен құштар,
Толқыған егіз бұрымды.

Алсыншы десек жан тыным,
Жоярсың көңіл салқынын.
Есіме салшы... бота көз,
Мөлт еткен ынтық жарқылын.

Тамаша қиял үзілді,
Көп жылдар көші тізілді.
Есіме салшы... жан жетпес,
Жауқазын, нәркес жүзіңді.

Қасиетті жолға гүл ектім,
Сағыныш сазын үдеттім.
Есіме салшы... шын ғашық,
Лүпілін таза жүректің.

Көзге көз қадап үндеспей,
Отырсақ болды тілдеспей.
Есіме салшы... жан сырын,
Дауасын адам білместей.

1991

КӨКТЕМ ИІСІ АҢҚЫДЫ

Шулы өзен тасып ентігіп,
Құлшынтты жерді нұр-шуақ.
Қыз-дала жатыр желпініп,
Бұрқырап өңір шұрқырап.

Жусаннан безіп бетеге,
Сыбырласты көдемен.
Шүрегей көлге жете ме,
Суылдап өтті төбеден.

Қымыздық, жуа тау жақта,
Қызыққа қанса теріп жұрт;
Дүркіреп жылқы аулақта,
Сіркіреп өтті шөкім бұлт.

Қамыстың шеті қозғалып,
Сыланды аққу, ырғалды.
Тамаша сәтке көз қанып,
Үн шығармай тіл қалды.

Сырғиды суда әндетіп,
Жақындап ақ құс адамға.
Телмірдім ынтық әл кетіп,
Ғашық боп қайта қалам ба?!

1991

АҚҚУЛАР КЕТІП БАРАДЫ

Көкшетаудан аққу кетіп барады,
Тарқамаған жан тетігі бар әлі.
Бұлт шетінде күн сәулесі сүйіскен,
Күміс моншақ жарқырайды, жанады.

Қызық екен аққулардың көшкені,
Сексен көлден ұшты керуен сексені.
Бурабайды булықтырып сағыныш,
Кетті өкініш тербеп-тербеп Көкшені.

Киелі құс кімді алады есіне,
Үн тастайды, жаңылғанды кешіре.
Ән төгілді, ән құйылды аспаннан,
Сарыарқаның саумал таза төсіне.

Бәрін көріп, әлім құрып кеткен бе?!
Жан алауы асты қызу өрттен де.
Бұлтта моншақ, бойда жалын жалғасты,
Есен жетсек жарар еді көктемге.

1991

СҰЛУЛЫҚ – СҮЙГЕН ГҮЛІ ЖҮРЕГІМНІҢ

Аспанда күннің ғажап күлгендігі,
Тамаша айдың түнде білген сыры.
Жарасар айым десем, күнім десем,
Өзіңсің жүрегімнің сүйген гүлі.

Лала гүл су бетінде сүттей едің,
Сырымды жөн болар-ау бүкпегенім.
Қайтадан көре алмадым жер бетінде,
Тағдырдан осы еді ғой күтпегенім.

Қамсақты айдынында жайлаудағы,
Сен едің ынтық сезім балқаймағы.
Келбетің еске түссе тентек жүрек
Құлындай шұрқырайды байлаудағы.

Сұлулық – сүйген гүлі жүрегімнің,
Керегін, кереметін жүре білдім.
Мен саған неге ғашық болдым десем,
Ең сұлу гүлі екенсің бұл өмірдің.

1991

ТӨЛЕГЕН ДОСМАҒАМБЕТОВКЕ

Албырт кезі
Әрі жас, әрі сыйлы,
Намыс, шіркін, шымшылап жаны күйді.
Таяқ жеді ол
«Күн көсем» мүсінінен,
Сәл биіктеу орнатып Әлібиді.

Ауыр жайды кім жеңіл түсіндірмек,
Сырым аз ба, ағайын,
Ішің білмек?
Асыр! – дедім, – бәрінен
Сәкен, Ілияс,
Бейімбетті бейнелер мүсінді деп.

Бірақ «зорлық» жойылсын қатесімен,
«Ұзын» десе көп мақтап шатасып ем.
Ірілерін қазақтың тірілткенде,
Артық болсын бойы емес сапасымен.

1991.
Мәскеу

СЕРІ БАБАМ

Атыңнан айналайын, Сері бабам,
Сен бар деп құлшынады сеніп адам.
Тағдырға ризамын көп өнерге,
Үлгі етіп жалаулатқан сені маған.

Заулатып өтсең өрде Құлагермен,
Ән салар Балқадиша құба белден.
Туған жер әніңді естіп елтігенде,
Серісің аспаныңда қыран өрген.

Биікке жеттің заңғар жетем деген,
Ел үшін парызың жоқ өтелмеген.
«Құлагер», «Қараторғай», «Сырымбетің»,
Ақтангер атағыңды бекемдеген.

Ұлғаяр есіміңе назар әлі,
Туған ел дұшпаныңды жазалады.
Қоштасып «Қараторғай» қалықтаса,
Ертеңге қос қанатын жазар әлі.

1991

СҰЛУЛЫҚ

Сұлулық деген – өмірдің әсем сәулеті,
Тағдырдың берген байлығы.
Сұлулық – олжа, адамның асыл дәулеті,
Азайтар мұң, шер, кайғыны.

Сұлулық – нәзік тіршілік гүлі ең ғажап,
Ең табиғат үзімі.
Әкелді бақыт, әкелді қоса мың азап,
Суымас бірақ қызығы.

Сағынып, аңсап көрмесең аз күн іздендің,
Құлшынып жаның ұшырып.
Бір басқан жерге айналшақтап жүз келдің,
Дүниені өзге ысырып.

Кім құмартып, өзеуреп елтіп тебіренбес,
Ботадай көзін көргенде?!
Қалайша жаның еріп кетпес, еміренбес,
Жүзінен рахат тергенде?!

Жетекке жегіп, билейді берік адамды,
Жұдырықтай жүрегі.
Жайнатқан нұры ұрымтал байтақ ғаламды,
Сұлулық – әлем тірегі!

1991

СЕНЕМІН АҚЫЛ, ҰЯТ, ПАРАСАТҚА

Пенде жоқ бірін-бірі алдамаған,
Жан-жағың ор екен ғой жар қамаған.
Саналы жан көрмедім маңайымда,
Тақтағы тақсырларды қарғамаған.

Бүгінді ерте тұрып талдамаған,
Ертең күн не боларын барламаған.
Соғады ойсыратып Орталықты,
Оң жолға құдай қолын жалғамаған.

Қоярсың қайда ғана Қарабақты?!
Қарабақ адам жанын жаралатты.
Сұмдықтың қанды жолын ерте кеспей,
Жалғадық жаракатка жаракатты.

Барасың қайда-қайда, қайран Заман?!
Күн туды қол жеткенді ойрандаған.
Нарыққа карық болсақ жарар еді-ау,
Айдынға кемем жетіп қайраңдаған.

Қолдағы сенім кетті қаражатқа,
Оңбадық қосылсақ та парасатқа.
Әйтеуір адамзаттың қолы жеткен,
Сенемін ақыл, ұят, парасатқа.

Қазағым алды бүгін егемендік,
Аңсаған қиялымыз ерен елдік.
Атойлап ал салмасақ бұл дүбірге,
Дүние дүрмегіне неге келдік?!

1991

АУЫЛДАСТАР, АРМЫСЫҢ?!

Келбетіңнен, туған жер, айналайын,
Сағынышқа дәруің бар ма дайын?!
Басқан ізін анамның бір көрем деп,
Жан-жағыма төгемін жан арайын.

Жортып өтті жезкиік айдалада,
Сай-салаға жар салып айнала ма?!
Баяғыдай жан баурап, ғашық етіп,
Жүрегіме жанары байлана ма?

Орман, тоғай, айдын көл өлкемдегі,
Құшақ жайды Сарыарқа көркем белі.
Өскен жерге жақындап қалған сайын,
Шыдатпайды көкірек өртенгені.

Асау жүрек тулайды құлыншақтай,
Дауа таппас, айықпас мұңын шақпай.
Қоя тұршы, кең дала, кербез дала,
Бозторғайды сағыншақ шырылдатпай.

Еркеленіп, құлшынып шауып келем,
Аз емес қой салтанат, сауықпенен.
Шын жанашыр, азамат жігіттердің,
Қарасыны азайып қауіптенем.

Сағынышқа байланып серіктенем,
Серіктенсем тебіреніп еріп келем.
Евней, Садық, Балғабай көрінбейді,
Әрең ұстап өзімді беріктенем.

Ауылдастар, армысың?!
Бауыр, достар, бармысың?!
Сағынышым самғатты,
Туған елге жан құсын!

28.09.1991.
Қарағанды

КӨКШЕНІҢ КӨРКЕМ ТАСЫНА

Жанайдар Мусинге

О, тағдыр! Қанша қатты едің,
Көбейттің көңіл «әттеңін».
Оңалтып берер деп жүрсек,
Оралттың көздің ақ селін.

Ойламай жүрсе күтімін,
Опат қой оқыс үкімің.
Ол түзесе, сен бұздың,
«Туған үйдің» түтінін.

Жоғалтқан тарлан түлегін,
Көрсеңші Көкше реңін.
Керекті кезде айрылдық,
Алыстан естіп жүдедім.

Мысықтай жым-жырт пәс үнің,
Сұмдық қой ажал тәсілің.
«Ақ алаңға» шығарып,
Әкеттің елдің асылын.

Қайрымсыз қаза жазықты,
Қасіретін көптің аз ұқты.
Қиянат деген осы ғой,
Құлатты берік қазықты.

Жүйріктей тұрған жараулы,
Әкетті ерді қалауы.
Көкшеде тұрған желбіреп,
Әкетті көпшіл жалауды.

Жиілеу соқты жүрегім,
Жоғалды мықты тірегім.
Жанайдар бар деп ауылда,
Жайбарақат жүр едім.

Басылсын көздің білеуі,
Ол емес елдің жүдеуі.
Ол сексен көл ішінде,
Жарқырап жатқан біреуі.

Жетсе де хабар мол зілі,
Әлі де сенем – ол тірі.
Көгілдір таулар ішінде,
Көрінген кербез ол бірі.

Жасыма, достар, жасыма,
Еңбегі белгі басына.
Ол жазды атын өлместей,
Көкшенің көркем тасына.

1991

ДҮЛДҮЛДЕРДІҢ БІРЛІГІ

Тауды кезіп кең даладан нәр алған,
Ойлы жыры кетпес мәңгі санаңнан.
Ақан сері, Құлагермен қазақта,
Бір ақын бар жаны бірге жаралған.

Бәйге өрінде октай зулап аққанда,
Қылаң емес баран оза тартқанда;
Бір ақын бар еске түсер бейнесі,
Жас Құлагер сәт жұлдызын жаққанда.

Жазатайым құласа бір сәйгүлік,
Күн күрсініп, толғанады Ай біліп.
Сондай сәтте іздегендей піріңді,
Бір ақынды есіңе тез ал, жігіт.

Ол – ардақты Ілияс, ол – азаттық үні жас.
Құлагер – бірлік пырағы, Ілияс – достық шырағы.
Дүлдүлдердің бір болады-ау қашанда,
Туған елдің жүрегінде тұрағы.

1992

ҚУАНЫШ

Осы екен ғой көп аңсатып туған күн,
Құты қашты өңі тозған тулардың.
Күні туды бодандықтан бұлқынып,
Құтылуға белін бекем буғанның.

Жақсылыққа жаным ғашық пендемін,
Жолым ашық.
Туған ел – бар сенгенім.
Күннен-күнге дербестігім нығайып,
Тез алсыншы жанталасқан ел демін.

Жүруші едім туған елден тым алыс,
Көз алдымда қанат жайды ұлан іс.
Қазақстан дербес ел боп шалқыса,
Көкірегімді кернеп кетті қуаныш!

1992



Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутатын сессияға шығарып салу. Әшірбек Құнанбаев, Садық Асатов және басқалар



Әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиев "Жезкиікке" ән шығарып қуантты



Жезқазғанға жазушылардың келуі



Жезқазғанға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаевтың сапары



Бибігүл Төлегенова Жезказған жерінде



Рахымжан Қошқарбаев Алашахан мазарын көргенде



Тұманбаймен сағынышты кездесу



Әнші-композиторлар: Шәміл Әбілтаев, Серік Оспанов, Жағыпар Әлімханов, Жаксыкелді Сейілов, Қайырбек Сәдуақасов, Ахат Байбосынов



Құдамыз Серікбай Бекенов және құдағиымыз Люция Ахатовна ханыммен Мәриям екеуіміз



Шал ақын ауданындағы Еңбек атты ауылдағы бауырларым: Салықовтар, Боракаевтар, Құрманқұловтар



Жезқазған облысын құру салтанаты. 1973 ж.



Ұлытау ауданы ашылғандағы салтанат.
Сөйлеп тұрған Мейрам Абаканов



Жезқазған облысының басшылары



Жаңаарка ауданындағы депутаттық кездесу. 1976 ж.



Жезқазғанға Павлодар облыстық атқару комитетінің
төрағасы, қайнағам Хасен Нүркеевтің
Бәтиха жеңгемізбен келуі. 1961 ж.



Жезқазғанға Қарағанды облыстық атқару комитетінің
төрағасы Сұлтан Қапарұлы Досмағамбетовтің келуі. Р.Жұматаев,
Ж.Қалмағамбетов, Л.Н.Иванченков қарсы алды

ЖАН ТІЛЕГІ

Нарыққа бара жатқан жалаңаяқ,
Кетеді кей нашарды адам аяп.
Жете алсақ жақсы күнге жарар еді-ау,
Біріміз-бірімізді таламай-ақ.

Босқындар ойлап жатыр қоныс қамын,
Көз көрді сан қиындық тоғысқанын.
Келмеске кешегіні жібергенде,
Көрмейік ел мен елдің соғысқанын.

1992

ӨЗІМЕ-ӨЗІМ ЕСКЕРТУ

Достарым жақсы деуші едің,
Өзгерді бүгін саяғың.
Атыңа құмар ел сенің,
Бүлдіріп алма аяғын.

Барамын десең алысқа,
Бір адамды үш барла.
Панасы жоқ қамысқа,
Салмайды ұя құстар да.

Орынсыз жерде тасыма,
Ондайдан бедел алмайсың.
Қиналған достың қасына,
Тезірек жетіп барғайсың.

Тірі жан нені елемес,
Титығына жетердей.
Әжуа етпе, келемеж,
Күйініп іші кетердей.

Той екен деп толғансып,
Құдашаға құныкпа.
Бәлсініп өзің болғансып,
Қасыңда барды ұмытпа.

Кім саған қолын созбайды,
Ықылас қойып, тыңдай сал.
Ат арып, тоның тозбайды,
Қадірмен жандай сыйлай сал.

Жалынып жүр деп ойлама,
Жол берсе саған кішіріп.
Айтарым менің сол ғана,
Кісілік деген – кішілік.

1992

АУЫЛҒА СӘЛЕМ

Ассалаумағалейкүм, елі-жұртым!
Сағыныш селі жеңді дүркін-дүркін.
Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай
Салтымен жетеледі мені ғұрпың.

Ақындық Көкшетаудай парнасының,
Сарқылмас дария-толқын арнасымын.
Бастаған Мағжан, Сәкен, Сәбит, Ғабит,
Ұлы көш кейінгі ұрпақ жалғасымын.

Келдім ғой көптен көрмей қапаланып,
Есейдім «Ата» деген атақ алып.
Тебіренсем жан анамның ізін көріп,
Сүйенін қара жерді жата қалып.

Басталған Сырымбетте оты өнердің
Лаулады, Ұлытауда өршелендім.
Тербетші жыр бесігін, ауылдастар,
Келіп тұр алдарыңда бөпеленгім.

Есімнен, ерке күнім, кетермісің,
Келіп тұр құз-қияға жетер құсың.
Ардақты қариялар – дариялар,
Көргендер ата-анамды есенбісің?!

Жүрсем де қолым тимей жоламай көп,
Есінде жолдағының жорамал көп.
Сескенем жай отырып мен де бір күн,
Ауылдың ең үлкені болам-ау деп.

Біржан сал сөзі қалды көкейімде,
«Сұм дүние келтенелер өтеріңде».
Ағалар, алшаң басып жүре берші,
Немере-шөберелер жетегінде.

Шабысым бәсеңдемес жараудамын,
Кеңейтем тар дүние шар аумағын.
Құрбылар, қартаймаңдар, мен әлі де,
Сендерге қыз күніңдей қараудамын.

Туған жер – сұңқар сүйгіш құс алаңым,
Төсіңнен биік шыңға ұша аламын.
Баяғы ұстаздарға сәлем берем,
Жүзінен өткендей боп ұстараның.

Демеймін тақ пен төрден түсіп барам,
Самғап жүр бел-белесте ұшып балаң.
Мектебім – Меккем менің, үміт үзбе,
Қолымнан қалғанынша түсіп қалам.

Сұлу саз, сәтті өлеңге ән қосқаным,
Өмірде осы еді ғой бар жоспарым.
Өздерің үйреттіңдер, сұлу қыздар,
Құрдастар, туа сырлас жан достарым.

Сөзімде замандастар арманы бар,
Әнімде шерлі көкірек салмағы бар.
Бәрі бар, бәрінен де еңбек көбірек,
Елді ойлап тозған жүрек зардабы бар.

Ақ шашты желбіретсем тарамай кеп,
Ұмыттым өткен күнді санамай көп.
Қорқамын бала күнгі сұлуларға,
Қайтадан ғашық болып қалам-ау деп.

Гүл көрдім, көзге ыстық бұта көрдім,
Мен де бір алыстағы бұтағы елдің.
Қияда жүре-жүре сағынып ем,
Ауасын туған жердің жұта келдім.

Айтарым досым түгіл дұшпаныма,
Келмейді құтты ұясыз құс бабына.
Мың алғыс тағдырыма айта келдім,
Бір күнде осы ауылдан ұшқаныма.

1992

* * *

Ауылда қалған қара көз,
Өзіңсің ғажап мен білген.
Есімде алғаш сүйген кез,
Балауса, балғын ерніңнен.

Тосып тұр бізді өткелде,
Күрке тал таныс жасыңнан.
Танырмын шөлдеп жеткенде,
Қара қас, қолаң шашыңнан.

Киіктей сайда керілген,
Баяулап жетсең шалғайдан;
Құшайын қыпша беліңнен,
Сүйейін Айдай маңдайдан.

Ән байлап ұшар қанатқа,
Ұмсынтып тағат кетірген.
Сүйейін сәтті сағатта,
Жұтынып тұрған бетіңнен.

Не десе соған көнейін,
Лүпілін жүрек санаткан.
Рахатқа батып өбейін,
Бүлкілдеп жаткан тамақтан.

Алайын дәру үніңнен,
Сағыныш көкірек жарғанда.
Татайын зәмзәм тіліңнен,
Қасыңда жалғыз қалғанда.

1992

СҰРША ҚҰСЫМ, ҚАЙДАСЫҢ?

Жаныма әрі жалау, әрі қорған,
Құс едің төңіректің сәні болған.
Көтеріп көкіректің көкжиегін,
Ән салсаң өмір жайнап, көңіл толған.

Жайылған ен даладан кең жалғанға,
Жадымда сені ойламас сыр қалған ба?!
Жарқ етші көз алдымда, қиял құсым,
Жүректің жұқа жерін дерт шалғанда.

Төгілтші, әнші құсым, мазалы үнді,
Жайнатшы ажарыңнан таза гүлді.
Біржола ұмытайын елтіп-балқып,
Талай жыл өзің салған азабыңды.

1992

ҚАРА ӨЛЕҢМЕН ЖАЗЫЛҒАН РОМАНС

Кешіп өтсем дарияның кең өткелін,
Мен өткенде қасымда сен өтпедің.
Соның бәрі басылар кездескенде,
Ұмыт болар ұмытпай мезі еткенім.

Реніште құлдырап қамықпаймын,
Терең жатыр жан қинар анық қайғым.
Қинап-қинап соғады ақ қуаныш,
Айдын кезген ақ құстай қалықтаймын.

Қалықтаймын, күлемін аман қонып,
Шарықтаймын шаттыққа санам толып.
Қуаныш пен реніш алмаспаса,
Жүрер ме едік жер басып адам болып?!

Көрінгені көктемдей жаз аяғы,
Сұлу екен дидарың бәз-баяғы.
Кездесейік тағы да, кездеспесек,
Тіршіліктің қызығы азаяды.

1992

ТӘТТІ ТІЛЕК

Атқандай арай таң құтты,
Махаббат күзгі бағына.
Бойымды әнің балқытты,
Қайтала, қалқа, тағы да.

Жүзіңнен үміт тергіздің,
Жүзімі піскен мәуедей.
Жүректің шетін көргіздің,
Болғыздың ессіз дәмегөй.

Махаббат тартқан азасын,
Белгілі саған хал-жайым.
Қозғадың сезім тазасын,
Қайтала, жүрек жалғайын.

Әніңе жаным сенгенде,
Қайтала, қалқам, қорғанбай.
Көшеңе көрші келгенде
Ерулік сенен болғандай.

Көбейді көңіл елеңі,
Тездетші, уақыт өтпесін.
Болар ма әннің керегі,
Өртеніп жүрек кеткесін?!

19.01.1992

ӘН ТУРАЛЫ

Көкшетаусыз Сарыарқа толмайтындай,
Аққу-қазсыз көлге құт қонбайтындай.
Сенсіз жерде көңілім көншімейді,
Кездеспесем киямет орнайтындай.

Тектен-текке өткенді шолмайтындай,
Көңіл сыры толқып тұр зорға айтылмай.
Көптен көрмей кетсең де, қимастық бар,
Махаббатсыз сағыныш болмайтындай.

Алатауды қарлы бұлт торлайтындай,
Кең даланы сақ қыран қорғайтындай.
Сені айтпасам таусылмас ғаламат бар,
Күрсінуін көкірек жоймайтындай.

Күн батса да таң атпай қоймайтындай,
Елестейсің бір хабар жолдайтындай.
Осындайда тамылжып ән туады,
Махаббаттың құдіретін толғайтындай.

1992

ҚҰРБЫЛАРЫМ

Жайсаң жандар,
Жақсы қыз – құрбыларым,
Сендерменен таусылмас сыр құрағым.
Алдарында серілік қысып кетіп,
Бесті асаудай бас білмес бұркырадым.

Көңіл жыкпай тілекті мақұлдадың,
Сұлусыңдар,
Мол тағы ақылдарың.
Құрбыларым – мәңгі қыз қарындастар,
Сендерсіңдер өмірде ет жақындарым.

Жидек, шие қасымда жүріп терген,
Болашаққа балдырған үміт берген.
Ауылда өскен, қыздар-ай, кереметсің,
Сыйластықты патша етер ғұрып берген.

Шаңғы тепкен сырғанап бір шоқыдан,
Мектептестер, ғажапсың бірге оқыған.
Биші қызды жалғанда ұмыту жоқ,
Әнші қыз да аумайтын ақ тотыдан.

Ғашық болсақ,
Ой, Алла-ай, қыршындарға,
Көрші қыздан асатын сұсты бар ма?!
Былтыр іздеп ауылға барып қайттық,
Әже болған әуенін бір тыңдарға.

Соқпау қиын осындай тылсымдарға,
Соқсаң жүрек тағы да тым сыздар ма?!
Қатар жүрген Мәскеуде Айша да бар,
Сырымбеттен бірге ұшқан нұр шыңдарға.

Мәскеудегі қыздарға түңілмедім,
Жүрегіне жоқ емес үңілгенім.
Біз қосылған айтулы той боп тынды,
Аққұба қыз соңынан жүгіргенім.

Құрбыларым – өмірдің сыйы маған,
Сендерді айтып сыр тұмар түйіп алам.
Күйеулерің көрсе де кездескенде,
Құмар қанып, оңдап бір сүйіп алам.

14.12.1992

* * *

Бұлт торласа тау басын,
Көргенім кірер санама.
Қаңтарда жаңбыр жаумасын,
Жұт орнайды далама.

Бұлт жасырса тау басын,
Сақтарсың, тағдыр, пәледен.
Мамырда қар жаумасын,
Қара жерге дән егем.

Бұлт байласа тау басын,
Селдетер де басылар.
Көзіңнен жаңбыр жаумасын,
Қабағың сонда ашылар.

1992

АҚЫН ӨЛЕҢ ТЕРЕДІ

Сәуір келе жатыр ма,
Сайда өзен гүрілдеп;
Сырын айтып ақынға,
Жаудырар бүршік дірілдеп.

Жер малшынар әдемі,
Жаңарған жасыл киімге.
Ақ қайың жайнар мәнері,
Құшағын ашқан күйінде.

Құлын-тай өрде мәз болып,
Шұрқырасып ойнайды.
Көлге аққу-каз қонып,
Ән базары орнайды.

Сыңарын іздеп тоғайда,
Бұлбұл құс әнге салады.
Толғаныс беріп маңайға,
Жүрекке шырақ жағады.

Жанымның бар керегі,
Осы еді ғой іздеткен.
Ақын өлең тереді,
Сыбырласып қыз-көктем.

1992

ЖАРЫҒЫ МОЛ ЖАН ЕДІ

Санжар... Санжар... деген ызың зулады.
Тау тұманы ауыр үнді сырмады.
Арқа желі басқа бағыт құрмады,
Шуламаңдар! Ол қайыра тұрмады.

Тағдыр солай өз тәбделін тындыртты,
Берік жанды белуардан сындыртты.
Дым сезбеген тың ырғақпен желгендей,
Автобусты жылдамырақ жылжытты.

Ораз аға мүсініне қарашы,
Мойып қалды,
Мұңға батты санасы.
Жалт қарады:
«Құлап түсті, – дегенде, –
Жандосовтың Санжар атты баласы».

Асыл бейне сыр бермеуге серт етті,
Шыдамады...
Тастан маржан мөлт етті.
«Ұлым менің, күнім менің» деді ме,
Қарт Алатау шошынғандай селк етті.

Батты бүгін кешегіден ерте күн,
Әлдеқандай
Таңнан хабар шертемін...
Әкелгенде емханаға тірі еді,
Ертеңіне түскенін-ай еңсенің.

Ажал жетсе пенде қалмас тығылып,
Ұшып кетті...
Кеткен жоқ ол жығылып.
Жарқын жүзді
Жарығы мол жан еді,
Ұя салған ата қасиет – ұлылық!

Тұтқыр заман қинаса бұл тұқымды,
Баяғыда күн ерекше тұтылды.
«Аяз қысса мүйізді,
Мүйіз қысқан тұқылды»,
Күндер өтті. Дербестігім дем беріп,
Көп пәледен құлан таза құтылды.

Емханада жатыр едім өзім де,
Сырбай да бар,
Баттық ауыр сезімге.
Әди келді, Әбдіжәміл екеуі,
Суық хабар шыдатпады төзімге.

Танысып ем лаулап тұрған кезінде,
Көріп тұрдық тағдыр салған тезін де.
Жаны жомарт,
Жылу төккен келбеті.
Күлім қағып,
Қалды менің көзімде.

08.1992.
Алматы

СҮЙГЕН ЖҮРЕК

Жұлдыз көрдім көк аспанда зулаған,
Бұлттар көшіп өтті қолын бұлғаған.
Күркіріне, жарқылына қарашы,
Күн көрінді жүрегімдей тулаған.

Кездесуден қоштасудың қалмасы
Осы шығар, бір мезетті жалғашы.
Еріп кетсін жүректегі тас берік,
Жанарымнан жанарыңды алмашы.

Санай қалшы от-жасынның тармағын,
Белгі тастар іздеп қайда бармадым.
Бір жаумаса сыймай кетер аспанға,
Жаңбыр айтар сағыныштың салмағын.

Қызыл ішік киген қыздай көрініп,
Жезкиіктей өлең болып өріліп;
Өмір жолы әкетсе де жан-жаққа,
Сүйген жүрек кетпейді екен бөлініп.

1992

ӘБДІЛДАҒА

Ақындық – дерт деп жүрсем ұстамалы,
Ол мәңгі серт екен ғой қыстамалы.
Әбеке, көш басында көрем сені,
Қолыма мен әліппе ұстағалы.

Тәуекел таймай түсер Ертісіне,
Мәрт мінез сүйсінеміз тектісіне.
Бізге әйгі Әбділдалық әлдігің,
Бергенде бәйек қолмен сеп кішіге.

Бұрқанған бұла толқын бестісі де,
Көндірер ескегіңнің тепкісіне.
Сексенде желкеніңді желге бұрып,
Дауылда жалынбайсың еш кісіге.

Түспейтін бәсең жүріс жортағына,
Үйірсің ел сыйлаған орталыға.
«Кешеден бүгінгіге келдім» десең,
Дайының келешекке мол тағы да.

Ризамын алған бағыт ортағына,
Қоспаймын селдір қайың молтағына.
Туған ел баяғыда қосқан сені,
Ақындық заңғар биік төр тобына.

Әрине, ойланасың, толғанасың,
Бересің өзің өткен жол бағасын.
Ақындық тәжін алдың Тәжібаев,
Орындап адал жүрек жолдамасын.

Секілді тау өзені жырың куән,
Кейде бір өкінсең де сырыңды ұғам.
Қуандым қызықтырып, асып түссе,
Бүгінгі өлеңдерің бұрынғыдан.

Өзіңе өзіңді оқып сыр ақтарам,
Жара көп көкірегіңде сызаттаған.
Қайғың мен қуанышың кезектессе,
Барасың күннен күнге ұнап маған.

1992

БӘЙКЕН АҒА

Ең ардақты ақсақал елімде сен,
Осал болсаң,
Тап солай көрінбес ең.
Бәйкен десе бар қазақ бас иеді,
Қала-дала жүре бер төрінде есен.

Еске түссе қазақтың көне күйі,
Атар едік алты алаш Төле биі.
Қаз дауысты Қазыбектей
Сағындық бар,
Бірге жүрген қасында өте жиі.

Дербес ерге
Біз неге қиналайық?
Жас жігіттей келемін жырға байып.
Әйтекедей терең ой тегін тапқан,
Қастарында жүр Серік Қирабаев.

Сілте, қалам,
Біреуден қорқасың ба?!
Тіреу болар алтынға қорғасын да.
Тіл мен көзден сақтасын
Жаббар ием,
Еркелесем солардың ортасында.

1992

ҚАЙДАСЫҢ, ҚАЙРАН, АЛҒАШҚЫ?!

Ауылдың шетін аралап,
Көктемім, күзім жалғасты.
Жастық шақ берген аманат,
Қайдасың, қайран, алғашқы?!

Ажарың сәуле жаққан нұр,
Сен едің іңкәр балапан.
Қызуын әлі сақтап жүр,
Мойныңа тиген алақан.

Жүгіре басқан келді еске,
Көлеңкең күміс айдында.
Толқынға батып сол кеште,
Кетіпті мұң, шер, қайғым да.

Ақ маңдай, нәзік қиғаш қас,
Еріндер балдай елжіреп;
Құлыншақ білек, қолаң шаш,
Өтеді кезек желбіреп.

Ғашықтық сезім ұялшақ,
Оянған балғын бетінде.
Есімде қалды құмар шақ,
Тұтанған ауыл шетінде.

Жібек тал желпіп, үңілген,
Сыбырлап, сипап бірлесті.
Кездесіп қызыл іңірден,
Тұрғандай бірге тілдесті.

Туған жер бойға әл берген,
Салады еске салмасты.
Талмаурап тәтті таң көрген,
Қайдасың, қайран, алғашқы?!

1992

* * *

Мұңым – бұлақ сарқылмас,
Ақындыққа ат қостым.
Қыранға қарап қаркындас,
Бармақтай ғана бақ тостым.

Жер басып мығым жүреді,
Кеншілік керзі етігім.
Ақындық – аспан түлегі,
Ақырғы заңғар тірегім.

Қос жұмыс кештім базарын,
Әр мезет құны сезілді.
Әкімдік шектім азабын,
Тоқтатпай өлең-сөзімді.

Ақтарсам елге сырымды,
Керегін табар сөзімнен.
Әкетем бірге мұңымды,
Көп ұйқыға өзіммен.

1992

ОЙЫМ ҚЫЗЫҚ

Үйқым сергек, күлкім аз осы күнде,
Шошыну жоқ селк етер тосып үнге.
«Жаспын», «жаспын» дегенге жасармайсың,
Наз айтқанда назданбай қосыл бірге.

Балғын кезім, бал сезім елес берді,
Көзге оралтты айшуақ белестерді.
Еске алайық ақ қайың, ақ сүт өмір,
Жан шырағы жағылған кеңестерді.

Көзге түссең көркейер менің жаным,
Содан болар ұққаным өмір сәнін.
Тіршілікке құштарлық қайдан десем,
Ол – өмірде, жан қалқа, сенің барың.

Асау жастық қайыра орнайтындай,
Елеңдеймін мәреде жорға атындай.
Бойым қызып, мәз болам жұбанышқа,
Ойым қызық өлім де болмайтындай.

1992

ІЗГІЛІК ЖОЛЫН ІЗДЕЙДІ

Көңілге қасірет үйіпті,
Жапанда жалғыз өткендер.
Мекендепті биікті,
Жақсыны жалау еткендер.

Абайды терең танытты,
Мұхтардай ерен данамыз.
Бауыржан сырын дарытты,
Әзілхан атты ағамыз.

Әр сөзде қанша жатыр ой?..
Әділет жолы – киелі.
Ақиқатқа ғашық қой,
Намысшыл жанды сүйеді.

Егіздей екі асыл жан
Елестер көзге дауылдан:
Бауыржан десек – Әзілхан,
Әзілхан десек – Бауыржан.

Дүлдүлді сыйлай білмесең,
Көтермес көп сын бағаңыз.
Бірлікшіл адам кім десең,
Әз-ағама қараңыз.

Қашан да жаны таза адам,
Қаламнан қолын үзбейді.
Жатса-тұрса Әз-ағаң,
Ізгілік жолын іздейді.

1992

* * *

«Ұзама менен алысқа», –
Деп өзеуреп қақылдап.
Құстардай қалған қамыста,
Отырам кейде қаңқылдап.

Тояттап кірпік қақтырмай,
Басылар ынтық құмарым.
Қуанам сонда аққудай,
Тасада тапқан сыңарын.

1992

ДОСҚА СЫР

Тұманды өрге ту ілме,
Көрінбес жалау досыңа.
Тайғанақ жерде жүгірме,
Құларсың жетпей қосыңа.

Жақсыдан ызғар сезінсең,
Өзіңсің оны қылған жат.
Ауырлау іске кезіксең,
Күрсінбей үнсіз жылдамдат.

Өкініш етпей өршелен,
Қажырлы күшпен ойлана.
Сауалым сол ғой бір сенен,
Бітпеген істі тойлама.

Қиянат, қастық сезілсе,
Сен үшін көппен таласам.
Мақтама мені көзімше,
Досым деп сыйлы санасаң.

Күн өтпес өрге сырғымай,
Аяңдап бастап желемін.
Оңдасын жолды бір құдай,
Адал тер анық сенерім.

Демеймін бәйге шаппай бер,
Әділдік – жалғыз тілегім.
Өшіккен достан сақтай гөр,
Тайынбас жаудан жүрегім.

1993

ЕСКЕ АЛАЙЫҚ

Тыңда, калка, шын құмарта
Жас әнімді нәресте.
Құрдастарды, шын достарды
Сағындырып салды еске.
Бірге жүрген баяғы
Қайда достар саяғы?!

Көңіл аусын, тусын маусым,
Жаным құштар елеске.
Балғын кезім, мөлдір сезім,
Бақытты кез емес пе?!
Отырайық ән салып,
Ата-ананы еске алып.

Нәр алыппыз, жаралыппыз
Тілегінен ауылдың.
Мәңгі бірге, бұзбас ірге
Көңілі толсын бауырдың.
Отырайық ән салып,
Ескі ауылды еске алып.

Туған далам, ата-анам,
Естен мәңгі қалған жоқ.
Жол пішемін, сол үшеуін
Риза етсем арман жоқ.
Ұшсам қанат талмайды,
Сағыныш қанат жалғайды.

1993

ХАНҒҰЛ КИІК

Бұхардың ақ киігі Хангүл киік,
Нәзік жан, жаурадың ба жаңбыр тиіп?
Әмудің жағасында кездескенде,
Ақ гүлдей ақ бетіңнен алдым сүйіп.

Сұлулық әлемісің, әдемісің,
Ән салдым сол қуаныш әлегі үшін.
Құс болып ұшып жеттің іздеп мені,
Жүректің дамыл бермес сәлемі үшін.

Мінезің нәзік екен ізет көрген,
Өттің ғой талай қатал күзеттерден.
Жанарың аумайды екен жезкиіктен,
Сағынып Сарыарқадан іздеп келген.

Есіме салсаң ауыл тынық кешін,
Ерекше толқып кетті күміс төсің.
Аңсатпай, елеңдетпей қоймайды екен,
Махаббат бал шарбатын бір ішкесін.

Сен жетсең Қызыл-Құмды кешіп өтіп,
Қалды ғой әудем сәтте досың бекіп.
Сағынып Алатауды алты айналдым,
Қайтадан көргім келіп есім кетіп.

1993

НЕЖІП ФАЗЫЛ КҮНІНДЕ

Мұхтар Мағауинге

Жыр қайнаған жазушылар үйінде,
Жан толқыткан
Туды думан бүгін де.
Аңыз емес,
Абыз ақын сөз болды,
Нежіп Фазыл мүшелтойлы күнінде.

Алғы сөзді ағындатса Мұхтар да,
Ұқсап кетті Стамболдан шыққанға.
Телегей теңіз,
Толағай дария ұғымдар,
Толқытпаса...
Ақын жаным құптар ма?!

Баурап кетті
Нежіпнама бар сыры,
Нәзік жырмен айтқан арман, таңсығы.
Мұхтар қызды қыран қанат тұлпардай,
Өрге қарай адуындап аршыны.

Тыңдағандар мөлдір ағын сезіпті,
Жан сүйсінер,
Сәтті мезет кезікті.
Талдап берді
Қазақтың сөз дүлдүлі,
Түріктің жыр періштесі Нежіпті.

Еккен екен ақын інжу асылды,
Асқақ қиял,
Ой тұнығы ашылды.
Ол қиналса «Пайдаға аспай айтқаны»,
Елестеттім Абай шеккен ғасырды.

Тамашалап ақындықтың асқарын,
Жадырадық шарпығандай ақ жалын.
Араладық
Айқын жұлдыз ізімен,
Түркі тектес поэзия аспанын.

Жатса-дағы талай жылдар арада,
Терең тағлым ұялады санама.
Ардақтадық,
Тақ орнатып әр жүрек,
Ойшыл дана Нежіп Фазыл данаға.

1993

ЖЕТІСУ

Әлемнің асыл жері,
Әйгілі ғасыр төрі.
Жоңғардың ала белі,
Қазақтың Ала көлі
Бауырласкан Жетісу.

Алатау алқасы бар,
Айдын көл Балқашы бар.
Ақын қыз Сарасы бар,
Ілиястай данасы бар,
Аңыз, дастан – Жетісу.

Ақынның қаламынан,
Ұшқан құс жанарынан.
Асылдың тілегінен,
Сұлудың жүрегінен
Үзілмеген Жетісу.

Оянбас әнсіз күнге,
Оранбас нәрсіз гүлге.
Нұр конған келбетіне,
Жұпарын жер бетіне
Қыз үрлеген Жетісу.

Еркелеп өскен желің,
Өлкеме төккен лебің.
Достыкка, махаббатка,
Ұлғайткан үміт сенім,
Жан канаты – Жетісу.

Сұлуым, еркем менің,
Көкіректі көркемдедің.
Шіркін-ай, кайда барсам,
Қасыма ертер ме едім,
Жер жаннаты – Жетісу.

1993

АЛАТАУ

Алатау жатады екен салаланып,
Қойнына алма жинап қаланы алып.
Орнатқан осы араға астанасын,
Қазағым бұл не деген дана халық?!

Жаратқан тұлғасына арайы сай,
Орнатқан елдің қолдан сарайындай.
Алатау Алматымен көрінеді,
Қасында Мұхтары бар Абайымдай.

Жұмақ жер, алма қала көктемеде,
Жұмбақ жел сүйеді екен беттен өбе.
Төсінде қос анарды ұстай алсам,
Беу, қалқа, есім кетті, өкпелеме.

Көргенім тәтті түстей бекер ме едің?
Биіктен биіктерге жетер ме едім?
Таңертең ауыл жаққа аттанарда,
Арқалап Алатауды кетер ме едім?!

1993

КҮЙ АТАНЫҢ БАСЫНДА

Беу, ағайын!
Қаумаламай тұра тұр,
Күй шалқысын басын көкке бұратын.
«Адайлатсын», «Серперлетсін» тағы да,
Даулы күнде дауыл жиған сұрапыл.

«Ақыл – жастан, асыл – тастан»,
Күй ойлыдан туады,
Күйді оятты
Бұл жалғанның бұрқасыны, шуағы.
Тығырықтап тіл буғанда замана,
Күй кеменгер көкірегіне тұнады.

Күй – «аттаншыл» ата-баба ұраны,
Ол – жүректің сазды, назды шырағы.
Күйші деген құладын күс емес қой,
Ол – ақиық қыркып түсер қыраны.
Ақындарға таңсық екен қашан да,
Қырандардың тұрағы.

Құрманғазы десең жүрек шыр алған,
Өр киядан біздің арман құралған.
Беу, Күй ата! Келдік бүгін басыңа,
Шаттық кернеп
Шығайық деп құмардан.

Сөз құдайы Абайымдай сергек тіл,
Сөз құдайы болдың асау өрнекшіл.
Қарт Каспийден
Аумайды екен мінезің,
Күні-түні дамыл таппай дөңбекшір.

Кемең де бар,
Ат-арбадай қайығың,
Еділ, Жайық – қосарланған бай үнің.
Атырауға алғашқы рет
Мейман боп,
Күйге қандым
Тапқан шексіз жайылым.

Алатауды, Қаратауды білесің,
Ұлан-ғайыр рухани үлесің.
Бірге жылап, елмен бірге күлесің.
Сенің күйің жебеп, демеп құлшынтты,
Желтоқсаншыл батырлардың күресін.

Сен дегенде
Тәттімбетті шығармайды ел естен,
Халқым сүйген
Дүлдүлсіңдер тел өскен.
Екі ішекке ақыл-ойды жиысып,
Қандай ғажап төкпе, шертпе кеңескен.

Күйге құмар елде жас пен кәрі де,
Бірлік туын алар күйден әлі де.
«Сарыарқалап», «Саржайлаулап»
Жетеміз,
Қай заманда «Көкей кескен» әріге.

О, Күй ата! Заулат, құйғыт, бас күйге,
Егемен ел
Қосар екпін жас күнде.
Дауылпазсың қайнатқанда ыза кек,
Қара жардан
Қарғып өтер Каспийге.

1993

АҚСАҚАЛДАР

Әр ауылдың бар Төле, Қазыбегі,
Әйтекесі,
Әл берер әз лебі.
Аға сөзін ерекше ардақтайтын,
Саға салды жаңа өмір ағын селі.

Ақсақалдар,
Жөн сілтеп өз төріме,
Ел едік қой тоқтайтын сөз мөріне.
Ауыр күнде ауылға ақылшы бол,
Өзге сауал қойылмас өздеріңе.

Талапайға салынған қалдықтаймыз,
Нарық сүйер бәсеке мәнді ұқпаймыз.
Әлем-тапырық әбігер күндер туып,
Не үкімет,
Не үлкеннен қаймықпаймыз.

Әй, не керек,
Сынаптай сырғанаймыз,
От басынан аспайтын сынға баймыз.
Есерлерді естіге айдай салып,
Ел бірлігі дегенді сыйламаймыз.

Ұйқы бермес
Жан қинап өтсе таңдар,
Бір тетігін табады-ау кексе жандар.
Сол сенерім –
Сендерсің, ақсақалдар,
Қолғабысын ақжолтай көпке жалғар.

Неге десең, ел сүйген ерді тежеп,
Жаңа дәуір ақ құйын салды безек.
Жаршыға да заршы боп, жәрдем етіп,
Іс тындырар бірігіп келді кезек.

1993

ҚАЗАҚТЫҢ АЛМАС ҚЫЛЫШЫ

«Есенберлин» десе байтақ ел білген,
Қасиеті мол құдірет күшке сендім мен.
Қас қағымда, хас батырдай жарқ еттің,
От пен оқтың ортасында кең жүрген.

Алтын арай нұр шашқандай алыс таң,
Жан едің-ау, құс-қиялмен жарысқан.
Абылайша ұран тастап ұрпаққа,
Ерлігің зор Кенекемше қарысқан.

Жаңғырығып мыңнан шыққан жалғыз үн,
Наурызбайша суыт өткен қалды ізің.
Тығырықтан ығыр бейнең ой тастап,
Аралады атың бүкіл жер жүзін.

Туған елдің дербес туын сүйгендер,
Бақшаларда сағаң арнар гүлді өңдер.
Сыр білдірмес аруағыңнан жасқанар,
Ту сыртыңнан жұдырығын түйгендер.

Белгі беріп қиын-қыстау мезгілден,
Қақтығыс көп ойға оралтып, көзге ілген.
«Қаһар» десе есіміңді еске алып,
Әулие атап кетті қазақ жөн білген.

Жүргендей боп көш-керуен басында,
Өшпес белгі орнатыпсың ғасырға.
Хан Кененің қуат берді рухы,
Дербес елім шықса жаңа асуға.

Бір ісіңе ғұмыр қосып бір ісің,
Дабыл қаққан шұғыл еді жүрісің.
Дүбіріңді, ғұмырыңды ұзартып,
Сыйлап өтер қазақ «Алмас қылышын».

1993

ЖЕР ҰРАНЫ – ҰЛЫТАУ

Құлагердей тұрған өрде тынығып,
Қарапайым көрінеді ұлылық.
Кең даланың қақ төсінде тау жатыр,
Атын айтсаң кетер жаның жылынып.

Ұларлы жер қайда көрсең ұлғатты,
Өр тұлғасы маңғаз, кербез, сымбатты.
Бар қазаққа орда болған ақжолтай,
Жер табылмас Ұлытаудан қымбатты.

Баурайында Қоркыт үні еседі,
Абылай-ұран, Ағыбай-дүбір көшеді.
Ақын Тайжан сырнайлатып ән салса,
Тілдеседі Каныш аға кешегі.

Киелі тау ел қиялын телітті,
Сол құдірет жаудың күшін кемітті.
Бабаларым басын қосып үш жүздің,
Қиналғанда Ұлытауға келіпті.

Қасиетті қорған сырын ел ұқты,
Тұмар тауға, ұран тауға сеніпті.
Қаратауда қалың қазақ қырылса,
Ұлытауда аруақ қуат беріпті.

Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, көп Кеңгір,
Көсем таудың етек-жеңі көктеңбіл.
Осынау жерде көрінеді ерекше,
Күн жарықтық жер бетіне төккен нұр.

Кең төскейде бір көтеріп көңілді,
Алаша хан кесенесі көрінді.
Арғы бетте Жошы ханның мазары,
Қос иықтап көтеріп тұр өңірді.

Сандыбай мен Кәдір, Шегір, Бабырды,
Еске салып Ерден жатыр сабырлы.
«Төрт босаға» – төрткүл дүние елестеп,
Бола түсті бүкіл аймақ қадірлі.

Ер Едіге асыл рухын қолдаңыз,
Көш құрастық ел боларлық жолда біз.
Қарт Ұлытау кіндік төрі қазақтың,
Һәм табиғи, һәм тарихи ордамыз.

Мирас, мұра қалған арғы атадан,
Жаралыпты тау бірлікшіл батадан.
Ұлытауды жөн болады ардақтап,
Қазағымның жер ұраны атаған.

1993

ТҮЙІР ТАС

Мұхтар Айтқазинге, Сәбихан Байжановқа

Түйір тас алып шықты, шалып жықты,
Шыдадым. Тарамыс қой жаным мықты.
Астана аясында ойнаған күн,
Көз жазып есімнен тез жаңылдыртты.

Тас екен ішке кіріп еркелеген,
Қарақшы сығалайды-ау жертөледен.
Шыбын жан көз ұшына қамалғанда,
Кең жалған шетін көрдім келтеленген.

Жылауық емес елім жаралғаннан,
Бір ауық күттім жәрдем арай таңнан.
Аспаннан дәлдеп түскен жай оғындай,
Залым тас зар қақсатты қадалғаннан.

Шіркін-ай! Тамаша екен дәрігерлер,
Бауырмал, ақынжанды, әрі зергер.
Ағалап аяласа аяжандар,
Өзі емші жылы саусақ дәру берген.

Сезгенде соның бәрін бекемделген,
Сәт туды тас талқандар ретін көрген.
Мұхтар мен Сәбиханның әрекеті-ай,
Кенесары, Наурызбай секілденген.

Жылынып қазақ көрсем тұрады ішім,
Байқадым жас ұрпақтың бұла күшін.
Інілер, жеңістерің, жемістерің –
Жүрекке сыймай тұрған қуанышым.

1993

ЖАН ШЫРАҒЫН ЖАНДЫРҒАН

Ұқтым адам білмес сырды,
Махаббатшыл маусымнан.
Таңғажайып үн естілді,
Тоты бұлғақ даусыңнан.

Әсем әуез дарыды ма,
Әлдиінен анаңның?
Әлде назды сарыны ма,
Қоңыр қазды даламның?

Яки жастай жаным құмар,
Сыбыры ма гүлдердің?
Маған бәрі таныс шығар,
Жылы, жұмсақ үндердің.

Көлде аққудың көгілдірі,
Мені іздеген сен бе едің?
Жеңіл тартты көңіл жүгі,
Қапа дерттен емдедің.

Нұрын төксе таң шапағы,
Сен егіз боп жаралдың.
Ұқсастығы тамсантады,
Табиғат пен адамның.

Жаңбырдан соң мың құлпырған,
Кемпіркосақ секілді.
Дидарыңнан күн ұмсынған,
Таптым рахат не түрлі.

Гүл секілді адам жаны,
Сұлулықта бір бастау.
Жақсы адамдар қашағаны,
Табиғатқа ұқсастау.

Менің тойым тыңдау еркін,
Назды үніңді балдырған.
Туған жер мен сенің көркің,
Жан шырағын жандырған.

1993

* * *

Ел сыйлаған арыстарды көргенде,
Нең кетеді? Көңіл нұрын бөл сен де.
Олар жүр ғой күңіренбей күрсініп,
Кейін қарап өмір сырын өргенде.

Ызаланбай назаланар заманға,
Зейін салар кей нақұрыс қадамға.
Ақылдыға көксегенін көрсетіп,
Ашынады құлқы кемтар наданға.

Күші барда
Қамқор болған көсіліп,
Кетті досы кешегіні өшіріп.
Шын ардагер ел бірлігін ойласа,
Сұм айлакер кеуде қағар есіріп.

Күн күлкісін, жер жүрісін тыймайды,
Асыл кісі ар-намысты сыйлайды.
Бір тарпынса жермен-жексен етер-ау,
Тірі жанды қиянатқа қимайды.

Әне, солай!
Ардагердің ақылы,
Орайлы ғой биік талғам татымы.
Егемен ел азат таңын аңсаумен,
Бар қазақты көрер түгел жақыны.

Ойым аулақ шен сүйгішті қорудан,
Әлде өштеніп тайғақ жолда торудан.
Ел бірлігі туады екен қашан да,
Адасқанға жөн сілтеуші болудан.

О, мықтылар! Күші қайтқан арыстар,
Күрсінсеңдер мен түсінер мәніс бар.
Базар өтер, бақыттарың қайтпасын,
Ел құрметін тақ ұстамас, бақ ұстар.

1993

* * *

Ұйқым менің қанбады-ау жаралғалы,
Сәресіні өлеңшіл таң арбады.
Шабыт деген адал дос, серігім бар,
Көріністі суреттер жанардағы.

Масыл ұйқы басқан жоқ көз ашқалы,
Түндердің көп күндермен таласқаны.
Кен мен сөздің сарасын іздеуменен,
Қандай ғажап әр мезет жарасқаны.

Ұйқым сергек, күлкім аз көптен бері,
Жан қинайды қазақтың өткелдері.
Қалай ғана ұйықтайын Каспий тасып,
Құрып жатса Аралдай көркем көлі.

Арсыз ұйқы ерген жоқ ер жеткелі,
Арпалыстар құр боска терлетпеді.
Жер-Ананың жарасы маза бермей,
Ұшып жүрген көрінем ел кептері.

1993

ТЕКЕСТЕГІ АТ ІЗІ

Қаракерей Қабанбай мінген Құбасты,
Ардақтап айтқан тарихпен жаным сырласты.
Ай жарым суыт жүргенде жетер бабына,
Құбастай тұлпар қазақта қайтып тумас-ты.

Жарыс пен сайыс шақырса тілек ақтаған,
Киелі жылқы жолы болғыш ақ табан;
Тұратын жайнап, қыз маңдай жұқа басында,
Саналы жандай жанары малға тартпаған.

Жүретін жарау нәр татпай жортып ұзақ күн,
Кеудемен соғып үзетін шебін тұзақтың.
Батырмен кейде тілдесіп тұрған секілді
Көз тартатын қимылы екі құлақтың.

Ер Қабанбай келгенде жетпіс сегізге,
Дүлдүлі Құбас жетіпті отыз сегізге.
Тастақта тозбас, мұздақта таймас төрт тұяқ,
Ескек те болды шулы өзен, асау теңізде.

Тайбурылға да теңер едім Құбасты,
Жануар-ай, бірде қатар, бірде асты.
Қырық қап жүкті теңдеген Текес тауында,
Таңбалап кетті қатпары қалың сұр тасты.

Ел өткендей екі аяқтың арасы,
Тастағы ізден тұлпардың тұрқын қарашы.
Тұяқ пен тастың сүйсінтті сұлу мәнері,
Аманат жазған ақындай асыл санасы.

1993

УӘЛІ СӨЗ ИЕСІ

Мұзафар Әлімбаевқа

Жұлдыздай ел аспанға көптеп ілген,
Ағалар, қайдасыңдар көп көрінген?!
Сан жылдар қия шетке ұзап кетіп,
Оралдым ортаңызға дос көңілмен.

Кешегі қарай қалсам бұла күнге,
Табайын кінә тағып, шүбә кімге?
Жетпіске жылдам кіріп барасыңдар,
Мұз-аға! Тым асығыс бұларың не?!

Қара көз жарқ еткенде ықтайсыңдар,
Барады-ау өздері де ұқпай сұмдар.
Бәрінен батқаны сол, сайран салмай,
Жыл бойы емханадан шықпайсыңдар.

Кім айтар Мұз-ағаңды «сылқымым» деп,
Сүйесің қолда қалам бүлкілін көп.
Жетпістен желе жортып өту үшін,
Болмасын бүлкіліңнен ыңқылың көп.

Мұз-ағa! Кетермісің Айға да ұшып,
Барасың жылдан жылға қайрат қысып.
Қасына шақырғандай «Ақ маңдайлың»,
Бір бәйгең тағы да тұр сайда пісіп.

Балқаштай сарқылмайтын Ілесі бар,
Жігітсің көш-керуен үлесі бар.
Батырсың аш бөрілер ауыз салмас,
Ақынсың уәлі сөз киесі бар.

1993

ЕЛ ТОНАУДЫ ДЕМОКРАТИЯ ДЕМЕЛІК

Егемен ел межесіне келгендік,
Осал емес, жігер қостық, дем бердік.
«Жемді аяған өлтіреді жиренін», –
Дей көрмеші, кей қылықтан сенделдік.

Айлакерді құдашадай аялап,
Пайдагерді жездесіндей саялап;
Алдампазды ағасындай ардақтап,
Кей пысық жүр өз пайдасын маялап.

Отар жайды – олар үшін жайлау кең,
Жұмысы жоқ келер қысты ойлаумен.
Кейбір дөкей зорға отыр жалақтап,
Коммерсант боп кетер жерін ойлаумен.

Жер бетінде туып жатыр ұлы істер,
Мысал да бар ұшар қанат дұрыс дер.
Алға шықса озық елдер әлемде,
Бүкіл халқы намыскер һәм жұмыскер.

Түбі шикі сұм пайдаға кенеліп,
Жүрме, достым, арамзаға сен еріп.
Адал термен сарай салсаң жөптеймін,
Ел тонауды демократия демелік.

1993

* * *

Ақымақ дана болмас төрлегенмен,
Қорқақтан батыр шықпас «ер» дегенмен.
Арыстар мұң мен шерін ашық айтар,
Дұшпаны қарсы қылыш сермегенмен.

Тумайды еріккеннен ақыл-кеңес,
Тетігін тапсам кім бар мақұл демес?
Сөзі көп, айтары жоқ желбуазды,
Қазағым қай заманда ақын демес?

Артында сөзі қалар дөп айтқанның,
Дөп айтсам, дос тілегін молайтқанмын.
Бәрі де, қайран елім, сенің қамың,
Өзімді ойлар күнді жоғалтқанмын.

Кешегі өткендерді кемітпеймін,
Өседі әз жақсыға елікпей кім?
Абайдың әр сөзіне құлақ түріп,
Өлең-жыр іргетасын беріктеймін.

Төгілтсе сөз тұздығын Бұқар жырау,
Қасында Шортанбай мен Дулат тұр-ау.
Өнерді тап солардай өрбітпесек,
Жасайды кейінгілер бізден сұрау.

Бағытын білгеннен соң бұл өмірдің,
Сыр шашпай жылар жерде күле білдім.
Заманның зарын айтқан Мағжанменен,
Лүпілі бір соғады жүрегімнің.

Толықса үлкендермен ырысымыз,
Оларсыз өнбес бүгін бір ісіміз.
Бейімбет, Ілияс пен Сәкендердің,
Ізбасар, мұңы жалғас інісіміз.

Жанымды жегі жесе қайғы ұласып,
Қоймайды сөз айтпасқа қасірет тасып.
Өлеңім көпке жетсе арманым не,
Шарапат, рахат, ләззат, арай шашып?!

Қонбайды аптыққанмен қолға бақыт,
Жүрмедім таққа талас ордалатып.
Әкетсе оқыс ажал туған ел деп,
Жатармын қара жерде ойға батып.

1993

ТЕКЕЛІ

Есімнен кетпей
Жетісу төрі Текелі,
Кеншілік кезді ойлаттың.
Жайлауда көрген
Қара көз кейде өтеді,
Осы деп біздің бойдақ күн.

Шыдарсың қалай,
Елігіп ерте бұрылмай,
Көргенде таулы жайлауды?!
Желігіп кетті,
Желіде тентек құлындай,
Жүрегім менің байлаулы.

Тебіренемін
Естіліп гүлдің дыбысы,
Жапырақ бірге сыбдырлап.
Кен төккен таудың
Көк мәрмәр, аппақ күмісі,
Есімін айтты сыңғырлап.

Жарқырап жатса
Бұрқырап гүлдер жолдағы,
Түседі еске Текелі.
Бозбала күннің
бозқараған ол-дағы,
Бозалатаулы мекені.

1993

ӘШІРБЕККЕ

Құнанбайдың қазақта бәрі мықты,
Шен мен шекпен кезінде тағыныпты.
Балалары байсалды болып өскен,
Асыл әулет – әйгілі әрі құтты.

Құнанбайлар қандырса ойға бізді,
Сырын білген туады ой маңызды.
Өзіміздің Құнанбай ауыр күнде,
Ауылдағы басқарды қоймамызды.

Шын әскери тәртіпті берік құрды,
Ақиқаттың аруағын серік қылды.
«Бүгін», «ертең» демей-ақ дер кезінде,
Еңбек күнге ақ бидай беріп тұрды.

Құнанбайдың қазақта бәрі мықты,
Шекпен түгіл игерді-ау қажылықты.
Сен нарыққа, Әшірбек, тез кірістің,
Бейжай досың «биіктен» әмір күтті.

Бастап кетсең бүгінгі өмір көшін,
Қазанат боп зор жүкке жегілгесін;
Түлкі заман қуланса, қыран боп шал,
Шырақ жаққан періштең шегінбесін.

Ағыны сол ағалық үмітімнің,
Қостау тапсын ақтұйғын жігіт үлгің.
Королі бол нарықтың әлемге әйгі,
Үлкені сол тілеген үмітімнің.

Сілкіп өтер көк тұман, сағым белді,
Алпыс белес игерген шағың келді.
Тағын берді демеймін, бабың келді,
Бәсеке мен тайталас заңын берді.

Қарапайым халқыңа олжа салсаң,
Мінген атың жорғалап басады алшаң.
Рокфеллері қазақтың осы дейміз,
Бағың жанып миллиардер бола қалсаң.

ЖЕТІСУ МЕН КӨКШЕДЕЙ

Тамсанткан алтын арай таңыменен,
Сүйсінткен жан баураған сәніменен.
Көкшетау Жетісумен жалғасып тұр,
Біржан сал, ақын Сара әніменен.

Балқаштың ғашық болып ақ түніне,
Алатау сәлем беріп ақ гүліне.
Оралған сексен көлден аққу қаздар,
Салады Үкілі Ыбырай «Гәккуіне».

Тойлы ауыл Сырымбеттің саласында,
Көз салса оза тартқан қарасынға.
Құлагер шауып жүрген секілденер,
Көкше мен Жетісудың арасында.

Жаңғырса Ақан сері арман-әні,
Есінен бар қазақтың қалмағаны.
Ақындық Құлагері Ілиястың,
Тамаша ел мен елді жалғағаны.

1993



Төртінші бөлім

(1994-1997)

АСЫЛ АНА – АЙҒАНЫМ

Ерен бақыт – текті туса алғаның,
Азып-тозбас ертең артта қалғаның.
Атығай мен Қарауылдың асылы,
Сондай салтты құрып өтті Айғаным.

Уәлі ханның ол ең кіші жұбайы,
Үздік сұлу аппақ гүлдей шырайы.
Көкшетаудан Сырымбетке көшірген,
Осал емес Ақ Орданың Күн-Айы.

Құт қондырса ұлы адамды жар тұтқан,
Елге аян жесір күнің зар жұтқан.
Кемеңгерсің, атың аңыз, Айғаным,
Абылайдың шаңырағын шалқытқан.

Сен көрсеттің кереметін сәулеттің,
Салып кеттің кең ордасын әулеттің.
Ақ патшаға өтті айбынды ықпалың,
Сал Сырымбет құтты етегін сәнді еттің.

Шымқай ғажап жер бетіне еккенің,
Есіміңе мың тағзым етті елім.
Сен орнатқан ақ сарайдың бірінде,
Мәңгі орнықты іргесі құт мектебім.

Басын құрап өзің салған ғажаптың,
Есіміңді қайта оралтты азат күн.
Туған елдің сен билесең бір шетін,
Аңсағаның дербестігін қазақтың.

Бой көрсетсең бодан күнгі мұнарда,
Ұқсап едің шыңда жалғыз шынарға.
Сен болмасаң ұлың Шыңғыс не болмақ?
Жұлдыз болып Шоқан өрге шығар ма?!

Түлкі-өмірдің табамын деп қай бабын,
Ауыр күнде белді бекем байладың.
Желбіреткен Абылай ханның ақ туын,
Мәңгі жаса, асыл ана, Айғаным.

1994

АҚЫН ІЛИЯС АРДАҚТЫ

Ақтангер ақындықтың Құлагері,
Абайдың өре туған мұрагері.
Халыққа әйгілі боп атың шыққан,
Шарықта, Жетісудің бұлан ері.

Ұшырған Алатаудан қыранымсың,
Ұрпаққа көсем туған ұранымсың.
Теңізде межешамдай жарқыраған,
Ақындық төріндегі шырағымсың.

Тар кезең, бөгеті көп тасы жолдың,
Өссең де ортасында қасы молдың.
Атанып байтақ елдің үш арысы,
Сәкен мен Бейімбеттің досы болдың.

Сөз сарасы салмақтым,
Бар қазақты таңданттың.
Дүлдүлдердің легінде,
Жүрсің елдің жүрегінде,
Ән-жырыңды жалғаттым.

1994

БИ-АҒА

Аз жасыңда кешсең қатал мың бір сын,
Жігін бұзды бөгет болған мың бір шың.
Қайта оралып ортамызға Би-аға,
Мың дүрсіннен есен қалып тың жүрсің.

Сен құтылдың бойда мың бір парыздан,
Адалдығың нағыз аппақ қауыз дән.
Сәкенді айтып, Ілиясты айтып ән салсақ,
Тастамаймыз Би-аға деп ауыздан.

Қайта тудың қайсар, алғыр күйіңде,
Ел де жетті өзің айтқан түйінге.
Елестейсің пәлекорды ұялтып,
Отырғандай Жазушылар үйінде.

Есімізде шеру кешкен жас күнің,
Ар-намысты қорғау еді «бас мінің».
Құлынбайлар Мырқымбайға қол берсе,
Аруақ қолдап сенің өргек асты үнің.

Толқып кетсем қуанышты жыр келіп,
Сенің үнің қосылады түрленіп.
Жан-жағыма қарай салсам, Би-аға,
Қалдым ойлы келбетіңді бір көріп.

1994

ЕЛ БІРЛІГІН БИІКТЕТКЕН ТУЫМСЫҢ

Бейімбет Майлинге

Дабылдатса даңқы бүкіл ғасырды,
Кейде тағдыр атын елден жасырды.
Найзағайлар арасынан жарқ еткен,
Қайта көрдік Бейімбеттей асылды.

«Гүлденсе ауыл гүлденеміз бәріміз», –
Деген сөзді ұран еттік әлі біз.
Дәл айтыпсың сол заманды, Би-аға,
Ауыл көріп ашып тұр ғой жанымыз.

Лүпілі бір жүректі үшке бөлмейміз,
Ен даланы тау қоршаған төр дейміз.
Сәкен, Ілияс, Бейімбет – үш дария,
Арна қосып бір теңізде өрлейміз.

Азаттықтың ақ жолына сенеміз,
Алға тартты мінген ортақ кемеміз.
Қайғырсақ та, қуансақ та үндесіп,
Дертті білер демде ұғысып келеміз.

Жаралғандай жаның нұрлы парыздан,
Адалдығың нағыз аппақ қауыз-дән.
Жанған оттан есен қалып, Би-аға,
Келгендейсің ортамызға аңыздан.

Самғап жүрсің Сәкен ұшқан ғарышта,
Қатар келдің Ілияс түскен жарыста.
Жалау етіп асыл дертін Абайдың,
Бірге кірдің Мағжан қызған намысқа.

Арыстармен тізбектелген шыңымсың,
Білмегендер бүгін жөндеп ұғынсын.
Қостанайым қосқан ұлы дүбірге,
Ел бірлігін биіктіктен туымсың!

1994

БЕЙІМБЕТТІҢ НАЗЫ

Билік тиді наданға,
Ақылдыны сорлатты.
Жылпостар мен жаманға,
Қара басын қорғатты.

Қисын таппай мазалап,
Білімдімен жауласты.
Жақсыларды жазалап,
Өңкей қыртпен бауласты.

Шын арысты жақтаған,
Асылға батты тақымы.
Өсек тасып мақтаған,
Көбейді «тума» жақыны.

Есерге төрі толғанда,
Естіні боска ұрыпты.
Өрт тигендей орманға,
Әділдік жолын сырыпты.

Жағымпаздар жұпталды,
Бәріне биік төр тілеп.
Қиян-кескі құтты алды,
Ұялмай елді бөлгілеп.

Дақ түссе де арына,
Үндемей баяу септеді.
Орнатып жұмақ маңына,
Өзгеден аулақ шеттеді.

Қияда жүріп ұнамай,
Сағыныш зарын шеккеміз.
Қайталанбасын, құдай-ау,
Осындай неше өткен іс.

1993

АУЫЛНАЙДЫҢ ЖАУАБЫ

Шолақсайға жаңа келген ауылнай,
Өзеуреді аңсап жеткен бауырдай.
Түн ішінде Рәзияның қойнына,
Кіріп кетті бүйірі қызған жауырдай.

– Беу, ауылнай,
Алдиярым, мұның не?
Жөн бола ма тығыз науқан күнінде? –
Деп келіншек
Саясатқа салғандай,
Зіл естілді
Тіл бөгелмес үнінде.

Сонда ауылнай білмей қалып не дерін,
Жөппелетті себебі мен дерегін:
– Қой, Рәзия, тату-тәтті болайық,
Осы деп біл колхоз құру дегенің.

КЕМЕЛБАЙДЫҢ АЙТҚАНЫ

Қой, қарағым,
Көз алдымда жұлқынбай,
Менен кетті осы күнде сылқым жай.
«Еркекті әйел азғыратын әзәзіл», –
Деп еді ғой бір кездерде Мыркымбай.

Қос жанары суда ойнаған құндыздай,
Азғырып тұр, коймас мойын бұрғызбай.
Екі анарың тепсініп тұр тырсиып,
Ақ төсіңді тар көйлекке сыйғызбай.

Осы ма еді қызықтырғыш келекең,
Ақ жүзіңді көріп, кетті берекем.
Ақ түлкідей сылаң қағып өткенде,
Жан шыдатпас сұмдық мүшең көп екен.

Қой, қарағым,
Қырындамай кейін кет,
Тесірейдің кай жерімді бейімдеп?
Өлең етіп бүкіл елді күлдірер,
Естіп қалса ақын ағам Бейімбет.

МЫРҚЫМБАЙДЫҢ ТАСҚАРАҒА АЙТҚАНЫ

Тасқара, мұрның таңқы, ернің көнтек,
Жалпиған майға пісіп бетің шелпек.
Ұсқының ишандыққа келіспейді,
Қыршаңқы көрініп тұр жебір, тентек.

Ызақор, сенен шатақ жан аспайды,
Зәһар су исінен жұрт аластайды.
Тасқара, ишан емес, ауылнай бол,
Тағыңа сенің ешкім таласпайды.

Шын ишан иман жүзді, көркем екен,
Мейірбан пәк қылығын көрсең екен.
Ауылнай болсаң шошып тұрпатыңнан,
Болыс та сырттай үркіп еркелетер.

Жалының жау шошытар өртке жетер,
Озбырсың бармайтұғын сертке бекер.
Әгәрки сен ауылнай бола қалсаң,
Жын-шайтан жерден шошып көкке кетер.

ҚҰЛТАЙ БОЛЫС

«Тоқал кетсе, бәйбіше болар қыздай,
Оңашада ол қалсын неге қызбай?» –
Деді-дағы тоқалын Құлтай болыс,
Төркініне жіберді неке бұзбай.

Ойдағысы
Ой, Алла-ай, өтелмеді.
Тәтті балдың таңдайда таты өлмеді.
Дәл бір апта өткен соң
Шабарманға
«Кешке шейін тоқалды әкел», – деді.

БИ-АҒАМА ТЫҢ ХАБАР

Би-аға!
Әзіл сөзің жалт қаратты,
Тың хабар, сөз қозғайық ақ қанатты.
Шіркін-ай, сенің ащы шымшымаңды,
Кер заман дер кезінде аз тараттты.

Баяғы «Көк сиырың» бұзаулады,
Жал бітіп Қарагер ат жүз аунады.
Бұл күнде
Ауылнай жоқ «қой, шәй!» дейтін,
Ботадай бозбаланы қыз аулады.

Самғап жүр Мырқымбайың самолетпен,
«Ұшақ» деп оның атын атап кеткен.
Ұшақтан құшақ-құшақ пайда тауып,
Жер жыртып, шөп шабудан таза кеткен.

Тажалға ас болмайды арам бақыр,
Сен айтқан дәлду бастық арамда тұр.
Мал мен жер не боларын құдай білсін,
Колхоздар құдай оңдап тарап жатыр.

Тарқасын салмай, шіркін, талапайға,
Халыққа тиді тағы шала пайда.
Алақайлады шымқай алыпсатар,
Тоқымсыз жайдақ мініп ала тайға.

Жалауы жылпостардың желбіреді,
Байыған бұзақыны ел біледі.
Бар малды қант пен шайға құрбан еттік,
Кеңседен жалақы алу селдіреді.

Кеше гөр, тың хабарда көп сөйледім,
Келді ғой деп сөйлегім төкпей сөлін.
Сандалып жұмыс таппай жүргендер көп,
Тоздырып ең ақырғы көк көйлегін.

Азайды күрек ұстар, айыршылар,
Оларсыз енді қайтып ауыл шыдар?
Орнына қаулап өсіп келе жатыр,
Жарысып коммерсант пен қайыршылар.

Қиындық әлі сынақ ете ме көп?!
Жатырмыз «азды», «көпті» жеке бөліп.
Дыбыссыз сыбыстайды кей білгіштер,
Өндіріс жат қолында кете ме деп.

Дүрбелең қайта құрыс буын бастық,
Ескінің түбін шаптық бұрылмас қып.
Бұрынғы партия жоқ, көп партия
Буымен біразырақ шуылдастық.

Одаққа туды кеше заманақыр,
Генсек те қашып шықты таза тақыр.
Қалғаны Жазушылар одағы еді,
Ол-дағы тәлтіректеп бара жатыр.

1994

ҚОСТАНАЙДА БЕЙІМБЕТ ЕСКЕРТКІШІ

Балташ Тұрсынбаевқа

Қам көңіл қағылып пернесі,
Ашылды көрген жан зердесі.
Кең вокзал алдында орнықты,
Би-аға кемеңгер бейнесі.

Зор мүсін шешімі табылған,
Сал көйлек, галстук тағынған.
Сақ қыран тұғырда нық отыр,
Иыққа кең шапан жамылған.

Дес келіп сарқылмас зер күші,
Ауыр ой үстінде ер кісі.
Абайша толғанып, тебіренген,
Жүзінде даналық белгісі.

Шығысқа үмітпен қарапты,
Қамығып, түймейді қабақты.
Атылу азабын күтпейді-ау,
Алыста қалған соң абақты.

Сыр үйіп телегей, тұңғиық,
Ол отыр өлімнен тым биік.
Егемен ел таңы сүйсінтті-ау,
Қояды сәл ғана жымиып.

Кеш жақсы дейміз ғой ештен біз,
Сұм тағдыр тәлкегін кешкенбіз.
Жүз жылдық өмірге бір жылда,
Жасалды мың жылдық ескерткіш.

Көкірегім ұшырып ән құсын,
Құмарым бұл тойға қанды шын.
«Бейімбет ауылын» көргенде,
Әкімге төгілді алғысым.

Сол үшін қайтейін қостамай,
Сүйсінді, тебіренді дос талай.
Сол үшін деп қалам мен кейде,
Балташты шақырды-ау Қостанай.

1994

БІРЛІК ТУЫ – БИ-АҒА

Әні автордікі

Бел-белестен белгі тастап Бейімбет,
Шоқ жұлдыздан қалған жоқсың кейіндеп.
Қай ауылда тусаңдағы байтақ ел,
Жан-жүрегін тосар саған бейімдеп.

Қайырмасы:

Сәкен ұшқан ғарышта,
Ілияс озған жарыста,
Мағжан жеткен қияда,
Сен де жүрсің, Би-аға.

Сырт айналса ауыр күнде дос талай,
Ұмытқан жоқ өзің туған Қостанай.
Ардақтады Сәбит, Ғабит ағалар,
Нар тұлға деп сыйлап, естен тастамай.

Қайырмасы.

Кер заманның шексең талай азабын,
Туды бүгін Би-аға деп ғажап үн.
Мәңгі-бақи сені ардақтап өтеді,
Жер бетінде есен болса қазағың.

Қайырмасы.

1994

АҚ ТІЛЕК

О, тағдырым! Бермесең де көп өнім,
Әр сөзіме көңіл нұрын төгемін.
Не де болса самғауын бер Сәкеннің,
Ал, содан соң
Кең шабысқа көнемін.

Дей көрмеспін:
«О, тағдырым тыным бер!»
Шәкәрімнің таңғажайып мұңын бер.
Шал ақынның әзілінен бір жонып,
Махамбеттің жау жасқантар қырын бер.

Бір сөз үшін жерден жеті теремін,
Мың толғанам іздеп ойдың тереңін.
Не де болса мәрттігін бер Мағжанның,
Ал, содан соң жетегіңе еремін.

Тұлпар шабыс құйындатқан даламда,
Бір дүлдүл бар мекендеген санамда.
Жалғастырған Жетісу мен Көкшені,
Ілияс ақын дүбірін бер маған да.

Жарысқанды қара шаңға көмілтіп,
Құйындатып бір өтейін төгілтіп.
Біржан салдың екпінін бер,
Бірақ та,
«Поштабайдан» жасқандырма шегінтіп.

Менің-дағы көп аңсатқан ақ гүлім,
Жер-жаһанға «Жезкиік» боп тапты үнін.
Ақан болып аққу құсқа ән қоссам,
Құлагердей ұрып жыкпа тап бүгін.

Тасқындасам
Бұлағы боп әр жырдың,
Есесін бер қапы кеткен сан жылдың.
Оң қабағым ашылардай
Бір үзім,
Бақытын бер жыр атасы Жамбылдың.

Әне, сонда
Дер едім мен күштімін.
Көп бітірер өлеңім де іс тыным.
Тілегімнің ең үлкенін айтайын,
Сыйла, тағдыр, Абайлықтың ұшқынын!

1994

ТӘТТІМБЕТТІҢ ЖАН СЫРЫ

О, Заман-ай! Заман-ай!
Өттің бе бір қарамай?!
Көкірек жарған күй қозғап,
Қамықтым жас баладай.
Көксеткен жеңіс көре алмай,
Хан Кене өтті, ой, Алла-ай.
Күйзеліс кетпес көңілден,
Алыстан көмек бере алмай
Бірікпей кеткен арамыз,
«Алтыбақан алауыз»
Қазақты тағдыр сынады-ау.
Аяқтан шалып әр себеп,
Көкшеде өскен бәйтерек,
Алатауда құлады-ау.
«Көкейкесті» күй шерттім,
Азасын айтар мұң, дерттің.

Қайғырмай қалай шыдайын,
Тұтылды көкте Күн, Айым.
Өзгені алмай ханды алды-ау,
Жаратқан жалғыз құдайым.
Төсекте тыныш жата алмай,
Түңілсем күнім батардай.
Сұп-суық хабар жетті елге,
Соққандай дауыл қатарлай.
Мезетте әрең жан сақтар,
Шертуге келмей саусақтар,
Алақанмен қағыттым.

Домбыра-досым, назды ақтар,
Жалындап, маздап, зарлап қал.
Бурадай шөккен жабықтым,
Малшынып мұңға қамықтым.
«Көкейкесті» – арманым,
Хан Кенеге арнадым.

1994

АЛАТАУДЫҢ БАУЫРЫНА ҚҰЛАП ТҮСТІ

Ғафу Қайырбековке

Отты сөзі жаралған жалын-нұрдан,
Жан еді ғой жар салған сағым қырдан.
Барын сарқып бергенше дамыл таппас,
Айырылды қазағым лағыл жырдан.

Көкірегін кернеген дәуір сазы,
Күрсінтті ме өмірдің ауыр назы?
Кете барды артына қарай-қарай,
Қара өлеңнің біртума дауылпазы.

Шаршы топты шайлықпай табындырған,
Ұшқыр адам жан сырын мәлім қылған.
Туды сағат...
Ақтангер ақын Ғафу,
Құлагердей өкінтіп сағындырған.

Әлдекімше жүрмейтін күйін бағып,
Құзарт шыңда өзгертті шұғыл бағыт.
Жігерлі жан
Ешқашан бықсымаған,
Кете барды лапылдап күйіп-жанып.

Аулақ еді алдамшы қулықтан да,
Еркеленді тік сілтеп шындықты алға.
Дүлдүл жүрек
Бір күнде күрт жарылды,
Ыза кернеп оңаша булыққанда.

Арам шөпті аршыған гүл шоғынан,
Сақ әулие сол еді жыр қорыған.
Дүрбелеңде бір дана аңсатқандай,
Кетті ме екен Сырбайдың қыр соңынан?!

Шабыт пірі жебеген көтермелеп,
Тапты бүгін көктүйғын мекен бөлек.
Алатаудың бауырына құлап түсті,
Бүршік жарып Торғайда өскен терек.

03.11.1994

ӘБДІЛДАНЫҢ СӨЗІ

Жарасар дәмді сөзді сән қылғаным,
Таңдандым айтқанына Әбділданың.
«Қаламың қажығанда бой сергітіп,
Көргенің жақсы, – деді, – таң құрбанын.

Дос болғың келсе дәйім соны күшке,
Ащыны аздау татып, тойып ішпе.
Қуат бар егделікке ерік бермес:
Жасыңда не істеп едің, соныңды істе».

Айтқаны шабыт тербеп, ән қозғайды,
Дәл пішіп кесек ойды һәм созбайды.
Дегені қалды есімде:
«Жырға ғашық,
Жүз жасқа келсең-дағы жан тозбайды».

Осылай төгілгенде майталманым,
Бүктеліп қалды ішімде айтар барым.
«Жеткізбес жасымдағы, Әбеке» деп,
Ұялып ақсақалдан айта алмадым.

Көрсемші ажарының гүлдегенін,
Әр сөзге беріп тұр ғой күн көмегін.
«Ащы емес, мен тұщыдан сескенемін»
Дегім кеп, ебін таппай үндемедім.

Егделік жастық шақпен жарысқандай,
Әудемде кезектескен сайыс қандай?!
Төгілтіп өлең көшін бір тоқтады,
Сілкінген тау ішінде арыстандай.

Өңі тың өр гректей қартайғанын,
Келеді-ау әлі талай айтарға күн.
Байқадым қоштасарда ішінде бір,
Ақ қанат маза бермес сайтан барын.

1994

ӨМІР-ӨЛЕҢ

Жазылмаған тұтас өлең бұл ғалам,
Жалғастырар көкірегі нұрлы адам.
Күзгі таңда жалғыз жапырақ сырт етсе,
Серт пен дертін айтып кетер бір маған.

О, туған ел! Барыңды үнсіз аңдаймын,
Маған ортақ бар қуаныш, бар қайғың.
Көлде аққу-қаз үрейленсе, шошынса,
Мен де бірге жан толқынын жалғаймын.

Өртті өлеңім сағыныштан жаралды,
Сағынышым шабыт көзі саналды.
Толғанысым өз басымның мұңы емес,
Ойлай берем қасірет шеккен Аралды.

Дархан өмір кеңдігі мен тарлығын,
Жасырмадым, ашық жатыр бар мұңым.
Не де болса өлең етіп келемін,
Сергек жүрек ащы, тәтті жарлығын.

Аңдай алсам кейде көзге жабықты,
Ақ періште жыр шырағын жағыпты.
Мен сүйетін, мені сүйген арулар,
Әндерімді оңашада салыпты.

Ақындардың арпалыс қой әр күні,
Құлағымда қайран Арал қалды үні.
Әр мезеті өлең екен өмірдің,
Көре білсең өткінші мен мәңгіні.

Көп күрсінсем жан толқынын аңдарсың,
Өз қажетін айтқызады әр маусым.
Мен кеткенде өлеңімді, әнімді,
Туған елім, болашаққа жалғарсың.

1994

МАРҒҰЛАНДЫ КӨРГЕНДЕ ТҰҢҒЫШ РЕТ

Алматыға Мәскеуден келе жатқан,
Студент ем дүбірге елең қаққан.
Тар вагонның жұрт өтер қақ жолында,
Кезім еді
Бүлк етпей өлең баққан.

Сәтті болар сапарым тегі менің,
Жасап жатыр өзгелер серуенін.
Ресторанға ерте-кеш
Ерсіл-қарсыл,
Өткен жұрттан сескеніп жерімедім.

Жан сырына қыз-шабыт дәл келеді,
Дәл келгенге
Қылқалам әлденеді.
Үйіріне ұмтылған ақбөкендей,
Үйіріліп әр сөзге ән келеді.

«Тілдің балы-ай!
Шырыны бойға тарап,
Масайратар ішкендей тойда шарап.
Улы ләззат сілемді қатырып ең,
Екі аяқты басуға зорға жарап.

Басу іздеп жүректің асырына,
Тілден сүйдім оңаша жасырына.
Ғашығым-ай,
Тағы да іздеп келем,
Сағыныштан бал шарбат ашыды ма?!»

Ғашық сыры төгілсе ақ желеңмен,
Есім кетіп елтімін тәтті өлеңмен:
Бір мезетте селк етіп,
Тез тоқтадым,
Қарай қалып бір қазақ қақ төбемнен.

Пайғамбарды аспаннан тастағандай,
Шошып кеттім,
Ой келер басқа қандай?!
Әуезов пе деп қалдым
Мен ішімнен,
Жарқ еткенде бұйра шаш, қасқа маңдай.

Оқыс келген пірімен таласар кім,
Құдай болып отыр ем, аласардым.
Құрық тиген құлындай
Жалт бұрылып,
Дәптерімді тезірек жаба салдым.

– Қысылма, інім, ұялма, оқы, – деді,
Жылытты да жібітті отты лебі.
– Тым сескеніп жапқанда дәптеріңді,
Кім деп тұрсың жас ақын осы мені?

Жібергендей садақты ашық атып,
Айтар сөзді алдым-ау шашыратып.
– Сіз Әуезов Мұхтарсыз,
Әлсіз өлең,
Оқып беру мен үшін несі бақыт?! –

Дегенімде
– Желісі-ай, кер құнанның,
Теңеді ғой шыңына Монбланның. –
Сәл жымиып, – жасқанба, оқы, – деді, –
Мұхтар емес,
Мен Әлкей Марғұланмын.

Түзелсе де азырақ тіршілігім,
Көп қиналдым оқуға жыр шырынын.
«Ләззат», «зәузат» дегенім ұялтқандай,
Дәптерді аштым,
Жасқантып сыршыл үнім.

Оқып-оқып қарады күлімсіреп,
– Елестейді шын ғашық, тірі сурет.
«Улы ләззат» дегенің қызық екен,
Еске салды Мағжанды бірінші рет. –

Деп Әлекең ойланса қарсы алдымда,
Мен білмеуші ем ол кезде Мағжанды да.
– Сен қысылма, – деді, – бұл тамаша өлең
Өңім кірді... ә, құдай, бақ жанды ма?!

Мұхаң келді сәлден соң,
Қалдым сасып,
Бәрін айтты Әлекең қалжыңдасып.
«Улы ләззат» данаға ұнап қалды,
Қайта оқыды, сүйсініп мауқын басып.

Душар болсам қыспаққа қай-қайдағы,
Олар кетті,
Бойымда қан қайнады.
Әзілдері тамаша,
Есте қалды,
Кере қарыс, кең жазық маңдайлары.

ТҮЗЕЛЕРМІН, КЕШ, ЕЛІМ

Заманның сезген кеселін,
Шығады кімнен еселі үн?!
Бүгін де жеңіл соқпады,
Токпақтап өтсе кешегім.

«Тұлпармын» десе есегім,
Япырмау, қалай кешемін?
Өзгенің күйін ойлар ма,
Өзінің тапқан есебін.

Ығында тұрып көшенің,
Өрбіткен өтірік-өсегін.
Құлқынын көксеп өзімсіп,
«Көгертіп» жүр көсегін.

Мелшиген кейбір мешелің,
Деп отыр: бәрін шешемін.
Сондайға ауыр күрсініп,
Жүректің шетін тесемін.

Көксетпейді кешегім,
Алқынбай ескек есемін.
Кеш бастап, кейде кем соқсам,
Түзелермін, кеш, елім.

1994

ТҰМАНДЫ САҒЫМДАР

Көзімнен кетпейді шырайлы ағындар,
Ақша да, көкше де шағылдар.
Жезкиік жарқ етсе
Сексеуіл секілді,
Селк етіп құлшынар шағым бар.

Ел-жұртты жайлайды ашқылтым ағындар,
Ағындар оятқан таңым бар.
Қарағай секілді,
Аяздан жасарған,
Тағдырға касарған шағым бар.

Қалалар! Қалалар! Қалталы жауың бар,
Асқына бастаған дауың бар.
Қазағым қиналып,
Азабым көбейіп,
Көп кесел татты ғой ауылдар.

Қырсығып барады құйынды дауылдар,
Ашылмай қалатын жағың бар.
Жұт жылдам тарады,
Құт қайтып барады,
Тоқтатар амалын табыңдар.

Сансырап қалыпты сан түрлі дарындар,
Естілер қоңырау қағыңдар!
Ол тойып кекірді,
Сен тоңып секірдің,
Бір шығып, бір кірген жаның бар.

Әйтеуір санамда ортаймас арым бар.
Шошынтты талапай сарындар.
Ертеңді барлайық,
Адасып қалмайық,
Ашылсын тұманды сағымдар.

1994

«ЖҰМБАҚТАС» СЫРЫ

«Көкшенің көрдіңдер ме «Жұмбақтасын»?
Жайнаған көл шетінде сұр жартасын?
Ақ қайың, қарағайға тіл қатпайды,
Көкірегі селк етпейді-ау зіл батқасын.

«Ақ бура» шақырса да шың басында,
Бармайды судан шығып сырласуға.
Тас шемен беріштелген мұң мен зары,
Айтылмас көңіл жыққан бұл ғасырға.

Қарашы, неткен қатал тағдыр еді,
Ұқсайды Біржан салға алғыр өңі.
Сеземіп Үкілі Ыбырай өр мінезін,
Мағжанға елжірейді жан жүрегі.

Ақындар білмей қоймас сымбаттыны,
Тас-кеме ашылар деп жұмбақ сыры.
Тау жаққа жалт қарасам жаңғырыққан,
Естілді Ақан аға қымбатты үні.

«Жұмбақтас» жайнап кетті, көркі неткен!
Ақтоқты аңсағанда келіп жеткен.
Осы екен алтын қайық ғашығына,
Ақанға Ақтоқты қыз беріп кеткен.

Ішіне кіріп ашық тілдесіп ем,
Қарсы алды алтын қайық күймесімен.
«Таныса киіп барған Қоскөл жаққа»,
Ілулі тұр бешпенті түймесімен.

«Жұмбақтас» сырын аштым байқамаған,
Алыстан ән естілді «қалқалаған».
Қарасам «Оқжетпеске» күлім қақты,
Қайыққа қол созғандай Ақан ағам.

1994

* * *

Сен едің ғой көптен бір ойға алғаным,
Жақсы болар жатсынбай ойланғаның.
Сүйгіштесем бал тамған еріндерден,
Шығарарсың сенбестік ойран шаңын.
Ойлан деймін, ойланшы, ойлан, жаным.

Балғын дәурен базары есіңде ме?
Сүйген белгім бетіңде, төсіңде ме?
Тең бөлейік азабын сағыныштың,
Кездескенде қаймығып кешір деме.
Шықты деме, япырмау, есім неге?

Жақындай бер жан құштар жақын десең,
Бастай берсін сезім – өрт, ақыл – көсем.
Жетіп барам, Ертісті кешіп барам,
Маркакөлдің маралы «мақұл» десең.
Осынау сөзді үйреттің жасында сен.

1994

ДОСЫМНЫҢ БАЛАСЫНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ

Ұзақ Бағаевқа

Ұзақтың баласының өлеңдері,
Көрінді биік таудың терең кені.
Елді айтып, әкені айтып
Тебіренгенін,
Қайран дос бір тыңдауға келер ме еді?!

Оянбас ол ұйқыға кеткенімен,
Жан екен жер бетінде мектебі кең.
Ұзеке, мен өзіңді қайта көрдім,
Қияға қанат жайған көктеміңмен.

Ерұлан алаулатты жыр шырағын,
Ащы өмір ашты талай тың сұрағын.
Бетінен өзің үшін бір сүйгенше,
Елеңдеп,
Менің жетпей жүр шыдамым.

Ордана алтын күмбез құрылыпты,
Ойлы дос текті жүйрік сырын ұқты.
Биікте сен жетпеген жетем деген,
Жас қыран қанаты ерен шыныгыпты.

Жайнатты көз алдымда үміт гүлін,
Түрлентті сөз сарасы түбіт-үнін.
Байрағын Бағай ата желбіретіп,
Жайнады бәз-баяғы жігіт күнің.

Көндіксем ізіңді іздеп күрсінуге,
Қанықтым өзіңе ұқсас сыршыл үнге.
Бейненді жер бетінде жарқыратып,
Құйғытып жыр өрінде жүрсін бірге.

1994

КЕМ КӨРМЕЙМІЗ ТІРІДЕН

Жәнібек Кәрменовке

Жәнібек, домбыраң ба, елесің бе?
Келесің жазғы кеште кеңесуге.
Қазақтың арқалы әнін ардақтаған
Есімің қалды мәңгі ел есінде.

Кербез ән қалықтаса ұзап барып,
Елтуші ек, көңіл өсіп, қуат дарып.
Тік шырқап, жарқ еттің де өте шықтың,
Тал түсте аққан жұлдыз сияқтанып.

Аққу-қаз саңқыл қақса сахарадан,
Үніңді үзбей сақтар Отан-анаң.
Ұйқыдан Ақан сері аунап түсіп,
Шәкәрім мың алғысын айтар саған.

Дүлдүлдер дүбіріне қосқан өнер,
Жан едің қай сайысқа қосса сенер.
Қайғысы Құлагердің аз болғандай,
Өзіңмен қалды-ау кетіп «бес қарагер».

1994

* * *

Жан сырына бөгет болмас еш жарлық,
Жүз жылғы ойран-топаланға көз салдық.
Туған елім дербестікке қол созып,
Мағжан, Ахмет, Міржақыпты еске алдық.

Ұмытпадық
Сұлтанбек пен Тұрарды,
Шәкәрімге ізет еттік тұмарлы.
Сәкен, Ілияс, Бейімбет пен Жүсіпбек,
Аруақтары жебеп шаттық құралды.

Жетпіс жаста Үкілі Ыбырай атылды,
Зарлап қалды «Гәккулері» татымды.
Зардап шекті сырын ашып аштықтың,
Зұлмат өмір жеңді арайлы ақылды.

Жау жағадан, ит етектен арсылдап,
Алғанына шыдамассың жансыздап.
Қырандары оққа ұшқанда қазақтың,
Қарғалары төрге шықты қаркылдап.

1994

БІР КЕЗДЕСТІМ

Кездесуді Ай мен Жұлдыз қолдайды,
Құтты күнде кездестірді жол жайлы.
Бір кездестім, ғашық болдым,
Сөкпеңдер...
Кездеспеген қызды алуға болмайды.

Бір кездестім, сәтті сапар жалғадым,
Аян еттім, отты жырлар арнадым.
Бір кездестім...
Содан кейін ешқашан,
Басқа қызбен кездесуге бармадым.

Бір кездестім...
Қызды бойда ақ жалын,
Тіл жетпейді, айту қиын ар жағын.
Бір кездестім...
Содан кейін ешқашан,
Қорғаушыдай қыр соңыңнан қалмадым.

Бір кездестім...
Тағат тапты арманым,
Дос-жаранға толды төрім, жан-жағым.
Ең ақылды ісім болды жалғанда,
Ең алғашқы кездесуге барғаным.

1994

ТЕРЕЗЕДЕН КӨРІНІС

Көңілім аппақ, дала аппақ,
Ақ сүттей қалың жауған қар.
Телміртіп тысқа қаратпақ,
Ақ қиял, аппақ армандар.

Ақ қайыңдар қол сілтеп,
Жүрекке жылы дем берді.
Ұзақ жол ойға ой тіркеп,
Көңілді толқын меңгерді.

Жырымды талай оқыған,
Келмес те біреу сенгісі.
Ақ шашым өмір тоқыған,
Сағыныштардың белгісі.

Не дерсің қатал тағдырға,
Ауыр жол берген асауға.
Ел шетін көріп қалдым ба,
Сәт туды көңіл босауға.

Белгілі дос пен танысқа,
Қияға нұсқап жіберді.
Көп ұстады-ау алыста,
Қуатты күнде жігерлі.

Толқуға менде көп себеп,
Естелік есті не түрлі.
Аппақ қар басқан көк терек,
Көрінді өзім секілді.

«Әрі аяз, әрі күн ашық»,
Басқаға көңіл баптайын.
Жарқ етті өскен сырласып,
Ақ құба қыздай ақ қайың.

Сағыншақ ақын қараса,
Туған жер, жүрек өртеме.
Жеткенім қандай тамаша,
Кіндік қан тамған өлкеме!

1994

САҒЫНҒАНДА СЫРБАЙДЫ

Мұзафар Әлімбаевқа

I

Жаксы көрем
Мұзафарды, Сырбайды,
Олар біздің жас жүрекке нұр жайды.
Солдаттар ғой ұмытпайтын майданды,
Кезектескен бір қуаныш, бір қайғы.

Кесек мінез жан еді ғой
Сыр-ағаң.
Сүйкімді еді бар қазаққа ұнаған.
Мұз-ағаң да ойлап тұрсаң дәл сондай,
Ердің жолын,
Елдің басын құраған.

Ұлы мінез
Осы мінез ұққанға,
Жауға алдырмас келген іштен, сырттан да
Осы мінез керек мінез дәл қазір,
Егемен ел құтты жолға шыққанда.

Ашық айтып, шын жарылсам ағынан,
Жақсылыққа, ізгілікке табынам.
Ал, бүгінгі
Кей жөнсізді көргенде,
Үйде отырып Сыр-ағамды сағынам.

Жаным сүймес жікшілікке құмарды,
Бармас оған Сырбайлардай шын арлы.
Ал, бүгінгі «Кереметтер», ұят-ай,
Трайболизм деген сөзді шығарды.

Жоқ... ағайын!
Жөні келмес мұндайдың,
Елдікті ойла, етпесеңдер бізді айбын.
Қарсы шығам осындайға, әйтпесе,
Кешірмейді аруағы Сырбайдың.

Жікшілдерден үйде отырып қызарам,
Тәтті емес-ау, тілге ашы тұз алам,
Қарсы шығам осындайға,
Әйтпесе
«Қайдасың!» деп ренжиді Мұз-ағам.

II

Жақсы көрем
Мұзафарды, Сырбайды,
Олар біздің жас жүрекке нұр жайды.
Солдаттар ғой ұмытпайтын майданды,
Кезектескен бір қуаныш, бір қайғы.

Сыр-ағаңдар
Танушы еді кісіні,
Ол жақтайтын шықса ақын боп құс үні.
Алпамыстай алып еді өзі де,
Қобыландыға ұқсап туған пішіні.

Мұз-ағаң да
Бай мінезбен бекінді,
Жақсылығын санап болмас не түрлі.
Бар қазақтың мұңын шеккен абызы,
Келбеті де Қорқыт Ата секілді.

Мақал-мәтел,
Асыл мұра білгіші,
Тілге қорған, елге аян нұрлы ісі.
Жорықтағы қолбасшыдай
Түспейді,
Тапқыр сөзді тапқыш, сергек дүрбісі.

Не десек те артық болмас ол жайлы,
Тоқсан толғау
Тоқетерсіз болмайды.
Ең ғажабы:
Жақсы өлеңді Мұз-ағаң,
Көл қорыған қызғыш құстай қорғайды.

Ар-намысын салмайды ол бөліске,
Ден қояды ынтымақшыл жөн іске.
Жоламаған
Жеңешемнен басқаға,
Бұл Мұз-ағаң
Тірі жүрген періште.

Ақын сыры өлең болмай тынбайды,
Өз күнім де
Бір қуаныш, мың қайғы.
Мұз-ағаңмен бір тілдесіп шер басам,
Көңіл толқып сағынғанда Сырбайды.

1994

* * *

Дамылда, жаным, дамылда,
Аз емес алда шатты күн.
Көп жүрдік асау ағында,
Басайық көңіл аптығын.

Жайладым талай биікті,
Өмірдің кия төрінде.
Жыр етіп «Жезкиікті»,
Жарқ еттім өлең өрінде.

Қарлы боран өткердім,
Қалқайған бала шағымда.
Құм көшкенін көп көрдім,
Құрғаған Арал маңында.

Кен қазып қанша тер төктім,
Жезқазған, Жәйрем маңына.
Аралап жүріп жер-көкті,
Келмеді-ау өлең бабына.

Ағынды кезім көп болып,
Қалмадым оқыс кез тиіп.
Ақындық ауыр дерт қонып,
Шақыра берді «Жезкиік».

Дамылда, жаным, дамылда,
Әлемді тегіс шарладым.
Көп жылдар өтті сағымда,
Өлеңге берем қалғанын.

1994

ҚОРҚЫНЫШТЫ ҚОҢЫРАУ

Жөнін білмей нарықтың зарын татып,
Кей кеселді алдық-ау қалыңдатып.
Жидебаймен іргелес бір ауылда,
Дым қалмапты
Қант-шайға малын сатып.

Мал бар еді
Жететін қанша жылға...
Үфит-сүфит
Кетті ғой қармағында.
Ұят болды-ау, әлемге хабар жайып,
Абай тойы деп атой салғанымда.

Ақ жарылсам телегей тасытып сыр,
Суық хабар бой билеп, жасытып тұр.
Семейдегі Олжабай жүдеу күйі,
Ыза кернеп, жанымды ашытып тұр.

Дауыл қандай, жел қандай, сағым қандай?!
Сасып қалдым, сөйлер ем жағым талмай.
Зәрем ұшты, жабылған полигонда,
Үнсіз жатқан бір бомба жарылғандай.

Құйын сокты, бәйтерек мың жайқалды,
Терең теңіз шарасы шын шайқалды.
Момын қазақ нарыққа тез кірісер,
Жанталастың белгісі бір байқалды.

Беу, ағайын! Ел сенген әкімдерім,
«Мерседеспен» заулатқан атың керім.
Мәстек мініп барсаң да Олжабайға,
Обал етпе, көмекке батыл беріл.

Құт оралмас бос қаққан омырауға,
Абыройын ел, жұрттың төгіп алма.
Барлық әкім, құлақ сал, Олжабайдан
дабыл қаққан алғашқы қоңырауға.

1994

КӨКШЕНІҢ МӨЛДІР ЛЕБІ

Бағұстар Рамазановқа

Қаңқылдап қаздар қайтқан қоңыр күзде,
Құлазып қарай қалды көңіл түзге.
Сұм ажал Бағұстарды алып кетіп,
Көпсінді бір жақсыны өмір бізге.

Тағдырға айтқызбайды өкпе нені,
Ұлы боп ұстазымның көктеп еді.
Ержетіп атамекен Керекуді
Кенелтіп, маңдай терін төккен еді.

Бірге өстік Сырымбетте жас шағымда,
Келді ажал қылыш қайрап қас қағымда.
Бір жұлдыз жайнап тұрған ағып түсті,
Сарыарқа – асыл аймақ аспанында.

Қай жұлдыз жерге түспес құлап бір күн?!
О, тағдыр! Жас-кәріні сынаттырдың.
Сабыр ет, Бақыт жеңгей, Аманолла,
Қайғыны қақ бөлісіп, жылап тұрмын.

Сөз бе екен жанарыма шық тұнғаны?!
Өмірдің көп қой басқа ұқтырғаны.
Есінде Бағұстарды сақтар мәңгі,
Бір көрген тіршілікте жұрттың бәрі.

Төгілсе қайғылы өлең жүрегімнен,
Нұр шаштым топырағына гүл өңінен.
Бағұстар, бір жұттым деп қабылдашы,
Көкшенің мөлдір таза лебінен.

1994

БАС ҚОСАЙЫҚ, АҒАЙЫН!

Ер басына күн туса,
Ескеретін ел қайда?!
Ел басына күн туса,
Ес болатын ер қайда?!

Ел басына күн туса,
«Ту астында тұр!» десем.
Ер басына күн туса,
Ең жақсымен бірлесем.

Кетіп бара жатыр-ау,
Ауыздығым ұртымнан.
Бас қосайық, батыр-ау,
Ұят болды жұртымнан.

Түсінбей жүрсің сен мені,
Қамал тап адал құлқымнан.
Көргенде құнсыз теңгені,
Пендемін үнсіз қылқынған.

Жүрегім, неге күймейсің,
Қиындық шексе жан-жағым?!
Қолдан кетіп жүрмесін,
Дербестік деген арманым.

Көңілге келсе наз елес,
Жүректің тілін алайын.
Ереуілші аз емес,
Бас қосайық, ағайын!

1994

БИБІГҮЛ ӘН САЛҒАНДА

Сыңғырлап бұлақ аққандай,
Кербез ән толқып сырғыды.
Жүрекке шырақ жаққандай,
Сайрады қазақ бұлбұлы.

Қиялға бастап қайдағы,
Әкетті алыс арманға.
Ажары гүлдей жайнады,
Дыбыстан маржан тамғанда.

Қалады бейқам кім бүгін,
Қалауын әннен таба алмай?!
Жарқырап тұрды Бибігүл,
Махаббат жаққан алаудай.

Құштарлық оты бастаған,
Беу-беулеп әуен самғады.
Шарықтап, шалқып асқақ ән,
Жерменен көкті жалғады.

Үздігіп шықты үн-шырын,
Үкідей нәзік желкілдеп.
Үдетті ғашық жан сырын,
Үміткіл толқын екпіндеп.

Сұлу саз еркін желпіді,
«Гауһартас» қалды құлақта.
Өзгенің бәрі елтілді,
Өзім де кеттім жұмаққа.

1994

* * *

Кездестік бүгін екеуміз,
Дос-жараның алдында.
Жан-жаққа ертең кетерміз,
Анықтап көріп қалдың ба?!

Сағыныш сырын сезбес кім,
Құмартқан қара көзіңнен?
Арайлы таңмен кездестім,
Ауылда қалған өзіңмен.

Бетіңнен сүйсем әдеппен,
Толқыдың каусар тұнықтай.
Үмітшіл, қимас әлекпен,
Жүріпсің көңіл суытпай.

Құптады тағдыр жөн істі,
Бұйыртып мезет асылын.
Жалын мен жалын тоғысты,
Шоқ шығармай жасырын.

Болғаның бір кеш қасымда,
Әкелді қанша жұбаныш?!
Көргендей балғын жасыңда,
Кернеді бойды қуаныш.

Жүзінен шаттық шашылған,
Тап сондай мені кім мақтар?!
Кетеді қайта асыл жан,
Тулап қал, жүрек, тулап қал!

1994

БІРЖАН САЛДЫҢ ЖАНБОТАҒА АЙТҚАНЫ

Жанбота, мені шенеп майырмайсың,
Тоқымды шаптан тартқан айылдайсың.
Хан-төре үмбетінен айырғанмен,
Туған ел құрметінен айырмайсың.

Жанбота! Қырындамай бермен қара,
Деп жүр ғой жаңылған ел сені дана.
Күнде алдап бар қауымның есін алдың,
Шошынткан жоқсың жалғыз мені ғана.

Дәулетің қызыққам жоқ озығына,
Жан-жағың кетіп жатыр өз қамына.
Теңіздей терең тартып толғанамын,
Күйініп туған елдің тозғанына.

Шындықты шырын таза құптар халық,
Нәсілін сен қиналдың ұқпай қалып.
Күрсінем өзге ағайын оза тартып,
Жүдеген жалғыз үйдей жұтта қалып.

Үйірде тепкі көрген тайымдайсың,
Жөн білмей құрғақ сөзді жай ырғайсың.
Сен мені бүгін төрден айырғанмен,
Туған ел жүрегінен айырмайсың.

Біздің ел заманында ірі ел еді,
Қылығың оңбастай ғып дүреледі.
Білмеймін аласапыран дүние-дүрмек,
Қай күні, қайда барып тіреледі?..

1994

ҚОРҚАМЫН

Ел тонағыш есерлерден қорқамын,
Шен сайраткан шешендерден қорқамын.
Ойдан-қырдан ойран салған төріме,
Қара ниет кеселдерден қорқамын.

Жаным сүймес жұмбақ сөздің жортағын,
Екі көзім сүрінгенді қорытамын.
Бүкіл қазақ болмасын деп осындай,
Көшедегі қайыршыдан қорқамын.

Тасадағы басты есерден қорқамын,
Жол торыған баскесерден қорқамын.
Заты қазақ зәре-құтын қашырған,
Сайқымазақ даңғазадан қорқамын.

Қараң қалған алаңдардан қорқамын,
Құлқы тоймас сараңдардан қорқамын.
Дос боп жүріп қас боп кеткен қасымда,
Арам пиғыл жамандардан қорқамын.

Пайда сайлап түрленгеннен қорқамын,
Тайраландап жүргендерден қорқамын.
Асыл арман дербестігім жасқантып,
Күле кіріп, күңіренгеннен қорқамын.

Болжамаған ауыр жолдың сортаңын,
Жолықпасын қайран елге сор қалың.
Шырылдаған бар шындықты айтпауға,
Абай ата аруағынан қорқамын.

1994

* * *

Арпалысты күндерге жалындаған,
Таза, биік сақтадың арыңды аман.
Мінезіңе ризамыз тіршілікте,
Дос-жаранға ниетің тарылмаған.

Көз алдыңда жайнаса мың жұлдызың,
Немерелер ұлғайтып жүр тізімін.
Сол бақытты әкелген Дариғамен,
Қызығын көр ұлағатты ұл-қызыңның.

Бақ-дәулеттің тарылмас кенересі,
Қарсы желдің тоқтауға келер есі.
Қай кеңседе сен бүгін отырсаң да,
Атың биік Тайжанның немересі.

Бірге оқыдық, сол – өмір аманаты.
Есен-саумыз, сол – көңіл қанағаты.
Құттықтаймыз! Сен болдың елге әйгілі,
Жезқазғанның ардақты азаматы.

18.03.1994

ҚОРҚЫТ АТА

Қорқыттың тегі – түрік, ұлты – қазақ,
Баршаға бақыт іздеп шекті азап.
«Жерұйық жасаймын» деп туған жерді,
Қылқобыз бебеулеткен үні ғажап.

Желісін бұзбай өтер ұзақ күні,
Желмая мінді оздырмас тұяқтыны.
Өлімнен қорғаймын деп қиялдады,
Адамдай ақыл кені зияттыны.

Кер маздақ, қоңыр боздақ күйі жалын,
Ақтарса көкей кескен мұңын қалың;
Есімі аңыз-дастан қайран бабам,
Ел-жұрттың ойлап өтті мүшкіл халін.

Қорқыт-күй – мәңгі толғау тынымы жоқ,
Нұр шашқан сан ғасырға жылуы көп.
Ажалмен арпалысқан сиқыр сарын,
Сақталды асқақ арман тұнығы боп.

1994

САҒЫНБАСАМ

Қалай ғана шыдайды екен жанымыз,
Әр қияда атты арай таңымыз.
Жер бетінде сақтап жүрген бір күш бар,
Ол – өзіңе сарқылмайтын сағыныш.

Жабық сырды жеткізуге асықтым,
Келмес сонда көңіл бұзып жасыткым.
Жақындығы бос әуре деп ойлаймын,
Сағынышын үзіп алған ғашықтың.

Еске алудан ыстық ләззат сезем мен,
Ұмытпаудың досы үміт ежелден.
Елестейді қос жанарың мөлтілдеп,
Еріндерің сағыныштан кезерген.

Татынады көрмесем де тіл неге?
Бір сені айтып күмбірлейді күй неге?
Кездесуді армандай бер, калқатай,
Сағыныштың отын әнмен үрле де.

1994

ӘБДІЛДАНЫҢ ҒАЙНЕКЕНГЕ АЙТҚАНЫ

«Сексен бестің сездім ғой қайда екенін,
Білдім тірлік шаттыққа бай екенін.
Той бастаған
Көп жаса, қарындасым,
Мен садағаң кетейін, Ғайнекенім.

Ризамын, қызымсың, карындасым,
Ұлдан озар,
Көш бастар бабыңдасың.
Сексен бесте атаңды бір серпілткен,
Ниетіңді бір құдай қабылдасын.

Белгілі ғой еліме қайда екенім,
Ұзарғанын әр күннің пайда етемін.
Сені тапқан анаңнан айналайын,
Ақынжанды, ақ кептер Ғайнекенім».

Айтты осылай Әбекем той үстінде,
Ойлы сөзі жан зекет ойысты үнге.
Нұры жанды,
Көрінді бозша торғай,
Жұмырткалап жатқандай қой үстінде.

Пәк мінезден байқадым керемет ті,
Сезім сырын
Сол мезет өрен етті.
Сексен бесте аруға алғыс айтқан,
Ақын көріп жүрегім елең етті.

1994

СЕН ЕДІҢ ҒОЙ

Ауыл жаққа құстай ұшып асығам,
Көрсем деймін ақ қайыңдар қасынан.
Сен едің ғой ақ дидарың аңсатып,
Екі көзге көктен жұлдыз тасыған.

Ажарыңнан бір көргенде талдырған,
Нәр алушы ем, жасап іштей жан құрбан.
Сен едің ғой құштар етіп құлшынтып,
Ең алғашқы ғашық отын жандырған.

Шақырады артта қалған гүл көктем,
Әсем кештер, айлы түндер бірге өткен.
Сен едің ғой махаббатқа мәз етіп,
Сүйіп, құшып, ләззат алып үйреткен.

Қыз Жібегі қатар өскен құрбының,
Қиял екен сол ғажайып бір күнің.
Сен едің ғой тал түбінде сайраған,
Таң мезгілде мен естіген бұлбұлым.

Есім шыққа жасағандай қыз үгіт,
Қара көзің талмауратты сызылып.
Сен едің ғой, әлі де бір өзіңсің,
Қызықтырып жүрген, маған қызығып.

1994

ӨСИЕТІ АНАМНЫҢ

Айтқаны қызық анамның,
Әр сөзі мәңгі өсиет:
– Қасиетті адамның,
Досы боп өту – қасиет.

Аңдап бассаң сақ жүріп,
Аллаға жетер арызың.
Жақсылыққа – жақсылық, –
Деп еді, – ең зор парызың.

Сүрінсең өтер карамай,
Жолама жалтақ боркаға.
Адал достан аямай,
Барыңды төгілт ортаға.

Дақ салма сыйлы көңілге,
Желікпе дұшпан желдесе.
Дым бітпейді өмірде,
Ашуды ақыл жеңбесе.

Жабылып қалған түндіктей,
Тоғандай көрме ойыңды.
Бәйгеге түсер жүйріктей,
Жараулы сақта бойыңды.

Тұғырға сеніп жүрсең де,
Құзырға құлаш сермеп қой.
Біреуге ойнап күлсең де,
Болмауды күлкі зерлеп қой.

Кездесер тайғақ жол талай,
Тайсалмай өрге бар, жаным.
Бер жағын ғана барламай,
Байқап қал таудың ар жағын.

1994

БӘРІН КӨРДІҢ

Әпетай Ахметбековке

I

Заман заулап барды ағындаған,
Зар қақты ғой дегендер «бабын табам».
Қарай қалса бірғауым оң қабақпен,
Сырт айналып соғады қабырғадан.

Берсе де өмір, бермесе барын саған,
Ол әркімді өзінше қабылдаған.
Бақшасарай фонтаны секілденген,
Көздер аз ба тамшы жас арылмаған?

Кейде мырза қол беріп ағын-заман,
Атқан таңдай жайдары тарынбаған.
Қырық жыл қырғын болса да
Сақтап қалып,
Жақсылығын беруге жаңылмаған.

Бәрін көрдің…
Әпеке! Аяулы аға!
Сөз болып па мадақтау, аяу ғана?!
Үш соғыста от кешкен ардагерсің,
Жетпіс беске келмедің жаяу ғана.

Финдер содыр тиісті болмашыға,
Гитлер дереу, тұтқиыл төнді асыға.
Самурайлар тиісті-ау қосарланып,
Көзі жетіп тұрса да оңбасына.

Бәрін көрдің…
Арпалыс осы ағынмен,
Қыз көреген жалықпай тоса білген,
Қатар жүрген майданда Дәмеліге,
Тағдыр жақсы-ау жар етіп қоса білген.

II

Бәрін көрдің…
Бәсің жоқ дауыл таңдар,
Бас ауырса бар бірге ауырғандар.
Бірақ сенің есіңе көптеу түсер,
Рахымжандар, Мәліктер, Бауыржандар.

Бәрін көрдің…
Түлкідей бұраңдаған,
Бар сықырын көрсетті тұман заман.
Бірақ, сенің түсіңе жиі кірер,
Майдандастар «Алға!» деп ұрандаған.

Бәрін көрдің…
Жайқалды бала шалғын,
Ұрпақ өсіп, алдыңа қара салдың.
Сақталыпсың сал кербез, қуатың мол,
Құрбы жаққа келсе егер бара салғың.

Азаматсың ардагер елден ерек,
Тұр ғой содан жүзіңе нұр себелеп.
Отыз екінші һәм қырық екінші
Жылдар көрдің,
Өзге сөз неге керек?

Бәрін көрдің…
Кемесің Ертіс кешкен,
Салют шалған келбетің кетпейді естен.
Жүз жасыңда есен-сау жүздесейік,
Құттықтаймын әзірше жетпіс беспен!

Құттықтаймын бәйбішең, ұл-қызыңды,
Інім алды бір ғажап қырмызыңды.
Жүйрік, жорға мінгендей қабылдашы,
Жырмен тақкан төсіңе жұлдызымды.

1994

ӘН САЛУҒА КЕЛІППІН

Ең тамаша біткендей гүл өңірге,
Ақ дидарың, қыз бала, жүр көңілде.
Сен оятқан алғашқы сезімді айтып,
Ән салуға келіппін бұл өмірге.

Еске түсіп баяғы таң шуағы,
Аялайды сағыныш бал құндағы.
Жүрегімде жүз түрлі бұлбұл сайрап,
Саңқылдайды көкірек аққулары.

Ғашық сазға Ай мен Күн мейірленіп,
Әлем жайнап кетеді, терім кеңіп.
Тілдеседі жұлдыздар, үндеседі,
Сен жеткізер бақытқа сенім беріп.

Ашылғандай өмірдің шат құшағы,
Ән толқыса ақ жарқын сәт қызады.
Үлбіреген төгіліп үн жүрекке,
Көленкеңді көзіме тапқызады.

Сұлулықты ардақтап жар салуға,
Құштар мезет қызығын қарсы алуға;
Сені көріп құлшынған кезімді айтып,
Ән салуға келіппін, ән салуға.

1994

АРДАҚТЫ АРУ ЭКОЛОГ

Әлия Бейсеновага

Мінезбен өргек қарулы,
Сүймейтін күйреп налуды.
Аяулы, сергек ақ кептер,
Табиғат тапты аруды.

Айтпасам сырым толмайды,
Айтпасам қатер орнайды.
Арал мен Семей, Каспийді,
Әлиялар қорғайды.

Есен-сау қалған саябақ,
Сүйкімді доска баламақ.
Қыздардан туған эколог,
Періште, пірі санамақ.

Арудың нәзік жүрегі,
Кіршіксіз, аппақ тілегі.
Сұлулықтың сұлулық,
Жер-көкте ең зор тірегі.

Жәудіреп басын иіп те,
Қара көз өрде киік те.
Арызын, назын арнайды,
Көрсем деп заңғар биікте.

Жайнаған гүлдің шоқтары,
Сәлемі сәтті көп тағы.
Жағылғандай көрінді,
Табиғат қорғау оттары.

Жұлдыздар тастап жүз белгі,
Көрдік-ау дербес біз елді.
Ниеті тұмса тағдырдың,
Жер-Ана, саған түзелді.

Атқарар Әлия ер ісін,
Кең дала сыршыл лебісің.
Ардақты ару-эколог,
Көбейсін құтты жеңісің!

1994

КЕРЕМЕТТІ КӨРГЕНДЕ КЕРЕМЕТПЕН

Сағындық Кенжебаевқа

Жақсы ағаны сыйлаймыз әкедей біз,
Алға бастап,
Құтты жол, жетелейді із.
Жастық шақтың көп жылғы кеменгерін,
Көсемім деп
Тік сөйлеп төтелейміз.

Біздің Сәкең адамды ардақтағыш,
Ардақтағыш жақсыны ар сақтағыш.
Неге десең
Ол өзі ар иесі,
Ел төріне сән берер ардақты абыз.

Арманы зор тілекті беріктеткен,
Нұры жылы көңілді көрікті еткен.
Қаз дауысты Қазыбекті елестетер,
Әз келбеті құдайым беріп кеткен.

Қай белесін көрсе де жағдайдың,
Тарлан көкті өтеді танымай кім?
Нарыққа да нарлығын танытатын,
Мәрттігі бар ақжолтай Ағыбайдың.

Сарқылмайды бойында бай талабы,
Маңайында жас тоғай жайқалады.
Немерелер, шұбырған шөберелер,
Атам арыс деп еркін айта алады.

Дүние қызық: алды – той, арты – жалған,
Соны біліп серілік салтын алған.
Жас кезінде Сәкендер мәрт еді ғой,
Нағиманы өзгеден тартып алған.

Әр қадамын ағамыз төрелеткен,
Сол жеңгеміз жан сырын терең еткен.
Қыз Жібек пен Төлеген осы дерсің,
Кереметті көргенде кереметпен.

14.05.1994

ЖАС ЖЕЛКЕН

«Не берем, – деуші едім, – не көрем?»
Шыдашы, мен-дағы шыдармын.
Бір қызбен таныстым немерем,
Бақытты болатын шығармын.

Ақ тілек жібітер тасты да,
Мен нағыз боламын бас құда.
Әжесі-ау, сорайған сол балаң,
Айтсаңшы, он бестен асты ма?

Шақырып әкетті еркенді,
Көтердік біз де жас желкенді.
Шөбере-шөпшектер елестеп,
Үндемей қасимын желкемді.

1994

ТӨЛЕУСЕЙІТТІҢ ҰЛЫНА

Жаңа туған Асхатым,
Біз үшін сен хас батыр.
Алпыстан асқан әкеңнің
Көтердің көкке жақсы атын,
Көрсеттің жеткен мақсатын.

Аңсаған тойын әкелдің,
Аспаннан жұлдыз әпердің.
Ұлы жоқ үйге ұл келді,
Көңілдің шерін тазарттың,
Нақ отыз жыл жасарттың.

Үзілтіп әлди әніне,
Салады жас пен кәрі де.
Бір ұрпақтың тұқымы,
Ақ бұлақ ашты қайтадан,
Перзентсің нағыз майтабан.

Кемеңгер ойлы, салмақты,
Абайдай бол ардақты.
Өз әкеңдей дәл өлшеп,
Алысқа сілте қармақты,
Ертерек болжа алмақты.

Әкелдің ертіп теңгені,
Қазақтың ол да сенгені.
Ғасырың бөлек асылсың,
Тасқындап тағдыр бергені,
Нар қазақ бол елдегі!

1994

* * *

Саясат деген сайқал бар,
Әр заман қызыл түлкісі.
Көшеде шуды байқаңдар,
Құрғандай базар жыл құсы.

Саясат – жетер ақылы,
Білікті ерлер жарысы.
Жеңсін де озсын ақыры,
Адалдық атты ар ісі.

Жетпей де қоймас жүйрік бар,
Қызылды танып құйрықтан;
Тәуекел деген бұйрық бар,
Іледі қыран құйғытқан.

Беу, достым, зерле сен-дағы,
Не бітер отпен ойнасаң?
Сүйеніш болам мен-дағы,
Халқымның мұңын ойласаң.

13.08.1994.
Алматы

КИЕЛІ ОЙ

Махаббат бар деп жалғанда,
Қатырма, досым, басыңды.
Өтесің мәңгі арманда,
Кінәлап шеккен ғасырды.

Тоскандай жауың қос мылтық,
Қызбаска жаның қызады.
Отеллодай ышқынтып,
Еріксіз өтер ызалы.

Тоғжанды Абай аңсады,
Торығып өтті бұл елде.
Пушкин де қан қақсады,
Махаббат үшін дуэльде.

Мың бүктеліп, мың сынып,
Неге болдың тозарман?
Өкіне берме, күрсініп,
Артықпысың солардан?!

Жүрегім, сен де қағынба,
Тоқтатшы мұңлы күйікті.
Алданып бекер сағынба,
Сағымда қалған киікті.

Түйіні осы сырымның,
Ләззаттан күн жоқ жерінген.
Махаббат сол деп ұғындым,
Сыйластық болса сеніммен.

1994

ҮШ ДҮЛДҮЛ

Би десе түсер ауызға,
Қаз дауысты Қазыбек.
Айналған аты аңызға,
Дипломат, әділ қазы боп.

Бергені тағдыр ғаламат,
Төле бидей дананы.
Әр сөзін етті аманат,
Жоңғарлар қыскан заманы.

Үшеудің бірі – тең түскен,
Бар Әйтеке биіміз.
Түгел қамтып, кең пішкен,
Солармен қазақ іріміз.

Дербес ел болсақ азаттшыл,
Аударып әлем назарын.
Үш дүлдүл айтқан ғажап сыр,
Жадыңда жүрсін, қазағым!

1995

ҒАСЫР ЖЫРЫ

Ленинградты от қоршауда сынаған,
Жау қысқанда не көрмеді бұл адам?!
Сол күндерде қайғы кешкен қарт Жамбыл,
Жыр боратты қорғасыннан құраған.

Алатаудан алаулатып нұр тілек,
Жетті сәлем жалаулатып дүркіреп.
Ашыққандар азық алды, әлденді,
Тарыққанға туды ғажап жыр-тірек.

Төкті Жамбыл өлең-кенін ағынды,
«Ленинградтық өрендерін» дабылды.
Қоршаудағы тірі қалған кәрі-жас,
Ғасыр жыры дәл осы деп табынды.

Тыңдай қалшы, түсінбейді кім ғана,
Бар қайғыны айтар зарлы үн нала.
«Мамам өлді… ағам өлді… біз жоқпыз»,
Деп жазыпты дәптеріне бір бала.

Саған риза сәби-құрбан сол бала,
Саған риза өз анамдай сорлы ана.
Бір өлеңге ғасыр кегін сыйғызған,
Жамбыл ата, бұл заманда сен ғана!

Ленинградты көрсем бүгін нұрланам,
Нұрланамын, толғанамын арнап ән.
Пушкин, Шоқан ізін басып Жамбыл жүр,
Қиын күнде бірлескендей бар ғалам.

1995

* * *

Келешекке ақ тілек арнатулы,
Жалғыз сөзбен жаза алсам бар хатымды.
Айтқан сөзге берік бол дер едім мен,
Үрім-бұтақ, артымда зәузатымды.

БОЛАШАҚҚА СЕНІМІМ

Мен емеспін басы ауырса ыңырсып,
Сауын айтып,
Сауда жасар мың ыршып.
Өз күніңді ойлау қайда, туып тұр,
Ауылдарға ауа райы тымырсық.

Тар көшеде зар қақсап ән салды кім?
Қайыршы ғой
Зарықтырған жарлы күн.
Сейфуллиннің көшесінде сенделген,
Жұмыссыздар көрдім мүшкіл тағдырын.

Күлкісін-ай шет елдіктің күміс өң,
Сол болды енді
Біздің халді білісер.
Барын салып,
Барымды алып, шалқып тұр,
Ол пайдасыз жерге қашан кірісер?!

Ауырлықты көтерісер елдегі,
Қаныш аға,
Ол сен ашқан жер кені.
Дербестікті бірге қорғап келесің,
Алтын мен жез,
Асыл етіп теңгені.

Бір ашар деп елдің жүдеу шырайын,
Санап жүрміз
Сәт сағаттың күн-айын.
Үмітім бар бір сенетін бүгінгі,
Ол сен ашқан алтын қайнар – мұнайың.

Бізге қуат көмірің мен темірің,
Қасиетті әр кеніңнің тегі құн.
Байтақ елге мың жылғы азық жасаған,
Бар жиһазың – болашаққа сенімім.

1995

* * *

Аққу-қаз көші қаптаған,
Көктемгі көлде ынтығым.
Жүрегім толқып жаттаған,
Тыңдаймын ғашық үн сырын.

Әндетіп өлең өремін,
Ғажапқа қарап алдымда.
Сәулем-ау, сені көремін,
Аққумен қатар айдында.

Аңшылық қызық түс-елес,
Әуресін ашық айтамын.
Аңдығаным құс емес,
Бір өлең «атып» қайтамын.

1995

КЕЗДЕСПЕЙ КЕТКЕН АҚҚУЫМ

Махаббат, менде нең қалды,
Есімнен мәңгі кетпейтін?
Әурелі жүрек көз салды,
Жұлдызға қолым жетпейтін.

Құстардан сәлем айтамын,
Көрдің бе деп сәулемді.
Ауылға барып қайтамын,
Есіркеп балғын дәуренді.

Беу, сәтті жол, кезек бер,
Мені де байқа бір сынап.
Бар еді қызық мезеттер,
Жүректі өткен жұлқылап.

Қайтадан сондай туар таң,
Басардай аңсау азабын.
Бір көрсем деп құмартам,
Ақ құба қыздың ажарын.

Бар еді нәзік бір әні,
Толқытқан әсем тәтті үнін.
Есімнен кетпей жүр әлі,
Кездеспей кеткен аққуым.

1995

ОСЫ ҚЫЗ...

Осы қыз маған неге көп қарады?..
Жүрекке қарашығы от салады.
Жалғанда жаным қалса жарар еді,
Тірідей неге ішіп-жеп барады?!

Осы қыз маған неге көп үңілді?..
Бұзбаса жарар еді көңілімді.
Махаббат деген ауыр сырқат қонып,
Өзгертіп жібере ме өмірімді?!

Осы қыз маған неге қадалады?..
Қоймаса екі көзі жан алады.
Ай жүзі тұла бойды тебірентті,
Тұтқынға қайран жүрек қамалады.

Осы қыз маған неге көп қарайды?..
Қимайды, қызықтайды, дос санайды.
Қасынан кетіп қана қалар едім,
Құмарткан қайран көңіл қоштамайды.

Осы қыз маған неге телміреді?..
Жайнаған қос жанары мөлдіреді?..
Сақина сау басыма сатып алдым,
Тағы да бірдемеге көндіреді.

Осы қыз маған неге тесірейді?..
Білмеймін ойда жоқта не тілейді?..
Құшақтап екі беттен сүйіп алдым,
Оның да шығып кетсін есі мейлі.

1995

ҚАЙНИ ЖЕҢГЕЙ

«Сарыарқаға» бір салшы, Қайни жеңгей,
Кім айтады бұл әнді балқып сендей?!
Адам әнін тұрсам да құлақ естіп,
Тоты сайрап жатқандай қалдым сенбей.

Үнің қоймас жүрекке еркеленбей,
Сипай қақтың кос шекті шерте бермей.
Ән шалқыса ажарың жайнап кетті,
Ғашық назы жүректі өртегендей.

Қисыны жоқ бұл сөздің жалған ұқпақ,
От басында дүлдүлсің қалған ықтап.
Мені қойшы, оянды қарт Алатау,
Кәрі шалдай іңірден қалған ұйықтап.

Қайни жеңгей, бір салшы «Сарыарқаға»,
Басқа ырғақ көңілді жаңарта ма?!
Алатаудай қартайып қалмасам да,
Осынау әнің оятар таң атарда.

Топ ішінде тамсантса сайраганың,
Кетеді екен жарқырап айқабағың.
Көптен бері осылай толқымап ем,
Білмедім ғой қалғанын қайда жаным.

Әнші қайда тап сіздей ұнар маған,
Естігім кеп ес кетіп құмарланам.
Тәтті болды ет пен шай ән қосылған,
Үн арнадың қайнына гүл арнаған.

1995

ҚАНСОНАРДА

Қыс қыраулы ақпанда,
Аппақ қар жерді жапқанда;
Бұрала толқып бұлқынып,
Орманнан түлкі қайтқанда;
Қар бетінде қып-қызыл,
Сыландап алау жаққанда;
Қызықтырып, құлшынтып,
Қиядан көзді тартқанда;
Қиқу салып жігіттер
Жүйріктер қыза шапқанда;
Қыңсылаған тазылар,
Төскейде ізін тапқанда;
Біреулер құлап сүрініп,
Кейбіреу тұрып жатқанда;
Хас батырдай саңқ етер,
Қара бүркіт аспанда.
Жанары жайнап жарқ етер,
Қос қанат ұқсап қақпанға.
Қызыл түлкі жасқанып,
Қан қызуы басқарып,
Тау жаққа тартар сасқанда.
Ұмтылып қыран қашқанға,
Қызығар көзін ашқанда.
Шүйіліп түсер жұп-жұмыр,
Ағыны қатты тастан да.

Тамақтан құшып бұлқынтпай,
Бөкседен қысып жұлқынтпай,
Құмарың қанар басқанда.
Тап осыдан, жігіттер,
Тірлікте қызық асқан ба?!
Айтып кеткен ғажап қой
Абай мен Үкілі Ыбырай.
Сонарға шықпау азап қой,
Қайран сол аңшыл күнім-ай!

1995

ДОМБЫРАМЕН СЫРЛАСУ

Домбырам, ата мирас егізімсің,
Жүректің сенсіз қалсам шегі үзілсін.
Мәдидей бұлтқа қарап, тау толқытсам,
Жан сырын ұқпаған жан өзі білсін.

Барады жылдар өтіп ағындаған,
Қарады жаутаң қағып сағым-далам.
Адасқан қараторғай қайда барсын,
Қаңтарда қонар пана табылмаған?!

Домбырам, көк желкені ақ кеменің
Секілді жол бастасаң сеп беремін.
Ауылға ауыр күнде серік болып,
Көңілдің шамшырағын жақшы, өлеңім.

Домбырам, қолымда ерке құралайым,
Мен де бір сен сияқты құба қайың.
Үмітпен келешекке күле қарап,
Жаныма шер батса да жыламаймын.

Қиналсам көзім шалып ел кескінін,
Өзге жыр көкейіме келмес бүгін.
Құлшынар, қанаттанар тусын күндер,
Туған ел берік сақтап дербестігін!

1995

ЗАМАҚШЫРДА

Ассалаумағалейкүм, ағайыным!
Жалғыз сөз жасамайық қалай ырым?
Қасымда өңшең тарлан дөй қазақтар
Мен ғана ішіндегі «жабайымын».

Бауырдан адамға артық ғажап бар ма?!
Төгіл, жыр, толқы, қалам, наз ақтар да.
Әкелдік атамекен сағынышын,
Түркімен жеріндегі қазақтарға.

Біз келдік Мақтымқұлы құтты еліне,
Ол ортақ бірге шеккен мұң-шеріме.
Түркімен, өзбек, қазақ, тәжік, қырғыз,
Ұқсаймыз Айлы аспанның үркеріне.

Қандаспыз дінім, тілім, ділім бірге,
Туып тұр тәуелсіздік Күні бірге.
Аралдың айқасында бас қосқанда,
Шығып тұр бір ауыздан үнім бірге.

Қарсы алды қауым асыл, ауылда асыл,
Толағай ақ дастархан жайылды асың.
Жер шары жеті айналып кетсе-дағы,
Бірліктен дәмдес, тұздас айырмасын.

Көп екен «Жезкиікке» салатындар,
Толқыдым көріп қанша қанатым бар.
Бір емес, жеті түрде шырқадыңдар,
Сол үшін есте мәңгі қаласыңдар.

Естідім «Аққу жеткен» табысқанын,
Бақыт қой қанат қақса алысқа әнім.
Осындай сәтті болсын, ағайындар,
Аралдың айқасына барысқаның.

Бауырлас дәм жалғасар сенім іздер,
Жүрекке мәңгі жүрек теліңіздер.
Құтты жыл, осынау жыл салтанатты,
Тойына Абай ата келіңіздер!

1995

ЖАМБЫЛ АТА

Жамбыл десе жасымнан елендедім,
Қозғаушы еді жанымның терең шерін.
Соғыс жылғы балалар – біз де сенің,
Ленинградпен тағдырлас өрендерің.

Уытты сөз адамға берер сенім,
Ел толғағын тебіреніп кең екшедің.
Алғадайдың азасын тиеп жетті,
Мұңға толы мұхитқа кемең сенің.

Асыл толғау, отты сөз, асыл үнсің,
Бұлт төсінде жарқ еткен жасынымсың.
Алатауды Невамен жалғап кеткен,
Әлемге әйгі өзің бір ғасырымсың.

Өкініш пен өксікті кезектеткен,
Мұң таскының өлеңмен тежеп кеткен.
Қос дәуірдің куәсі – Жамбыл ата,
Бақыт құшқан тағдырың ғажап неткен!

Атыңды айтса кәрі-жас етер елең,
Асау ғасыр құрметтеп, мәпелеген.
Абыз ата, ардақты болып өттің,
Мұхтар, Сәбит, Күләштар «тәтелеген».

Мақтан етіп сыйласақ атыңды асыл,
Қаныш аға қашан да қасындасың.
Беу, қазағым! Көгілдір ту көтерген,
Жамбыл десем шабысың қарқындасын.

1995

АСЫЛ ҰЛЫ ҚАЗАҚТЫҢ

Халел Досмұхамедовке

Арнаған азат таңға жан өрісін,
Ардақты барша қазақ Халелісің.
Алашқа алтын күмбез орда салған,
Заңғайыр өнер-білім әлемісің.

Жарасқан суыт жолға ат-тұрманың,
Ар-намыс екі етпедің тапсырғанын.
Дәрігер, ғалым, ұстаз һәм қаламгер,
Айқаста артық сарбаз таптырмадың.

Ізіңмен жүріп дәріс таттық дәмін,
Көп ойлап күрсінсем де аптықпадым.
Туған ел құшағына қайта басты,
Тар сөкпақ, қилы заман лақтырғанын.

Көп сұмдық көз алдымнан сырғанайды,
Қас болып адал досын кім талайды?!
Дәлел жоқ, Халел аға, сізді айыптар,
Күн туды шер тарқайтын бірталайғы.

Алты Алаш ардагері – Халелісің,
Тұр қаулап, мәңгі көктеп бар егісің.
Елім деп еңіреп жүріп, аңсап өттің,
Қазаққа азат өмір әдемісін.

Басылмай Махамбетшіл қарқын әлі,
Қияда ақ боз атың аркырады.
Алаулап Атырау жақтан жалауланып,
Зор тұлғаң жанартау боп жарқырады.

17.11.1995

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ

Ғаламат қайдан десең бір өзінде,
Жақсылық жылу төгіп тұр көзінде.
Жүрегі асылдардың желбірейді,
Ақжарқын, әділ, таза мінезінде.

Елгезек Айға ұмтылған баладайын,
Жаратпас мөлтек мақтан алақайын.
Жүрекке жүрек қосып жүреді екен,
Ел-жұртпен тіл табысып қарапайым.

Қорқыттай мәңгі жұмақ жер іздеген,
Жәдігер ақ ниетін негіздеген.
Елде бар өнерпазбен сыйлас, тату,
Дариядай барын қосқан теңізбенен.

Жан-жаққа жауар бұлттай еліктегіш,
Өтеді ол бар өнерін төгіп тегіс.
Арасын ағайынның жалғап жүрер,
Оң мен сол, кем-кетігін көріп тегіс.

Шексе де шерлі күндер көңіл қалған,
Ол үшін болмас осынау өмір жалған.
Атай бер кемеңгер деп жақсы адамды,
Ел мен ел арасына көпір салған.

14.08.1995.
Алматы

ЖАМБЫЛ АТА, КЕРЕКСІҢ ОСЫНДАЙДА

Терең толғап, толассыз ағындадым,
Дауыл кешкен алмай тұр дамыл жаным.
Қара қылды қақ жарып, тік сілтесем,
Жамбыл ата! Қолдасын аруағың!

Елді малсыз тастардай таза тақыр,
Бас көтертпей аш нарық бара жатыр.
Ауыр күні ауылдың күңірентіп,
Таңдай қағып, талықсып дала жатыр.

Еркеленіп жол кесіп тұра қалмай,
Тұз күйдіріп табанын сынағандай.
Жүйткіп өтті Жезкиік мұң қамалған,
Мойыл көзі мөлт етіп жылағандай.

Алапатқа сезгендей жолығарын,
Арал қайтсін... Іш тартпай соры қалың.
Беу, адамзат! Көрсеңші, көз алдыңда,
Құм жұтқандай жоғалды лағыл ағын.

Әму мен Сыр адасты сағасынан,
Ауыл көшті «Ақ шөлдің» арасынан.
Осындайда көксейміз, Жамбыл ата,
Зор даусыңды адамға жаны ашыған.

Жүз жасыңда көтерсең өлеңді өрге,
Нұр шашып ең күрт қайғы, терең шерге.
Бүгін ауыл тұрғыны келеді ұқсап,
Ленинградтық тым жүдеу «өрендерге».

Әлемге әйгі еске алып дабылыңды,
Арып-тозған ауылдар сағынулы.
Қысқа қолым күрмеуге келмеген соң,
Болдық, Жәке, долларға бағынулы.

Дерт секілді арсыздық ұрық шашып,
Өрт қаулады көп сұмдық тұйықтасып.
Кей ақын жүр төремен әмпайласып,
Көп ақын жүр тіл қатпай күйі қашып.

Атағы ма, ақшасы, шекпені ме,
Кей ақын мәз өз қолы жеткеніне.
Пайдакүнем бастығын өле мақтап,
«Жаның ашыр» көз жасын төккеніне.

Коммерсанттық жылы орын сайлап алып,
Кей «дөкей» жүр төр жақта айлаланып.
Талапайдың тал түсте бетін ашар,
Бір Жамбылдың керегі айдан анық.

Елдің шеті түскендей тосын жайға,
Қайыршыны көріп жан шошынбай ма?
Алатауды жаңғыртып ашық айтар,
Жамбыл ата!
Керексің осындайда!

1996

АШЫЛМАҒАН ҚҰПИЯ

Айтар сөзде бір «гәп» бар,
Қалай жаным сыр сақтар?!
Ашылмаған беу, қалқа,
Бір құпия тыңдап қал.

Қиналарсың құп алмай,
Таңданарсың ұға алмай.
Мен келемін әлі де,
Жастық шақтан шыға алмай.

Сандуғашы сайраған,
Гүлі көзді байлаған.
Махаббат боп кетеді,
Маған ғашық айналам.

Қарай қалса гүл күліп,
Масайраймын тың жүріп.
Жұлқынады жүрегім,
Басталардай бір «бүлік».

Іңкәрлықтан таймаған,
Мәңгі көктем сай маған.
Елестейді еркелеп,
Ақ дидарың жайнаған.

«Жезкиігім», «елігім»,
Бәрін саған телідім.
Сағынтады әлемде,
Сенен артық мені кім?

Айтар осы жаңалық,
Жасырмаймын, бәрі анық.
Мен келемін әлі де,
Жастық шаққа қамалып.

ДӘПТЕРІН АҚЫН ДОСТЫҢ ОҚЫҒАНДА

Тұманбай Молдағалиевке

Үйреткен жастай дауыл жойқыны ма?!
Ұқсаймыз бір теңіздің толқынына.
Тебірентті бәрі маған арналғандай,
Үңілсем дәптердегі мол сырыңа.

Нәр алып жүрегімнің жарасына
Еріксіз құлшынамын жанасуға.
Сен жазған өлеңдерді мен жаздым деп
Еріксіз ұмтыламын таласуға.

Өзіңдей қос аналы ұлмын жастан
Жақынсың құпияны жыр ғып ашқан.
Өткен күн мөлдір, таза көшірмесі,
Алдымда тұр егіздей бұлжымастан.

Бәрі айқын біліп, білмей жүргенім де,
Жылағым келген кез де, күлгенім де.
Ардақтап екі ананың мархабатын,
Тіл жүрді бір сөз айтпас күрмелімде.

Кім сезбес дүниеде ана барын,
Қинамас қай ананың бала жанын?
Сонда да өгей деген нышан бермей
Теңбе-тең екеуін де бағаладым.

Өмірге өршіл оймен ұмтыламын,
Қос анам сонда жігер-күш құралым.
Екеуі екі жұмыс тапсырғандай
Ақтауға ақ сүттерін ышқынамын.

1996

ЖАҢА ТУҒАН ОЛЖАСҚА

Жас ұяға екі балғын ғашықтан,
Азияда ақжолтайлы атып таң;
Олжас атты бала келді,
Мен білсем,
Жұлдыз болып жарқ етуге асыққан.

Осыны ойлап жүрек қатты тулайды,
Ішкі сыбыр сан құпия сыр жайды.
Сенетінім, білетінім, ағайын,
Осал бала Олжас болып тумайды.

Құтты жылдың құшағына сенгенде,
Сәт тілейік тағдыр олжа бергенге.
Кіші Олжас есік қағып үлгерді,
Үлкен Олжас дәл алпысқа келгенде.

Римге де жеткізгенде жол басы,
Олжастың да аз болмасын олжасы.
Ақын болып тумаса да жас Олжас,
Саясатта болар мүмкін қолдасы.

Кіші тулар көрікті ғой асқармен,
Үлкен Олжас кіші Олжаска қос дәрмен.
Аттастарың атой салып қарсы алар,
Аттың басын бұрған кезде достармен.

Орындалсын тойда тоқсан тілектер,
Беу, жас Олжас!
Жақсылықты күреп кел.
Ақ сұңқардың бір мінезі дарыса,
Мауқын басар лүпілдеген жүректер.

Түйін жасап шөксем сөздің затына,
Ұрынбаймын: секем көңіл татына.
Олжас болу оңай емес, қарағым,
Бақыт деп біл дақ салмауды атыңа.

1996

ҚҰТТЫ БОЛСЫН ТОҚСАНЫҢ!

Дүйсенқұл Сарықұловқа

Дүйсенқұл аға! Құтты болсын тоқсаның!
Осы еді ғой тіршіліктен тоқсаның.
Ғұмырың үлгі ойлап өткен ел мұңын,
Айлакерлер арман етсе өз қамын.

Туса тойлы асыл дәмді татар күн,
Азы қалды үзеңгілес қатардың.
Сен бұрынғы министрлер ішінде,
Ең үлкені – Пайғамбары атандың.

Құт қонғаны – тисе бүгін үлкен төр,
Қасыңда отыр өзің баулып күткен төл.
Жетістіктер – ол, ағалар, өздерің,
Ал, бірақ та кемістікті бізден көр.

Жүрер жолдың абайламай затын біз,
Кешегіні соққылауға батылмыз.
Талай жылдар қолда барды талқандап,
Біржолата қирата алмай жатырмыз.

Той үстінде, аға, біраз наз арттым,
Соры қалың туыпты ғой қазақтың.
Қиындықтың талайына шыдармыз,
Ел бекінсе баянды боп азат күн.

Көптеу айтсам асау заман толғағын,
Толғандырмай қоймады ғой «жорға күн».
Құтты болсын бар қазақтың, жан аға,
«Су иесі – Сүлеймені» болғаның.

20.07.1996

* * *

Өлеңнің бағы жанбас сөз төселмей,
Сескенем осал жері көз тесердей.
Ой – толқын, жаным – теңіз, мың толғанам,
Бір сөзім бүкіл елмен кездесердей.

Жазбауға қоймас жүрек ерік бермей,
Мезетке қалам қайтсін серіктенбей.
Ащы тер, нұрлы мұңым бой балқытар,
Күншуақ қалың қарды еріткендей.

Әз жаным жаралғандай ойлы өлеңнен,
Ұзақ жыр жарысады шақ көлеммен.
Сыбырын көкіректің дәл айтамын,
Найзағай түссе-дағы қақ төбемнен.

Нарыққа бара жатқан қайыр сұрап,
Жүректі теседі екен арық-тұрақ.
Ауылдың бағы ашылса жарар еді,
Қолында құрып кетпей айыр тұяқ.

Жөн сөзді шын жөптеймін бірлік деген,
Үмітсіз адам болмас нұр күтпеген.
Аш-арық тез азайса жарар еді,
Құлазып күдер үзбес тірлік сенен.

Түзелер елдің сиқы сәтін шолып,
Айтарлық ақ тілекті хақым толық.
Ауылдың ауыр күйі тебірентті,
Әйтпесе неге керек ақын болып?!

Адамның адамдығын көтерем деп,
Өмірім бара жатыр ақ өлең боп.
Туған ел, қайда жүр деп қапаланба,
Қайсармын жатып қалмас көтерем боп.

Сырымды ұқ. Болсын әділ білгендігің,
Дәл мендей бекітеді іргеңді кім?!
Бір емес, екі күнге есептелсін,
Аралдың айқасында жүрген күнім.

1996

ҰЛЫТАУ МЕН ОРАЗАЙ

Сан ғасырлар…
Төр, төбеде құбылмай,
Тұлғасына Едігешіл сыры сай;
Жер ортада
Желбіреп тұр Ұлытау,
Бар қазақтың тозбас көне туындай.

Қасиетті аймақ –
Жер патшасы кемеңгер.
Осында өсті талай арыс ерендер.
Ұлытауда туды әйгілі Оразай,
Айтқан сөзі қызған сайын тереңдер.

Ол – қазақтың
Тұғыры нық тұлғасы,
Ол – тілмәштар баба тұтар шың басы.
Ол – туған ел саясаткер тарланы,
Беу, сырткы істер, сарбаздары, тыңдашы!

«Елбасымен елші туар егіз» деп,
Сөз асылын арқау етті негіздеп.
Тірі жанды жөнді сөзге көндірді,
Бүлінгенге бүлдіргісіз ем іздеп.

Қызыл тілді қылыштан зор серметті,
Еңіреп туды шекпесін деп ел дертті.
«Аждаһа» мен «Аю» кезек келсе де,
Сыр білдірмей,
Бір сүрініп көрмепті.

Абылайды ел
Хан көтерген жері де,
Оразай туған атамекен шебі де,
Тақау жатыр,
Естілердей дауысы,
Кісінеген құлыншақтың желіде.

Талай жылғы жоғалтқаным табылды,
Егемендік рух жеңді «сақ үнді».
О, аруақ!
Кеш оянсақ, сен кешір,
Сөнген шырақ бүгін қайта жағылды!

БОЛСАЙШЫ

Жер бетінде жамандық жүрмес болсайшы,
Көңілді көңіл қайыра білмес болсайшы.
Сұм жалғанның от-жалын, дүлей дауылы,
Адал достан айыра білмес болсайшы.

Айлы аспанды бұлт баспастай болсайшы,
Жақсы мен жақсы қастаспастай болсайшы.
«Сүйдім» деген бір ауыз сөзден қос ғашық,
Көз жұмғанша бас тартпастай болсайшы.

Өсек пен өтірік жүгірместей болсайшы,
Үміт пен сенім үзілместей болсайшы.
Ойда жоқ жерде от шығып кетіп орынсыз,
Адамнан адам түңілместей болсайшы.

Еліме тағдыр жолатпас жұтты болсайшы,
Киелі көштің қадамы құтты болсайшы.
Тістегеннің тісінде кетпей ағайын,
Әділеттің жолында мықты болсайшы.

24.12.1996

БІЗДІҢ ҮЙДЕН ҰШҚАН ҚҰС

Айгүл Уәлиханқызына

Біздің үй Көктөбенің етегінде,
Мақтаймын, көпке әйгі етемін де.
Қанықтық көршіліктің қызығына,
Нарықтың кетпей артық жетегінде.

«Бұл неге өлең етті баспананы?»
Дегенге айтар сөздің басқа мәні.
Оңаша орда емес, көп пәтерлі үй,
Ұқсаған жақсы әйелге қас-қабағы.

Осы үйдің ынтымақшыл жігіттері,
Осында асау толқын тірлік кені:
Бүлдіршін үбір-шүбір балалар көп,
Аз емес кербез ару шыр біткені.

Жас ұрпақ көші қызық дүркіреген,
Бір күн би, есік алды бір күн өлең.
Айгүлжан, көш басында сен жүр едің,
Бәріміз ақ жолыңа нұр тілеген.

Ақбоз үй тоғыз қабат «Самалдағы»,
Көп көрші араласқан адал дәмі.
Дәл бүгін, сол ұядан ұшқан күні,
Арнап тұр ақ батасын саған бәрі.

Кәрі-жас гүл төгілтсе бұрқыраған,
Мені де шабыт жеңді жыр құраған.
Көрші-дос Уәлиханның қызыменен
Қоштасты құрдастары шұрқыраған.

Алатау сәт тілесе ақша қары,
Ақ жолға ақ батамыз бастатады.
Тілеген қос ғашыққа ашық аспан,
Сол үйдің мен боламын ақсақалы.

Жайнатсын тағдыр сенің жұлдызыңды,
Көркейтсін зор келешек нұрлы ізіңді.
Жас отау шаңырағын құттықтаймын,
Өзімнің ұзатқандай бір қызымды!

1996

АҚЫН ҚЫЗҒА

Өрде сен, жолығарсың еңісте сен,
Жырыңмен елге жаққан келісті әсем.
Әйтеуір өзгелерден асып туған,
Жердегі мен білетін періште сен.

Қиялың кең әлемді шарлай ма екен?
Күлімдеп күнді-күнге жалғай ма екен?
Бір өзің түн ішінде жыр құшақтап,
Албырап отырғаның қандай екен?!

* * *

Ойымды осынау құпташы,
Үш жүзге бөлу – жұт басы.
Тірлікті қандай шексек те,
Бірлікте өмір тұтқасы.

Ордалы жаумен қағыспа,
Опасыз достан алыста.
Сүйеніп өт қашанда,
Ар-ождан, бойда намысқа.

Есті адам сырттан сыйлайды,
Ақымақ жел сөз жинайды.
Өкпеге қиса ескі дос,
Өлімге сені қимайды.

Аспан-көк, биік ғарышта,
Жердегі қырғын жарыста,
Кез болсаң да қай дауға,
Бет жыртуға барыспа.

Жылы сөз асыл жетегі,
Өмірде септік етеді.
Қыршаңқы қылық өкінтер,
Түбіне ақыр жетеді.

Айтарым осы безектеп,
Ақыл-ой тұрсын кезектеп.
Қасықтап жиған абырой,
Төгілмесін шелектеп.

1996

АЛЫСТАП БАРАМЫН ЖАҒАДАН

Кең жалған әр күнін санаған,
Көңілде қобалжу бар алаң.
Туған жер, көркіңнен көз жазып,
Алыстап барамын жағадан.

Жанары мың толқып қараған,
Жан анам шықпайды санадан.
Желкендей кияда шарықтап,
Алыстап барамын жағадан.

Сыйласқан келгенше шамадан,
Тату дос, қыл өтпес арадан.
Ағайын, бауырлар қол сілтеп,
Алыстап барамын жағадан.

Шалғайды барлауға жараған,
Көгілдір ту тікті бар алаң.
Жастарға жақсылық жол тілеп,
Алыстап барамын жағадан.

Немерем жанарын қадаған,
Тілегі болса екен қалаған.
Болашақ күндерге сәт тілеп,
Алыстап барамын жағадан.

Таңырқап үңілсе сан адам,
Ауылым, кетейін садағаң.
Күрсінтіп жұқарған жүздерің,
Алыстап барамын жағадан.

Асқандай көп төзім шамадан,
Жасқандым жүректе жарадан.
Артымда, туған ел, сені ойлап,
Алыстап барамын жағадан.

Қызғандай асау күй сағадан,
Толғаныс күш берді жаңадан.
«Оралып келермін...» дегім кеп,
Алыстап барамын жағадан.

31.08.1996

ПІЛТЕ ШАМДЫ ӘЗІРЛЕ

«Жеті айналсаң,
Жер бетінде шындық жоқ»
Дегенге, дос, қамықпа.
Ес кеткеннен
Елде үлкен сұмдық жоқ.
Қолда барды аныкта.

Тірі пенде
Жасай білер жан тәсіл,
Көңілі толы күдікке.
Көкке қара,
Жердегіге көрсетіп,
Шындық болса биікте.

Көзіңді аш,
Өңің бе? Әлде түсің бе?
Кім, қалайша қарғады?
Таң қаласың,
Хан-базардың ішінде,
Шам сатқыштар зарлады.

Айқындасам
Сөздің ащы тұздығын,
Артта қалды бар аңыз.
Кешегіні
Ұрса-ұрса біз бүгін,
Баяғыға барамыз.

«Ильич» шамын
Сан тәлкекке салып ек.
Теліп тексіз әзілге.
Атасаң да
Қай бастықтың шамы деп,
Пілте шамды әзірле.

1996

* * *

Еслəм Зікібаевқа

Қырандай Жалғызтаудан шарықтаған,
Ақжолтай әр қадамың анық маған.
Шаттандым,
Шалқар думан ел жинасаң,
Жасамай сараңдығын нарық саған.

Қазақтың еш перзентін етпес өгей,
Қызы көп тау жақты ма Көктөбедей?
Әйтеуір Алатауды жайлап алдың,
Ешқашан қайын жұртқа өкпелемей.

Жасыңнан сыршыл ару – құсты іліп ең,
Шабытшыл ләззат, зәузат түсті үніңнен.
Заулай бер Құлагердей өршеленіп,
Жалғасып Мағжан аға ұшқынымен.

Сақтаған «Ақ қайыңдар» дауыл, желден,
Көп жылдар артта қалса тәуір желген.
Қанатын қаға берсін «Аққу-арман»,
Күн тусын бұдан да зор дәуірленген.

Жер жырткан бала күнде өгізбенен,
Батырлық өшкен емес негіз сенен.
Есілдің бір еркесі кездесер деп,
Келінге ризамыз сені іздеген.

Жастық шақ егделікке талмауратып,
Жол берсе, қабылдай бер жалаулатып.
Елінен Президенттің қыз алғанды,
Құдайым қоймас деймін жаяулатып.

Атыңды өлеңіңнен білген едім,
Тілегім кездескелі бірге менің.
Өрінде ақындықтың жайнай берсін,
Желкені «Есләм» атты жыр-кеменің.

17.08.1996

МӘШҺҮР ЖҮСІПКЕ

Жатқан жерің киелі,
Пір сүйер қауым ордасы.
Іздеп кеп басын иеді,
Ақынды сен де қолдашы.

Аруаққа сенген адаммын,
Көп құмартсам асылға.
Данадан тағлым алармын,
Деп тұрмын келіп басыңда.

Өткеніме көз салсам,
Аққу-қаз әнін маздаттым.
Баяндама көп жазсам,
«Баяннама» жазбаппын.

Соңынан жастай ерем деп,
Алғысын алдым арыстың.
Басқан ізін көрем деп,
Еліне келдім Қаныштың.

Айтылар әлі талай сыр,
Арқалап қайтем арзанды.
Жырлаумен келем талай жыл,
Тәттімбет, Ыбырай, Тайжанды.

Өзіңді жүрек іздетті,
Даңқыңды жүрсем тарата.
Маған да қоңыр күз жетті,
Батаңды берші, жан ата!

1996

ТОҚСАНҒА КЕЛГЕН АНАҒА

Тоқсанға келсе, Төрегелді, анаңыз,
Толағай күннің
Толықсып тұрған бәрі аңыз.
Қарт Ұлытау
Орныққандай төріңде,
Анаң барда данам бар деп санаңыз.

Ұлытау десем,
Жезқазған түсер есіме,
Жерлестікті
Жасыра қоям несіне.
Қайда жүрсек Қаныш аға дем беріп,
Сол өнір тартты
Біздерді өмір көшіне.

Нәзипа шешей
Ұлыңнан бастап сөзімді,
Ұмытты деме өз тойыңда өзіңді.
Жас кезінде
Қолыңнан Қаныш дәм татса,
Үйренді ұлың данадан берік төзімді.

Академик,
Министр болды кезінде.
Қуғын да шекті,
Құюлы ізі көзінде.
Қайтадан шықты алғы шепке
Жарқ етіп,
Өз тізгіні, өз билігі өзінде.

«Жалаңтөстей» жасқанбай ашық аттанды,
Ол биіктеу төреліктен жаттанды.
Жалғыз ұлың
Жартастай берік, нық жігіт,
Жұлдызың жанды,
Ақ сүтің, ана, ақталды!

Тілемес бақыт
Ардақты, асыл досқа кім?!
Сұңқарлар жолы
Ол дүбірге қосқан үн.
Соның бәрі
Өз береке, мерекең,
Ардақты ана,
Құтты болсын тоқсаның!

21.09.1996

БЕСІНШІ МЕЗГІЛ ЖҰЛДЫЗЫ

Шапық Шөкинге

Шапық аға, құтты болсын жұлдызың,
Ашықтанды артта қалған нұрлы ізің.
Қырсығы көп
Қияңқы күн өзгерді,
Бірдей жайнап түндерің мен күндізің.

Кеше саған
Батса заман тақымы,
Бүгін кірді егемен ел ақылы.
Талай жылдар көк аспаннан телмірген,
Алтын жұлдыз тапты иесін ақыры.

Аз емес қой
Көп күрсінген күндерің.
Ар-ұят та алды бүгін бір демін.
Қаныш аға аунап түсті-ау қуанып,
Бекігендей жарықшағы іргенің.

Дүр сілкінді асау Ертіс, Баяның,
Бабын тапты ізет етер баяғың.
Күзеп жүрген жал-құйрығын атақтың,
Түзеп берді тағдыр ақыр аяғын.

Нар тұлғаңмен кеңдеу жайдың құлашты,
Сексен бесің жиырма беспен ұласты.
Құйын, дауыл,
Талмай соққан соқыр жел,
Дымы құрып, қош айтысып қыр асты.

Жанса алтын кеудесінде талайдың,
Сәт тілейміз
Тақса оны қалай, кім.
Төсіндегі қаһармандық белгісін,
Жұлдыздардың төресіне балаймын.

Сенім артты, ақиқаттың сезді үні,
Ғұмырыңнан туды сәтті өз күні.
Кешкен тірлік төрт мезгілін атап ең,
Ашты есігін дәл бесінші мезгілі.

1996

* * *

Жүз құбылса өмірдің арай таңы,
Жүзі өзгерді кей достым маңайдағы.
Жүдеп қайтем ондайға,
Жолы болсын,
Жаны сыздап өтті ғой Абай-дағы.

Бір тамбастан бұлт барын жасырғаны,
Жатыр сонда бірталай ғасыр мәні.
Дербестігім ерекше сүйсіндірсе,
Ел тонаушы күрсінтті қасымдағы.

Жақсы күнге әкелсе заман селі,
Құлқын неге қушитты адам тегі?!
Талапайшыл жалған дос,
Жолың болсын,
Күндер өтті сыйлатқан маған сені.

Біреу мақтар сүйікті ақынын деп,
Біреу жақтар қымбатты жақынын деп.
Мен не дейін?
Бұл күнде аулақ жүрсе,
Дос болғандар биікте әкімін деп.

«Бір кездері өзіңді пайдаланған, –
Десең, – көне достарың қайда қалған?»
Жаман достар адасқан мал секілді,
Берген құдай бір өзі айдап алған.

Кештім дүние сан дүркін салған зарын,
Дені таза достықты армандадым.
Барға мәзбін, бею, тағдыр!
Тілейтінім,
Көпсінбеші қасымда қалғандарын!

1996

ЕСІЛ МЕН КӨКШЕ

Ерке Есіл, кербез Көкше әлімсақтан,
Егіз ел қоныс тапқан бір құшақтан.
Қыз беріп, қыз алысқан ағайын ел,
Абылай, Кенесары дәм-тұз татқан.

Жайласақ Есіл өзен алты алқасын,
Бірге айттық Сегіз сері «Гауһартасын».
Құлагер өліміне бірге жылап,
Екі көз бірге сүрттік аққан жасын.

Бодандық белгі орнатып бел-белеске,
Ел бөлген қай қылығы келмес еске.
Қайтадан көгілдір ту аясында,
Қосылды ерке Есіл, кербез Көкше.

Арамыз неге, достым, ыдырайды?
Бәріміз қуат еттік бір Күн, Айды.
Бөлмейміз Сәбит, Ғабит, Мағжандарды,
Бөлмейміз Ақан, Біржан, Ыбырайды.

Ақ қайың, қыз-қарағай оқалымыз,
Жұлдыздай ортақ дана Шоқанымыз.
Татумыз барлық ұлттың баласымен,
Дербес ел Қазақстан – Отанымыз.

Көш бастап жаңа тілек алға бұрса,
Жөптедік болашаққа жанған нұрша.
Бірлесіп, білек қосып, бірге өсейік,
Бір қазақ жер бетінде қалғанынша!

1997

КЕРБЕЗ КӨКШЕ КЕЛБЕТІ

Келбетіне қараймын, сері Көкше,
Сал табиғат жаратты сені ерекше.
Күндік жерден Сырымбет сылаң қақты,
Бой жазғандай Құлагер бел-белесте.

«Оқжетпестің» Бурабай етегінде,
Шақырып тұр «Жұмбақ тас» екеуін де.
«Алтын қайық» секілді күймелеген,
Қос көл жаққа Ақтоқты кетерінде.

Қандырады табиғат сырға қандай,
Ару қайың алдымда тұр таранбай.
Ақын Сара секілді жаутаң қақты,
Ақ маңдайын Біржан сал сипағандай.

Торғын желің толқыған самал төксе,
Дертті жүрек сауығар аман жетсе.
Үкілі Ыбырай өткендей «Гәккулетіп»,
Ғашық күнді қос аққу салады еске.

Көрген адам тамсанып қарағандай,
Ақ бураны құлатты жара қандай?!
Кенесары жатыр ғой үңгір тасы,
Ақ тайлақты аңсаған қара нардай.

Күн кешпейді «Жалғызтау» дараланбай,
Мұңаяды жанында жара бардай.
Ел-жұртты ойлап тебіреніп Есіл жақтан,
Мағжан ақын Көкшеге қарағандай.

Қоңыр кеште ырғалып самал ессе,
«Жеке батыр» Баянды салады еске.
Жұмбақ дүние, көгілдір жұмбақ өмір,
Мың құбылған келбеті қалады есте.

1997

КӨКШЕТАУҒА

Көкшетау, төбең биік мұнар ма еді?
Қайғы-шер екеумізге құмар ма еді?
Сұм жалған қайта-қайта сынатпаса,
Мұң шалған ән жүректе тұнар ма еді?

Көк тұман «Окжетпеске» төгіледі,
Екі көз мың елеске бөлінеді.
Тұрғандай Кенесары, Наурызбаймен,
Айыртау қос өркеші көрінеді.

Қона алмай «Қараторғай» қара жерге,
Қалықтап көңілі тоймас барады өрге.
Ән қосты Ақан сері ақ маржандай,
Төгілген қолтығынан қара терге.

Жел тербеп қоңыр кеште самал ессе,
«Жезкиік» Құлагерді салады еске.
Шошимын жазатайым мерт болар деп,
Құлшынып саяғынан дара кетсе.

Күрсінсем көңілде өшпес сағым бардай,
Тау іші жаңғырықты сабыр қалмай.
Аққу-қаз қоңыр кешті күңірентті,
Үкілі Ыбырай әнін сағынғандай.

Ажалға ең асылды қалағандай,
Жабылды жазықсызға пәле кандай?!
Көзіме ақын Мағжан елестейді,
Атылған Ақбураға қарағандай.

Мекені Біржан салдай қыран ердің,
Қайғысын көрдің талай мұрагердің.
Жасымнан оза шығып соққы көрген,
Өзім де біреуімін Құлагердің.

Келмейді бәрін тізіп айта бергім,
Төбеңде қара бұлтты қайта көрдім.
Ұмытып кетер едім
Көз жұмғанша,
Бақыты жанса дербес байтақ елдің.

16.07.1997

ЕСЛӘМ ЗІКІБАЕВҚА СӘЛЕМ ХАТ

Өрт тиердей,
Өзгелер бата алмаған,
Арлан болдың тарланға хат арнаған.
Жөнің түзу,
Көтерген келелі сөз,
Бірлікті аңсап тұрғанда қатал заман.

Жүзге бөлгіш салтымен өрлеуік көп,
Төс қағады ұялмай «төрледік» деп.
Баяғыда айтып ем
Осы сөзді:
Бір қазақты үш жүзге бөлмейік деп.

Әлдекімнің тигендей шымбайына,
Білмегенсіп ел жігін жүрді айыра.
«Биографияң» – «географияң» деген ұғым,
Бір тақырыптың дөп келді ыңғайына.

Ойланар үлкен үміт қып,
Қырық та өмір мектебі.
Ол үшін – марқа жігіттік,
Біз үшін – жастық өткені.

Ұлыма десем арыс бол,
Ұнайды ғибрат еткені.
Шақырса оны алыс жол,
Егделік бізге жеткені.

Көрген түс, күндіз өңімде,
Жанымның мол ғой толғағы.
Бір медет бар көңілде,
Қанышқа құмар ол-дағы.

1997

ЕСКЕ АЛУ

Мұқағали ерте кетті,
Өлеңге өмір беру үшін.
Кей «достары» көпке жетті,
Тірі өлгенін көру үшін.

Төте сөзді айту қиын,
Бір бұрылыс жасамай.
Ол ең биік тапты сыйын,
Екі-үш рет асамай.

Жүрдік талай қызықтардан,
Ерте кетіп, кеш қалып.
Ерке күнді қызып жанған,
Енді отырмын еске алып.

Ол фәниден жылап етті,
Жырым күліп жүрсін деп.
Тазалықты құран етті,
Тазармастар білсін деп.

Бұлтты күнде жайнайтұғын,
Бір бағыттан кетпеді.
Алған беттен таймайтұғын,
Кесек мінез, текті еді.

Ақтап өтті адал, таза,
Ақындықтың ақ міндетін.
Ақ жарылып берсе баға,
Мені «Қайран Гәкку» дейтін.

Сұңқар ақын жолы заңғар,
Құс емес жай құладын.
Ол қиналып көз жұмғанда,
Мен алыста жыладым.

1997

НЕ ЖЕТСІН?!

Кетеді есім ауып аңсағанда,
Әйтпесе жыр толқытып, ән салам ба?!
Не жетсін көзіңе көз түсіп кеткен,
Мезетке сағыныштан шаршағанда?!

Келгенде кездесуге іңірдегі,
Күн қайда елжіретер үнің мені?
Сүйісіп қайта-қайта ләззат алған,
Не жетсін бал шарбатқа тіліңдегі?!

Ауылдың көл шетінде орманына,
Баяғы көлеңкеміз орнады ма?
Не жетсін үміт-жұлдыз үндескендей,
Сағынтар қимас жанның болғанына?!

Қара көз көп қарасам қиярына,
Жігіттің от тастапты ұяңына.
Қым-қуыт қияметтен жол табатын,
Не жетсін ғашықтардың қиялына?!

06.11.1997

АҒАЛАРЫМ ЖЕТПЕЙ ӨТКЕН ЖЕТПІСКЕ

Өтер жылдар, жалғасады ғасырлар,
Саралашы, беу, достарым, асыл жар!
Ұмытылмас мәңгілікке жол салып,
Бірін-бірі сыйлап өткен асылдар.

Көп ұзамас ниетінде жалған бар,
Арыстарды аяғынан шалғандар.
Ұмытылмас даналыққа ұмтылып,
Жолбарыстай жонда жортқан тарландар.

Ұмыт қалар ұлықтыққа семірген,
Шала ғалым ұлылықтан жеңілген.
Ұмытылмас
Қаныш, Евней, Шахмардан,
Қанша соққы көрсе-дағы өмірден.

Сәуле төгіп, жанып тұрған ұдайы,
Қаныш аға
Ол – ғылымның Күн, Айы.
Мұхтар, Шафық, Шахмардансыз, Евнейсіз,
Шұғыла шашпас ілім-білім шырайы.

Түйіні осы
Бүгін айтар сырымның,
Қабақ шытып, қарай қалар қырын кім?!
Дәлдеу айтсақ:
Қаныш аға – данасы,
Әлгі төртеу – арыстары ғылымның.

«Бар болғаны осы ма, – деп, – сондағы», –
Асықпасын күңкіл-шіңкіл долбары.
Ал, олардың өзгелерден биіктеу,
Адал, таза азаматтық жолдары.

Алғыс айтам Есіл мен Сыр, Ертіске,
Толқы, өзендер, толағай сыр шертіс те.
Ұмытылмас
Қаныш, Евней, Шахмардан,
Ағаларым жетпей өткен жетпіске!

1997

ЕРТІСТЕ КӨРГЕН ҚОС МАРАЛ

Арнасы-ай Ертістің,
Кең құлаш, кең қолтық.
Шалқып сыр шертістім,
Көп ойлап, көп толқып.

Жарқ етті қос марал,
Тал бойлап әрманда.
Шаттанды қос жанар,
Бір көріп қалғанда.

Аңғармау тірі өлім,
Тамсанбас жоқ ерік.
Құлшынды жүрегім,
Шыбын жан кенеліп.

Ақталды-ау тілеуі,
Тұрды олар су ішіп.
Біреуін біреуі,
Бір сүйіп, бір құшып.

Құштар шақ үдеуі,
Мас етті маңайды.
Біреуін біреуі,
Аймалап жалайды.

Тік тақап қарады,
Көзге көз мойылын.
Сүйсініп салады,
Мойынға мойынын.

Бой қызып кипактап,
Қаймығып шеттейді.
Содан да сый сақтап,
Тасаға беттейді.

Сілкіп жол сілемін,
Кетпекке ұзақтап,
Біреуі біреуін,
Барады құшақтап.

Сәт-сағат тіледім,
Кетті сай етектеп.
Біреуі біреуін,
Әкетті-ау жетектеп.

Тандайы татынып,
Қалмастай ұтылып,
Тасаға шақырып,
Барады «құтырып».

Көрінді қос марал,
Жан зекет шерулес.
Дос екен көз қанар,
Мерт болмай бөлінбес.

Тебірентті, толғантты,
Көргім кеп тағы да.
Еріксіз оралтты,
Бозбала шағыма.

Саумалкөл жағасын,
Есіме салғандай,
Жастық шақ жалғасын,
Бір көріп қалғандай.

Бір ысып, бір суып,
Бір ғұмыр өткендей,
Көп тұрдым күрсініп,
Тұзақтап кеткендей.

Сырым көп байқаған,
Сенбеске сенердей.
Бізді аңсап қайтадан,
Ерке күн келердей.

Қос марал гүл басып,
Кетті көз тоярдай.
Болсаңшы шын ғашық,
Адамдар, солардай!

28.11.1997

СЫРҒАЛЫМ-АУ, СЫРҒАЛЫМ

Жанарың жайнап «сырғалым»,
Дидарың төгіп нұр-жалын.
Есімнен кетпес елжіреп,
Еліктей ерке тұрғаның.

Сырғалым-ау, сырғалым,
Сырғаңнан сыбыр тыңдадым.
Сыңғырлап кетті жүрегім,
Шыдатпай көңіл бұрғаның.

Алтынға таңба басқандай,
Сырғаңа салған тас қандай?!
Үңілдім қара көзіңе,
Қарақат сырын ашқандай.

Құлшынса әсем асыл тас,
Ынтығын жаным жасырмас.
Сыңғырлап шыққан әуенің,
Әуреге салды басылмас.

Сырғалым, сырың көп кілең,
Тентектік шығар тектіден.
Екеуміз шеккен құпия,
Сырғаңнан болды деп білем.

Сыңғырлап сырғып мың дүркін,
Қамысқа түссе бұл, шіркін,
Қасыңнан қалмай іздермін,
Өтсе де бірге мың бір түн.

Жүрегім арыз жолдады,
Сырғаңның жөнін болжады.
Табылар, сырғаң табылар,
Болайын мен де олжалы.

Сылдыр, сылдыр қамысқа,
Түсіпті сырғаң алысқа.
«Келсең, кел» деші, сырғалым,
«Кет әрі» деуге барыспа.

02.11.1997

АҚ ПЕЙІШТЕ ҚАРСЫ АЛСЫН

Ақжан Машановқа

Арыстанбапты мен өзіңнен естіп ем,
Өжет едің қалған қайсар естіден.
Арыс Сырдан айрылғандай шошыдым,
Ауыр сәтте суық хабар естіген.

Ой-хой, дүние-ай! Тарих қанша жаңылды,
Жабық жатты баба салған бар үлгі.
Әл-Фараби қазақ етсең есімін,
Ақ түйенің қарны сонда жарылды.

Қаныш ағa ұлағатын көп тіздің,
Тапсырмасын көкірегіңнен өткіздің.
Шығыстағы Аристотель екінші,
Бабамызды қазағына жеткіздің.

Отырардың оң тілегін ақтадың,
Ақжан десе асылданды ақ жаның.
Бағдат, Мысыр, Ыстамбұлды аралап,
Әлемге аян баба ізін тапқаның.

Жан аямай, білдің үрдіс өрлеуді,
Инеменен құдық қазып терлеуді.
Қожа Ахмет Яссауидің бастаттың,
Қирап қалған кесенесін жөндеуді.

Ақсақ Темір әулие де қостады,
Тез көбейді Яссауишыл дос саны.
Алты алаштың бағы ашылды,
Осы еді,
Жүрегіңнің жүз лүпілдеп тосқаны.

Түркі тектес елдер, бүкіл арабтар,
Мадақтайтын, қолдау етер ғажап бар.
Ол – екінші Мекке атанған Түркістан,
Ол – жұлдызы қайта жанған қазақтар!

Сол шаттыққа қосқан шексіз үлесін,
Көзін жұмды бүгін біздің ұлы есім.
Рухы сөнбес,
Жалғап өтер жалғанда,
Ұлы есімі ар-намыстың күресін.

Тартылып тұр бүгін зарлы аза күй,
Аза күйде тебіреніс бар ғажаби.
Әл-Машани аттанғанда бақиға,
Қолдау етер Қожа Ахмет Яссауи.

Арыс едің атың шыққан жаһанға,
Өлмес жанды өлді деуге батам ба?!
Мен не дейін? Ақ пейіште қарсы алсын,
Әл-Фараби, Арыстанбаб атаң да.

05.04.1997

ЖАСАЙ БЕР, ЖЕЛТОҚСАННЫҢ САРБАЗДАРЫ!

Рахым Әбдірайымға

Алдымда алшаң басқан інілерім,
Бірің – сал, бірің – кербез, бірің – керім.
Ақиық, сайыпқыран ұландарым,
Сендерсің – ерен туған ірілерім.

Тараған бар әлемге айбаттарың,
Сендерсің ел тілегі сайлатқаным.
Жасай бер, Абылайшыл желтоқсандар,
Жасай бер, Мағжаншыл Қайраттарым!

Болашақ Қаныштарым, Мұхтарларым,
Зереқсің баяғының ұққан зарын.
Қалың ел – қайран қазақ қамын ойлап,
Талпынсаң ағаларың құптар бәрін.

Жаңа күш, жаңа жігер, жаңа серпін,
Алдымда бөгеттерді алады еркін.
Сендерсің болашағы бар қазақтың,
Өзгертер дала көркін, қала көркін.

Сезгенде жүздеріңнен жылы көңіл,
Көрінер ауыр кезең сыны жеңіл.
Жас барыс – жас намысты ешқашан да,
Көксетпес бодан болған бұрынғы өмір.

Сайыста сапқа тұрып, ту ұстарым,
Сендерсің көтеретін ырыс нәрін.
Рақым бар Рақымберді сағындырса,
Білемін арқа сүйер тыныс барын.

Сендерсің біздің ғасыр демеушісі,
Сендерсің жаңа ғасыр ерен күші.
Тілек сол: ата-баба аруағы,
Жас ұрпақ болсын мәңгі жебеушісі.

Қолдасын шапағаты Ай-аспанның,
Туып тұр бақыт үшін таласқан күн.
Көтерген бірлік туын – інілерім,
Сендерсің алғы шебі тау асқанның.

Ел төрін емін-еркін сайрандаған,
Еркелік келді десең қайдан маған;
Ағасын іні сыйлар құдайындай,
Салтыңа бас иемін, қайран бабам.

Апайтөс Алпамыстай маңғаз бәрі,
Халқымның арманынан алған нәрі.
Көгілдір ту иесі сендерсіңдер,
Жасай бер, желтоқсанның сарбаздары!

ТУҒАН КҮНІҢ, АСТАНА, ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қоспай жүрмін өлеңге Вашингтонды,
Менсіз де оның қойнына жақұт толды.
Алматымды
Көп жырлап, әнге орасам,
Бір мен емес,
Бір дәуір ғашық болды.

Көкшетауды көп айтсам,
Жан құмартты,
Жырға бөлеп, балауса ән тұтатты.
Жезқазғанды паш етсем
«Жезкиікті»
Көптен көрмей сағыныш қалжыратты.

Жаңа жырға бөлеймін Ақмоланы,
Маған шипа ақпанда ақ бораны.
Жаңа заман ол – жаңа астанасы,
Маңдайына береке, бақ қонады.

Әлдекалай түспейді адасып нұр,
Ақмолаға сұлу тәж жарасып тұр.
Жап-жаңа астана әлемдегі,
Көнелермен бой түзеп, таласып тұр.

Сал бойына сай бешпент киіп жатыр,
Жаңа ғасыр жасауы білінді ақыр.
Ақмоланы ерке Есіл бөлеп, тербеп,
Сарыарқаның самалы сүйіп жатыр.

Жас астана есімі елеңдетіп,
Еңсем биік, ұмтылдым өрем бекіп.
Ол – кең дала киелі ақ күмбезі,
Көп үңілсем тарихқа терең кетіп.

Дабылынан азаттыл жаңғырықтың,
Қайта туды қазаққа
Жаңғырып күн.
Ақмоланың ардақты есімін де,
Ата-рәміз
Деп атап заң қылыппын.

Президентім бекіткен Жарлықпенен,
Сол күн туды, сөйлейін дәлдікпенен.
Ол – оныншы желтоқсан,
Жырмен шашу
Төгілтетін ақшуақ таң күткен ем.

Маған елсің
Ақмола бесікке тең,
Көкшетаумен ортақсың
Несіпке сен.
Атамекен көрінер көз ұшында,
Құшағыңа
Мен де ертең көшіп келем.

Көп қарайлап,
Жүрмін ғой қия алмай да,
Шалқып едім шабытшыл құмар жайда.
Әкетер ем арқалап Алатауды,
Болады ғой киянат Тұманбайға.

Осал жерге
Ортаймас бақ қона ма?!
Ел көңілі толмаса тақ қона ма?!
Атар таңдар,
Бере гөр құт-береке,
Елдің төрі қасиетті Ақмолаға!

Беу, Ақмола!
Ардақты ақ қаласың,
Жасап жатыр
Туған ел салт-жорасын.
Туған күнің, Астана, құтты болсын!
Бақытты бол! Ортаймас бақка орасын!

1997

ЖЕТКІЗГЕН «ҮШ АРЫСТЫ» АЛТЫ АЛАШҚА

Көргенде көк теңізде көңіл байып,
Деместей көл шетінде жеңіл қайық.
Жайнатты кең айдынды ән кемесі,
Білсеңдер оның аты «Егінбаев».

Абайдың сарынына сазы ұласты,
Тойында Жамбыл ата оза басты.
Жылында Мұхтар аға еске аламыз
Бейімбет, Мағжан, Сәкен, Ілиясты.

Келгендей жазды жалғап сарша тамыз,
Сағыныш назды әуенін самсатамыз.
Еске алып
Ахмет, Тұрар, Міржақыпты,
Есімін Ораз, Халел аңсатамыз.

Серпілсең Құлагердей ұзап шаңың,
Бар қазақ жүрегінде тұрақтадың.
Жеткізген «Үш арысты» алты Алашқа,
Жасай бер, дүлдүл досым, Мұратханым.

Үшеуін бір түнде аткан қара таңға,
Әніңді жан азасы санатам да;
Ниетің қабыл болсын,
Сұлу әнмен,
Сен бүгін ағаларға аят арна.

Тап солай сәтті кеште түсінемін,
Сеземін шөлде ұшқан құс лебін.
Саяси куғын-сүргін шеккендерді,
Шер қысып еске қайта түсіремін.

Құшақтап арыстарын дала тынды,
Беу, сазгер, сен де таптың тағатыңды.
Тойында Қаныш аға тағы сілте,
Қияға кеңдеу серпіп қанатыңды!

22.06.1997

ҚҰШТАРМЫН

Жастық шақ тез өтіп ғұмыры,
Шәрбатын көксеймін баяғы қыздардың.
Домбыра күмбірі, жүйрік ат дүбірі,
Әсерлі ән-күйге құштармын.

Өткерген өткелдер сезілсін,
Аязын көп шектім қыстардың.
Бақытым, жақұтым өзіңсің,
Өзіңе, жан қалқа, құштармын.

Егделік салтына үйреніп,
Бармаспын ырқына көнуге.
Немерем тезірек үйленіп,
Құштармын шөбере көруге.

Шақырып сан талай жол тұрар,
Шайлықпай барамын әлі де.
Сай-сала, көл маңын толтырар,
Құштармын аққу-каз әніне.

Өшпестей калыпты ойымда,
Салғаны махаббат өртіне.
Жанары қарақат, мойыл ма?!
Құштармын жезкиік көркіне.

Қалай тез ет-жүрек суынсын,
Кездесер кейде мұң-зарына.
Тіршілік, ғажапсың, сұлусың,
Құштармын әр жаңа таңына.

05.11.1997

БІРЛІГІН ЕЛДІҢ САҚТАЙЫҚ

Жоғалды ескі жалғастар,
Өшірді тарих «өшпесті».
Тағдырлас, сырлас достарым
Секілді сирек кездесті.

Ғарыш, ғалам алдында,
Демеймін жайдақ, бос қалдық.
Алғыс айтам тағдырға,
Қазаққа берген бостандық.

Шындыққа болсаң шын көнбіс,
Алды-артыңа бір қара.
Бостандықты ел бөлгіш,
Көк бүлікпен былғама.

Байқа, дос, атты таң қандай,
Салғызбас көне күйіске.
Атаңның құны қалғандай,
Аруаққа бекер тиіспе.

Сұмдықты ескі тастайық,
Ес жияр күнді білгесін.
Бірлігін елдің сақтайық,
Бекітіп бірге іргесін.

1997

* * *

Нәр алған кәусарынан бал бұлақтың,
Аркырап Айға ұмтылған арғымақпын.
Жарқырап таң сәріде заулап өткен,
Жұлдыздай құшағыңа жалғыз ақтым.

02.11.1997

ҚАЙТЕДІ?..

Сені көрдім, көңіл қайта жылыңды,
Ести бергім келді қимас сырыңды.
Есімді алды нарттай қызыл еріндер,
Таңдайыма дәмі оралып бұрынғы.

Тіл ұялшақ таба алмаса амалын,
Мақұл дейді маза бермес жанарың.
Жан тілегін жасыра алмас жалғанда,
Пәк махаббат тұрмын сезіп самалын.

Құба талдай нәзік едің жасыңда,
Құба таңды бірге көрген жасырма.
Бұрқыраған жұпар-көктем оралып,
Құлын-жүрек шұрқырап тұр қасыңда.

Шыдатпаса жастай ынтық жан шөлі,
Қызғанып тұр аспандағы Ай сені.
Қыз күніңдей қызықтырып барасың,
Құшағыңда қалып қойсам қайтеді?..

02.01.1997

АРҚАУЫЛ

Ұлытаудың ерке өзені – Кеңгірім,
Арқауылды ардақтай біл, сен бүгін.
Сол қойнауда асау бұлақ, ақ қайнар,
Төркініңе төр беретін келді күн.

Мен де отырмын ауылымды сағынып,
Аңсау-сусау, назды әуенін қал ұғып.
Ел шетіне бір бас иіп қайтпасам,
Әлсіреймін көңілім жылдам қамығып.

Бастаулардың жатқаны құт сарқылмай,
Ата жұртын сыйлап өскен салтым бай.
Туған жердің топырағына сыйынам,
Кең даласын сыйлап өтер халқымдай.

ӨЗІҢ ДЕ СӘКЕНГЕ ҰҚСАС СҰРАПЫЛСЫҢ!

Тұрсынбек Кәкішевке

Тап бүгін...
Өзге теңеу тұра тұрсын,
Текті сөз, тірі шындық құлаш ұрсын.
Қатал қыс, ақ боранда
Айға шапқан,
Тұрсынбек, Сәкенге ұқсас сұрапылсың.

Жігітсің жаратылған «көк бөріден»,
Тың жүлде қас бәйгеде бөктеріп ең.
Жұлдызың жанды
Сәкен жарқ еткенде,
Күлімдеп ескі Одақтың қақ төрінен.

Ұсындым сонда саған гүл атасын,
Сал Көкше құлшындырдың құба тасын.
Залымның ауылдағы
Теріс қарай,
Тал түсте айналдырдың шляпасын.

Таңданды
Талай шешен, талай көсем,
Оралды
Дауылпазым аман-есен.
Тұрсынбек, елестейсің Сәкенді айтсақ,
Түскендей Мұхтар еске Абай десем.

Кең дала құлпырғандай таң нұрымен,
Думан-той жараскандай ән-жырымен.
Тіршілік сәнді екен ғой
Сәкендердей,
Тамаша адамдардың тағдырымен.

Тұрсынбек, осыны айтпай тұра алмайтын,
Мінезбен
Қырандықты ұрандайтын.
Әлемге Сәкен аға көркін аштың,
Жан зекет көрген ару қиялдайтын.

Қайтадан жыр сұңқары көрінді ерен,
Осыны күтіп еді-ау елім сенен.
Арыстың аруағы қонды саған,
Ақтангер ар-намысы жеңілмеген.

Сәуірің туды сонда күлімдеген,
Дәуірің айғақ етті үніңді ерен.
Қазақтың жаны таза арлысысың
Дауыл, жел соқтықса да бүлінбеген.

Жасамай тірі жанға зиян-бүлік,
Өрледің жақсылықты ұран қылып.
Маздаса маңдайыңнан ақыл кені,
Мұрныңның ұшында тұр қияңқылық.

Ашады үлкен жүрек үлкен шерді,
Бүгін де дерт жазылып үлгермеді.
Үркітіп жүрсің әлі қамшы сілтеп,
Сәкенге пәле жауып жүргендерді.

Ағайын,
Тыңдайықшы, сөзін бөлмей,
Келеді заулап тарлан өңін бермей.
Тұрсынбек десек
Сәкен жарқ етеді,
Ақ боз ат тау ішінде көрінгендей.

Дәл бүгін
Әсіре теңеу тұра тұрсын,
Ақ тілек, адал ниет құлаш ұрсын.
Тұрсеке, мерейтойың құтты болсын,
Өзің де Сәкенге ұқсас сұрапылсың!

16.05.1997.
Алматы

АЛПЫСҚА КЕЛГЕН ІНІЛЕРІМЕ

Айтып жүрген
Беу, ағайын, алпысың,
Бесін емес, ымырт емес, тал түсім.
Елуімнен айырмасы көп емес,
Әлі талай арпалысқа бар күшім.

Алпыс деген – шуақ күзде тың алаң.
Қыран жасы
Құс ілетін қиядан.
Сексендегі ағаларды көргенде,
Өз жасымды айтуға да ұялам.

Есті сұлу
Кәрі демес мендейді,
Көңіл жықпас ақ ниетпен емдейді.
Пайғамбардың келсем-дағы жасына,
Құдашалар оңашада сенбейді.

Алпыс жаста
Кәрілік күтіп тұр деме,
Көп өзгеріс енбес өң мен түрге де.
Пенсионер дегендердің бәрі де,
Етегіне намаз оқып жүр деме.

Талай қызық
Көрер ме едім әл кетсе,
Ұры емеспін алақұйын «баукеспе».
Талай жылдар кездеспеген бір құрбым,
Жастық шақтың от-жалынын салды еске.

Алпыс келсе
Жасқанамыз біз неге?
Сұлуларға «күдеріңді үз» деме.
Бұл алпысың кәрі де емес, жас та емес,
Екі ортада әрі-сәрі бірдеме.

Бас ауырса
Баса көрме қышқылға,
Егделікке жаттықпасын ғұрпың да.
Өз жасыңды өзің білмей қаларсың,
Жар еткенде ақ боз үйдің сыртында.

Бір күн бұрыс,
Жүре салсаң бір күн тік,
Жеңіп кетпес серілік пен сылқымдық.
Осыған да зар боларсың,
Сілтеп қал,
Алпыс деген – ең ақырғы мүмкіндік!

14.09.199?

ҰЛЫТАУ СЫРЫ

Сұлулықты ұғам
Ұлытауды көргенде,
Арғанаты жақта
Киіктер жөңкіп өргенде.
Кездеспей кеткен
Бір бейне көзге елестер,
Бұрылып қарап,
Жезкиік көңіл бөлгенде.

Аққу-каз әні
Естілсе өзен-көлден де,
Сайраса бұлбұл
Саялы тоғай белдеуде;
Тау жаңғыртып,
Жартасқа қонса ақиық,
Құлшынарсың
Өзің де шалқып өрлеуге.

Ұмтыларсың
Ұлар құс талға төнгенде,
Ұрланып ойнап,
Қызыққа көзді көмгенде.
Ұлытау келіп,
Осындайды ұқпасаң,
Санама, достым,
Сарыарқаны көргенге.

1997

ЖАБЫҚ СЫР

I

Бірі едің қатар өскен егіз талдың,
Жасыңнан татулыққа негіз салдың.
Балбырап бала қаздай өскен кезде,
Бақиға ойда жоқта кетіп қалдың.

Бала едім әрең жидым есімді де,
Жас қиял жібі ерте кесілді ме?!
Сен болып,
Қонды шабыт сұрша құсы,
Тұсауы балғын жырдың кесілді де.

Қимастық таза, нәркес назын біліп,
Өтсе де көз жұмғанша сағындырып;
Алладан тілеп едім,
Енді мені,
Көрме деп ешбір қызға табындырып.

Оңаша ән де туды ең алғашқы,
Қыз-шабыт, иіп келем саған басты.
Ішінде мұң-сағымның серік болып,
Жанымның дертін жалғыз қалам басты.

Жеңбейді асау тағдыр күші кімді?
Сұм жалған шығармастай үзім үнді.
Тебірентті көргенімде төрде ілулі
Көзге ыстық сенің қызыл ішігіңді.

Сүймедім ешбіреуін қыз баланың.
Сен түсіп жанарыма мұзданамын,
Сол еді
Сұлу қызға қырындамай,
Қыздарға Сырымбетте қызбағаным.

Өзімді өзім жасап жан құрбаны,
Жүргенде
Күрт өзгерді тағдыр мәні.
Мәскеуде,
Студент кез, аққұба қыз,
Есімнен қызық болды тандырғаны.

Достарым талай қызбен таныстырам
Дегенде,
Мен қиқайып алыс тұрам.
Қара көз, сенен аумай туған екен,
Өзге емес тек, өзіңмен салыстырам.

Демеуші ем өзге жанға елең етем,
Өзіңе ұқсастығы ерен екен.
Қайыспас
Қанша мықты болсаң-дағы,
Қызығы тіршіліктің жеңеді екен.

Аққудың көгілдірі балбыраған,
Өзгеден артық ұнап қалды маған.
Сол сәтте қош айтысып өзіңменен,
Үр жаңа өлең туды ән сұраған.

II

Ащысу құлан өтпес жағасында,
Ұлытау қыздай таза даласында;
Кез болдым қос жанары адамға ұқсас,
Ақбөкен жез қанатты баласына.

Жүргені қандай қызық киік өріп,
Қарайды көк жусанды сүйіп, өбіп.
Ақ көйлек, қызыл ішік сен секілді,
Жарқ етті көзіме мұң үйіп-төгіп.

Жез қанат, күміс төсі әлдендірді,
Құлшынған жас қаламға пәрмен кірді.
Нұрғиса, Жақсыгелді әнге қосып,
Жүрегін тыңдаған жан нәрлендірді.

Аруақ, бақыт құсы әнге орнады,
Туды бір жан баурағыш үн толғағы.
Ел-жұртты талай жылдар тамсандырып,
Шыркамас «Жезкиікті» жан болмады.

Сұрайды қайда барсам құпияны,
Қырсығып құрдастарым шұқшияды.
Беруші ем талай жауап сырғақтатып,
Қорғаштап қолымдағы құт-ұяны.

Деуші едім оралғанда сөз түйіні:
Әр таудың көрінгендей өз биігі,
Ортақ сыр, адамбыз ғой, ортақ тағдыр,
Әркімнің бар аңсатқан «Жезкиігі».

«Қайырбек, мен де сені күндемейін,
Сау ма едің тап үйленген күнге дейін?» –
Дедім мен топ ішінде құрдасыма,
Сонда ол:
«Қойдым, – деді, – үндемейін».

III

Сұлу саз мұңлы, назды шырқау шебі,
Қанатқа әкетті іліп сұңқар мені.
Өлеңді кәрі-жастың айтатыны,
Махаббат есіп тұр ғой іңкәр лебі.

«Айтшы, аға, ұмыттырмас жас ғашықты»,
Деп бүгін әлгі сұрақ басқа шықты.
Қыз-киік, қызыл ішік
Көзге елестеп,
Сұрақ та, жауап та айтқан астасыпты.

Інім-ай, мені ерекше сыйлай келіп,
Сен-дағы тиістің-ау, тыймай желік.
Жүруші ем Алматыда тыныш қана,
Далаға киігі көп сыймай келіп.

Ыстық шоқ жанарымды кернегендей,
Не туды десең сонда ерге мендей;
Қысылдым,
Сұм тағдырға не жаздым деп,
Осынша қайта-қайта тергегендей.

«Жезкиік» сұлу ән боп өрлейтінің,
Сұратты-ау, қайда барсам бермей тыным.
Япырмай деп те қалдым сол мезетте,
Алмаспын бұл жалғанда өлмей тыным.

16.11.1997

ТҮСІНДІМ ТІРЛІК МАҢЫЗЫН

Махаббат – тірлік тірегі,
Жеткізер ынтық арманға.
Лүпілдеп бірге жүрегі,
Не жетсін ләззат алғанға.

Жарқ етті сұлу айқабақ,
Құштарлық селі төгілді.
Сүйісіп еркін аймалап,
Рахатқа денем көмілді.

От құшақ лаулап күйдіріп,
Бірлікке бізді көндірді.
Жан-тәнін ессіз идіріп,
Жайлады тентек мөлдірді.

Артықша сәтті білер кім,
Табылды іңкәр бар тетік.
Бір тірілдім, бір өлдім,
Найзағай тынды жарқ етіп.

Не деген тылсым ғаламат,
Тамаша мезет тым қысқа.
Зер салу қайда бағалап,
Батырса қызық «қылмысқа»?

«Қылмыс» деп әнтек айттым ба,
Алланың асыл парызын?
Жұмаққа барып қайттым да,
Түсіндім тірлік маңызын.

1997

БАҒАНАТЫ ТҰЛЕГІ

Қос жиырма бес құтты болсын, Сұраған!
Тойыңда отыр нар тұлғалы жүз ағаң.
Сексендегі Бәйкен аға
Бір өзі,
Мың қазаққа татыр құрмет құраған.

Жыр мен шашу шашып тұрса бұл ағаң,
Шатты күнді Евнейше құп алам.
Асыл аға жалғасындай сыйласқан,
Сен інімсің мінез-құлқың ұнаған.

Жақсы ағамен бойың жылдам ширалды,
Көкірегіңе мейірім, мерей жиналды.
Шайқап айтпай,
Байқап айтар естісің,
Евекемдей жүзің сенің иманды.

Есіл-мінез доска ашық есігің,
Ел-жұртқа да ерте шықты есімің.
Евнейге де
Саған да алғыс айтады,
Бағанаты – ортақ құтты бесігің.

Елу деген – ең ғажап жас, ең ерен,
Ақжолтай жас, Ай мен Күнің жебеген.
Бақытыңмен бағың жанды тірлікте,
Той көркейтті тәй-тәй басқан немерең.

Бесті асаудай бұлқынып тұр тың күшің,
Төр жаққа да, ел-жұртқа да сыйлысың.
Үйдегің де,
Түздегің де түп-түгел,
Қалың істе қажу білмес күйлісің.

Әзіл сөзге үйір болса ерінім,
Сұлулар да үзбес сенен сенімін.
Арақты да ішкен болып ішпейсің,
Саған қалай риза болмас келінім?!

Халқым сыйлар санаттағы саптасың,
Нарыққа да жөндеп бұрдың ат басын.
Елу деген – ерттеп мінген тұлпарың,
Құйғыт, інім! Тіл мен көзден сақтасын!

1997

ҚАНЫШТЫҢ ТӨЛ ШӘКІРТІ

Таңат Едресовке

Шын сыйластық аялаған зердесін,
Құрдас едік,
Жасырайын мен несін?!
Қызға талас жасамадық өмірде,
Ол алды ғой жастай құмар жерлесін.

Мінезі гүл – жібітердей тасты да,
Құрық салды-ау тағдыр заты жақсыға.
Арамыздан
Аңдаусызда әкетті,
Тірек етер жаным доска тапшыда.

Инабатты иманы мол жүзінің,
Адал еді әр қадамы ізінің.
Көзі тұнық,
Сөзі сынық жан еді,
Жасамаған жамандықтың үзімін.

Сұңғақты еді қарағайдай шыңдағы,
Сымбатты еді төгіп тұрған нұр жаны.
Лұғатты еді періштедей тап-таза,
Қымбатты еді күле қарап тұрғаны.

Жігіт еді сүймейтін бос ұранды,
Қаныш ізі болды арманы сыралғы.
Жез теңізін толқытқанда ұмытпас,
Жезқазғанның қасындағы «Жыланды».

Барлаушыға елім берген бағаның,
Қасиет тұтып ең зорына баладым.
Бұл Таңатты кім десеңдер, ағайын,
Төл шәкірті болды Қаныш ағаның.

14.05.1997

ЖАҢА ЖЫЛҒА АҚ ТІЛЕК

Ассалаумағалейкүм, Жаңа жылым!
Сәлемімде толқып тұр жаңа сырым.
Тәуелсіздік жетінші жылы саған,
«Жерден жеті табардай» етем ырым.

Жаңа жылдың келеді басы қаңтар,
Қаңтар, саған тілек көп ашық айтар.
Қансонарда қанжығам қалың болсын,
Сырма боран әніне басып қайтар.

Ашық сырым – арнайы тілге дерек,
Жылдың құтты болғаны бізге керек.
Ел бірлігін
Тарихқа тағзыммен,
Жалау етсем,
Жаңа жыл, жібер жебеп.

Қазақстан деген зор есімім бар,
Ел іргесін нығайтар шешімім бар.
Алты жылдың көтердім ауырлығын,
Жетіншіде жетелі несібім бар.

Қадамымды қабылдап қарыштаған,
Жеті толқын шаттық боп табыс маған.
Биыл бізді ерекше қолдау керек,
Ақмолаға
Қарап тұр ғарыш-ғалам.

Жеті ғажап әлемде аманаты,
Қасиетті дем беріп шапағаты;
Болсын деймін Ақмолам әлемдегі,
Сұлулықтың сегізінші ғаламаты.

Айтсам берік жадыңа түйетінді,
Сүй дұрыстап,
Құмарта сүйетінді.
Жеті жасқа жетуге талпынғанда,
Қолдап жібер азаттыл ниетімді.

Қолыма кон,
Ақ құс боп ұшқан үміт.
Дос ренжіп, жүрмесін дұшпан күліп.
Маңдай терін мен-дағы аямайын,
Сен де жайна өшпестей із қалдырып.

Бірлікпенен тарихқа тағзымым,
Көкейкесті бүгінгі абыз үнім.
Кел, жаңа жыл, сабаңды сауылдатып,
Молшылықтың бастауын ағыз бүгін.

Ауыр ойлы қарап тұр ауыл маған,
Абыройлы етсе екен ауыр заман.
Шекем шылқып жүрген жоқ,
Беу, ағайын!
Қалада да адам аз «мамырлаған».

Жаңа жылым! Өзгерсін мына түрім,
Береке боп төріме кір ақырын.
Мың сүріліп, мың тұрсам алты жылда,
Ардақтайын жетінші жыл татымын.

Маңдайымнан төгейін тасытып тер,
Бізге туар
Әр таңды ашық қып бер.
Түрленейін, жаңаша гүлденейін.
Құт-береке құшағын ғашық қып бер.

Көтерілсін көңілім көктемдегі,
Өкінішім басылсын өткендегі.
Кел, Жаңа жыл, еселі ырысыңмен,
Ашылардай болашақ өткелдері.

Желкеніңді аш, жетінші Жаңа жылым,
Игерейік дербестік жаңа шыңын!
Тәуелсіздік ақжолтай жылы болып,
Байтақ елге төгілсін жаңа нұрың!

26.12.1997

ҚҰТТЫҚТАУ

Он күн мақта біреуді – құт қонбайды,
Он күн датта біреуді – түк болмайды.
Серікболсын Әбділдин десе жетті,
Алла жар боп ар жағын өзі оңдайды.

Дәл осындай шешімге келсек сайып,
Ұзақ сөзден марапат шықтық тайып.
Саясатшыл сарынсыз,
Ел асылын,
Алпыс асқар белеспен құттықтайық!

Мен бұл күнде пайғамбар жасындамын,
Татып жүрмін алпыстың асыл дәмін.
«Бұл не қылған, ағатай, жас?» – деп сұрар
Сырласуға іниммен асығамын.

Алпыс деген –
Ақ желкен бір кеме екен,
Бұрынғыдан болыппыз тілге бекем.
Кәрі де емес,
Жас та емес, әрі-сәрі,
Ортасында отырған бірдеме екен.

Әжім сызып
Бұзған жоқ шырайымды,
Жырым – жалау,
Айғақтар күн, айымды.
Шал дейтұғын шатақ сөз естімедім,
Қыздай көрем қасымда жұбайымды.

Беріп жүр ғой
Қыз-шабыт қарқын маған,
Мұхтар, Қаныш ізімен жарқыл қағам.
Тоқырауды білмейді қолымдағы,
Құйын-желден жүйріктеу алтын қалам.

Қалталымын демеймін,
Арқалымын,
Жақсылыққа ерекше бар танымым.
Неменеге қарайын енді басқа,
Немереге арналды бар тәлімім.

Баяғыдай
Демеймін «қыз қамады».
Бірақ кейбір келіншек із салады,
Құдағилар көбейді,
Олар мені,
Құдашадан азырақ қызғанады.

Бір күн күмбез,
Болыппын бір түн түндік,
Суытпайды қызығын, шіркін, тірлік.
Серікболсын, сілтеп қал,
Құдай берген,
Алпыс деген – ең соңғы зор мүмкіндік.

Беу, ағайын! Маңайын нұрландырып,
Ортамызда той жасап тұрған жігіт.
Агрономнан тік жеткен ел төріне,
Егемен ел ісіне құрбан жігіт.

Дүние деген тамаша көрмедегі,
Сан биікке бұл Секең өрлеп еді.
Жалғыз ғана міні бар,
Ол не десең,
Бәйбішеден басқаны көрмегені.

Құтты болсын
Алпысың, Серікболсын!
Егделікке ел сыйы көрік болсын!
Бақыт құсы
Тастамай ешқашан да,
Лауреаңдай шын ғашық жерік болсын!

25.11.1997

ДАЛАБАЙ ЕШПАНОВҚА

Шын ағалық білгенге дара ғылым,
Маған қымбат, Далабай, ағалығың.
Доска адал, ақ ниет, іске берік,
Бесенеден белгілі даралығың.

Шын сыйластық орнады арамызға,
Жезқазғанда ортақпыз бар аңызға.
Бір шахтада білектес кен қопардық,
Қаныш серті ту тігіп санамызға.

Біреуісің қонақжай досы молдың,
Үзілмеді қашан да көші жолдың.
Тағы да бір ерекше жақындығың,
Евней аға ең сыйлы досы болдың.

Қай қияда қырандай самғасам да,
Кең жалғанның бар төрін шарласам да;
Егіздердей екеуің жүресіңдер,
Қақ төрінде жүректің әрқашанда.

Жезқазғаннан жүлделі алтын тақтың,
Ақшатауға Ұлытау салтын тарттың.
Ару Балқаш қыздырып от құшағын,
Астанада қыз-нарық паркын таттың.

Жігерлісің егделік жаңа келген,
Қуатың мол кең тыныс дала берген.
Балалар мен қуантып, немерелер,
Жүзге есен жеткізсін жаңа жеңгем.

1997

ЖЕНПИ-ДЕГІ КЕЗДЕСУ

«ЖенПИ» деген жұмаққа,
Туғалы тұңғыш келіппін.
Көз салып мың-мың шыраққа,
Қиялға тізгін беріппін.

Ынтығым ерен асылға,
Ғашық боп серік еткенім.
Себепкер болды жасымда,
Мәскеуде оқып кеткенім.

Көргенде естен тандырды,
Ажары аппақ жан алған.
Ләззаты құмар қандырды,
Мен үшін ғана жаралған.

Қызықты ол да жігітке,
Домбырашы, ән-күйшіл.
Осыдан шығар тірлікте,
Болмағаным ЖенПИ-шіл.

Жандана түссем төгіп сыр,
Сөндене түсіп Алматы;
Есейген шақта келіп тұр,
Махаббат тарлан солдаты.

Мәңгіріп бір сәт қалдым ба,
Ұмыт боп күздің ызғары.
Елестеп кетті алдымда,
Біздің мектеп қыздары.

Біреуі ұқсас Мәрәшқа,
Біреуі құдды Зейнікеш.
Айша ма, бірі Сараш па?!
Ауылдың шетін көрді көз.

Салды ғой әнге не түрлі,
Қара көз өткір қадалған.
Афродита секілді,
Ақ көбік суда жаралған.

Бір суып, бір жанданам,
Әнші қыз, ғажап әр мүшең.
Көріндің сонда сен маған,
Студент күнгі бәйбішем.

Ұл-қызым бар жетілген,
Немерелер – тірегім.
Түн ұйқымды кетірген,
Солар ғой асыл тілегім.

Шуағын төксе арай күн,
Қиялға асыл берілдім.
Кең залға жіті қараймын,
Болар деп ертең келін кім?

Оқыдым өлең сол күйде,
Шақырып шатты ертеңім.
Жол түссе тағы ЖенПИ-ге,
Немерем сені ертемін.

Бастаса жаңа қарқынға,
Жолықпай жүрген жол басы.
Қол сілтеп қалды артымда,
Сұлулық «Алтын Ордасы».

1997

БАР ҚАЗАҚТЫҢ БҮГІНГІ АҚСАҚАЛЫ

Бәйкен Әшімовке

Жас кезінен жарасқан шыдамдылық,
Қолдап жүрді қадамын құдай біліп.
Қан майданда оқ кешіп жеңіс көрген,
Қос қанаты талмайтын қыран-жігіт.

Ғұмырында Құлагер шабысы бар,
Еділ, Жайық, Іленің ағысы бар.
Таба білер тың жолды сын сағатта,
Қаны – қазақ, Мағжанның намысы бар.

Қарағанды, Көкшеде, Қызылжарда,
Жетісуда жарқырап ізі қалған.
Саумалкөлдің жігіті сері күнде,
Баянауыл ең ғажап қызын алған.

Қай заманда қайын жұрт сүйеу, пана,
Құтты өрісті ұлына тілейді ана.
Одан артық жұрағат қайдан тапсын,
Болды Бәйкен Қанышқа күйеу бала.

Көкшетау мен Баяндай көрінетін,
Аға-жеңгем самғады емін-еркін.
Жетпіс, сексен жетсе де қос шыршадай,
Екеуі де бермей жүр әлі көркін.

Айта білсек сыры көп баска тағы,
Оған куә жұлдызды жақсы атағы.
Не десек те қазақтың Бәйкен аға,
Асыл тұлға, ардақты ақсақалы.

1997

ӨКПЕЛЕГЕН ҚАРЫНДАС

Қарындасым Зекеш қатты сынады,
Шынымды айтсам,
Сынағаны ұнады.
Қос жанары тірі жұлдыз секілді,
Жақсылыққа
Жанып қана тұрады.

Ғажайып жан инабатты, зиялы,
Күйеу бала – абзал жігіт Нұралы.
Нұрекемді көп мақтасам Зикешім,
Жас балаша қатты реніш қылады.

– Өлеңіңде Нұралылар, «Нұрлылар»,
Бір емес-ау,
Мың естуге кім шыдар?!
Мен қайда? – деп
Қос жанары жарқ етіп,
Өкпеледі біздің Зекеш жырқұмар.

Ішім жылып,
Соған көңіл гүлдейді,
Ләм-мим сөз айтпасыншы тіл мейлі.
Өкпелейтін адам керек жалғанда,
Жек көргендер өкпелей де білмейді.

1997

ҚАЗАҚ ӘНІ САҚ ҚЫРАНЫ САМҒАЙ БЕР!

Қажыбек Бекбосыновқа

Сақ қырандай шарықтап шың басында,
Бір ғасырдан барасың бір ғасырға.
Жақсылары қазақтың досың болып,
Сұлулары ғашық боп жүр қасыңда.

Өршеленіп талпынып, еркін желіп,
Жылдан жылға барасың бекімденіп.
Кейде Мұхит,
Кейде сен Ғарифолла,
Көрінесің кейде Әсет секілденіп.

Үлкен-кіші ән тыңдап тыныстаған,
Шын жүректен қарайды дұрыс саған.
Көрмесем де,
Талай жыл сырттай таныс,
Болып кеттің тілеулес туыс маған.

Сырым осы ақ тілек өрімдеген,
Әнің ғажап...
Дән разы көңілденем.
Ел сүйсінсе,
Жарылқар Алла жар боп,
Сен самғай бер, жер-көкке төгіп өлең!

24.01.1997

ТОЙДАҒЫ СӨЗ

Тағдырға етіп шын құлдық,
Той жасап бүгін құлпырдық.
Бірінші күні басталды,
Құдалықтың мың жылдық.

Сыр бойында көсілген,
Құт кетпесін көшіңнен.
Құдағи-құда, мың рахмет,
Айнұрды баптап өсірген.

Бергені ғажап күздің де,
Қалдырмас құтты із кімге?!
Асылға туған лайық,
Қайратымыз біздің де.

Екі жас басын құрассын,
Дүбірі тойдың қыр ассын.
Құтты болсын жас отау,
Сәулет пен дәулет ұлассын!

Рақымдай берік ордалы,
Абдырайым ата қорғаны.
Ары таза ел-жұртпен,
Келдіңдер туыс болғалы.

Нарыққа қарық заманда,
Қалған малдай аманда;
Құдашалар құлшынған,
Бұйырсын бүгін маған да.

Сөз тартсақ солай күшейіп,
Туыстық жасай білейік.
Жас отау үшін, ағайын,
Алладан нұр тілейік.

23.10.1997

* * *

Ғашық едім мен саған жас шағымнан,
Жолымызды қай тағдыр басқа қылған?!
Іздеп жүрген өзімді сен деп қалам,
Күн көрінсе күлімдеп аспанымнан.

Ажарыңның алаулап тұрғанын-ай,
Жанарыңның жан сырын бұрғанын-ай!
Ақ тамақтан аймалап сүйер ме едім,
Махаббатқа жүргенде бір жарымай.

Асығамын кездесіп мұң басуға,
Асау жүрек «қой» десем тыңдасын ба?!
Есім кетіп, сенделіп, сен деп қалам,
Терезеден Ай өтсе шың басында.

Қызық күндер – баяғы қайран, арман!
Қайталанбай, қайрылмай қайда қалған?!
Кең жалғанның азаяр бар қызығы,
Ақ дидарың жоғалса айналамнан.

Елеңдеймін сәл сыбдыр, тылсым үнге,
Үміт сөнбес жүректің дүрсілінде.
Күнім болып, Ай болып алаңдатып,
Қайда барсам қасымда жүрдің бірге.

16.09.1997

ТОРҚАЛЫ ТОЙЫ ДАНАНЫҢ

Мұхтар Әуезовтің 100 жылдығына арнадым

I

Бақыты жанды даланың,
Қабағын ашты заманым.
Әлемге әйгі паш еттік,
Торқалы тойын дананың.

Мадақтай білсек асылды,
Шашу боп ән-күй шашылды.
Абай мен Мұхтар бастап тұр,
Екеуі екі ғасырғы.

Қазақтың Мұхтар асылы,
Жайнаған көкте жасыны.
Мәңгілікке жалғасты,
Бүгінгі алтын ғасыры.

Ұлылық ашып арнасын,
Бекітті ойшыл таңбасын.
Атағы, даңқы жер жарды,
Адамның ұлы болғасын.

Абайдан бастап шабытты,
Толстойға қанықты.
Шекспирше шарықтап,
Аттың басын ағытты.

Жөптерсің, достым, анықты,
Батыстың жігін жарыпты.
Абайдың ғана емес-ау,
Шығыстың көшін таныпты.

Жайнаса елдің шырайы,
Абайым – қазақ Күн, Айы.
Мұхтарым – шалқар мұхитым,
Қара сөздің құдайы.

Әрі ақиқат, әрі аңыз,
Ардақтап еске аламыз.
Ел құрметін қабыл ал,
Дала маңдай данамыз.

II

Шыңғыстау тербеп бесігін,
Мұхтар деп қойса есімін;
Даналық деген даңғылдың
Алатау берді шешімін.

Өмірді терең зерлеген,
Шоқанша биік өрлеген;
Қанышпен жастай қолдасып,
Қияға құлаш сермеген.

Кемеңгер мінез, табанды,
Игерді қатал заманды;
Қасқайып шығып ортаға,
Қаламгер көші жаңарды.

Өзгелер жүрсе өсектеп,
Сөз айтты әділ кесектеп.
Мағжанның даңқын көтерді,
Абайға тақау есептеп.

Елемей тердің шығынын,
Шығарды өшпес мығым үн.
Адамзатқа таныты ол,
Қазақтың ұлттық ұғымын.

Сұңғыла жетік ілімге,
Ел-жұртты тартты білімге.
Еуропаны сөйлетті ол,
Өзінің Ана тілінде.

Бір өзі мыңмен жарысқан,
Қазақтан шыққан арыстан.
Көтерді елдің мерейін,
Дала мінез данышпан.

Кемеңгер, заңғар зиялы,
Не десең оған сыяды.
Бүгінгі біздің дербестік,
Мұхтардың асыл қиялы.

1997

ҚАЗАҚ ҰШТЫ ҒАРЫШҚА

Тоқтар Әубәкіровке

Талай заман бұлқынтқан таза күшті
Айғақ етті,
Басылды азап ішкі.
Көтерілді маң дала мәртебесі,
Қазақ ұшты ғарышқа, қазақ ұшты!

Тоқтар ұшса қуанған ауыл қандай!
Тына қалды Сарыарқа дауылданбай.
Жан толқытты Төлеген Тоқтаровтай,
Батыр Мәлік, дауылпаз Бауыржандай.

Ұшырса деп қазағым өз түлегін,
Қаным қайнап, қызығып көп тіледім.
Мен Тоқтарды Қобыланды, Алпамыстың,
Ең тамаша жалғасы деп білемін.

Дала кенде болған жоқ батыл жаннан,
Байқоңырда ақталды хақым қалған.
Күлкісі де аумайды, мінезі де,
Рейхстагқа ту тіккен Рахымжаннан.

Өрге тепсем бұлт тескен тасыма да,
Сүйінішім, шаттығым басыла ма?
Өз қолымен көремін ұшырғандай,
Ер Сағадат, партизан Қасым аға.

Өмір деген – жалықпас жарыс алаң,
Даналардың дарыды қаны саған.
Сен ұшқанда,
Ұйқыдан оянғандай,
Аунап түсті-ау пейіште Қаныш ағам.

Қарқын алып аспанда дара құстан,
Сен ұшуға сай тудың жаралыстан.
Бар жүрегі лүпілдеп, сәт тіледі,
Тоқтар, саған туған ел – Қазақстан.

Аңыз болдың жетерлік мың ғасырға,
Шын құлшынды құрбын да, құрдасың да.
Бір ақсақал: «О, Алла, тәубе», – деді,
Тақым қысып отырған қыр басында.

Шашу қайда
Сол сәтте шашылмаған,
Қыз қалпында құлпырған ашылды алаң.
Тәттімбеттің тербеліп «Саржайлауы»,
Қошеметтеп қарсы алды жасыл далаң.

16.10.1997

АЛМАТЫМ

Атына ғашық жер беті,
Аққудай аппақ келбеті.
Аялап жатқан Алатау,
Сәулет пен дәулет перзенті.

Жалғасып дала ауылмен,
Айқастың асау дәуірмен.
Арманда кетті арыстар,
Соғысты кештің дауылмен.

Зауласа жылдар ағындап,
Бодандық жүгін қабылдап.
Байтақ ел асыл іргесін,
Бекіттің бойға шағындап.

Арманы Абай, Жамбылдың,
Жүйесін таптың даңғылдың.
Азаттық асыл жолында,
Желтоқсан болып жаңғырдың.

Барлаушың мінген барысқа,
Қарап тұр жетер алысқа.
Абылай атын ардақтап,
Бастадың елді намысқа.

1997

АҚ БҰЛАҚ

Көркіңнен көңілім жылынған,
Ғашықпын саған, ақ бұлақ.
Әлемде барлық шырыннан,
Бір жұтым суың жақсырақ.

Үмітім сөнбес сенгенге
Ғажайып сенсің мен білген.
Сүйейін аңсап келгенде
Бүлкілдеп жатқан ерніңнен.

Әр үйге кәусар жететін,
Күйенте, шелек тербеліп.
Ақ құба қыз да өтетін,
Жанары жанға дем беріп.

Қараймын саған шала мас,
Қасыңда өскен гүліңмен.
Сағыныш, аңсау аралас,
Алайын ләззат үніңнен.

Келесің алыс ескіден,
Сарқылмас мәңгі ғұмырың.
Қасыңда сенің естіп ем,
Құштар қыз қимас сыбырын.

Ақ бұлақ, тоқта, тербелме,
Оңалсын өңім сарғайған.
Сүйейін аңсап келгенде,
Жарқырап жатқан маңдайдан.

1997

ДОСТАРЫМ – МЕНІҢ БАЙЛЫҒЫМ

Шақырса сәтті айдыным,
Ақ жолын тосар ай-күнім.
Шарықтап, шалқып кең жүрсем,
Ақ ниет тату сендірсем,
Достарым – менің байлығым.

Салтанат құрса саулығым,
Азайса ескі қайғы-мұң.
Тіршілік көшін жайнатқан,
Бойымда жігер қайнатқан,
Достарым – менің байлығым.

Өлеңге қосып жан нұрын,
Жаудырсам сезім жаңбырын,
Сендерге асыл тілегін,
Арнайды асау жүрегім,
Достарым – менің байлығым.

Орындап қиял жарлығын,
Базарлы болса әр күнім.
«Бар» мен «жоқты» санасам,
Сендермен жайнап жарасам,
Достарым – менің байлығым.

1997

МЕН БІЛГЕН ОСАЛ ЕМЕС ҒАБДУЛЛИНДЕР

Нығмет Ғабдуллинге

Ішінде мықтылардың қарапайым,
Кең құлаш көрінесің дара қайың.
Келесің сол мінезбен, Нығмет аға,
Салмай-ақ сұм жалғанның алақайын.

Бейімбет, Мұхтар, Сәбит мұрагері,
Шақырды сені ерте қыран өрі.
Қарқындап құс қанаты талмай шапқан,
Сен де бір болдың қазақ Құлагері.

Көзісің Сырбай, Жұбан, Қасымдардың,
Аспанда от шарпыған жасынды алдың.
Шіркін-ай, ерте кетті Айқын досың,
Бірісің сол ардагер асылдардың.

Пәк ниет, адам сүйгіш тілегіңмен,
Нұр шашқан қасиетті жүрегің кең.
«Кестелі орамалың», «Біздің жігіт»,
Әкелді абырой, атақ «Жігерің» мен.

Өзге де өнеріңді бағалар Күн,
Туып тұр бір шамалар аға наркын.
Көкшетау көк шыршасы секілденген,
Тұлғаңды ардақтайды дана халқың.

Ұстазсың ұлағатты дәрісіңмен,
Қаламгер үлгі болған өрісің кең.
Жетпісің, асыл аға, құтты болсын,
Жүр есен қайтпай үрдіс желісіңнен.

Жігітке осал қыздар құмарта ма,
Солардың көбі жүр ғой Сарыарқада.
Бір апай сағынышты сәлем айтты,
Ауылға барып едім бір аптаға.

Жарқ етіп баяғы бар мөлдір көрік,
Күрсінді: «Қалып ем, – деп, – мен бір көріп».
Жеңеше, қызғанбаңыз ол тым ерте,
Қалыпты сізге ілеспес кемпір болып.

Қайдағы апардың деп көп елеске,
Жан аға, суық көзбен ерегеспе.
Толқытты өзімді де талай құрбым,
Шыдатпай тентек жүрек елемеске.

Зейнікеш, көрдім Әгір, Мәркеңді де,
Деймісің олар іздеп жай келді ме.
Мен түгіл
Құрбылары толқытты ғой,
Ағамыз сексендегі Бәйкенді де.

Сайыста көрінгендей сан бұлғын кер,
Алдында арыстардан алдың жігер.
Елестеп кетті батыр Мәлік ағам,
Мен білген осал емес Ғабдуллиндер.

14.11.1997

* * *

Өлеңге болса нық талап,
Абайдың көшін жалғайық.
Қисынсыз сөзді тықпалап,
Құбыжық қылып алмайық.

Жайнасын жырдың сарайы,
Сүйсініп адам кірердей.
Сөйлейік тілмен жабайы,
Анайы қылып жібермей.

Терең ой, сезім жоқ болса,
Түбіттей тартар салмағың.
Жырыңа сөнбес от қонса,
Бергені сол де Алланың.

02.03.1997

* * *

Жасай білсек біршілікке сай қадам,
Қуаныштың үлкені осы байқаған:
Оразай атты жарқын жұлдыз тұтанды,
Қарт Ұлытау аспанында қайтадан.

Азаттыққа тік сілтеген жол басын,
Қазағыма құт-береке орнасын.
Ас арнасақ бабамызға бағыштап,
Ақ ниетті Алла жар боп қолдасын!

1996

НҰРТАС САЛҒАН СУРЕТ

Н.Айтбаевқа

Кімнің бүгін пісер екен тарысы,
Дүркіреді суретшілер жарысы.
Еркеш салды портретін Горькийдің,
Шотаның да нар жоталы бар ісі.

Қыл қауырсын
Әр талшығы басты өрге,
Сынақ туды өңкей өрім жас төлге.
Ленин мен Сталин жүр кей қолда,
Кейбіреуде Матросов пен Гастелло.

Түрлі әлеміш бояулармен безенген,
Ортақ бағыт жеңіс көркін сезем мен.
Нұртас қана
Сұр күшікті салыпты,
Жау көргендей екі көзі безерген.

Бояу да жоқ майлы ажарға малынған,
Жай бір қара қарындашпен салынған.
Тік қарайды тірі күшік секілді,
Бар дауыспен арс етуді сағынған.

Қанден тектес жүнді барақ бірдеме,
Оралмайды өзге теңеу тілге де.
Бірақ осы кішкентай итте мінез бар,
Сес көрсетер көшедегі пілге де.

Айтты деме, достым, босқа әрнені,
Әр қылшығы сол күшіктің нәрлі еді.
Сәлдені ашты
Суретшілік өнерге,
Нұртас жеңді. Алды ең зор бәйгені.

Жеңді, жеңді менің досым жол түсіп,
Болды аймақта естен кетпес мол қызық.
Сайыс төрін әлі қорғап тұрғандай,
Елестейді жүні үрпиген сол күшік.

30.01.1997

ЖАЛҒАНДА ЖАНЫМ СҮЙГЕН САЗГЕР ЕДІҢ

Әсет Бейсеуовке

I

Тым алыс жолда жүрдім сен өткенде,
Қиналдым, көңілім қалды-ау сол көктемге.
Сыңсыды Әсет қайда деп сызылып,
Аққу-қаз біздің көлге төрлеткенде.

Мол біткен қайдан десем саған дарын,
Жақсы әнмен сұлулықты сен қорғадың.
Теңселтіп сал табиғат тұр құшақтап,
Көркем саз «Әсет» атты ну орманын.

Жалының ел құмарын мол қандырған,
Дарының бар қазақты таң қалдырған.
Жаңа әнің аумайтұғын кең далама,
Нұр төккен жазғы аптапта ақ жаңбырдан.

Қалып ем коштаса алмай мен арманда,
Сазгерсің жаным сүйген бұл жалғанда.

II

Озықсың сансыз саңлақ легінде,
Құтты еді ән оралған тілегің де.
Сыйғызсаң асыл әнге туған елді,
Орныктың барша қазақ жүрегінде.

Ырғағың жүр дария ағынында,
Ақбөкен алып жетті тағы құмға.
«Адамдар, аққуларды атпаңдаршы»,
Деген ән қалды құстар сарынында.

Тыңдаймыз әр әніңді ұйып қана,
Сен жүрдің жанға ләззат үйіп қана.
Біздерді, Әсет, әнмен ардақтасаң,
Өтерміз біз де сені сүйіп қана.

Хош, досым! Алғы топтың ішіндесің,
Ғасырлар сол тұғырдан түсірмесін.

III

Махаббат салтанатын құрағандар,
Тербелді бүгін бірге гүл-алаңдар.
Әуенің қалды әлеммен шын сырласып:
«Дүниеде мен сүйетін бір адам бар».

О, достар! Жыламаңдар, жыламаңдар,
Әсетті еске алыңдар, гүл алаңдар.
Дегені Зәмзурасын қандай ғажап:
«Дүниеде мені сүйген бір адам бар».

Сол еді еркелеткен, аялаған,
Шіркін-ай, ерте кетті аяулы адам.
Ел жинап, қырқын беріп ертеңіне,
Соңынан туды сағат жаяулаған.

Кеңсайға гүл тола ма, үн тола ма,
Жатыр ғой екі ғашық бір молада.

IV

Жан едік тойда сауал сұраса алар,
Ән едік құдағи мен құда салар.
Шіркін-ай, сағынады-ау, Әсет, сені,
Қара көз «Қаскелеңдік құдашалар».

Салмаймын осындайда нала-қайғы,
Атыңды әнші қауым даралайды.
Жығатын аспен емес, қаспен ғана,
Арулар «жоқ» деп сені санамайды.

Сондайда кетеді естен аунап қайғы,
Суық сөз «өлді» деген аулақтайды.
Сені іздеп елеңдесе балдыз-қайын,
Жанары аққу-қыздың аунақтайды.

Күн тумас сол қызығың сәнін жоймақ,
Жүр сенің рухың шалқып, әнің тойлап.

V

Бұрқырап бойда ерке, бұла күшің,
Берді Алла шалқар шабыт қуанышын.
Өзге емес өзің айттың мен келдім деп,
Дүниеге ең тамаша бір ән үшін.

Нұры мол ән нөсерін ел жаттайды,
Мәңгі өлмес есіміңді сол сақтайды.
Мақпал мен Бағдат айтқан сұлу сазың,
Дүниеде сені жоқ деп ойлатпайды.

Періште, жарқын жұлдыз, жарық Айсың
Сен жүдеп ешқашан да жадамайсың.
Аттансаң бүгінгідей келешекке,
Сан ғасыр өтсе уақыт санамайсың.

Сұлу ән сен жаралдың толғағынан,
Көп емес асып түсер олжалы жан.

VI

Өмірде дос боп бірлік құрағандар,
Дәл мендей Тұманбай да шын алаңдар.
Заманбек баса алмай жүр мұң-наласын,
Қасында асқар таудай Нұр-ағаң бар.

Ол-дағы сені сыйлай білетұғын,
Көрмедік еркелікті зіл етуін.
Есігі сіздің үйдің тас жабылды-ау,
Сағынса хабар салмай кіретұғын.

Сондай сәт кең жүректі мұңайтады,
Омығып іштей тынып үн қайтады.
«Тыңдауға жаңа әнімді келіп кет», – деп,
Япырмау, енді маған кім айтады?

Доска – дос, теңіз еді кең тілегің,
Өзің де біздің үйге еркін едің.

VII

Жеттің бе, тағдыр оғы, асыл жанға?!
Асылға бұрын тиер тасың бар ма?
Арманда әкетіпсің сан дүлдүлді,
Елі үшін соғып жүрген басын жарға.

Әсетті өмір ерте еркелетті,
Байқадық бұтағы көп бәйтеректі.
Қарамас алды-артына аңғал еді,
Сол бойы ерке абзал ерте кетті.

Алматы көрінгендей салқынырақ,
Булығып ән атқыған қалды бұлақ.
Көмейім көбейтіп тұр жан сыбырын,
Не дейін? Болсын, Әсет, алдың жұмақ.

Бір жұлдыз жарқ етті де көшті аспаным,
Сол ма екен қимай қарап қоштасқаның?..

03.1997

ГЕТЕ, АБАЙ ЖӘНЕ БЕЛЬГЕР

Герольд Бельгер – Гете, Абай білгірі,
Мұңы ортақ, болмаса да бір діні.
Бала күнде өз атасы Гетемен,
Абай атам таныстырды бір күні.

«Қараңғы түнде тау қалғыпты» шырқаған,
Мектептестер ашты сонда тың ғалам.
Естіп жаттап, айтып келді үйіне,
Қайран қалды ата-анасы тыңдаған.

Тілге білгір Бельгер деген жігітті,
Есіл емес, бүкіл қазақ біліпті.
Абай – Гете ұқсастығын айқындап,
Жазғанына бәрімізді үңілтті.

Әр шешімге елтіп, толқып қараймын,
Терең ой бар айтылмаған талай тың.
Ең дұрысы жетесіне жеткізді,
Гетеге тән тереңдігін Абайдың.

Көкейімде өз жоба, өз ырымым,
Күй секілді жаңа туған тұнық үн.
Не де болса бір көтеріп тастады,
Тың деңгейге Абайтану ғылымын.

Сәт тіледім сапарына жөн істің,
Гете сүйгіш қазақ едім, келістім.
Қандай ғажап!
Ұштасқаны Абаймен,
Біздің неміс және «Ұлы немістің».

06.07.1997

САЛШЫ, ҚАЛҚАМ, ТАТЬЯНАНЫҢ ӘНІНЕ

Махаббатқа жас пен кәрі жүгінген.

А.С.Пушкин

Татьянаны ел «Тәтіш» деп атаған.

Әсет

Сұлулыққа құштар жас пен кәрі де,
Құлай сүйіп, бас иеді бәрі де.
Ақ дидарын, үзім үнін сағындым,
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне.

Кездессе де керім, кербез қанша жан,
Басылмады балғын сезім аңсаған.
Салшы, қалқам, Тәтіш қыздың әніне,
Қарақат көзі ұқсас еді дәл саған.

Өтсін, кетсін сансыз жылдар мұң арткан,
Жетсін әуен жаным жастай құмартқан.
Татьянадай талмауратшы, үзілтші,
Іңкәр мезет бал-ләззаттан ұзартқан.

Қайталашы, әсем толқын ырғағын,
Бір қозғалсын тереңдегі сыр қалың.
Аумайды екен ынтық лебіз, жан зекет,
Баурайды екен шын үздіккен бір сарын.

Құлағымнан шықпайды сол ән әлі,
Табылмады көрмей көксеу амалы.
Тал түбінде ақ тотыдай сызылтшы,
Бала күнгі жетсін ғашық хабары.

Көп қинама одан әрі хал сұрап,
Әндете бер лала гүлдей албырап.
Сайрандайын сағыныштан азат боп,
Зәру дыбыс дәру беріп, маужырап.

Махабаттың құлы жас пен кәрі де,
Онсыз толмас кешкен тірлік сәні де.
Салшы, қалқам, Тәтіш қыздай тік шырқап,
Сағынышым басылмай тұр әлі де.

1997

ЖАҢҒЫРЫҚ

Біз төліміз отыз екінші жылдардың,
Мен мың өліп, мың тіріліп, шыңдалдым.
Жаңғырығы көз жұмғанша өшпейді,
Қазақ кешкен сол алпауыт мұң-зардың.

Өмір – тартыс, дабыл қаққан мәңгілік,
Жаным күйді жабық сырын ән қылып.
Соғыс жылдар алай-дүлей ұшқыны,
Көкіректе қалды мәңгі жаңғырып.

Ауылдағы бауырлардың бүгінде,
Күрсініс бар күніренген үнінде.
«Шамы сөнді... Малы азайды...» деген сөз
Жаңғырады жүрегімнің түбінде.

Тоналғанда қолындағы бар мүлік,
Жоғалғанда кейде жөні бар ғұрып.
Кей ағайын жарға сокса шар басын,
Шырт ұйқыдан оятады жаңғырық.

Тар кезеңде жол іздесем мәңгіріп,
Кісінейді жонға қарап сәйгүлік.
Күн күркіреп, жарқ еткенде найзағай,
Тау жаңғырып, көкірегімде жанды үміт.

12.07.1997

* * *

Сағындым. Кернеді сағыныш,
Етемін ең соңғы жалыныш.
Кездеспей қинасаң, жүректе
Жасалар атомдық жарылыс.

Сағыныш әудемде тарайды.
Күрсініс толғантар маңайды.
Жарылыс жарығы басылмас,
Көргенше жүзіңді арайлы.

Сағыныш тым қатты қуырып,
Мың күйдім,
Мың мәрте суынып.
Күн бар ма бал татар тіліңнен,
Рахаттан кетердей буынып.

Сағыныш әлегі – мың қайғы,
Махаббат мезетін құндайды.
Мінезі қызық-ау жүректің,
Бәрібір бір көрмей тынбайды.

* * *

Махаббат алыс жүрер саясаттан,
Жігітпін шын сұлудан сая тапқан.
Мезетін ғашық түннің артық көрем,
Астымда тақ пен келген бай атақтан.

Әсем ән, сұлу әйел, бал шарапты,
Тояттап аштым бойда бар талапты.
Мен бүгін үшеуіне алғыс айтам,
Оларсыз жан құмары тарқамапты.

Дей көрме, достым: «Неге құтырасың»?
Сен де біл рахат, ләззат құт-ұясын.
Бал таңдай, бал құдаша, бал шәрбаттан,
Өмірдің аштым талай құпиясын.

Тірлікте үшеуіне бас ұрғандар,
Байқаңыз, олар нағыз асыл жандар.
Секілді Омар Хайям ашық айтып,
Мағжанша мәз болмай ма ғашық жандар?

Ұқсаған аппақ тәні ақ мақтаға,
Арудан есті жігіт алшақтама.
Ән салмас, шарап татпас, сұлу сүймес,
Айрылған ақыл-естен ақымақ қана.

01.11.1997

СТУДЕНТ ӘНІ

Балғындар, студент балғындар,
Біз сүйіп шырқайтын ән-жыр бар.
Жол түсіп ортаңа келгелі,
Еркімді тез билеп алдыңдар.

Бал қыздар, шырақтай жандыңдар,
Жақсы екен талабың ән тыңдар.
Ән салсам, күй тартсам күңірентіп,
Қыздырды телміртер салтым бар.

Қанаттас, қатарлас балғындар,
Сұлу саз тамаша бар тыңдар.
Жұп түзеп, би билеп, бұралып,
Басымды әуреге салдыңдар.

Балғындар, студент балғындар,
Ағайын-туыс боп қалдыңдар.
Жастық шақ жалғаған достарым,
Күн тумас сендерге салқындар.

Балғындар, аққудай шалқыңдар,
Тартады жан қимас жарқылдар.
Ортаңда қара көз жарқ етсе,
Махаббат қызуы қарқындар.

1997

ЖҮРЕКТІҢ ҚОС МЕКЕНІ

Шоқан басқан асыл ізден нәр алдым,
Ақан сері әнін жаттап таралдым.
Құлагер жортқан құба жонда ізі бар,
Аққулы елде, «Гәккулі» елде жаралдым.

Тағдыр қосты дос-жаранның тәуірін,
Тыңдай білдім құстар әнін, тау үнін.
Қыздары әнші, ұлдары ақын, сауықшыл,
Жайлап өстім Үкілі Ыбырай ауылын.

Сол ауылда жаздым тұңғыш өлеңді,
Жас жүрекке желіктіргіш жел енді.
Сол ауылдың әнші қызы үйретті,
Жер бетінде махаббат бар дегенді.

Қаныш жүрген құт әкелді Жезқазған,
Кенші болдым, өлең де көп мен жазған.
Араладым Ұлытауды, Қоскөлді,
Тыныс алып, отты күннен кен қазған.

О, кең дала! Сен қандырдың құмарды,
Бауыр бастым көк сағымға мұнарлы.
Серпіп қалған қабағында көп сыр бар,
Сонда көрдім адасып жүрген ұларды.

Тез құлаймын ес білгелі ғажапқа,
Сұлу көрсем шын сұқтанбау азап та.
Мөлдіреген қара көзі тандантып,
«Жезкиік» боп сыр ақтардым қазаққа.

Көзден көшкен сол елестер желбіреп,
Жалғасады киік-дала, кең жүрек.
Көкшелетіп Ұлытауға бір соқсам,
Сауығамын сағыныштар селдіреп.

НАР ТҰЛҒА

Фазыл Кәрібжановқа

Фазеке, сізді білгелі,
Аз емес көңіл ілгені.
Еске алып бүгін отырмыз,
Егемен ел боп іргелі.

Тұлғалы тарлан ірісің,
Тарихтың өшпес сырысың.
Заңғайыр атың – асқар тау,
Қазақтың саңлақ бірісің.

Ақ жүрек мұңлы бабы көп,
Толқысаң көңіл назы кеп;
Мағжанның әнін айтушы ең,
«Сүй, сәулем, сүйші, тағы», – деп.

Көркейткен нұрлы саяңды,
Көп еді досың аяулы.
Інілер іргек болсын деп,
Жатқа айттың «Батыр Баянды».

Болғаның – бірі естінің,
Сақтадың даңқын ескінің.
Ағыбай батыр секілді,
Айбынды еді кескінің.

Кеменгер ұлдың бірі едің,
Егесте табан тіредің.
Жасқантты Одақ өкілін,
Ұлтжанды үлкен жүрегің.

Береді тағдыр бергенге,
Алғысым көп қой жеңгенге.
Қорғаушы болдың, Қобыландым,
Тың жерге қатер келгенде.

Аталмай атың қиналып,
Жүрсе де іштей сыйладық.
Егемен ел боп дәл бүгін,
Есімізді әрең жинадық.

Талпыныс берік алғашқы,
Елбасы қадам дәл басты.
Ақмола болып астана,
Арманың ізгі жалғасты.

Бірліктің туы – асылсың,
Ар-намыс болды ақылшың.
Алматы төрі бақшада,
Ардақтап елің жатырсың.

Келгенде елге азат Күн,
Алдыңда міндет тазарттым.
Аунап түс бүгін ұйқыңнан,
Кутузовы қазақтың!

1997

ҚАЗАҚСТАН ДЕГЕН ЕЛ

Жерімнің сәні – Алатау,
Еділ мен Жайық – егізі.
Қазақтың мұңы – Қаратау,
Сарыарқа – елдің негізі.

Көкшетау – кербез ажарым,
Ұлытау – ата ұраным.
Алтайым – алтын базарым,
Ақмола – жаңа қыраным.

Каспийім – ашық маңдайым,
Арал, Балқаш – қос жанар.
Есілім – бұлбұл таңдайым,
Теміртау – төрім төс қағар.

Қарағанды – түндігім,
Байқоңырым – қанатым.
Қостанай – асау дүлдүлім,
Жетісу – торғын жаннатым.

Жезқазған – жер кіндігім,
Ақтөбе – асыл арысым.
Ордабасы – бірлігім,
Атырау – ерен табысым.

Баяным – сезім тұнығы,
Шығыста туым – Шыңғыстау.
Алматым – аруақ тұғыры,
Меккеміз біздің – Түркістан.

Егемен туы үр жаңа,
Бір көрсең жаның кенелер;
Осының бәрі бір ғана,
Қазақстан деген ел.

1997

КӨЗКӨРГЕН

Кей пысықтар талапайдан нығайды,
Үрім-бұтақ,
Зәузаты да тыңайды.
Ең тамаша «көркем өмір» соларда,
Екі-үш қабат үйлері де шырайлы.

Қайыршылар көк базарда зарлап тұр,
Бір ақсақал күрсінеді жалғап сыр.
Тауар толы
Алар пұлы аз болып,
Төңірегін үнсіз ғана барлап тұр.

Ел айтқандай,
Қорлық жоқ қой сақтықта,
Малды құртып, іс тынды деп аптықпа.
Семейдегі Олжабайды байқашы,
Малы бітіп, тақап қалған аштыққа.

Ауыл жаққа жіті көзбен қарашы,
Жүдеп отыр
Шымқай қазақ баласы.
Арал құрғап барады, Арал құрғап,
Ушыққан дерт табылмастан дауасы.

Тез өзгерді бүгін қазақ даласы,
Алшақтады көп ағайын арасы.
Жағармайсыз, жанармайсыз ел жүдеп
Ат-арбаның қайта өсті бағасы.

Шын кінәлі көрген екі көзім бе,
Асыл арман үйретті көп төзімге.
Жүдеу жігіт
Әне, қоқыр-соқырды,
Қопарып тұр Алматының өзінде.

Киім-кешек қажет болса балаға,
Айтсаңдаршы, көшкен желден ала ма?!
Көп ауылдың
Құрып кетті дүкені,
Құмырсқадай үймелеген қалада.

Келсін, көрсін кей шенеунік сенбесе,
Жөн болады көздің шелін емдесе.
Қалай ғана көтерілер рухым,
Ауылыма кітап, газет келмесе?!

12.02.1997

* * *

Мен келемін баяу басып, ақырын,
Ел бірлігін сақтау – жеткен ақылым.
Қалталылар қараса да қай көзбен,
Арқалылар туа біткен жақыным.

Қуат берсе күзгі шуақ жылы күн,
Өзіме де қызық кейбір қылығым.
Жоқтамаймын өткен күннің арайын,
Боқтамаймын бүгінгі күн былығын.

Үнсіз жүрсем саспай сабыр сақтаумен,
Күрсінтеді жат қолына аққан кен.
Тынысым жоқ өлең өртеп жанымды,
Жұмысым жоқ талапайды мақтаумен.

Тәубе десем келешекке сиынып,
Отырғам жоқ от басында бұйығып.
Жатса деймін бар байлыққа кенеліп,
Жер де, кен де қазағыма бұйырып.

1997

ҚОС ТІРЕК

Шектім мен талай мұңлы күн,
Көрдім де талай сыйлы күн.
Алтынды жиһаз алмадым,
Жағымпаздардың «сыйлығын».

Екі етпей жүрек бұйрығын,
Өкініш жоқ, күйлімін.
Түлкілерді көп көрдім,
Бұлғақтатқан құйрығын.

Шаң баспастай гүл бетін,
Тап-таза өсті үмбетім.
Тақтан да биік көремін,
Туған ел қадір-құрметін.

Тартысып жүріп заманмен,
Тірліктен ләззат алам мен.
Қос тірегім қасымда:
Жан жарым, жүйрік қаламмен.

1997

САҒЫНДЫҚ КЕНЖЕБАЕВТЫҢ СӨЗІ

Біреу ерте, кейбіреу кеш біледі,
Кей ұғымдар әудемде ескіреді.
Бергені ғой құдайдың
Су жұқпайтын,
Кей дөңгелек дорақка ес кіреді.

Кеше үйінде жасаса іргелі той,
Бастығына жағына білгені ғой.
Ертеңіне көмекші бола қалды,
Командаға ол мықтап кіргені ғой.

Галай жорға мініп ек көк аланы,
Қарт көңілдің өткенге жоқ алаңы.
Жалақыны баяғы Генсектерден,
Осы күнгі көмекші көп алады.

Өмірге жоқ ешқандай күпірлігім,
Жағдай жайлы,
Барына шүкір бүгін.
Есен жүрсе Нақышым есем кетпес,
Жүзге де аман жеткізер күтімдімін.

Ескі досым әл беріп салдық деген,
Сеңгіріне сексеннің тартып келем.
Генеральный бәйбішем қасымда отыр,
Мың тоқалдан мен оны артық көрем.

07.11.1997

ЖИЕН АҒА, БАҚҰЛ БОЛ!

Кәкімбек Жақыпұлына

Бақұл бол, аттас аға, жиен аға,
Жасымда сүйеу болған киелі аға.
Өлеңім – ескерткішім өміріңе,
Қазаңа жаным қатты күйеді, аға.

Рақымбек, Хамит аға, Кәкімбегім,
Сыйлайтын «нағашылап» татымды едің.
Сырымбет етегінде шәкірт күнде,
Өзгеден, аттас аға, жақын да едің.

Шақ киім бозбалаға әс көрінді,
Ешқашан қайтармадың жас көңілді.
Барарда қызды ауылға киюші едім,
Ең тәуір сенің қымбат костюміңді.

Мейірімді, мерейлі едің, бауыры кең,
Бір өзің мырза, байтақ ауылым ең.
Ішінде көп ағайын жанашырым,
Ақжолтай тілегі құт тәуірім ең.

Көз жасым тамып жетсе ағын жырға,
Бейнеңді бөлей берем ағын нұрға.
Шіркін-ай, бұл жалғаннан ерте кеттің,
Бақида қос ағаңды сағындың ба?!

Толғанып Алатаудың етегінде,
Сый-құрмет есіміңе етемін де,
Торқалы топырақ пен иман тілеп,
Отырмын қимастықтың жетегінде.

Толғантсаң ауыр мұңмен нала қалың,
Тұлғалы туысым деп бағаладым.
Жәннаттан Алла жайлы орын берсін,
Атыңды өшірмесін балаларың.

19.10.1997

АНА ТОЙЫ

Күләй Қасейіновага

Сәні келді сәулелі күлкінің де,
Лүпілдеп тұр жүрегім жыр тілінде.
Ақылды ұл дегенің осы екен ғой,
Ана тойын жасаған тың күнінде.

Ана десең, Ай толқып шың басында,
Сыр төгілер жетерлік бір ғасырға.
Еске түсер алғашқы ұстазың да,
Қызға талас қыздырған құрдасың да.

Асық ойнап,
Асырға құрған желкен,
Еске түсер туған жер, туған өлкең.
Көзге оралар көңілді бір көтеріп,
Көрші қызы ерекше туған көркем.

Дүйсен, бүгін құлпырды шаңырағың,
Салып жатыр
Сарыарқа дабыл әнін.
Күләй апай,
Жетпіс бес құтты болсын!
Той-думанның төрінде табыламын.

Нұр жауды ғой аспаннан өзіңізге,
Хабарлап тұр қабағың соны бізге.
Бүгін бүкіл дүние сыйып кетті,
Мейірім төккен қайырымшыл көзіңізге.

Ана тойы – ардақты дана тойы,
Жамыраған немере, бала тойы.
Әжелігі әулетке сәулет болған,
Бұл бар қазақ сыйлайтын дала тойы.

Сәні келді
Сәулелі күлкінің де,
Жүрегім де сөйлеп тұр жыр тілінде.
Ақылды ұл дегенің осы екен ғой,
Ана тойын жасаған тың күнінде.

17.03.1997

ТӨЛЕГЕН МОМБЕКОВКЕ

Күйге құмар адамдардың жүрегін,
Бір емес-ау мың жарылқап жүр едің.
Сен де аттандың бақи жаққа, жан аға,
Тірі жүрген дүлдүлдердің бірі едің.

Жүрек жалған ойлы, мұңлы көп үнге,
Өң беріп ең бүкіл байтақ өңірге.
Бір жұлдызым ағып түсті аспаннан,
Шертпе қоңыр күмбір тастап өмірге.

Өнерлі едің аңыз, дастан, қиялдай,
Қалды-ау, шіркін, сал домбыраң бұралмай.
Тәттімбеттің аңсап алтын тұяғын,
Тұрмын ыстық
Көздің жасын тыя алмай.

02.03.1991

* * *

Тарпаң заман ұлы едім шалқаңдаған,
Ғашық болды Балқаш та, Балқан маған.
Бәрі қалды. Күн туды өзімді-өзім,
Өлең үшін аямай арқандаған.

Үмітім көп, жоқ еді күдер деген,
Қырғи едім көлден қу жібермеген.
Бәрі қалды. Қасында бәйбішемнің,
Өзімді-өзім күн туды шідерлеген.

Айым туды алдымнан ашық болып,
Ақындыққа бой ұрдым машық болып.
Құдашалар мұңайып карап калды,
Мәриямға мен қайта ғашық болып.

1997

* * *

Саламат Мұқашевқа

Сыпайылар ішінде ақылдысы,
Ақылдының мақтауға татымдысы,
Атырау мен Маңғыстау ақиығы,
Ол – Саламат, маған бір жақын кісі.

Қажырлы жан, намысқой, құрыш күші,
Қарапайым жігіттің жұғыстысы.
Дәлдеу айтсам, ағайын,
Бұл Саламат,
Ары таза, жасынан дұрыс кісі.

Жақсылыққа құлшынып құлақ тікті,
Бақыт құсын тер төгіп, шыдап күтті.
Құдай оңдап,
Доссордың мұнайшысы,
Ең жоғарғы қақ төрден бір-ақ шықты.

Ойлы көзі кездессең оттай жанып,
Жаутаң қағар әлі де тоқтай қалып.
Тұрпатына қарашы сау қайыңдай,
Жүз жасында сол қалпын сақтайды анық.

Келді бүгін құрметтеп ел түсінген,
Келді Жайық, Жетісу, Ертіспмен.
Ұлытау мен Көкшетау мен әкелдім,
Ақ тілегін құттықтап жетпісіңмен.

Өзімді де егделік торлатқандай,
Шыдау қайда дәл бүгін толғап қалмай?!
Жырым шашу тойыңа,
Асыл аға,
Ат мінгізіп, көрерсің тон жапқандай.

18.101997

ТҮЙІР ТАСТЫ КЕМЕЛ ІСКЕ ЖАРАТҚАН

Беркімбай Парымбетовке

Дос бейнесі кетпей кимас көңілден,
Еске аламын жүрек назы, өр үнмен.
Ол өлген жоқ, асыл ізі артында,
Айқын жатыр ескерткіш боп көрінген.

Бойда күшін саркып өтсе тарлан көк,
Көлеңкеде, ықтасында қалған жоқ.
Тың істерді кірістірген өмірге,
Академик-министрде арман жоқ.

Ішкі намыс қуат берген күші нық,
Дабыл қақты ел мүддесін түсініп.
Зер мен терді қосып жүрді тірлікте,
Содан биік оған біткен кісілік.

Әкім, елші,
Ол құрылысшы – зор атын,
Ғалымдықтың дүрбісімен шолатын.
Қыран еді қарсы желден қаймықпай,
Қиядағы жар басына қонатын.

Ақ үйлерге ғашық болса таң атқан,
Таңбасы бар Алматыны ағартқан.
Сәтбаевтың Парымбетов шәкірті,
Түйір тасты кемел іске жаратқан.

Түрлі әлеміш кесіп, жонып мәрмәрді,
Күміс алқа тапты асылын бар нәрлі.
Күлтас жасап қызыл-жасыл, ақ малта,
Көз тойдырса бүкіл әлем таң қалды.

Әрі әкім, әрі ғалым зиялы,
Ой мен ісі бірге басты ұяны.
Өркениет өрендерін көксеген,
Осы еді ғой Қаныш аға қиялы.

25.01.1997

ОЙЛАЙТЫНЫМ

Маңайыма қараймын жаным ашып,
Ұрлық-қарлық көбейді жамырасып.
Көз алдында «көз жұмып»
Кеткенін-ай,
Аш қасқыр мен қарақшы бауыр басып.

Темір есік
Ок өтпес қойғызып ал,
«Бомж» деген әр үйдің «қоңызы» бар.
Жұртта үрей жоқ,
Дүлей жүр жолды торып,
«Рэкет» деген «жырық етек доңызы» бар.

Мұңымды сез,
Көкірек жарасынан,
Досым еді маған көп жаны ашыған.
Жерге кіріп кетердей ұяламын,
Хабар болмай
Ұрланған баласынан.

Өнерлі еді жаңа күн қыранындай,
Қарқынды еді құлшынған тың ағындай.
Екі ай болды
Жоғалып кеткеніне,
Ізі өше ме зым-зия сұралынбай?!

Неге Аллаға
Жалынған наз өтпейді?!
«Ұрланғанның бәрі де қазақ» дейді.
Басқаша атын білмеймін, есті адамдар:
«Бұл сұмдықтың үлкені мазақ» дейді.

Еріп келді сан пәле нарықпенен,
Түсін, өңін пәленің танып келем.
Қап-қараңғы үңгірден өтіп барам,
Қарсы алдымнан
Қашан бір жарық көрем?!

Түн ұйқымды төрт бөліп,
Алмай тыным,
Осы менің ашық көз ойлайтыным.
Қалай ғана
Сұм тағдыр тез көбейтті,
Жегеніне ындыны тоймайтынын?!

23.11.1997

* * *

Жаңылыс баспас жорғадай,
Жолыңды тәңірім оңдағай.
Келісті жерде кездессек,
Кедергі бізге болмағай.

Жанарың өтпес торламай,
Кірпігің салмас жол қалай?
Құлап түс екі қолыма,
Өзіңді-өзің зорламай.

Шаттықтың селін жимағай,
Жер-көкке толқып сыймағай.
Еркіме менің көне сал,
Жаныңды бекер қинамай.

Аспанда емес, қолдағы Ай,
Болатын істі болжағай.
Етіңе етім тигенде,
Шығарсың қайтіп қолдамай?!

Кетпесін балқып бой қалай?!
Махаббат қайтсін тойламай?!
Рахаттан өліп-өшетін,
Жан зекет мезет орнағай.

04.07.1997

* * *

Жанартаумын жалыны бәсеңдемес,
Ғашық жайлы көп айтам әсем кеңес.
Бәрі соның от жүрек жомарттығы,
Әлі аз емес ат байлап өтер белес.

Әлдекімге мен мейлі,
Жақпайды екем,
Мықтылықты арманым сақтау бекем.
Кеншіліктің оралсам базарынан,
Ақындықтың өрінен қайтпай өтем.

Тұнық жырым,
Таусылмас тұнық әнім,
Қосыл, қалқам,
Мен сонда шынығамын.
Жүзге қарай жүгіре басқан сайын,
Махаббаттың отына құнығамын.

20.10.1997



Бесінші бөлім

ПОЭМАЛАР

ТОТЫНЫҢ ТОҚСАН ТАРАУЫ

Тоты көрдім тоғайға оралмаған,
Салтанаты, сауығы жоғалмаған.
Мейірімді, мерейлі келбетіне,
Теңеу іздеп, сұқтану
Обал маған.

Жабайы емес,
Ғажайып «жұмақ құсы»,
Мәпелеген бір үйдің тұрақтысы.
Тор ішінде сыланып түрленеді,
Өзін-өзі келгендей сынатқысы.

Аты қызық,
Біздің ел тоты деген,
Тот жоламас,
Әр талшық оты ерен.
Сиқыр, сұлу сазына жан телітіп,
Құмартушы ем әніне заты терең.

Денесінің көз тартқыш бояулары,
Түбіт талшық,
Көз ашық, ояу бәрі.
Айқын сары, қара көк,
Қына қызыл,
Кемпірқосақ сияқты бояулары.

Жасыл ала,
Шырақгүл шытырадай,
Қауырсындар жатыр ғой бытырамай.
Гүл қауыздың ішінде бөпе гүлдей,
Аққа қызыл алмаскан шытынамай.

Түрлі түспен тізілтіп уықтаған,
Мойны сұңғақ,
Ақ бұғақ сыныктаған.
Әлдекімді еріксіз елестетті,
Тату өскен күндерді ұмытпаған.

Аяқ қандай десеңші, аяқ қандай?!
Бипыл-типыл басады таяқтанбай.
Сондай еді…
О, қайран, сол екі аяқ,
Шыдай алмай барамын қарап қалмай.

Отыр дей ме ойланып, дос танымай,
Әрекетшіл,
Әурешіл оспағын-ай.
Неге ғана жарқ етті қарашықтар,
Сүт бетінде қалқыған қос тарыдай?

Көрсем сол бір ғажайып құдіретті,
Өшкен сезім өзеуреп, сыбыр етті.
Дүрбісімен жүректің үлкейтемін,
Кішірейтіп салынған суретті.

Осындайға қандырып қанағатын,
Сынық жүрек кезі бар жамалатын.
Қарсы алдымда тірі отыр,
Танып тұрмын,
Дүниенің сегізінші ғаламатын.

Ғаламаттың деп қалма шамалысы,
Сәулет емес,
Сәулеткер саналысы.
Сурет те емес,
Суреткер бағалысы,
Әрі сұлу,
Әрі әнші, әрі күйші,
Жүрегінің мұңы бар жаралысы.

Тұла бойы сұлулық сарқылмаған,
Балғын дене,
Жауқазын қарпылмаған.
Балет көріп отырған сияқтымын,
Жас күнімдей біткенде қарқын маған.

Өз бетімен салтанат құрмайды екен,
Адам әнін әуелі тыңдайды екен:

Домбырама, әніме таңдай қақты,
Сайрап кетті,
Сайраса тынбайды екен.

Тәтті түске өңімді алмастырып,
Бұл қияли есімнен қалмас қылық.
Мен тоқтадым,
Ол үзбей шырқап жатыр,
Қазақ әнін құстарша жалғастырып.

Тоты толғақ бір-бірлеп лыпылдайды,
Таза әуенге кең бөлме лықылдайды.
Жеткізгендей бабына «құлақ күйін»,
Ұзақ созып,
Сылқылдап, тыпырлайды.

Музыканың келгендей сабағына,
Дыбыс тыңдап,
Қараймын қабағына.
Таңырқадым алғашқы тарауына,
Басып жатқан көмекей шанағына.

Бірде тық-тық, әдемі шықылықтап,
Ерке қыздай күледі сықылықтап.
Қос жанарын жұмады
Тас қараңғы,
Сайрағандай тасада тығылып қап.

Толғай-толғай тебірене күй ақтарып,
Кетті аспан, жер-дүние құлақтанып.
Түн ортасы көрінді боз ала таң,
Ленинградтың ақ түні сияқтанып.

Сәуле бергіш,
Жандырғыш дыбысында,
Сүйсіндіргіш,
Сипағыш тынысында;
Қасиет бар жан баурап, ғашық еткіш,
Көңілден нұр, көзден сыр ұғысында.

Қарлығаш үн шалғайға көсіледі,
Жан дүниеңді жұмаққа көшіреді.
Тіршіліктің мезеті қымбаттайды,
Әй, не керек,
Көңілді өсіреді!

Көмекейге көмілте салғызды әнді,
Жұрт тым-тырыс, құс көмей жалғызданды
Қызыл камзол,
Ақ көйлек,
Жасыл бөрік,
Киіз үйде билеген сал қызданды.

Дәмелентіп,
Дәндетіп, ала қашып,
Дей ме маған әнге еріп далаға шық!
Терезеге қарауға шошынамын,
Келіп қана қалғандай бала-ғашық.

Қыздырмалап, тамсантып, тақымдаса,
Өң бермеймін,
Байғұста хақым қанша?
Ықпалына еріксіз көндіреді,
Тыңдаушысы түзелген ақындарша.

Құпия сыр жай, тегін ағыла ма,
Сайрай-сайрай жетті ме бабына да?
Жырлай-жырлай жүректен маржан шашып
Қасында жоқ сыңарын сағына ма?

Қарай-қарай шілтелі шарбағына,
Көңіл-күйін білтелі жалғады ма?!
Әлде сүйген серігі серттен тайып,
Түсті ме екен тағдырдың қармағына?!

Отырады,
Қайтеді? Ұша алмайды.
Толқып-толқып әдемі түс аулайды.
Төгілген ән түсер ме алаканға,
Құшақ жетпес дүниені құша алмайды.

Білінбейді талмаурап, алқынғаны,
Тарау-тарау иірім жарқылдады.
Ақ тамшылап,
Тізілтіп,
Жіңішкертіп,
Үзіп алмай, қайтадан қарқындады.

Ән маздады біздерді басқарып ап,
Титімдей тіл тынбайды,
Қақсады жақ.
Тоты кетті түрленіп,
Темір шарбақ
Сым тор емес, көрінді «аспалы бақ».

Күзгі орманда бүлдірген тергенімдей,
Бір-бір жылдап қырыққа келгенімдей.
Тамшы, тамшы тамады
Алақанға,
Нұрдың суын толтырып бергеніндей.

Әр тамшымен тап-таза шындық келді,
Құс құпия жасырған білдік шерді.
Ақ қағазға түсуге асықтырып,
Тарау-тарау жадымда жыр бүктелді.

Көз алдымда Сарыарқа далалары,
Сайрап жатыр орманды салалары.
Толып кеткен тотыдай көрінеді,
Көкше, Баян, Ұлытау аралары.

Ауа әндетті,
Әнші пәс, үн шығармай
Сиқырлайды, түсінер сыншы қандай?
Бір жүректі бір жүрек
Көріп отыр,
Тамашаға болдым ғой тұншығардай.

Әуелетіп тағы да төгілімі,
Жаңа тарау басталды – өмір үні.

Босап-босап кеткендей жеміт көңіл,
Көрінеді суыртпақ сөгілімі.

Мәз болғанға тотыны мен көрдім деп,
Ол түрленді,
«Ән бастау сен бердің» деп.
Шыдай алмай барамын «аспалы бақ»
Әткеншегі ішінде тербелгім кеп.

Тізбектелді басылмай ән есесі,
Қабатталды туғандай әр нешесі.
Аққан селдей көктемгі вальстерге,
Толып кетті Мәскеудің бар көшесі.

Мың-мың тармақ,
Мажорлы, минорлы елес,
Адамдармен құрады күйлер кеңес.
Балы тамған балғын ән естігенде,
Жоғалтқанын кім қайтып келер демес?!

Кейде әуен сыбызғы сырғағындай,
Көл бетіне күміс үн тұнғанындай.
Арадағы көп жылдар адастырмай,
Сағынғандар қосылып тұрғанындай.

Дей алмайсың, тоқташы, осы үн қандай?
Әр жүректің өз мұңы қосылғандай.
Қайдан білді?
Құс перзент нені айтты деп,
Біреу күліп, біреулер шошынғандай.

Қай құпия сол кезде шертілмеді?
Күй лебіне қай жүрек ерітілмеді?
Өзге түгіл, тордағы құстың өзі
Ұшып қана кетердей желкілдеді.

Сықыр дыбыс,
Қосалқа егізденді,
Тік шыркады,
Білмеймін, нені іздеді?
Бізді қойшы,

Ақ бөпе жалт қарады,
Әнге қиып анасы емізгенді.

Бой сергітті,
Буынды шымырлатты,
Әр көңілді қытықтап,
Қыбын тапты.
Сексендегі ақсақал төрде отырған
– Ой-һай, дүние-ай! – деді де, жымың қақты.

Кемпірі де мырс етті,
Үн шығарды.
Сезбей отыр біздердей тыңшы барды.
Құтыңдаған шалына шұғыл қарап,
Оң санынан оңдап бір шымшып алды.

Дәмді шарап кей жігіт тастап отыр,
Құс тағы бір тың сарын бастап отыр.
Сезімдері оянған серуеншіл,
Гитарларын құшақтап жастар отыр.

Керемет қой сұлу ән еңселігі,
Бойымнан бір тарқады кеңсе жүгі.
Жұлдыздарды желкеден түйіп өтіп,
Терезеден қарады жер серігі.

Кейде дыбыс дірілдеп желкілдеді,
Жел қозғаған айдындай мөлтілдеді.
О, тәңірім! Сақтай гөр,
Бұл сұлулық,
Сақтамасаң ажалсыз өлтіреді.

«Жұмақ тоты» тынбаса күй ақтарып,
Ән сырғыды жылғалап, бұлақтанып.
Елестеді көзіме баяғы бір
Мен құмарткан «ақ тоты» сияқтанып.

Жасырынған төрғайдай денесіне,
Салып алды ән-күйдің кемесіне.
Тату күндер қиылып көз тастайды,
Жауап беріп жанымның елесіне.

Шертпе күйдің шымшыма қағысымен
Баяндайды берісін, әрісі мен.
Тақылдатты таңдайын әлсін-әлі,
Дегендей-ақ:
«Сен-дағы танысым ең».

Төкпе күйдің телегей шабысымен,
Теңестірді жақынды алысымен.
Ойланады:
«Ой, алла-ай! – дегендей боп, –
Неге көңіл сол кезде қалысып ем?»

Жігерлі күй лып етпе әдісімен,
Үшқыр сезім,
Ойлы ақыл жарысымен.
Құлыптаулы құпия сырын ашты,
Арпалысып өзінің намысымен.

Айтпас па еді?
Ән қайда тұрақтайды?
Беттен қақса бабымен үн ақпайды.
Өкініш пен өтініш қабаттасты,
Айтпас па еді?
Махаббат шыдатпайды.

Ән құлшынды кимастық көркемдеген
Шақырады шаттыққа көз көрмеген.
Не де болса жақсы екен,
Өлкем кеңіп,
Еркем келіп, айықпас дерт емдеген.

Көкірегім құлшынса әнге қарай,
Түсіндім ғой,
Түсіндім мәнге талай.
Сүйіпті ғой,
Ол әлі сүйеді екен,
– Кешір, – дейді, – қатемді әлдекалай.

Әнші құсты әрлесем
Есі бар деп,

Жалынбаймын, ей, қалқа, есіңе ал деп.
Мұнартқанға жасымнан құмартушы ем,
Ар жағында биіктің несі бар деп.

Құстың сыры – ешқашан досты алдамау,
Тозбасын деу, махаббат тоскан жалау.
Беріктелген беріштер жұмсай берді,
Жігі баткан жазылды токсан жамау.

Ән бе?
Әлде махаббат қалауы ма?
Бірін мыңға болар ма балауыма?
Әжем айтқан ертегі еске түсті,
Токсаныншы жеткенде тарауына.

Наз төгілді өзінше қиялдаған,
Сағыныштың маусымын тыя алмаған.
Айтып жатты өкініш, өтінішін,
Бала кезде біржола қия алмаған.

Неге алданды?
Ол неге?
Кіммен кетті?
Бәрін, бәрін…
Қалтқысыз білмек етті.
Әнмен ғана
Су сеуіп жатқандай бір,
Сөндірем деп,
Өзекті тілген өртті.

Токсан тарау,
Токсан ән сұрыптаған,
Тетігі айқын.
Ұмытпаған екен-ау,
Ұмытпаған.
Тор ішінде отырған «жұмақ тоты»
Шынын айтты,
Талай жыл құлыптаған.

Қоштасқан кез
Сұрғылт бұлт, күз еді ғой,
Ол бір бейне,
«Ақ тоты» қыз еді ғой.
Қалай ғана кешірмей жүре берем,
Тоқсаныншы тарауын түзеді ғой.

Қалай ғана көңілім көншімесін?
Қалай шыдап,
Сағыныш өршімесін?!
Не дер екен дегендей,
Үнсіз, бейқам,
Қарай қалды бетіме көршілесім.

Жүйткіп өтті,
Жастық шақ жас елігі,
Мұз балқыды,
Түйіншек тас еріді.
Сынағандар, тыңдаңдар, шыңдық осы,
Кешірілді, кешірмес қателігі.

Емес бәрі жабайы қызық қана,
Жанға батқан жұмсарды үздік тана.
Талай жылдар жабулы жүргенінен,
Қалқып өттім,
Көз жұмып, жүзіп қана.

1977

МАХАББАТ КӨЛІ

Лирикалық поэма

Қызылқұмда көз арбаған көл көріп,
Сену кайда?
Кетті шөл де төрленіп.
Кер маралдың ақ теңбілі сиякты,
Боз шағала жатыр айна мөрленіп.
Табиғаттың көз арбауын карашы,
Бүкіл дала кетті дария-көлденіп.

Терең сайда құм өзені түйіскен,
Көз алмаймын жиделі сай мүйістен.
Шұбап шықты
Алтын жоны жаркырап,
Мың-мың киік осы көлден су ішкен.

Қара жолды тіке кесіп жанайлап,
Бара жатыр жануарлар қарайлап.
Аэропорт алаңында кешкі оттай
Жаутаң көзге толып кетті бар аймак.
Сол киелі жануардың нұрынан,
Көкіректі кетті шабыт арайлап.
Қос тырна жүр соңдарында конактап,
Қойшылардың шыққан жонға мал айдап.

Дала жатыр
Сағым ойнап мұнартып,
Жарк-жұрк еткен боз шаңдағын шұбалтып.
Мен караймын көп киікке құмартып.
Құм ішінде сағынышты шұбалтып,
Жануарлар кетер ме екен мұң артып?..
Өтті кетті. Қарасыны үзілді,
Екі бетті құмдай катты кызартып.

Сенбес едім,
Алмас едім сәл тыным.
Естіп калдым аққулардың саңкылын.
О, дариға! Ақын келді дегендей,

Саңқыл шықты,
Ал жүрегім, ал тыным.

Құм аумайды бүктетілген пүліштен,
Көл аумайды толқып жатқан күмістен.
Жағасында егіз талға қарасам,
Тірі жандай төс тақасып түйіскен,
Қыз бен жігіт деп те қалдым сүйіскен.

Құм жылайды иірімін машықтап,
Көл тербеледі кең айдынды ашықтап.
Жақындаса жел жылжытқан егіз тал,
Маукын басып тұр ма дерсің ғашықтар

Сол елестің хикаясы ғажайып,
Аз да болса бәз қалпында жазайық.
Бізге айтқан көне көзді қарттар да,
Осы күнде бара жатыр азайып.

Ақшыл едім албырт кенші жасымда,
Бұл аймақтың кештік тау мен тасын да.
Қызылқұмға көлді көре барғанда,
Төрегелдин Мәкен болды қасымда.

Айдай кербез, күндей нұрлы, көрікті,
Байдың қызын жас бозбала көріпті.
Қаршыға көз, қыран қабақ батырға,
Шын құмартқан қыз да көңіл бөліпті.

Күрескенді жігіт тойда жығады,
Түрлі ойында олжалы боп шығады.
Серілігі кедейлігін білдірмес,
Құштар көзден қыз ғаламат ұғады.

Кетер кейде жігіт арман-тауы боп,
Шақырады тұрса-дағы жауып ок.
Көзбен ұғып, жылы жауап алады,
Ол ғашық қой. Ол ақиқат дауы жоқ.

Онсыз дала бос кеңістік секілді,
Қыз құмартты, тәуекелге бекінді.

Пейілі мырза, мейлі кедей жігіт деп,
Көз ілместен өткізді көп… не түнді.

Елестейді кейде жұмақ таңы боп,
Оны аңсау кетті тірлік мәні боп.
Ата-анасы басқа жерге теліген,
Көшпелі елдің қыз ұзату заңы көп.
Қыз серт етті. Қу қақпаска бармайды
Құба түзде кетсе-дағы тағы боп.
Көкірегін жалап сонда жалын от,
Жас махаббат өтті жылдам салып өрт.

Ұялаған жанарында жылылық,
Жайнатады жер-жаһанды жылы ғып.
Көзге оралып сом тұлғасы жігіттің,
Жібереді жүрегінің құлы ғып.
Сенім берік кетпестей бір сүріпіп,
Маза бермес ғашық жүрек жұлынып.
Ерке мінез құрық білмес асаудай,
Тына қалды бір ғажапқа ұрынып.
Қыз риза әкетсе де күні ғып,
Махаббаттың дәмін татпақ ұғынып.
Көрмей жүрсе армандайды, аңсайды,
Жаратыпты тағдыр өшпес күні ғып.

Жігіттің де жаны рахат табады,
Жанартаудай жас жүрегі жанады.
Жезкиікке ынтық болған өзімдей,
Көрмесе де, көрсе де естен танады.
Қайран жүрек,
Қол жетпеске телітті,
Қалай басар ойран-асыр желікті?
Тәуекел деп ішкі сенім сергітіп,
От сезімге ақыл берді ерікті,
Сөз байласып,
Алып қашып аруды,
Суыт жүріп осынау көлге келіпті.
Әне, солай қорғау керек серікті.

Дірілдейді бала қыздай байсын шөп,
Күлімдейді ауаға әтір тамсын деп.

Сыбырлайды сылқыл қаққан ақ бұлақ,
Екі ғашық жан құмары қансын деп.

Желкілдейді құм көлінің қамысы,
Еркіндейді ер жігіттің намысы.
Саңқыл қағып шыға келді қос аққу,
Кездескендей екі мұңдас танысы.

Тал ішінде сайрап тоты жырлауық,
Тына қалып сығалайды бірауық.
Мұңсыз мезет орнағандай таңырқап,
Сал табиғат ақ ниеті тұр ауып.

Баптанады сұлу саспай ырғалып,
Еркелейді келдік демей ұрланып.
Маң тіршілік екеуіне қызықса,
Жан бірігіп жігіт отыр нұрланып.

Қуаныштың болмайды екен есебі,
Артта қалды бар қиындық кешегі.
Құм ішінде ғашықтардың мекені,
Жұп-жұмсақ шөп жас махаббат төсегі

Күрке талдың түбіндегі самал да,
Ұқсап кетер пенде білмес қамалға.
Ләйлі-Мәжнүн кездескендей махаббат,
Бұдан артық құтты мекен табар ма?!

Жігіт күліп әсем мұртын сипайды,
Қыз да еркелеп қолтығына қисайды.
Махаббаттың бал құндағы тербетті,
Айту қиын одан арғы күй-жайды.

Ләйлік шал да ақ боз үйдей күркелі,
Екі жаска хош иісін бүркеді.
Су ішпейді көлге келген жезкиік,
Талдың шетін иіскейді, сүртеді.

Хабаршыдай елеңдейді, қарайды,
Шолып тұр ғой пәк періште маңайды.
Қатер күтіп отырған жоқ екі жас,

Басу қайда жүректегі арайды?!
Дала аруын жебеушідей көрді ме,
Әр қимылын қуанышқа балайды,
Жезкиікті киелі дос санайды.

Жер тарпынды, киік неге ымдады?
Заулай тартты. Дүбірі өшті құмдағы.
Жел күшейді. Күрт өзгере бастады,
Табиғаттың әлдилеген құндағы.

Душар болды Жошы ханның жасағы,
Қарсылассаң қамшы астына басады.
Кездесіп тұр махаббат пен зұлымдық,
Ат тұсаулы, жаяу қайда қашады,
Кезегендер күтпес кесел жасады.

Қырық сарбаз, сардарымен қырық бір,
Құзғын көздер қырық садақ құрып тұр.
Жау қарулы, күні тұлдыр жалғыздың,
Жігіт қайтсін, тірі өліктей құрып тұр.
Қыз ah ұрып көктесінге құлады,
Сабағынан кеткендей жас сынып гүл.

Болсын дей ме қызыл қанға жосалы,
Жирен сардар қиғыр қылыш тосады.
Шошып кетті қара көз жарқ еткенде,
Тежеп қалды. Тас жүрегі босады.
Түсті есіне үйдегі өз қосағы,
Дірілдейді, сұлулықтан сасады.
Тым ғажап-ау жас егіннің масағы,
Қызығып тұр қырық ожар жасағы.
Сардар күлді:
«Хан байланар сауға», – деп,
Аруды алып қазір қырға асады.
Әкелгендей қан майданды ұрыстан,
Ханнан алғыс алуға олар тырысқан.

Соқыр емес, қайтсін жүрек оянбай,
Ішіп-жейді жіті көздер тоя алмай.
Ақ көйлектен сығалайды қос алма,
Тал түбінде жүгірген кос қояндай.

Көзі бар жан қалай ғана алшақтар,
Көру де азап, көрсең қиын жан сақтау.
Судан шыққан періштедей ақ мүсін,
Құлын білек, ақ күмістей саусақтар.

Көздерін-ай! маржан қара көздерін,
Ұмыт болар өзге арман өзге мұң.
Дейді сардар өзіне-өзі:
«Ондай көз,
тірі пенде бірінде жоқ өзгенің».

Аппағын-ай, қаны азайған бетінің,
Нәзігін-ай, сүттей аппақ етінің.
Шошыса да балбыраған бал тамған,
Сүйкімдісі-ай қызыл ерін шетінің.

Жаны бірге туып өскен далам ең,
демігеді алғандайын шала дем.
Көк аспанда жалғыз қыран сияқты,
Аппақ бетін мекендеген қара мең.

Мүмкін емес көрсең бей-жай қалуың,
Бәрі заңды өртенуің, жануың.
Жүрек шетін үсік шалып дерттенсең,
Осы болар жылы шипа дәруің.

Алшақтасаң, қинар әуре азабы,
Ішке от түсіп азайтар бар мазаны.
Бір сол үшін тартар едің тағдырдан,
Шаһит болар дәлдеп келген қазаны.
Көтерер қиямет-қайым жазаны,
Бақыт дерсің оның берген азабы.

Кілмелі тәйпі ыйығы сылаңқы,
Белден түскен қос бұрымы бұралқы.
Сұлу балтыр жас қайыңдай жұп-жұмыр,
Қарай қалсаң мың құлпырар бір қалпы.

Дәт шыдамас әрі шаттық, әрі мұң,
Сардар көрді-ау періштенің зәруін.

Дейді ішінен: «Қандай екен төсекте?»
Тамсанады жаны шегіп зар уын.

Ашытқыға шәрбат татып қабақтан,
Басытқыға сүюші еді тамақтан.
Енді міне байлаулы тұр жас жігіт,
Қанды соққы бойға зілін таратқан.

Айы сөніп, күні жылдам батады,
Ойға келмес төнді тағдыр қаталы.
«Беу, дүние, – дейді жігіт ішінен, –
Бар жақсыны хандар неге татады?»

Шошыған қыз есін жиды, әнекей,
Бүлкілдейді бұлбұл бұғақ көмекей.
«Босатыңдар боздағымды әйтпесе,
ажал уы, – деді, – қолда, мінекей».

Кім құтқарар бұл азаптың жолынан,
Аз емес-ау, келді қапа молынан.
Қимыл баққан қарауылшы бір жендет
Орамалды жұлып алды қолынан.

Қайран ғашық енді қайтіп сергімек?!
Жігіт қалды үзілгендей ет жүрек.
Сәйгүліктер жылмаңдаған жоқ болды,
Тұяқтары тас тақырды тепкілеп.

Болжау қиын не боларын топшылап,
Жол межелер ол заманда жоқ шырақ.
Атқан оқтай көп салт атты дөң асты,
Дүбірлері жер сауырын соққылап.

Қайран ғашық енді қалай сергімек?!
Не бітірер көпке жалғыз ержүрек?!
Қарагерлер елестейді өткендей,
Тұяқтары өкпесінен пергілеп.

Жігіт тұрды бір тізерлеп, бір құлап,
Бірде күлді, бірде дүлей шын жылап.

Ат дүбірі шала-шарпы естілді,
Жібергендей кеңірдекті мың бұрап.

Жігіт қалды, күйік салды жүз бүлік,
Заман – күйік, өмір – күйік, қыз – күйік
Сақ-сақ күліп сахараны жаңғыртты,
Көл-дария, тау көрінді құз биік.
Тірлік – күйік, өзі – күйік, қыз – күйік,
Шыбын жаны шықпай қалды-ау үздігіп,
Сақтан, достым, жау келді деп ымдаған,
Елестейді көз алдында қыз-киік.

Сол көрініс жан жүрегін улайды,
Қылқындырып жіберердей бунайды.
Қырық сарбаз, сардарымен қырық бір,
Елестейді көрсе жалғыз қурайды.

Кім басады көңілдегі жойқынды?
Сүйер дейсің екіншілей ол кімді?
Сәйгүліктер көп үстімен өтеді,
Шашыратып тұяқтары толқынды.

Жеңіл елес көз алдында тумайды,
Не көрсе де өксіп жүрек тулайды.
Құм қуалап жау соңынан зулайды,
«Босат! Босат!» деп те бірге шулайды.

Қалды жігіт көл шетінде елжіреп,
Ойлаймыз-ау, мүшкіл халін сезді деп.
Не біледі? Ат тұяғы аямай,
Өз кеудесін өтіп жатты езгілеп.

Сөніп қалған сияқтанды көкте күн,
Елестетті қызды ханның өпкенін.
«Сауға, сауға» деген ызың басылмай,
Айдалада жаңғырықты көп-көп үн.

Жас Жошының түсті көктен қосына Ай,
Құлақ салшы, беу, ағайын, шошымай.
Сол қыз дейді Бату ханның анасы,
Хикаяны айтты ақсақал осылай.

Өлем десең оңай емес өлу де,
Тілге жеңіл, көзге ауыр ғой көну де.
Өзін-өзі қылқындырса қолы өтпей,
Жігіт мәжбүр ит қорлыққа көнуге.

Есі кетті, көлеңкесін таптады,
Көлеңке де жаудай шұбап қаптады.
Елестейді көшкен бұлттың төсінде,
Аппақ болып қыздың көлбеу жатқаны.

«О, құдайым, қыздың бағын ашқан ба?» –
Деп қызықтап күлді қарап аспанға.
Бұлт жоғалса көзден ғайып селдіреп,
Қыз көрінді көзден аққан жастан да.

Әне, солай жүрек уға малынды,
Жігіт байғұс дүлейлікке шалынды.
«Сауға, сауға!
Қайтар!» – дейді жарымды.

Нұры сөніп үміт, бақыт, тілектің,
Күні өшті туа ғашық жүректің.
Жетіқоңыр көшкен құмын аралап,
Мәжнүндей дала кезіп күн елтті.

Азып-тозды... Күйінішін үдетті,
Мың айналды көлді, аралды, түбекті.
Қызылқұмда аш құландай қаңғырды,
Ем таба алмай жеңілдетер жүректі.

Саңылау бермей сана жұткан капалық,
Қалды боздақ айдалада маталып.
Біржола кетті көшке оралмады,
Көл қалыпты «Махаббат көлі» атанып.

1979

МҰХТАР МЕРЕЙІ

Әуезовтің 80 жылдығына арналады

1. Мәжілісте

Мәскеу бүгін жүрекке жылы нұр құйып,
Қазақтар шықты ардақты төрге тым биік.
Үлкен театр,
Суреттен Мұхаң қарайды.
Абайша терең,
Шекспирше тұңғиық.

Жазық маңдай,
Сарыарқа шексіз өріндей.
Көзінде мұң көп,
Алтайдың марқа көліндей.
Мұхтарлықтың
Аңғарсам асыл сипатын,
Қалықтап ұшты-ау,
Халқынан жаны бөлінбей.

Жоғары тұр Гималай құшқан бұлттан да,
Ұқсайды оқшау биікке ерен шыққанға.
Далалы елдің данасын Одақ дәріптеп,
Не жетсін, шіркін, ұлылық сырын ұққанға?!

Үлкен театр,
Тойтөбе емес болмашы,
Ол – өнердің әлемдік заңғар ордасы.
Даңқты қазақ дәрежесін көтерген,
Осы ғой құрмет – мәңгілік төрге жол басы.

Телегей теңіз Мұхтарлы-мұхит ойлардың,
Туыпты түпсіз тұнығына бойлар күн.
Шоқтығы биік жалғасы осы салтанат,
Алматыда, Семейде өткен тойлардың.

Ең асылы мақтаныш етер кештердің,
Ұлттық рухтың дәрежесін ескердім.
Зиялы қауым, зерделі білгір
Сан ұлтты, салтанат төрін
Саралап түгел тексердім.

Отыр, әне, шет елдерден келгендер,
Ленинград, Ташкент…
Тәрбие-тәлім берген жер.
Ардақтылар, ақсақалдар, лауреаттар,
Құрдастар, достар,
Ұстаз деп дәріс тергендер.

Пір тұтып жүрген адамдар аз ба ағаны,
Сағынғандарға ол ерекше бағалы.
Ақ хрусталь, аспалы шам жарқырап,
Шырақтар көзге Мұхтарша тіл қатады.

Күмбезді сарай,
Сатылы алтын қабырға,
Жарқ еткенде қан ойнайды тамырда.
Бас айналар таңғажайып құбылыс,
Адамға заман жасаған құрмет-қадырға.

Ойлы сөздер,
Құрметі айқын туды лек,
Данаға дара адамзат алғыс үйді кеп.
Константин Симонов мәжілісті бастады,
Мұхаңа лайық ағылды айқын сыйлы леп.

Жанарында мөлт еткен ұшқын тұтанды,
«Көрсе ғой, – дейді, – Омарханұлы бұл таңды.
Баяғы бізді бауыр басқан жас күндей,
Құшақтар едім сексенге келген Мұхаңды».

Тебіреніс жеңсе Симоновтай күштіні,
Жан баурады бауырмал сезім ұшқыны.
Жазушы, ғалым, дарынды ұстаз өмірін,
Жеткізіп жатыр ақтангер ақын құс тілі.

Бейнет пен зейнет жарысқан кезін тәмамдап,
Ұлылық қонған бақытын айтса тарамдап,
Зал қозғалды, Мұхаң кіріп келердей,
Суретке сенбей, есікке қарап алаңдап.

Данаға бүгін арнады Мәскеу сай төрін,
Қарашы, әне! Әуезов озған бәйге өрін.

Елестеп кетті Абай атам өткендей,
Қолтығынан күлімдеп қарап Әйгерім.

Артта қалды-ау, баяғы көрген қиянат,
Сүйсінді жаным, орныққан шыңын қиялап.
Мұхтары бардың мықты ары бар, шаң жұқпай
Біткені сол ғой тұрлаулы туған тиянақ.

Мұхтарлықты мықтылық заңы ұғармыз,
Қайыспас халық қайсарлыққа құмар біз:
Абайла деуші ек,
Мүлт баспауды ойларда,
Мығым істі
Мұхтарла дейтін шығармыз.

Қазақтың да, Шығыстың да Мұхтары,
Жер жүзіне жайылды тілі ұқпалы.
Абайды елім
Табынып алса тағдырдан,
Жалғауда жолын
Мұхтарды баптап жұптады.

Қараймын залға,
Тасқындап келсе жыр бұлақ,
Көп жылқы өтер
Құлын-тай өрде шұрқырап.
Көз алдымда керіліп дала жатады,
Аршасы аңқып, жусанның исі бұрқырап.

Ақ шағала
Ақ боз үйлер жұптасқан,
Елестеп кетті
Айлы кеште құтты аспан.
Көрінді, әне, Абай елі, Шыңғыс тау,
Ән келеді
Әуені әсем құт шашқан.

«Татьяна әні»,
Абайдың әні ұласып,
Ләззат алдық, махаббат мұңы ұнасып.

Екі заман шежіресін оқыдық,
Күңіренген Абай,
Күрсінген Мұхтар сыры ашық.

Көкірегінен ұшырса шерлі зар құсын,
Томдарды қомдап,
Самғатты өлмес нар құсын.
Ұқтарлы көзбен,
Құптарлы тілмен айтып тұр,
Қазағына арналған үлкен алғысын.

Қызығып қарап,
Құлақ салсам мінбеге,
Сөйлеп жатыр шешендер жүзі гүлдене.
Көңіл құсы – сыбырлайды өлең сөз,
Жүректен жылжып,
Тіреле қалып тілге де.

Тоқтатарсың,
Ой түгіл демін тыныстың,
Айтылып жатыр абзалы нағыз дұрыстың.
«Қазақтар үшін ол Абайдың жалғасы,
Толстойы боп танылды бүкіл Шығыстың».

Шынайы сөздер,
Маңызы, мәні татыған.
Берілді баға білімдар, қауым атынан.
Сол биіктен ізгіліктің жыршысы,
Телегей дарын байқалды биік сатыдан.

Артпайды бақыт
Осындай озық ғұмырдан,
Дананы кім бар
Өлді деп жаңсақ ұғынған?!
Мұхаңа қарап,
Көремін барлық қазақты
Әлемге әйгі әдеби асқақ тұғырдан.

Жасалды күмбез
Мәңгілікке дес келер,
«Абайдың жолы» – Мұхтарлы роман дестелер.
Қирамас мәңгі

Томдары берік қорғандай,
Қыртысы қалың тарихи әсем кестелер.

Заңғарға жетті,
Ел тілегі өтеліп,
Ұлы Абайға жасады ұлы төтелік.
Әлемге әйгі өлместік жолы ашылды,
Қазақты да,
Өзін де кетті көтеріп.

2. Концертте

«Серке тартыс», «ат жарыс» қайда қалада?!
Сақталды олар бәйгешіл, сертшіл санада.
Мұхаңа арнау
Басталып кетті той-концерт,
Сарыарқа көшіп келгендей желпіп самала.

Абай әні, Мұхтар сөзі нәрі бар,
Сылқым жігіт, сұлу қыздар бәрі ұнар.
Келіншектер де келбетті, кербез ғаламат,
Көргенде көзің шерменде болып табынар.

Тұйғын мінез, биіктік шебін санамас,
Көктемде туған көп жұлдыз жұптас аралас.
Секілді асқақ, әуендес, бипаз өрендер,
Мәскеуліктер өресі кем деп санамас.

Жан бауратты қазақи әннің тартымы,
Үдей берді тұлпардай қызған қарқыны.
Үлкен театр күмбезі толқып шайқалды,
Үдетті үнді сәукеле шамдар жарқылы.

Бебеулетті шапқын жорға күй бүгін,
Жасады өнер өмірге өктем билігін.
Серкебаев серпілді Ақан серідей,
Күләштай самғап, шыркады сұлу Бибігүл.

Жастық әні – Наурыз желі дем берген,
Дәруі бар уыз бойды меңгерген.

Тоғжан дерсің Абаймен ескі аулында,
«Алтыбақан» қыздырып дел-сал тербелген.

Аққу құс дерсің,
Айдынға жалғыз қона алмас,
Серіксіз жерде
Серуенге кенде бола алмас.
Әлсін-әлі «Гауһар тас» деп тамсантты,
Сегіз сері жарқ етті ізі жоғалмас.

Кең даланың ән ардақты досы ма?!
Бүкіл қазақ шырқайды-ау кейде қосыла.
«Айттым сәлем, Қаламқас» десе тебіреніп,
Абайдың сырын сезгенің, шіркін, осы ма?!

Толқымалы ән, сөзі де әсем салмақты,
Зиялы перзент махаббатқа арнапты.
«Саған құрбан мал мен бас» десе қосылып,
Сахна үнін тыңдаушы қауым жалғатты.

Рымбаева. Жібермес көште үлесін,
Алтын Орфей аталады бұл есім.
Аруақты зал, ардагер аға тойында,
Өнерін жебеп, өзіне бақыт тілесін.

Сол шығар нағыз алтыннан алқа орған күн,
Орфей емес, аруақ қуат болған күн.
Не де болса қарындасым, қанатым,
Дана тойын түрлентті деп толғандым,
Өнеріне мәртебем өсіп, молдандым.

Шырқады әнші,
«Куә болды» төгілтті,
Үзілдірді, аңсатты, жүрек жеңілтті.
Абай елін еске алсақ та,
Дәл қазір,
Мәскеудің халқын ғашықтық әнге көмілтті.

Қол соқса достар,
Қосылып, қазақ, желдерсің,

Қызуын өршіп,
Қызыққа тершіп, өрлерсің.
Ағын судай қол шапалақ думанын,
Алатаудан ағылған жойқын сел дерсің.

Әр қияның болардай үздік сұңқары,
Бұл тойдың да туды ғой жүйрік тұлпары:
«Құлагер болсаң, құйғытып өт» дегендей,
«Әлияны» айтпай басылмас көптің іңкәрі.

Зал дүрлігіп сұраса әнтек бөгелмей,
Қол соқса жамырап,
Лықсып, толқып, бөгелмей.
Мұхаң да, әне, төменге қарап
Үңілді:
«Шырқашы, қалқам,
Бір тыңдайық» дегендей.

Көгілдір аққу
Айдын көлде жүзіген,
Балапан кезі-ау бал тамған мөлдір жүзінен.
Ақ марқа жүйрік,
Қиял-киік сол ма екен,
Көз алмас әркім сағынған асыл ізінен?!

Өзге сыр сездім
Қарындастың түсінен,
Мен де өзгердім үр жаңа әуен күшінен.
Көз алдымда
Алапат қырғын, қызыл өрт,
Ыза-кек толы Әлия шықты ішінен.

Зал емес-ау,
Жер жарылып кетердей,
Адам түгіл, құдайға үні жетердей.
Елестетті батыр қыздың бейнесін,
Дыбыс-сурет,
Өлең-сөз деу бекердей.

Намысшыл жігер толқытып бүкіл денемді,
Түсіндім ғой мұлт кетпес жебе дегенді.
Инедей қыз иіріп тұр,
Сиқыр күш
Тас балқытып, сөйлетер мылқау, кереңді.

Естігенде соғысқа адам қарғысын,
Тербелді теңіз,
Теңселді құзарт қарлы шың.
Зұлымдықтан бейбіт күнді қорғаушы,
Алды ғой Роза Мұхтар аға алғысын.

Сәт оралды,
Көп тілегін құптарға.
Өнерлі бұлбұл құйғытып солай шықты алға.
Ол – көгершін,
Әлемге ортақ бәйек құс,
Беу, әншілер, шырқай бер, бірақ сұқтанба.

Шын қуансақ біз ерекше шаттанып,
Үн құлшынды,
Ырғағы жеңіл жатталып.
Тік шырқаса жеңіс күнгі аспанды,
Жатқандай бар салюттің оты ақтарып.

Ағыл-тегіл дария шалқар мықты ағын,
Сап-сап тынды,
Үзімтал шақты құптадым.
Сахнадан қайта кең маңдай кербез көрінді,
Әулие қазақ, ұлтымның туы – Мұхтарым.

Ақылға сенсем
Сақтардай елдің ұл-қызы,
Мәртебем өсті
Жайнаса Мұхтар нұр жүзі.
1977-ші жыл еді,
Қарашаның 24-жұлдызы.

Не десек те
Өнерін қазақ асырды,
Бір тебірентті
Туғалы тентек ғасырды.
Қуанғаным,
Беу, ағайын, соншалық,
Елді аңсаған
Сағынышым бір басылды.

24.11.1977.
Мәскеу

АҚҚУ МЕН АРУ

I

Қойнауда жатқан
Ақ көлді тәнсіп, икемдеп,
Қарағай, қайың,
Қамысқа жылы сүйкенбек.
Тебіреніп кеттім,
Ынтызар жүрек құлшынып,
Құшақтап бәрін
Құшырым қана сүйсем деп.

Сезімтал әуен,
Шырайлы шаттық тасыған,
Айдында жалғыз
Аққуды көріп асығам.
Жосыған жонда
Асылып ерке сағымға,
Көл бетінде
Көсіліп жатты ғашық ән.

Жігерлі әннен
Жанашыр қылық сезем мен,
Осы ма дерсің
Аңсаған үнім ежелден.
Оң қабағым,
Япырмау, жиі тартады,
Жіпсіді білем,
Күлкісіз ернім кезерген.

Еленделп келем,
Көмекшіл көзбен қарайлап,
Бөледі әнге
Кешкі күн сүйген бар аймақ.
Малшынды жаным
Аққудың сиқыр сазына,
Ұғам деп сырын
Әуенге тұнған бал қаймақ.

Тыныштық қайда
Дамылсыз көшкін өмірде?!

Мүдірсең сәл-пәл
Қарамас қапы көңілге.
Аққудай еді-ау,
Менің де алыс арманым,
Махаббаттың
Шалқыған тұңғыш көлінде.

Таңыркап кейде
Көктемді мейлі күз дедім,
Бейнеттен шошып,
Зейнеттен күдер үзбедім.
Сұлулық, пәктік
Іңкәрім еді ежелгі,
Іздеген інжу,
Асылым болса тізгенім.

Не жетер дейсің
Сұлуға көңіл бөлгенге,
Лүпілдеп жүрек,
Ыңтық зар көзін көргенде.
Алаңдап қамыс,
Алдымда аққу әндетсе,
Бір маған дүние
Ұқсады көңіл бөлгенге.

Ғашық кез – көктем,
Сүйсінген жүрек ашық кез.
Кірпіктер, тоқта,
Байқасын көкірек ашып көз.
Салтанат қайда,
Сол сәттен асар дүниеде,
Жасасын дей бер,
Адамға адам ғашық кез!

Ғашық кез – маусым,
Мамыражай жұмақ орнайды,
Аңсаған арман –
Бақытың онсыз толмайды.
Шіркін-ай, деймін,
Есіме түсіп өткен күн,

Адамдар неге
Айнымыс ғашық болмайды?!

Ғашық кез – мезет,
Мезгілі жетіп нәр алдық,
Сыйламау оны –
Өзіңе деген қараңдық.
Менсінбеу оны –
Менсінбеу ата-анаңды,
Саналы пенде
Ғашық кез жебеп жаралдық.

Ғашық кез – дәурен,
Бастайтын бақыт, бірлікке,
Сол үшін ғана
Келгендей болам тірлікке.
Сәулем-ау, саған,
Достар мен туған еліме,
Ғашықпын мәңгі
Күдіктен ада бір нүкте.

Ғашықсыз өмір
Заяға кеткен зілзала,
Ондайды, жаным,
Естіме, көрме, жырлама!
Әнеки, әне!
Ғашық боп қалды аққуға,
Орман, су, тоғай,
Жұпарлы жусан,
Гүл, дала.

Мелшиген жартас
Тіріліп кетті ақшамда,
Тас екеш тас та
Сүйсініп көзін ашқан ба?!
Өзгені қайтем,
Есімнен таңдым өзім де,
Не десін ақын
Сұлуды көріп сасқанда?!

Аққудың сонда
Ақ төсін сипау армандай,
Қиналып едім,
Жүрекке жүрек жалғанбай.
Тәкаппар, кербез
Міз бақпай қалқып барады,
Құмартқан жанды
Қиядан көзі шалғандай.

II

Естілді дыбыс,
Жел шайқап қамыс тербелді,
Жылжиды аққу,
Қиындап жылжу сенделді.
Көгілдір орман,
Самалдан кешкі қызғандым,
Шырайы жанды,
Кім оның жанын меңгерді?

Қараймын қайта
Ашқандай қызық кітапты,
Қараймын сілкіп
Күрке тал жазғы бұтақты.
Әнекей деймін,
Іңкәр кез, нағыз ғашық кез,
Қай пенде оның
Жұлдызын сөнген тұтатты?

Сұлуға сондай
Ежелден болсақ еміншек,
Екі көз неге
Тартады кейін шегіншек?
Жел ашқан қамыс
Ар жағына көз салсам,
Жағада отыр
Ақ балтыр жалғыз келіншек.

Төгілме шашы
Желбіреп желге өрілмей,
Иығын жапты,
Қамыстан жігі бөлінбей.

Дәл солай қарай
Аққу да қалқып келеді,
Емініп елтіп,
Көгеннің егіз төліндей.

Ерке құс сылқым
Созады, шіркін, сыңқылды,
Жұмылтты көзді
Үзілме әуен мың түрлі.
Көлеңке сурет
Қосаққа еріп судағы,
Қанатын серпіп,
Аруға аққу ұмтылды.

Масаңсып аймақ,
Естіртпей ызың бір шыбын,
Нұрға нұр жауды,
Албырай түсті гүл шырын.
Тазарды дүние,
Тіршілікте кіршік жоқ,
Патшалық құрды
Құштарлық сепкен сыршыл үн.

Ән салған сонда
Ойлама жалғыз аққу деп,
Келіншек отыр
Қосыла шырқап «Гәккулеп».
Еңкейген күн де
Елжіреп, елтіп барады,
Таңырқап қайран
Таңдайды мен де қақтым көп.

Басылды жел де,
Толқыған қамыс жай тапты,
Таудың да бойын
Балқытты ғажап ән тәтті.
Тамылжып тұрса
Талмауратқан шын ғашық,
Тілеулес әуен
Іштегі шерді тарқатты.

Теңселтті тегіс
Ақ көлдің сол ән шарасын,
Аралап кетті
Сарыарқа сайын даласын.
Құлшынды аққу,
Енесін емер құлындай,
Киіктей сезген
Қатерден сақтар панасын.

Жақындап келіп,
Ымдасқан болды иіліп,
Кетер ме дерсің
Үздіккен қыршын қиылып.
Мойнын да созды,
Келіншек мойнын тұзақтап,
Ақ балтырға
Тақады төсін сүйініп.

Қоғалы қамыс,
Салалы құрақ, шыт шарбақ,
Мекенін тапты,
Келіншек шарбат, құс ләззат.
Құшақтасқан
Ару мен аққу бейнесін,
Көргенім аңыз,
Ертегі дерсің түс заузат.

Тастарсың қайда
Қиялдың сонда жетегін,
Шабытты сәтте
Турашыл ойға кетемін.
Табиғат пен
Адамның айтып достығын,
Орнатқан суға
Мүсін бе дерсің екеуін.

Татсақ та талай
Қызықтап күннің тәттісін,
Біле алмай жүрміз
Өмірде бақыт тапшысын.

Алдау да бар ғой
Құс мінез адал ғашықты,
Батқызып мұңға,
Татқызып қасірет ащысын.

Аққу мен ару
Көбейтсе көңіл хоштығын,
Сыйласар себеп
Не болды екен, қосты кім?
Саналы өмір
Бір сыры бар ежелден,
Табиғатпен
Үзбейтін адам достығын.

Төгілген сәуле,
Тамылжып тұрған нұр шуақ,
Қобалжытты,
Жанымды арбап, жыр шұбап.
О, туған жер!
Сексен көл сырын сезбесем,
Кеудемде менің
Тұтанар ма еді мың шырақ?!

III

Ескі аңыз емес,
Ел жаттап жаяу жайылған,
Білемін, ажал
Аққуды достан айырған.
Бірге өлем деп,
Құлап түсіп аспаннан,
Тірі қалған,
Ақ көлге тағдыр қайырған.

Мәртікке басқан
Тамұққа салса көнем деп,
Амалы нешік,
Өле алмай қалса өлем деп.
Шала-жансар
Шалғынға құлап түскенде,

Кездесті пенде
Жарындай көзге елеңдеп.

Сынығын сипап,
Аяулы жанға емдеген,
Өзгеге айтпас
Төгілді талай шер деген.
«Жұмаққа жеттім,
Қосылдым, – деп, – жарыма»
Әу баста аққу
Тірлікке көп күн сенбеген.

Келіншек осы
Күтімдеп, баулап, жемдеген,
Періште сол ғой
Ажалға құсты бермеген.
Бөлісіп қайғы,
Қамыққан жаны.
Қиындық қайда
Жүрегі бірлер жеңбеген.

Өмірден алдым,
Қайтейін бояп, мәнерлеп,
Өлеңге қостым,
Парызым, ақын кәдем деп.
Өлмейді екен
Сүйсінері бар болса,
Махаббат үшін
Мерт болған жандар әдейілеп.

Келіншек ол да
Ақ көлге тегін келмейтін,
Кездеспей кетсе,
Ұмыту бар деп сенбейтін.
«Гәккуге» басып,
Тоғайды тоқсан толғантып,
Аққулар келсе,
Айдынға құлаш сермейтін.

Аққу да қайран
Ашқандай өмір санасын,

Ұмтылатын,
Көргендей туған анасын.
Екеуі еркін
Күлетін, кейде жылайтын,
Ару да солай
Жазатын көкірек жарасын.

Бір құлап барып
Оралған ару досына-ай,
Шыдасын қайтіп,
Кездесу құрмай осылай?!
Сондайдың бірін
Өз көзіммен көрген соң,
Жата ма менің
Кеудемде жырым жосымай.

Аққусыз жерде
Сағыныш дерті меңдеген,
Оралса құстар,
Алыстан аңсап мен келем.
Ән оралмай,
Жыр жалғанбас кезімде,
Ақ көлге барып,
Ғашық ән тыңдап емделем.

Мың көлік шерге
Алдымда ойнар мың көрік,
Үңдемей өтер
Аққуым қалқып,
Мұң бөліп.
Жөнделіп қалам,
Аңсаған арман бермендеп,
Есіме түскен
Елесті жаным шын көріп.

Тыңайып қалам,
Толқыған көңіл толастап.
Егіздей едік,
Болмайды бірге жол ашпақ.

Алыстан ғана
Саулығын сұрап өтемін,
Ниетім жоқ қой
Зір артып жүрек тонаспақ.

Сауықтым мен де,
Жасай бер, аққу, сен де өлме,
Қолыңда барды
Жоғыңнан бірақ кем көрме.
Періште досың,
Келіншекке сәлем айт,
Сендермен сәнді
Дүние деген кең көрме.

Бозбала күнде
Жолдарға шалғай асықтық,
Барамыз әлі
Бел-белес өрден асып тік.
Кездесу қайда,
Хабарын білсем, бір жасап,
Ұлғая берер
Өмірге деген ғашықтық.

Ауылға жетсем,
Ақ көлге қарай асығам,
Қалқыған аққу,
Келмейді кеткім қасыңнан.
Думанды кездің
Қызуы қайта оралса,
Құпия сырын өзімнен де жасырам.

1978

СӨЗ КЕНІНІҢ ИНЖЕНЕРІ

Талды тауының қойнына кіргенде, Есіл өзенінің жағасында жүргенде, Киік станциясынан шығып, Бетпақтың шөліне беттегенде, Сарыағаш курортының саясында отырғанда біз онымен ойша жиі ұшырасып жүрдік. Өзі Москвада жатса да, оның жазған «Жезкиігі» желдей заулап, алдымызды орағытты. Өн бойына тыныстай мөлдір лиризм құйылған «Жезкиік» өлеңі Кәкімбек поэзиясының бүкіл болмысындай сезіледі де тұрады маған. Көлемі шағын, алаң аясы тар кішкене өлеңде қаншама сурет, қаншама сыршылдық, қаншама ой жатыр?! Бұл – оның поэзиясының алыс сапарға жасқана жалтақтап аттанған «Жезкиігі».

«Жезкиік» жазылғанына да бірнеше жыл өтті. Одан бері «Жезкиік» көп жолдан өтті. Енді Кәкімбек шығармашылығы іріктеліп, оқушы қолына қалың том болып тиіп отыр. «Әкесі үшін кен қопарып», «Анасы үшін ақын болып» екі бірдей жауапты міндетті атқарып жүрген Кәкімбектің айтар сыры да, толғар жыры да аз емес екеніне осы томдағы өлеңдер айғақ.

«Жер астынан тергенім, жалынды жыр боп төгілді, жер мен жүрек шахтасын, қатар қазып барамын», – деп өзі айтқандай, кенші тағдыры ақындық тағдырмен біртұтас тоғысады. Ақындық метафоралық ойлар қиын да қызықты кенші ойларымен астарласып, ажырамас келісім тауып, екі бірдей от қазанында қосылып, бір арнамен ағады. Сөз отының кен отынан кем еместігін Салықов санасына тоқиды. Кәкімбектің Жезқазған туралы жырларының терриқондай биіктігі, забойдай тереңдігі, штректей беріктігі өзінің алып отырған объектісін жете білгендігінде деп қараған абзал.

Таңдамалы жырлар ақын өмірбаянының тарауларынан тақырыптар құрап, оның ерекшеліктерін екшеп, дара кескін-келбетін көрсетеді. Ол өлең қақпасын қағардан бұрын жан-жақты ойланып, терең толғанып алады. Ақын қоғамды өзгертуші ұлы күштің, ұшқыр уақыттың, өмір диалектикасының философиясын ашуға ұмтылады. Публицистикалық жалынмен ғылыми-техникалық революция ашқан жаңалықтардың ішіне еніп, оны эпикалық лирикамен қапсыруға қалам сермейді. Оның «Байқоңыр», «Шахтер мен ғарышкер», «Жезқазған», «Шахтаға ода» секілді топтамалары, Гагарин туралы шерткен сырлары бұл сөзімізге толық куә.

Коммунист, азамат, патриот, интернационалист ақын қай жерде жүрсе де өмір құбылыстарына биік адамгершілік сезіммен

қарайды. Оған басқа жердің ауасы да, суы да етене жақын. Солай бола тұрса да, ол өз елін есінен екі елі шығармайды. Сол өзі аралап жүрген жерлерден туған даласының – Советтік Қазақстанның сипаттарын табуға талаптанады. Болгариядан Алматыда арық жағалап жүргендей әсер алады. Эльбрусты көрсе, оған «Көкшенің ақ бас бурасы Кавказға келіп жатқандай» болады. Қараңғы түнде ойнаған найзағайлар қызыл-жасыл жалыны аспанға атылған Жезқазғанның мыс қайнарын есіне түсіреді.

Кәкімбектің замандастары жайлы жазған өлеңдерінің де ойы мөлдір, образдары нақты да дәл. Мысалы, оның Бауыржан Момышұлы туралы өлеңі ұтымды деталімен, өзіндік характерімен батырдың бейнесін бедерлейді.

– Отставить! Өзіңе өз тақсырлығың,
Бес сомдық көріп тұрмын такси құның.
Он теңге былтырғы қу жігіт үшін,
Бес сомға келінге гүл тапсыр, інім!

Міне, бұл Бауыржанның сөзі, Бауыржанның мінезі! Бұрын таксисті Бауыржанмын деп, бір қу жер соқтырып кеткен екен. Бауыржан енді сол қу үшін де такси ақысын жігітке төлейді. Осы жалғыз шумақтың өзінен-ақ батырдың кесіп айтатын үкімдей сөзі, жаздай жомарт жан-дүниесі ашылады. Осындай айқын да дәл қолтаңбаны біз «Домбыра сыры», «Жылқы дүбірі» және сері ақын, сал әнші Мұса Асайыновқа арнаған өлеңдерінен де көреміз.

Жалғызтауда жоқ дейді жалғыз бауырым,
Ауыл жаққа жасқанып жүрмін баруға.

Қандай аянышты, аяулы, мөлдір сезім, шын жүректен шымырлап шыққан сыр! Өлең түйіні әрі жұмыр, әрі шымыр. Бұл жолдар ақынның сыршылдық қасиетін айқын аңғартса керек. Мұның ар жағында өлеңді созып, әуре болудың қажеті қанша?!

Кәкімбек табиғат таңғажайыптарын алуан бояумен өрнектей алуға қауқары жететін суреткер қаламгер. Оның «Ұлытау», «Көкшетау», «Алатау», «Есіл» жайындағы өлеңдері өзгелерді қайталамай, өз көркімен сұлулық көрмесін көлденең тартады.

Кәкімбек Салықовтың салмағын саралап, өткірлігін өлшеп, күш-қуатын сынап барып қолданған сөздерінің ішінен афоризмге айналғалы тұрғандары да көп кездеседі. Оның шөбересі мен

атасын «Атқан таң мен батар күн кездескендей» деп теңеуі өте орынды, көңілге қонымды. «Жеке меншік сағыныш болғаны дұрыс», «Қажет пе бояп тілменен, сұлуды сұлулandыру?», «Кішітаусыз Ұлытау болмайтындай» деген секілді әрі тапқыр, әрі қанатты сөздері көпшілік көкейіне жата қалатындай жұғымды.

Кәкімбектің таңдамалы жинағын екі поэма тәмамдайды. Қырандар туралы жазылған дастан халық даналарын қастерлейді. Лирикалық сарында жазылған поэмадан драмалық шым-шытырық шиеленісті, психологиялық сан алуан нәзік құбылыстарды іздесек, онымыз рабайсыздық болар еді, әрине.

«Ұрпақ сыры» деп аталатын екінші поэма әке мен баланың диалогы десе де болғандай. Кейінгі ұрпақ өміріне өшпес із қалдырған әкені жырлау, ананы жырлау, туған жерге арналған мөлдір махаббат, оған деген адал ант, перзенттік сезім. Кәкімбек бұл поэмада кейде ұйқас дәлдігін сақтамай, ырғақты оқиға қимылына бағындырып, өзгертіп отырады. Поэзия қатып қалған догма емес, ол да өмір сияқты өзгеріп, ізденіс жолында үрдіс жаңарып отыратын жанды органикалық клетка. Поэзия біркелкілікті, сұрқы қашқан сұрқайлықты сүймейді. Тапталған таптаурын, қашанғы қалып, сумақай сырғыма, жаттанды жалаң айқай оның барып тұрған қас жауы. Поэзия – үздіксіз іздену, үнемі тер төгу, арқаны ауырлыққа, алақанды жауырлыққа тосу; басқаларды қайталау – ақын адымын аштырмайды, алға бастырмайды, оны көптің көлеңкесіне айналдырады. Тек қана талант пен еңбек қатар қолтықтасқан жерде сықырлы сөз шуағымен жылытып, шұғыласымен нұрландырады, адамға қуат беріп, оны құдіретті күштің иесіне айналдырады. «Ұрпақ сыры» поэмасында Кәкімбек поэзияның осындай жүгін көтеруге бетбұрыс жасаған.

Сезім – сансыз сәулелі, шеберлік – шексіз бедерлі. Солай десек те, ақынға қойылар талап біреу. Ол – жүрек тебірентерлік сөздердің қуатымен көркемдік талғам талабына сай шығармалар беру. Осы жолда ақындық жанында ойнап, қанында қайнаған, көкірегін киял құлшынысындай өлеңге деген құштарлық жайлаған Кәкімбектің ашатын қазынасы мол. Ол қазына әрі сапалы, әрі асыл, әрі берік болуға тиіс.

Сырбай МӘУЛЕНОВ,
(«Шын жүректен» атты жинақтың алғы сөзінен).
Алматы, 1981

«Сөз етсем биік мұратты» 24
«Кеңгірдің кербез өріне...» 25
Анама 25
«Гүлдеп қалды гүл теген...» 26
«Қыздар жайлы көп жазсам кейіп пе едің...» 26
«Толқымай жолың болған ба...» 27
«Неге сүйем десем сені, ауылым...» 27
«Сүйіктің мен досыңнан жасырғаның...» 27
«Мен де сәлем жазайын, қаламқасым...» 28
Бажам үйге келгенде 28
Оңашада ойлану 29
«Қалған кезде көрер күні санаулы-ақ...» 30
Қолшалғының сыңғыры 30
Ерке киік 31
Ғайып алма 31
«Билеп едің бір күнде есі-дертті...» 32
Қарындасым Нәзипаға 32
Ескерткіш үлгілері 33
Ақ қиял 34
«Қалтасы қалың кезінде...» 34
«Біреулер байып тартынып...» 35
«Ойымда жоқ атаққа елеңдемек...» 35
«Кірерде тар кей есік шығарда кең...» 36
«Туған жер, сенсің мені тағалаған...» 36
«Ауыл-ай, баяғыдай білінші бір...» 37
«О, тіршілік! Жеткілікті базынам...» 37
«Соғыс жылғы балалар...» 38
«Келеді қою өлең қаптасынды...» 38
Ләйлек құс 39
«Дүние көп сынаған балаң едім...» 40
«Өзгеден бұрын ұғамын...» 40
«Ойлаумен жазғанымның оң-терісін...» 41
Мирас 42
Сәтімен келді сәуірім 42
«Қап-қара күзгі түндей барқыт көзің...» 43
«Құлындай қия белден кісінеген...» 43
«Көзбен шолып байқасам қиырымды...» 43
«Бітіпті осы ауылда орақ бүгін...» 44

«Жақсы көлдің жағасы...» 44
«Көре-көре сыйластық үйгізеді...» 45
«Қара көз, өлең айтшы төгілдіріп...» 45
«Күн өтпес сағынышты сая қылмай...» 46
«Мейлі оның жылағаны ұнамасын...» 46
«Малшындым мырза шабытқа...» 47
«Жырлады Абай жабығып елі-жұртын...» 47
«Құшаққа сыймастай көп гүлдер...» 47
Қобызым 48
«Достан артық ешбір жан кеңеспейді...» 48
Ән керек 49
«Көп мергендер жарысыңды...» 49
«Жыр ұлғайса көркейіп, көлемденіп...» 50
«Сағынып көп келемін теңізге мен...» 50
«Мінезімнің жетпегенін, жеткенін...» 51
«Өткен күн көз алдымнан бір-бір өтіп...» 51
«Дел-сал болып ұзарса күн өтпеген...» 52
«Шекарада солдаттай күзеттемін...» 52
«Шалғы тимей қуарған құрақтар бар...» 52
Кел, кел! 53
Росица 54
«Толқын емес теңізді тербететін...» 55
Жыр құшағы 55
Күрсінбе бекер 56
Жігер 57
Пловдив әнші фонтаны 57
«Құпия көп ақ түндер арайында...» 58
Сүмбіледегі сернелер 59
«Сендер оны ақымақ деме, достарым...» 60
«Дос болсаң бұрын маған жоласпаған...» 60
«Сен менің баға жетпес алтыным ең...» 60
«Махаббат заңы не десе соған көнесің...» 61
«Мәскеу де өзгермеген өзгереді...» 61
«Таң шолпаны...» 61
«Әр түрлі ән салады құстар бүгін...» 62
Толқу 63
Үш ақын 63
«Таңырқама, шырағым...» 64

Сағым 64
«Көкіректің көзін ашқан кен шығатын...» 64
«Беу, қара көз...» 65
Болгар қызы теңізде 65
Махаббат формуласы 66
Эльбрусқа қарашы 68
«Сылқыл аққан ақ бұлақтан байқадым...» 69
Бұлбұлға 70
Қимастық 70
Бәз көрдім 71
«Ұйқымды елес бұзады...» 71
«Ақындықтың азабын...» 72
«Ажарсыз әйел – тұзсыз ас...» 72

Екінші бөлім

1980-1989 жылғы өлеңдер
«Не бітер өткен күнді аңсағанмен...» 75
«Түнде де бар, күндіз бар...» 75
Бауыржан мен таксист 76
«Шаршаған жоқпын, көрсете берем төбемді...» 77
«Таза сақтар ақындықтың биік атын...» 78
Алғашқы немерем 79
Жасыл шам 80
«Правда» газетіне шыққан өлең 81
Саған өлең оқиын 83
Жеңеше 84
«Емеспін әлдекімдей таза жазғыш...» 84
«Тыныстап таңнан күткен тазалықты...» 85
Сұлулық 85
«Үрке қарап үрейлі рең еніп...» 86
«Мәскеудің орман ағашы...» 86
Мәскеудегі дипломат қазақтарға 87
Көрмедегі тебіреніс 89
Оралшы, аққулар – арулар 92
Алматыда алтын тәжді үй көрдім 93
«Айқындалар айтар сөздің өресі...» 94
«Ұмытсаң ауыр зілі көп...» 95

Алатау таңы 95
Құпия 96
Ұлытауға қарашы 97
«Жылжып өтер күндер-ай сынаптайын...» 97
Романс 98
«Жүрегім жас баланың жүрегіндей..» 99
«Шырқашы, қалқа, шырқашы...» 99
Тау кеші 100
«Қарағым, қандайсың...» 100
Байытушы 101
Ұрпақтар 103
Жігіт сөзі 103
«Өзіңе, ақын, сенбесең...» 104
Бәйбішеме тілегім 105
«Мықты болып көрінсем де тым алыстан...» 105
Елестеу 106
Туған жерді сағындым 107
Елуге келген құрдасқа 108
Алтын «Прага» 109
«Қайғысын достың шақтаймын...» 110
Ол өзіңнің бақытың 110
«Аға» дейсің 111
«Жол таба алмай бірлікке...» 111
«Кімнің кімге қайдан десең көмегі...» 112
Соғыс жылғы балалықтан келдік біз 113
Қырда киік көргенде 114
Мені іздеген 115
Санатқа адам ілікті 115
Маяковский алаңында туған өлеңдер 116
Кең жүректі кемеңгер 119
Мақтаналық 121
Гагариннің күлкісі 122
Бос уақыт жайлы толғаныс 124
Өмірден Ғабең озғанда 128
Даналыққа таңдану 129
Ғашық кез – дәурен 129
Арман-ғашық 130
Осы елді көксегенім 131

Өмір сыры 131
«Өзім үшін жасамадым жанпірім...» 131
Алақандағы өрнектер 132
«Қалың іске қара басым көміліп...» 133
Сөйлейді тағдыр сондайда 133
«Құралай көз...» 134
«Ән еркесі сұлу сазды сурет...» 135
Ақынның ақын досы әрқашан да 136
Жиырма жеті тербеліс 136
Көрсеңші жүзін құлпырған 137
Атамның берген ақылы 138
Әлемнің сегізінші ғаламаты 139

Үшінші бөлім

1990-1993 жылғы өлеңдер

Афродита 143
«Сенім артып сенгенге...» 143
Сырымбеттегі тебіреніс 144
«Жігітті жігіт демеймін...» 145
Келсеңші жалғыз ән үшін 146
«Сұлудың сырын даттауға...» 146
Біреуі ғана келмеді 147
Шалғайда құшты қара жер 148
«Қайырымсыз жердің бетінде...» 148
«О, перизат! Жақсы сөзден жиренбе...» 149
«Бұзып өтер жат хабар бес төбені...» 149
Есеп беріп жатыр бүгін кім кімге? 149
Құс базары – Қорғалжын 152
Жезқазған – жер асылы 153
Мағжан атты шын жұлдыз 153
Дананың берген бағасы 155
Мағжан назы 156
Кімнен тудым? 157
Мағжан ақын осындай 159
Кешіре гөр 160
Жан екен зейінді 161
Мағжан – ақындықтың Абылайы! 163

Мағжанға 163
Жалғызтау 164
Маған деген... 165
Аңсадым... 165
Бақытты күн 166
Түкпірінде жүректің 166
Көзіңе көзім түскенде 167
Есіме салшы 168
Көктем иісі аңқыды 169
Аққулар кетіп барады 169
Сұлулық – сүйген гүлі жүрегімнің 170
Төлеген Досмағамбетовке 170
Сері бабам 171
Сұлулық 172
Сенемін ақыл, ұят, парасатқа 172
Ауылдастар, армысың?! 173
Көкшенің көркем тасына 174
Дүлдүлдердің бірлігі 176
Қуаныш 176
Жан тілегі 177
Өзіме-өзім ескерту 177
Ауылға сәлем 178
«Ауылда қалған қара көз...» 180
Сұрша құсым, қайдасың? 181
Қара өлеңмен жазылған романс 181
Тәтті тілек 182
Ән туралы 183
Құрбыларым 183
«Бұлт торласа тау басын..» 184
Ақын өлең тереді 185
Жарығы мол жан еді 186
Сүйген жүрек 187
Әбділдаға 188
Бәйкен аға 190
Қайдасың, қайран, алғашқы?! 191
«Мұңым – бұлақ сарқылмас...» 191
Ойым қызық 191
Ізгілік жолын іздейді 192

«Ұзама менен алысқа...» 193
Досқа сыр 193
Еске алайық 194
Хангүл киік 195
Нежіп Фазыл күнінде 195
Жетісу 197
Алатау 198
Күй атаның басында 198
Ақсақалдар 200
Қазақтың алмас қылышы 201
Жер ұраны – Ұлытау 202
Түйір тас 203
Жан шырағын жандырған 204
«Ел сыйлаған арыстарды көргенде...» 205
«Ұйқым менің қанбады-ау жаралғалы...» 206
Текестегі ат ізі 206
Уәлі сөз иесі 207
Ел тонауды демократия демелік 208
«Ақымақ дана болмас төрлегенмен...» 209
Текелі 210
Әшірбекке 211
Жетісу мен Көкшедей 212

Төртінші бөлім

1994-1997 жылғы өлеңдер
Асыл ана Айғаным 215
Ақын Ілияс ардақты 216
Би-аға 216
Ел бірлігін биіктіктен туымсың 217
Бейімбеттің назы 218
Ауылнайдың жауабы 219
Кемелбайдың айтқаны 219
Мырқымбайдың Тасқараға айтқаны 220
Құлтай болыс 221
Би-ағама тың хабар 221
Қостанайда Бейімбет ескерткіші 223
Бірлік туы – Би-аға 224

Ақ тілек 225
Тәттімбеттің жан сыры 226
Алатаудың бауырына құлап түсті 227
Әбділданың сөзі 228
Өмір-өлең 229
Марғұланды көргенде тұңғыш рет 230
Түзелермін, кеш, елім 232
Тұманды сағымдар 233
«Жұмбақтас» сыры 234
«Сен едің ғой көптен бір ойға алғаным...» 235
Досымның баласының өлеңдері 236
Кем көрмейміз тіріден 237
«Жан сырына бөгет болмас еш жарлық...» 237
Бір кездестім 238
Терезеден көрініс 239
Сағынғанда Сырбайды 240
«Дамылда, жаным, дамылда...» 242
Қорқынышты қоңырау 243
Көкшенің мөлдір лебі 244
Бас қосайық, ағайын! 245
Бибігүл ән салғанда 246
«Кездестік бүгін екеуміз...» 246
Біржан салдың Жанботаға айтқаны 247
Қорқамын 248
«Арпалысты күндерге жалындаған...» 249
Қоркыт Ата 250
Сағынбасам 250
Әбділданың Ғайнекенге айтқаны 251
Сен едің ғой 252
Өсиеті анамның 252
Бәрін көрдің 253
Ән салуға келіппін 255
Ардакты ару эколог 256
Кереметті көргенде кереметпен 257
Жас желкен 258
Төлеусейіттің ұлына 259
«Саясат деге сайқал бар...» 260
Киелі ой 260

Үш дүлдүл 261
Ғасыр жыры 262
«Келешекке ақ тілек арнатулы...» 263
Болашаққа сенімім 263
«Аққу-қаз көші қаптаған...» 264
Кездеспей кеткен аққуым 264
Осы қыз... 265
Қайни жеңгей 266
Қансонарда 267
Домбырамен сырласу 268
Замақшырда 269
Жамбыл ата 270
Асыл ұлы қазақтың 271
Жақсылықтың кепілі 272
Жамбыл ата, керексің осындайда 272
Ашылмаған құпия 274
Дәптерін ақын достың оқығанда 275
Жаңа туған Олжасқа 276
Құтты болсын тоқсаның 277
«Өлеңнің бағы жанбас сөз төселмей...» 278
Ұлытау мен Оразай 279
Болсайшы 280
Біздің үйден ұшқан құс 280
Ақын қызға 282
«Ойымды осынау құпташы...» 282
Алыстап барамын жағадан 283
Пілте шамды әзірле 284
«Қырандай Жалғызтаудан шарықтаған...» 285
Мәшһүр Жүсіпке 286
Тоқсанға келген анаға 287
Бесінші мезгіл жұлдызы 288
«Жүз құбылса өмірдің арай таңы...» 289
Есіл мен Көкше 290
Кербез Көкше келбеті 291
Көкшетауға 292
Есләм Зікібаевқа сәлем хат 293
Сиынар пірім – Абылай 294
Қанышқа құмар ол-дағы 295

Еске алу 296
Не жетсін?! 297
Ағаларым жетпей өткен жетпіске 298
Ертісте көрген қос марал 299
Сырғалым-ау, сырғалым 301
Ақ пейіште қарсы алсын 302
Жасай бер, желтоқсанның сарбаздары! 304
Туған күнің, Астана, құтты болсын! 305
Жеткізген «Үш арысты» алты Алашқа 307
Құштармын 308
Бірлігін елдің сақтайық 309
«Нәр алған кәусарынан бал-бұлақтың...» 310
Қайтеді?.. 310
Аркауыл 310
Өзің де Сәкенге ұқсас сұрапылсың! 311
Алпысқа келген інілеріме 313
Ұлытау сыры 314
Жабық сыр 315
Түсіндім тірлік маңызын 318
Бағанаты түлегі 319
Қаныштың төл шәкірті 321
Жаңа жылға ақ тілек 322
Құттықтау 324
Далабай Ешпановқа 326
ЖенПИ-дегі кездесу 326
Бар қазақтың бүгінгі ақсақалы 328
Өкпелеген қарындас 329
Қазақ әні сақ қыраны самғай бер! 330
Тойдағы сөз 331
«Ғашық едім мен саған жас шағымнан...» 332
Торқалы тойы дананың 332
Қазақ ұшты ғарышқа 335
Алматым 336
Ақ бұлақ 337
Достарым – менің байлығым 337
Мен білген осал емес Ғабдуллиндер 338
«Өлеңге болса нық талап...» 340
«Жасай білсек біршілікке сай қадам...» 340

Нұртас салған сурет 340
Жалғанда жаным сүйген сазгер едің 342
Гете, Абай және Бельгер 345
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне 346
Жаңғырық 347
«Сағындым. Кернеді сағыныш...» 348
«Махаббат алыс жүрер саясаттан...» 349
Студент әні 349
Жүректің қос мекені 350
Нар тұлға 351
Қазақстан деген ел 353
Көзкөрген 354
«Мен келемін баяу басып ақырын...» 355
Қос тірек 356
Сағындық Кенжебаевтың сөзі 356
Жиен аға, бақұл бол! 357
Ана тойы 358
Төлеген Момбековке 359
«Тарпаң заман ұлы едім шалқаңдаған...» 360
«Сыпайылар ішінде ақылдысы...» 360
Түйір тасты кемел іске жаратқан 361
Ойлайтыным 362
«Жаңылыс баспас жорғадай...» 363
«Жанартаумын жалыны бәсеңдемес...» 364

Бесінші бөлім

Поэмалар
Тотының тоқсан тарауы 367
Махаббат көлі 377
Мұхтар мерейі 386
Аққу мен ару 395
Сөз кеннің инженері 405

Кәкімбек САЛЫҚОВ

ШЫҒАРМАЛАРЫ

II том

АҚҚУ ЖЕТКЕН

Өлеңдер мен поэмалар

Жауапты редакторы *Қуат Құрмансейіт*
Техникалық редакторы *Раушан Тұрлынова*
Суретші-дизайнер *Жеңіс Қазанқапов*
Компьютерде беттеген *Айгүл Талпақова*

Басуға 15.01.09. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $^{1}/_{32}$. Қаріп түрі «Таймс»
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 26, 5.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 70.

«Фолиант» баспасы,
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш.Айманов көшесі, 13